

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТІРЛІГІ
ТІЛДЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ
ЖҰМЫС КОМИТЕТІ
Ш.ШАЯХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ ТІЛДЕРДІ ДАМУДЫҢ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҮЙЛЕСТІРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНҚОРДЫ ЖҮЙЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК НЕГІЗДЕРІ
республикалық ғылыми-теориялық конференциясының
материалдары

Астана
2017 жыл

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Каз-3
Ұ43

Редакциялық алқа:

Ш.Құрманбайұлы (бас редактор), С.Жұмағұлов (жауапты редактор),
Г.М.Құбашева, С.Н.Кәрімов, С.К.Жайлауова.

**Ұлттық терминқорды жүйелеудің теориялық және ғылыми –
тәжірибелік негіздері.** – Астана, 2017. – 217 б.

ISBN 978-9965-23-441-5

Жинақта «Ұлттық терминқорды жүйелеудің теориялық және ғылыми-тәжірибелік негіздері» республикалық ғылыми-теориялық конференция баяндамалары топтастырылды. Бұл еңбектерде Алаш зиялыларының қазақ терминжасамды қалыптастырудағы ғылыми негіздері, қазіргі терминжасам үдерістері, терминқорды жүйелеу, терминдерді түгендеу мен реттеу, стандарттау қағидаттарының теориялық және ғылыми-практикалық мәселелері қозғалады.

Еңбек тіл саласының мамандарына, докторанттар мен магистрлерге, студенттерге, ұлттық руханиятқа қызығушылық танытып жүрген көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Каз-3

ISBN 978-9965-23-441-5

- © Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, 2017
- © Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Ғылым мен технология аса жылдам қарқынмен дамып жатқан заманда қазақтың қазіргі ұлттық терминқоры да күн санап жаңарып, толығы үстінде. Соған сәйкес тіліміздің терминологиялық қорын байытып, терминжүйені жетілдіру, реттеу жұмыстары да уақыт талабына сай жоғары кәсіби деңгейде атқарылуы тиіс. Терминологиялық жұмыстардың сапалы әрі уақытылы жүргізіп, ғылыми ұғымдар жүйесін тілдік тұрғыдан да жүйелей білу – қазақ тілінің ғылым мен технология тілі, ғылыми ақпараттар алуға қабілетті тіл ретінде танылуының басты шарттарының бірі. Мұны қамтамасыз ету үшін терминтанудың ғылым ретінде жақсы дамуымен қатар, республика көлемінде атқарылатын үйлестіру, ұйымдастыру жұмыстарын да жолға қою қажет. Бұл тұрғыдан келгенде қазіргі қазақ терминологиясының шешімін таппаған, мамандар талқысына салуды қажет ететін мәселелері аз емес. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан ұйымдастырылған «Ұлттық терминқорды жүйелеудің теориялық және ғылыми-тәжірибелік негіздері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция терминологияның сондай көптеген маңызды мәселелерін тілші ғалымдармен, түрлі сала мамандарымен келісіп, кеңесе отырып шешу мақсатында өткізілді. Қолдарыңыздағы жинаққа осы алқалы ғылыми жиынның материалдары топтастырылып отыр.

Терминологияның алдағы даму бағытын айқындап, ертеңгі күн талаптарына жауап беретін терминологиялық қор, жетілген терминжүйе түзу үшін қазақ терминологиясының өткені мен бүгінгі жай-күйін де жан-жақты зерттеп, терең ғылыми сараптамалар жасау қажеттігі туындайды. Бұл дамудағы сабақтастықты сақтау мен озық тәжірибені бөлісіп, кеткен кемшіліктерден сабақ алу, оларды түзету үшін де атқарылуы тиіс жұмыстар. Ғалымдар тарапынан терминологияның өткен кезеңдерінің зерделенуі, әсіресе ХХ ғасыр басындағы Алаш зиялыларының ұстанған қағидаттары мен терминжасам тәжірибесінің талдануы осы бағыттағы атқарылған істердің қатарына жатады. Сонымен қатар бұл жинаққа енген материалдар арасында өзге халықтардың ғылыми терминологияны қалыптастыру тәжірибесі, кірме сөздерді қабылдау, игеру жолдары мен термин шығармашылығындағы кемшіліктер де сөз болады.

Ғалымдар мен сала мамандарының қазіргі терминологияның түрлі мәселелеріне арналған баяндамаларында терминтану теориясы мен тәжірибесі, оның лингвоәдістанымдық қыры, терминжасам, терминалмасым, терминдердің қолданысы мен оларды реттеу, жүйелеу, біріздендіру, нормалау, аудару, транслитерациялау мәселелері қарастырылады.

Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері, ұлттық терминқорды жүйелеу жайы талқыланған ғылыми жиынның материалдарында қамтылған термин, терминология жөніндегі маңызды тұжырымдар мен құнды мәліметтер мамандар мен көпшілік қажетіне жарап, терминологиялық жұмыстарды жүргізудің сапасын арттыруға септігін тигізеді деген үміттеміз.

Ш.Құрманбайұлы

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

Қ.Қ.Бораш

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрлігі

Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси

жұмыс комитетінің төрағасы

Құрметті достар, конференция қатысушылары!

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы елдің рухани дамуының негіздерін айқындаған құжат ретінде тарихымызға еніп отыр. Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшірілуі қазақ баласының жаһандық көштен қалмауына, елдің әлеуметтік – экономикалық өркендеуіне септігін тигізетін тарихи тілдік реформалар алдында тұрғанын көрсетіп, барша тіл мамандарына, ғалымдарға зор жауапкершіліктер артып отыр.

Жаңа әліпбиге көшпестен бұрын жаңа әліпбимен байланысты қазақ тілінің ішкі заңдылықтарының ережелері мен тәртіптерін қалыптастыруды, ал бастысы қазақ тілін дамытудың жаңа міндеттерін алдымызға жүктеп отыр.

Термин – ғылым мен білімнің тілі, сан алуан ғылым мен білімнің ұғымдары, түсініктерінің атаулары, сөздері мен сөз тіркестері. Кәсіби сала терминдерін білмейінше кәсіби маман болу мүмкін емес. Бұл терминнің маңызын сипаттайтын ақиқаттардың біреуі ғана.

Қазіргі жаһандық терминология - лингвистика шеңберінен шығып, ғылымдар жиынтығында даму үстінде, ғылым академиялары, лингвистикалық институттар, министрліктер мен ведомстволар тікелей шұғылданып, елдің экономикалық – әлеуметтік дамудың тілдік қажеттіліктері мен мұқтажын өтейтін дербес салаға айналды. Бұны халықаралық терминологиялық тәжірибе, терминологияның даму үдерістері айқын көрсетіп отыр.

Қазіргі қазақ терминологиясы ғасырлық тарихы бар, ғылыми негізі, қағидағтары мен ұстанымдары, зерттеу әдістері мен тәсілдері қалыптасқан, басқа да ғылым салаларымен тығыз байланыс үстінде дамып келе жатқан сала.

Термин, терминжасам мемлекеттік мәселе болып саналады, бүгінгі күнге дейін 18 000 термин бекітілді, мемлекеттік бағдарлама көрсеткішінің индикаторы бойынша 2020 жылға дейін – 27 000 термин бекітілуі тиіс.

«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы» аясында мемлекеттік қолдаумен бірнеше түсіндірмелік терминологиялық, салалық терминологиялық, екі тілді, үш тілді терминологиялық сөздіктер, терминологиялық анықтамалық сөздіктер, «Терминологиялық хабаршы» бюллетені шығады. Сонымен қатар 1992 жылдан бастап терминология мәселелеріне арналған бірнеше іс-шаралар, халықаралық, республикалық ғылыми - теориялық, практикалық конференциялар, республикалық семинарлар, әртүрлі деңгейдегі «дөңгелек үстелдер» өтті. Терминология саласында ғылым докторлары мен 50-ге жуық ғылым кандидаттары еңбек етуде. 2016 жылы елімізде «Терминком.кз» сайты іске қосылды.

Қазақ терминологиясының теориялық мәселелеріне арналған бұл конференция көңіл қуантарлық нәтижелерге қол жеткізеді, практикалық тұрғыдан әлі де шешілмеген жайттардың басын ашады деген сенімдемін. Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.

АЛАШ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНҚОР

Ш.Құрманбайұлы

ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі

Қазақ терминологиясының бүгінгі жай-күйін шынайы бағамдап, болашақтағы даму жолын айқындау үшін оның өткен кезеңдерін жан-жақты зерттеп, зерделеудің мәні зор. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ терминологиясының даму тарихындағы айрықша кезеңнің бірі – ХХ ғасыр басындағы алаш кезеңі. Алаш кезеңінің ұлттық терминқор қалыптастырудағы жалпы бағыт-бағдарын, басты қағидаттарын, негізгі ерекшеліктерін анықтап, оларды өзге кезеңдермен салыстыра талдап, әр заманның, уақыттың талаптары мен әсер-ықпалын да ескере отырып қорытындыға келу – қазақ терминологиясының бүгінгі және болашақтағы даму жолын белгілеу үшін өте маңызды. Ал ХХ ғасырдың бас кезіндегі алаш зиялылары қарқынды еңбек еткен жылдарға келер болсақ, бұл кезең қазақтың ұлттық әдеби тілінің функционалдық стилдерінің негізі қаланып, соның ішінде ғылым тілі мен ұлттық терминологияның да қалыптасуындағы елеулі белес.

Алаш оқығандарының қазақтың ұлттық терминқорын қалыптастырудағы орны мен рөлі туралы айтқанда ең алдымен мына екі сұраққа жауап беру қажет деп ойлаймыз. Оның біріншісі – «Алаш қайраткерлерінің терминологияны жасаудағы ұстанымдары, мақсаттары қандай болды? Екіншісі – ХХ ғасыр басында еңбек еткен алаш білімпаздарының ұлттық терминқорды қалыптастыруға қосқан үлесі қандай?» деген сұрақтар.

Бірінші сұраққа келер болсақ, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш қайраткерлері ұлт тілінің терминологиялық қорын қалыптастыруда тіл тазалығын сақтауды, бөтен сөзді көп алмай ұлт тілінде сөз жасап, төл сөздерімізді пайдалануды басты ұстаным етіп алды. Бұл бағытты ұстанушы алаш зиялыларының басында қазақ тіл білімінің негізін қалаған аса көрнекті ғалым, тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдары терминологиясының авторы Ахмет Байтұрсынұлы тұрды. Оның бұл мәселедегі негізгі ұстанымы мынадай болды: «Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп құлақтарына

үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу. Қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз жатшылдық (жат сөзшілдік). Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады». [1].

Алаш зиялыларының арасында аса беделді тіл маманы ретінде мойындалған Ахаңның осы пікіріне замандастары, тіл мәселелерін зерттеген әріптестері де ден қойды. Олардың бұл мәселе жөніндегі пікірлері бір арнаға тоғысты. Соның нәтижесінде ХХ ғасыр басында еңбек еткен қазақ зиялылары термин шығармашылығында, терминқорды қалыптастыруда ортақ ұстаным төңірегінде топтаса білді. Оны сол кезеңнің білікті тіл маманы Қошмұхамед Кемеңгерұлының мына пікірінен де байқауға болады: «...Терминдерді алу туралы кейбіреу басқа елдер қалай атаса, қазақшаға айналдырмай-ақ, біз де солай атайық десті. Бұл – тіпті адасқан пікір. Күйіміз жетсе, шамамыз жетсе, қазақшаландырып алуымыз керек. Мәселен, *геометрияны* қазаққа *геуметрие* десең, көзіне түк елестемейді. Ал *пішіндеме* десең, қазаққа таныс, көзіңе елестейді. Сондықтан терминдерді қазақша алуға дауласуда мән жоқ [2].

Бұл Алаш зиялыларының кірме сөздерді қабылдау, ұлт тіліне аудару жөніндегі ортақ ұстанымы. Алаш зиялыларының барлығы дерлік терминқорды қалыптастыруда осы ұстанымды басшылыққа алды. Сондықтан олар жазған, өзге тілден аударған оқулықтар мен оқу құралдарында, ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектер мен мақалаларында қолданылған терминдердің негізгі басым бөлігі (көбінде 90 пайыздан астамы) қазақтың өз сөздері немесе солардың негізінде жасалған жаңа терминдер болды.

Қазақ зиялыларының арасында шет тілдері сөздерін түпнұсқа тілден алудан қашпағандар да болды. Мәселен, Ж.Аймауытов, М.Қайыпназарұлы сияқты оқығандардың кейбір пікірлері соған дәлел бола алады. Мәселен, Ж.Аймауытов: «Пән тілдерін табу қиын болатын көрінеді.

Сондықтан жоғарыда айтылғандарды еске алып, сөз табу туралы менің ұсынатын жобам: 1. Сөз туралы қиналмай, тілді өз ағымына жіберейік. Ұнамды сөз алынып отырар да, ұнамсызы шығып қала берер; 2. Кіріп қалған жат сөздерден қашпайық. Орынсыз тілге зорлық қылмайық» – деген ұсынысын айтты.

Алайда осы пікірді айтып отырған Ж.Аймауытовтың өзі де ұлт тілінде термин жасауға көп үлес қосты. Ал кірме терминдерді жазу мәселесінде Ахаң бастаған замандастарының ұстанымынан алашақ кеткен жоқ. Н.Төреқұлұлының да жекелеген жат сөздерді қабылдау жөніндегі пікірлері болмаса, жалпы алғанда өзге алаш сияқты шет тілі сөздерін өзгеріссіз алуға қарсы болды. Оны «...сертсіз, заңсыз жат сөздерді бос қоя беру де жарамайды, опыр-топыр болып, тіліміздің негізгі заңдылықтарын бұзып, тас-талқанын шығарып жібереді» – деп жазған ғалым пікірінен анық көруге болады.

Ал олардың кірме сөздерді игеру, тілге сіңіру, шет тілдері сөздерін қазақша жазу жөніндегі көзқарастарын, негізгі ұстанымдарын мына төмендегі тұжырымдарынан көруге болады:

«Қазақша сөз жазушыларға» деп аталатын мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы: «...Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ» [3] – деп жазады.

Бірнеше шет тілін білген көрнекті алаш зиялысы Нәзір Төреқұлқұлы «Жат сөздер туралы» деп аталатын бүгінге дейін ғылыми құнын жоймаған еңбегінде «Қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп жалпақ қазақ сөзі болып кірсін» [4] – дейді.

Алаштың көрнекті қайраткерінің бірі Халел Досмұхамедұлы ғылыми құндылығы өте жоғары «Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы» атты мақаласында «Елдің тілі бұзылуына оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол ашып береді» дей келіп, жат сөздер туралы былай деп жазады: «Тілге кірген жат сөздер де сіңу үшін, тілге «өзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе, жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді. Тілдің қорықшысы қара халық мұны жақсы біледі. «Жапатармағайдың» арабтың 3 сөзіне қандай ұқсасы бар?! Жат сөздерді қолданғанда, тіліміздің заңымен өзгертіп тілімізге ылайықтап алу қажет. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады. Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз деген

– шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді. Жат сөздерді өзгертпей жүргіземіз деп қазақтың тілін бұрағандар да, «мәдениетке үйретеміз, өнер шашамыз» деп арақ пен шылым, жұқпалы ауру таратқандар да бір есеп. Арақ, шылым, аурулар адамның денесін бұзса, зорлықпен кіргізген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады» [5].

Осы еңбегінде ол: «Біздің қазақ-қырғыздың ішінде Аурупа тілдерін жақсы білетініміз аз, көбіміз білмейміз. Аурупа сөздері бізге орыс арқылы жалғасады. Сондықтан, Аурупа сөздерін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес, Аурупа сөзін асыл нұсқасынан алып, өзгертіп қолдану керек» [6,151] – деп жазады.

1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде пән сөздері туралы негізгі баяндаманы жасаған Елдес Омарұлы былай дейді: «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де ішінде жат дыбыс бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды» [7].

Сонымен бірінші сұраққа алаш оқығандарының жоғарыдағы тұжырымдары мен пікірлері толық жауап беріп тұр деуге болады. Қорыта айтқанда, алаш зиялылары ұлттық термидер қорын қалыптастыруда шет тілінің сөздерін өзгеріссіз алуға жол бермей, терминқорды қазақ сөздерінің негізінде, тілдің ішкі мүмкіндігін барынша пайдалана отырып жасауды мақсат етті. Олар өмірінің соңына дейін осы мақсатқа қызмет етіп, өз ұстанымдарынан айнымай, оны ұдайы басшылыққа алып отырды. Оған олардың соңында қалдырған еңбектерінде қолданған терминдері, қаламынан туындап, тілдік қорымызды байытқан ондаған, жүздеген атаулар бұлтартпас дәлел бола алады.

Енді екінші сұраққа жауап іздер болсақ, оны осы кезеңде атқарылған мына төмендегі қыруар жұмыстардан анық көруге болады.

Біріншіден, Алаш оқығандары ХХ ғасыр басында-ақ ұлттық терминқорды жасау мен қалыптастырудың ғылыми қағидаттарын белгілеп, оны бүкіл ел қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде бекітті [8].

Екіншіден, Термин кемисиесі (терминология комиссиясы) құрылып, түрлі саланың пән атауларын (терминдерді) жасаумен, терминологиялық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуді қолға алып, бұл істі жолға қойды, жүйеге салды.

Үшіншіден, олар өздері мақұлдаған терминқорды қалыптастыру қағида-даттарын басшылыққа ала отырып сала терминдерін сол кезеңнің терминімен айтқанда пәнсөздерін жасаумен айналысты. Алаш қайраткерлерінің қаламынан туындаған түрлі саланың терминдері жүздеп саналады.

Төртіншіден, Алаш зиялылары қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарына арналған төл оқулықтар мен оқу құралдарын жазып немесе өзге тілдерден аудару барысында өздері жасаған, мақұлдаған терминдерін қолданысқа енгізді. Мысалы, А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» оқулығында бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, есімше, көсемше, ашық рай, шартты рай, қалау рай, есімдік, етістік, етіс, шылау, үстеу, жұрнақ, одағай, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, Е.Омаровтың оқулығында *пішіндеме (геометрия)*, қар (катет), қима (гипотенуза), түйін (теорема), үшкіл (үш бұрыш), Х.Досмұхамедұлының «Жануарлар», «Адамның тән түрлігі» еңбектерінде ұлпа (ткань), жатық жазықтық (горизонталь), таптастыру (классификация), қаңқа, сүйек жүйесі (скелет), Ж.Аймауытовтың «Психология» оқулығында берне (представление), берне (представление), жад (память), қиял (воображение), мұрат (идея), соқыр сезім (инстинкт), сыртқы сезім (ощущение), ырықсыз қозғалыс (рефлекс), шіміркену (раздражение), шіміркендіргіш (раздражитель), Қаныш Сәтбаевтың «Алгебра» атты оқулығында берне (функция), жарнақ (числитель), өре (диаметр), өрнек (формула), түйін (теорема), қос шаршылы теңдеу (биквадратное уравнение), шаршылық теңдеу (квадратное уравнение), Ж.Күдериннің «Өсімдіктану» оқулығында аналық (пестик), аталық (тычинка), қышқыл (кислота), жарықтуым (фосфор), қышқылтуым (кислород), сутуым (водород) сияқты ондаған, жүздеген терминдер қолданылды. Осы оқулықтарды жазған, орыс тілінен аударған Алаш зиялылары жүздеген ғылыми атауларды тұңғыш рет жасап, бұрын тілімізде болмаған ғылыми ұғымдардың өзге тілдегі атауларының баламаларын табумен бірге оларды білім беру жүйесі, алғашқы оқулықтар мен оқу құралдары арқылы қолданысқа енгізді.

Бесіншіден, Алаш оқығандары екітілді аударма сөздіктер мен

терминологиялық сөздіктер шығарумен айналысты. Мәселен, Қ.Кемеңгерұлының жетекшілігімен жарық көрген «Қазақша-орысша тілмаш» (Мәскеу, 1925), «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» (Қызылорда, 1926), «Атаулар сөздігі» (Қызылорда, 1931), А.Байтұрсынұлының басшылығымен дайындалып, Н.Қаратышқанұлы құрастырған «Пән сөздері» (Қызылорда, 1927) солардың қатарына жатады [9].

Алаш білімпаздарының арнаулы сала сөздіктерін шығаруы, бекітілген, талқылаудан өткен терминдердің жинақтарын жариялап халыққа таратуы, оқулықтарға енгізуі – терминдердің нормалануы мен қалыптануын (кодификация) қамтамасыз ету бағытында атқарылған, мақсатты түрде жасалған жұмыстар еді. Олар пән атауларын жасап қана қоймай, өздері жасаған ондай терминдердің қолданысқа ену, елге таралып, жұртшылық санасына сіңуінің де тиімді тетігін, ұтымды жолдарын таба білген. 30-жылдардан кейінгі олардың атын атап, еңбектерін оқуға тыйым салынған кезеңде де ХХ ғасыр басындағы Алаш білімпаздарының қаламынан туындаған атаулары халық жадынан өшіріп, қолданыстан шығарып тастай алмады. Қолданыстан шеттетілгендерінің өзі 90-жылдардан кейін еңбектері жарияланғанда халық тіліне қайта оралып, терминқорымызды толықтырды.

Кейбір тілші ғалымдар мен сала мамандары шет тілі сөздері мен халықаралық терминдерді ұлт тіліндегі атаулармен алмастыруды қажетсіз, кері кеткен жол деп санайды. Терминологияны халықаралықтандыруды дамудың, өркениеттіліктің белгісі, тілді байытудың көзі деп есептейтін ғалымдар болуымен қатар өзге де көзқарастар бар. Терминолог ғалым В.А.Татаринов бұл жөнінде – «Деинтернационализация терминологии – это понятийный рост на национальной почве (қою әріппен ерекшелеген біз – Ш.Қ.) Интернациональная терминология не бывает наднациональной, с ее помощью можно проследить особенности технологической конкуренции между культурами и сделать выводы о жизнестойкости той или иной национальной культуры» [10].

Белгілі терминтанушы ғалым халықаралық терминология ұлт тілінде жасалған терминдерден жоғары, одан биік тұрмайтынын айта келіп, халықаралық терминдерді ұлт тіліндегі баламалармен алмастыру ұлт тіліндегі ұғымдар жүйесінің баюы, өсуі деп санап отыр. Ғалым мұны ұлт мәдениетінің өміршеңдігі, мәдениеттер арасындағы технологиялық бәсекелестіктің көрсеткіші ретінде көреді. Мәселеге осы тұрғыдан қарар болсақ, Алаш қайраткерлерінің шет тілі сөздерін, халықаралық атауларды

көп қабылдай бермей, оларға балама тауып, терминжасамға басымдық беруін олардың о бастан ғылыми ұғымдар жүйесінің негізін ұлт тілінде қалау жолын таңдаған деген қорытындыға келуімізге негіз бар.

Алаш қайраткерлері жоғарыда аталған еңбектерін саралай келгенде екінші сұрақтың жауабы мынадай болуға тиіс деп ойлаймыз: XX ғасыр басында еңбек еткен Алаш оқығандары ұлт тілінің терминқорын жасауға, қазақ тілінің ғылыми атаулар қорын байытуға өлшеусіз үлес қосып, қазақ ғылым тілінің, терминологиясының негізін қалады.

Сөз соңында айтарымыз, бүгінгі терминқорымызды жетілдіру, толықтыру кезінде, термин шығармашылығы мен терминжасам саласын дамытуда XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы дамуының алаштық кезеңінен сабақ алып, Алаш зиялыларының ғылыми ұстанымдары мен тәжірибесін ескерудің маңызы аса зор деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш//Алты томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. -165-166 б.
2. Кемеңгерұлы Қ.
3. Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақша сөз жазушыларға//Алты томдық шығармалар жинағы. Төртінші том. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. 271-б.
4. Халел Досмұхамедұлы. Таңдамалы. – Алматы: «Ана тілі», 1998. 147-148- бб.
5. Қазақша-орысша тілмаш. Казакско-русский словарь. Басқарушы (жалпы редакциясын басқарған): Қ. Кемеңгерұлы Мәскеу, 1925.
6. Аймауытұлы Ж. Психология. Қызыл-Орда – Ташкент, 1926.
7. Қазақ білімпаздарының бірінші сіезі. – Алматы, 2005. -105-106 б.
8. Төрекұлұлы Н. Жат сөздер. Екінші басылымы. Араб графикасынан кириллицаға түсіріп, баспаға дайындаған, алғысөзін жазған Ш.Құрманбайұлы. (Бірінші басылымы 1926 жылы Мәскеуде жарық көрген). – Астана, 2005. 12-б.
9. Қазақша-орысша тілмаш. Басқарушы [жалпы редакциясын басқарған] Қошке Кемеңгерұлы. – Мәскеу, 1925; Орысша-қазақша әскерлік атаулары. – Астана: «1С-Сервис», 2005. -136 б., Атаулар сөздігі. Екінші басылымы. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2004. –184 б., А.Байтұрсынұлының басшылығымен дайындалып, Пәнсөздері. – Алматы: «Ер-Дәулет», 2004. –128. [2].
10. Татаринов В.А. Теория терминоведения. – Москва, 1996. Том 1. С. 226-227.

ТЕРЕҢ ТАНЫСАҚ, ТАҒЫЛЫМДЫ БОЛАР ЕДІ

Ж.Күлекеев

*«ҚазМұнайГаз» өндіру және бұрғылау»
технологиялары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
бас директорының кеңесшісі, э.ғ.к.*

Кез келген халықтың ғасырлар бойы қордаланған мәдениетінің асқар шыңы – сол халықтың тілі екені баршамызға түсінікті. Сондықтан да еліміздің көзі ашық, көңілі ояу азаматы ана тілімізді теңдесі жоқ ұлтымыздың алтын қазынасы деп бағалап, қастерлеп, сол қазынаның болашақ ұрпақ сусындайтын рухани бұлағының сарқылмас көзіне айналуын армандайды. Кеңес дәуірі кезінде сырттан келген өктем күштің салдарынан ауқымы тарылып, болашағы бұлыңғыр бола бастаған ана тіліміз егемендік алған алғашқы күннен бастап мемлекет қамқорлығына алынып, бүгінде күн санап өрісін кеңейтіп келеді.

Соның арқасында ана тіліміз жойылу үдерісінен түбегейлі ажырап, Қазақ елінің тұғырлы мемлекеттік тілі болып қалыптасуда. Сол тұғырлы мемлекеттік тіліміздің жетілу деңгейі бүгінгі қоғамның барлық әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани, ғылыми-техникалық сұраныстарынан туындайтын функцияларын толық қанағаттандыратындай жағдайға жетуі тиіс. Осы бағытта елімізде атқарылып жатқан үлкен шаралар бар, бірақ соған қарамастан әлі де атқарылатын, қосымша пысықтауды қажет ететін міндеттер де аз емес.

Жер бетіндегі барша халықтың тілі – заманның ағымына, адам тіршілігіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторлардың ықпалы салдарынан әртүрлі өзгерістерге ұшырап отыратыны табиғи құбылыс. Соңғы кезеңде етек жайған жаһандану және интеграциялық процестердің салдарынан көп халықтың тілі жойылып, саны аз халықтардың тілдеріне жоғалу қаупі төніп, ал дамыған тілдер өз өрісін кеңейтіп жатқаны белгілі жайт. Соның бір айғағы ретінде мынадай фактіні келтіруге болады. Қазіргі кезеңде жер бетінде қолданыста жүрген жеті мыңға жуық тіл бола тұрып, дүниежүзі халықтарының 70 пайыздан астамы бар-жоғы 40 шақты дамыған халық тілінде сөйлейді екен. Демек, осы аталған үрдістердің ауқымы кеңейген сайын жер бетінде өмір сүріп жатқан көп халық өкілдерінің басқа дамыған тілдерге деген қызығушылығы артып,

өз тіліне деген сұранысы азаятыны, соның салдарынан олардың ана тіліне жоғалу қатері төнетіні ақиқат. Ағымдағы үрдістерге баға беріп отырған ғалымдардың болжауы бойынша, осы ғасырдың ортасына таман қазір қолданыста жүрген тілдердің жартысына жуығының аясы тарылып, бірте-бірте жоғалуы мүмкін. Бұл – көп жұрт алаңдатып отырған күрделі мәселе.

Осы жағдайларды ой елегінен өткізсек, бірнеше сұрақ туындайды. Біріншіден, аз халықтар тілдерінің пайдалану арнасының жыл сайын тарылып, құрдым жағдайға келуінің негізгі себебі қандай және осы проблеманы біз түбегейлі зерттеп, тиісті нәтиже шығардық па? Екіншіден, біздің ана тіліміздің даму бағыты мен қарқыны ғылыми-техникалық прогресс пен жаһандану процестерінен туындайтын қоғамның бүгінгі қатаң талаптарына сәйкес келе ме? Үшіншіден, тіліміздің бүгінгі Ата Заңымызда жазылған мәртебесі оның болашағының жарқын болатынына кепіл бола ала ма? Төртіншіден, бүкіл дүниежүзі батыстық өркениеттің ықпалында екені белгілі. Демек, осы жағдайда біз тіліміздің тазалығын сақтау мақсатында оны интеграциялық үрдістерден дараландыруға тырысқанымыз жөн бе? Бесінші, біз ана тілімізді қалай және қай бағытта дамытқанымыз жөн?

Аталған сұрақтардың туындап, көптеген ұлтжанды азаматтарды елеңдетіп отырған бір себебі бар. Ол – тіліміздің даму барысында орын алып отырған кейбір орнықсыз жағдайлар. Солардың кейбіреуін атап өтсем деймін.

Біріншіден, егемендік алған алғашқы кезден бастап тілімізді жандандырамыз деген ниетпен соңғы уақытқа дейін айналымда жүрген, бүкіл халыққа түсінікті, ағылшын, не Батыстың дамыған тілдерінен енген сөздердің орнына ұмыт болған, ешкімге түсініксіз, ерте заманда парсы, не араб тілінен енген сөздермен жаппай алмастыру басталды. Оған мысал ретінде халықтың санасына зорлап енгізуге тырысып жатқан «сынып», «рәміз», «рәсім», «мұшайра», т.б. сөздерін келтіруге болады. Сонымен қатар парсы тілінен еніп, мыңдаған жылдар бойы айналымда жүрген сөздердің этимологиясын түсінбеудің салдарынан соңғы кезде кейбір орнықты сөздердің мағынасын өзгерту үрдісі басталды. Мысалы, парсы тілінде «қалампыр» деп «ащы қызыл бұрышты» атайды. Жалпы, бұрыш деген сөз де парсы тілінен енген (парсы тілінде – мурч). Бұл ерте заманда енген сөз болғандықтан бүкіл түрік тілдес халықтар

ащы қызыл бұрышты қалампыр (каламфур) деп атайды және біз де солай атап, өлеңге қосып, әндетіп айтып жүрдік. Ал енді соңғы кезде кейбір аудармашылардың кесірінен «калампыр» деп «гвоздика» гүлін атай бастапты. Бұл тіліміздің тарихына балта шауып, қорлағанмен тең жағдай емес пе екен?

Халықтың мәдениеті мен тілі жеке дара дамымайтыны белгілі. Қилы заманнан бері көршілес халықтар бір-бірімен араласып, сауда-саттық жасап, үйлесімді тіршілік атқарғанының арқасында бір халықтың мәдениеті мен тілі екінші елдің мәдениетіне үлкен ықпал жасайтыны тарихтан белгілі жағдай. Осы тұрғыдан келгенде біздің тіліміздің дамуына парсы тілінің қосқан рөлі ерекше. Өйткені біз үш мың жылға жуық мерзімде осы халықтың озық мәдениетінің ықпалында болдық. Соның әсерінен біздің тілімізде айналымда жүрген сөздердің 40 пайызға жуығы осы парсы тілінен енген сөздердің еншісіне тиесілі екені, ал ғылыми категориялар, түсініктер, атаулардың басым көпшілігі парсы тілінен еніп, бүгінгі күні ана тіліміздің төлтума бөлігін құрап отырғаны баршаға аян. Соның айғағы ретінде бүгінде кең қолданыста жүрген, түбі парсы тілінен енген жеміс-жидектер (алма, анар, алша, алхор, т.б.), көкөністер (дарбыз, бадыран, пияз, баклажан, сәбіз, қалампыр, райхан, т.б.), жануарлар (піл, зіл (мамонт), арыстан (немесе арслан, аслан), ат, маймыл, т.б.), апта (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, т.б.) атауларын келтіруге болады. Енді қазір аталған терминдерсіз ана тіліндегі көптеген сөздерді елестету мүмкін емес.

Заман өзгерді. Дүниежүзілік аренаға XV ғасырдан бастау алған индустриалану үрдісінің «пионері» болған Ұлыбритания қара үзіп алға шығып, өз мәдениеті мен ғылыми-техникалық жетістіктерінің құдіретін әлемге мойындатты. Соның арқасында ағылшын тілі әлем халықтарының ортақ коммуникация жасайтын құралына айналып, жаңа дәуірдің ғылыми-техникалық категорияларын қалыптастыратын басты тілі болып отыр. Бұл – заманның талабынан туындаған объективті заңдылық. Олай болса, біз қазіргі жаһандану, интеграциялық процестер мейлінше дамып, егеменді еліміз дүниежүзі қауымдастығының толыққанды мүшесі болып танылып отырған заманда жаңа ғылыми-техникалық түсініктер мен категорияларды парсы, араб тілдерінен іздегеніміз жөн бе, әлде өркениетті халықтар секілді ағылшын тілінен енген категориялардың пайдалану өрісін мейлінше кеңейткеніміз дұрыс бола ма? Егер дүниежүзі халқын жарқын болашаққа бағыттайтын даңғыл жолдың

сыртында қалғымыз келмесе, онда бізге де осы даңғыл жолға түсудің мүмкіндіктерін қарастыру керек секілді.

Екіншіден, ұзақ мерзім қолданыста жүрген сөздердің төркінін түсінбеудің салдарынан түрік тілінен орыс тіліне енген сөздерге қазақ тілінде жасанды балама сөз табу сәнге айналып барады. Шынында да бұл біздің ана тіліміздің заманның ағымына сай дамуын тежеп, тоқырауға ұрындыратыны сөзсіз. Осы тұрғыда бір-екі мысал келтіре кеткен жөн болар. Мысалы, «баклажан», «кабачок», «курага» деген сөздер орыс тіліне түрік тілінен енген. Осы сөздердің орыс тіліндегі этимологиясына қарасаңыздар, онда орыс ғалымдарының дәл осындай тұжырым жасағанын байқайсыз. Соған қарамастан егемендік алған жылдар ішінде алдағы атаулар бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Оны мемтерминком бекітіп, сөздіктер мен оқулықтарға енгізіп, халықтың санасына сіңіруге тырысып бағудамыз.

Үшіншіден, тілімізде бұрыннан айналымда жүрген халықаралық терминдердің түп-тамырын түсінбеудің салдарынан, орыс сөзінен қашу керек деген ниетпен орнына жасанды балама табу үрдісі пайда болды.

Иә, соңғы кезеңде әлемде қалыптасқан жағдайға назар салсақ, онда терминдер мен ғылыми категорияларды қалыптастырудың ортақ тәртібі орныққанын байқаймыз. Ертеде парсы, латын тілдері ғылыми категориялармен толықтырылған тіл болса, қазіргі заманда жаңа терминдердің қайнар көзі ағылшын тілі болып отыр. Содан соң жануарлар, өсімдіктер, музыкалық аспаптар немесе басқа заттар тек ерекше бір елде ғана кездесетін болса, онда сол жергілікті тілдегі атауларды өркениетті елдің ғалымдары бұлжытпай алып, өз тіліне бейімдеп, айналысқа енгізеді. Соның арқасында ол халықтың тілі жаңа терминдермен толығып, ұдайы дамып отырады. Мысалы, халқымыздың еншісіне біткен музыкалық аспап домбыраны еш елде «күй таяқ» деп атаған емес, атамайды да. Ол бар халықтың тілінде өзінің домбыра деген мәртебелі атына ие. Олай болса, біз неге пианиноны, роялді – күйсандық деп атауымыз керек. Сол секілді біздің кең байтақ елімізде ғана жиі кездесетін «қарсақ» деген жыртқыш аң барша дамыған тілдерде «қарсақ» деп аталады. Олай болса, біз неге гиппопотамды – су сиыр деп атауымыз керек және оған қандай ғылыми негіз бар? Егер гиппопотамды – су сиыр деп атасақ, онда сөзсіз осы жануар мен біздің күнде көріп жүрген сиырымыздың арасында генетикалық жақындық бар деген сенім пайда болады. Ал ғылыми зерттеулер гиппопотамның мұхитта өмір

сүретін китпен тұқымдас екенін дәлелдеп отыр. Сол секілді еңбектеген сәбиден бастап, барша халық «жираф» деп атайтын жануарды «керік» деп атаудың не қажеті бар?! Ал витаминді бүкіл дүниежүзі дәл солай атайды. Жалпы бүкіл дүниедегі халықтың реңдері әртүрлі болғанымен, барлық адамдардың жаратылыстары бірдей, ауыратын сырқаттары да ұқсас, сондықтан қазіргі медицинада аурулардың аттары мен соларға қарсы пайдаланатын дәрілердің атаулары бүкіл әлемде негізінен біркелкі стандартқа келтіріліп, барлық жерде бірдей аталады. Бүкіл әлемде аналгин, аспирин, пенталгин, витамин секілді атаулар еш өзгеріссіз пайдаланылады. Ал біз витаминді дәрумен деп атауға тырысып жатырмыз. Бұл сөздің түбірі дәрі ме, әлде дәру ме? Бұдан жобалап аударған атаулардың бәрімізді шатастырып, әсіресе, өскелең ұрпақты әр алуан ойға қалдырары ақиқат.

Төртіншіден, біз әсерлеп, жобалап сөйлегенді ұнататын халықпыз, бірақ мына ғылым мен техниканың дамыған заманында санамызға орныға бастаған ғылыми категорияларды орнымен, ұқыпты пайдалануды жолға қойғанымыз жөн. Сонда ғана біз ана тілімізді заманның қатаң талаптарына бейімдейміз. Өкінішке қарай, бұл тұрғыда бізде кемшілік көп. Соған бір ғана мысал келтірейін. Біз физика, астрономия пәндеріне ғалам деген сөзді ғылыми категория ретінде енгізіп, жастардың осы категорияны орнымен пайдалануын талап етудеміз. Ал журналистер мен кейбір тіл мамандары «интернет» деген сөзді «ғаламтор» деп қолданғанды ұнатады. Бұл – әрине, орыстың «всемирная паутина» деген балама сөзіне еліктеуден туындаған нәтиже. Орыс тілінде қалыптасқан қатаң талапқа сай әр түсінік орнымен пайдаланылады. Бұл жердегі «весь мир» деген бүкіл жер шары деген ұғымды білдіреді. Бұл орнықты шешім, өйткені шынында интернет бүкіл жер шарын торлап алды десе болады.

Ал біздегі жағдай қалай, соған тоқталайық. Біз орыс тілінен «вселенная» деген ғылыми категорияны ана тілімізге «ғалам» деп аударып, барлық оқулықтарға енгіздік және дұрыс жасадық. Енді осы категорияны ұқыпты пайдаланғанымыз жөн. Қазіргі жағдай сын көтермейді. Себебі біз бұл категорияның мәнісін түсінбей, кез келген жерге орынсыз пайдалануды әдетке айналдырдық. Ғалам – шексіз дүние, өйткені ол жүз миллиондаған галактикадан тұрады. Солардың ішінде біз өмір сүріп жатқан галактика да бар. Біздің галактикамыз да шексіз кең, оның бір шетінен екінші шетіне дейін жарық сәулесі миллион жылдан астам уақыт жүреді. Осы галактиканың бір шетінде күн жүйесі орналасқан.

Оның төңірегінде сегіз планета бар (бұрынырақ тоғыз деп келгенбіз). Соның бірі – өзіміз өмір сүріп жатқан жұмыр жер. Интернет бүгінде тек жұмыр жерді торлап отыр, бірақ ол күн жүйесін, галактиканы немесе ғаламды торлап алуы мүмкін емес және оның адамзатқа қажеті де жоқ. Ендеше біз интернетті ғаламтор деп атап, барша халықты шатастырмағанымыз жөн секілді.

Қазіргі кезеңде тіл мәселесі туралы әртүрлі пікірлердің айтылып та, жазылып та жүргені рас. Қазақ тілі мемлекеттік тұғырлы тіл мәртебесіне ие бола тұрып, қосымша тіл қалпынан құтыла алмай отырғаны көпшіліктің намысына тиюде. Егер біз ендігі кезекте жоғарыда аталған проблемаларды жан-жақты талқылап, ана тіліміздің дамуын дұрыс жолға қоймасақ, онда қазақ тілі бүгінгі бишара күйінен шыға алмайды. Ақселеу Сейдімбектің сөзімен айтқанда, «Ой орнықты, тұжырым тегеурінді болу үшін қолданылатын «кұралдарды», терминдерді саралап алмай болмайды... Терминдердің ұғымдық деңгейлерін, қолдану аясын және өзара категориялық-ұғымдық шендесу мәселесін анықтап алған жөн» (А.Сейдімбек, 2-том. 52-бет).

Ол үшін біріншіден, бүкіл дүние жүзіне белгілі саясат пен экономика, ғылым мен техника саласында айналымда жүрген халықаралық терминдерді сол қалпында өзгертпей, ана тілімізге бейімдеп, кең көлемде пайдалануға жол ашу керек. Қажет болған жағдайда, шет тілдерден енетін ғылыми категориялар мен терминдерді өзіміздің ана тілімізге бейімдеудің ғылыми негізделген тәртібін бекіту керек. Сосын аударма жасағанда немесе ғылыми еңбектер жазғанда осы тәртіпке сүйене отырып, жана категориялар мен терминдердің дұрыс қазақ тіліне бейімделгенін бақылап отыру қажет. Мысалы, қазір орыс тіліндегі ғылыми-техникалық категориялардың 99 пайызы ағылшын тілінен еніп жатыр десек қателеспейміз. Оған еш тосқауыл жоқ, керісінше, ағылшын тілінде жаңа термин пайда болса, онда ол сол күні орыс тіліне бейімделіп, ертесіне айналымға еніп жатады. Бұл – күнде болып жатқан жағдай. Өйткені ағылшын тіліндегі терминдерді орыс тілінде айналымға енгізудің тәртібі қалыптасқан. Сондықтан corruption – коррупция, privatization – приватизация, transmission – трансмиссия, bolt – болт, motor – мотор секілді болып аударыла береді. Біз, өкінішке қарай, осындай тәртіпті қалыптастырудың орнына, жасанды балама сөздер іздеп әлек болудамыз. Бұл – талқылауды да қажет етпейтін, кезек те күттірмейтін күн тәртібінде тұрған мәселе. Оны шешпей, қазақ тілінің болашағы бұлыңғыр болып қала береді.

Екіншіден, ана тілімізде айналымда жүрген көптеген категориялар мен түсініктердің нақтылығы мен дәлдігін арттыруға бағытталған қомақты шаруалар атқарылуы тиіс. Себебі, біздің тіліміздегі көп сөздер ойды, пікірді жобалап жеткізуге негізделген. Ол үшін қосақталып айтылатын ағыл-тегіл, темір-терсек, келін-кепшік, бала-шаға, қатын-қалаш секілді сөздердің қолданатын аясын шектеу қажет. Содан соң, тіліміз бай, бір сөздің қазақ тілінде он баламасы бар деп мақтанғаннан гөрі, бүгінгі технократтық заманның талабына бейімдеп, жаппай пайдаланатын үш-төрт мың сөзден тұратын, стандартталған түсініктер мен категориялар жинағын дайындау қажет. Оны интернет не басқа да ақпараттық құралдар арқылы жаппай халыққа жеткізу керек. Орайы келіп тұрғанда айта кететін мәселенің бірі – ол Word-та осы уақытқа дейін дұрыс ана тіліміздегі текст редакторының болмауы. Бұл да тілдің дамуына кесірін тигізіп отырған техникалық проблема. Егер аталған мәселелер шешілетін болса, онда орыс тілінен төте аударған, ал біздің тілімізге жат «өзіңнен ары», «өзіңе қарай» деген сөздердің орнына баршаға таныс әрі нақтылығы жоғары «итер», «тарт» деген сөздер айналымға енуі мүмкін.

Үшіншіден, ғасырлар бойғы көшпелі өмір тіршілігінің арқасында табиғатқа етене жақын болғанымызды дәлелдейтін, болмысы мен құрылымы біздің өзімізге ғана тән мәдени-рухани мұраларымыз бар. Төлтума қасиетімізді даралай түсетін осындай рухани байлығымыздың бірі – ол біздің тіліміздегі жануарлар әлемінің ерекше атаулары. Ежелден қалыптасқан дәстүрге сай қазақ тілінде кез келген жануардың аталығының, аналығының, төлдерінің қайталанбас атаулары бар екенін білсек те, оларды жастардың санасына сіңетіндей етіп жеткізе алмай отырмыз. Бұл – өкінішті жағдай. Соның салдарынан қазіргі кезде кей азаматтар күнде естіп жүрген сөздерінің мағынасын түсінуден қалып барады. Мысалы, аюдың аталығының – мақат, елік төлінің – еңлік, ақбөкен төлінің – құралай, қабыланның төлі – алан, дегелектің – аист, ителгінің – балобан, қызғыштың құс екенін білетін жастар азайды. Сондықтан ұмыт болған не жасанды сөздерді айналымға енгізуге тырысқаннан гөрі, ана тіліміздің алтын қазыналарын жастардың санасына орнықты болатындай етіп, қайта ұсынуға талпыну қажет. Бұл да күн тәртібінде тұрған мәселе.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «...алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа

тұстарынан бас тарту керек», деп қадап айтты. Соңғы кезде елімізде рухани жаңғыруға бағытталған арнайы шаралардың шеңбері нақтыланып, ауқымды жұмыстар басталып кетті. Соның өзектілерінің бірі латын қаріпіне көшу төңірегінде болып жатыр. Ал тілімізді модернизация жасау туралы әлі де көтеріліп жатқан мәселелер аз. Меніңше, осы мәселе төңірегінде де әңгіме қозғап, тиісті ұйымдастыру шараларын қолға алатын кез келген секілді.

Осы ұйымдастыру шаралары туралы бірер сөз. Тілді тек тілдің мамандары дамыта алмайды. Бұл – бүкіл халық болып көтеретін мәселе. Айтқанменен, аталған мәселелерді шешу үшін тіл мәселесін зерттеумен айналысып жүрген Білім және ғылым министрлігінің қарамағындағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жұмысын қайта жандандырған жөн. Бұл институттың бүгінгі жағдайы сын көтермейтіндей. Оған себеп, қаржы тапшылығынан білікті кадрларынан айырылып, өлмес тіршілік жасап отыр. Сондықтан да уақыт талабына қарай бұл институтқа бірнеше тілді еркін меңгерген, әр саладан хабары бар ынталы, ізденімпаз жас мамандарды тартып, солардың алаңдамай жұмыс істеуіне толық жағдай жасайтын уақыт келді. Одан бөлек, тіліміздің қосалқы аударма тіл болып қалып отырғанын жоғарыда айттық. Демек, тіліміздің шұбарланып кетуіне үлкен ықпал жасап отырған мамандар – ол мемлекеттік органдарда жұмыс істеп жүрген аудармашылар. Олардың басым бөлігі қазақ тілінің мамандары болып келеді. Көпшілігінің басқа шет тілдерден немесе ғылым мен техниканың халықаралық категориялық ақпараттарынан хабарлары шамалы. Сол себепті халықаралық деңгейде қалыптасқан терминдерге балама іздеп табу көбінде осы аудармашылардың «ынталы» жұмыстарының «нәтижесінен» орын алып жатады. Бұдан құтылу үшін үлкен жүйелі шаруалармен қатар, осы аудармашылардың біліктілігін жетілдіріп отыру қажет.

Аталған өзекті мәселелер тайға таңба басқандай көзге көрініп тұрған мәселелер. Оның сыртында тұнып, әлі беті ашылмай жатқан күрделі мәселелер жетерлік. Сол мәселелер кезең-кезеңімен көтеріліп, дұрыс шешімін тауып, ана тіліміздің мәртебесін нығайту үшін мемлекет тарапынан тілімізге деген қамқорлық әлі де еселене түсуі тиіс. Бұл ойларымда қазыналы қазақ тілінің мәртебесіне қарай жұмыс істесе деген оң ниетпен ортаға салып отырмыз.

ТЕРМИН: ЖАСАЛУЫ, ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Б.Қалиұлы

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және
әлем тілдері университетінің профессоры, ф.ғ.д.*

Термин де – сөз сияқты басты, маңызды тілдік бірліктердің бірі. Кез келген тілдік бірліктердің екі жағы болады: сыртқы тұлғасы (формасы), ішкі мазмұны (мағынасы). Термин де – сөз. Бірақ ол Г.О.Винокур айтқандай, «ерекше қызмет атқаратын сөз» [1,54]. Оның қызметінің ерекшелігі ғылыми ұғымды білдіретіндігінде.

Ұғым екі түрлі болады: қарапайым ұғым және ғылыми ұғым. Қарапайым ұғым тұрмыстық заттардың атын білдіреді. Бұл – сөз. Ал ғылыми (техникалық, өндірістік т.б.) ұғымдарды терминдер білдіреді. Мысалға металл сөзін келтірейін. Бұл сөз өзінің ғылыми ұғымы жағынан ерекшеленеді. Металл дегеніміз – темір, болат, шойын, мыс, қорғасын, алтын, күміс, қалайы т.б. Металдың түсті металл, қара металл, қымбат (асыл) металл деген түрлері бар. Олардың түстері де, салмақтары да әртүрлі. Мәселен, алтын – сары, күміс – ақ болса, қорғасын – ауыр, алюминий – жеңіл. Қаттылықтары да әрқилы: болат – қатты, қалайы – жұмсақ. Металдардың барлығына ортақ қасиеттер: олар жылу мен электр тоғын өткізеді, ерітсең балқиды, созсаң созылады, ұрсаң, дыбыс шығарады. Суға салсаң батып кетеді. Ауада, суда көп жатса, тотығады (дат басады) т.б.

Міне, бұлар – металдың ғылыми ұғымын қалыптастыратын ерекше белгілер. Егер металл терминіне түсініктеме (анықтама) беру керек болса, онда оның осы белгілерінің ішіндегі бастыларын (негізгілерін) атап көрсетуге тура келеді: Металл – бойынан жылу мен электр тоғын өткізетін, балқығыштық, созылғыштық қасиеттері бар, жылтыр әрі берік химиялық элементтердің жалпы атауы.

Айтулы орыс ғалымы В.П.Даниленко терминге: «Белгілі бір ғылым саласында қолданылатын, ғылыми ұғымды білдіретін, сол ғылыми ұғымның түсініктемесін (дефинициясын) өзімен бірге ала жүретін сөз немесе сөз тіркесі» деген анықтама беріпті [2,15].

А.А.Реформацкий өз еңбегінде: «Термин екі жақты қызмет атқарады»

деп жазыпты [3,165]. Ғалым неге бұлай айтты екен деп үңіле қарасам, ол кісінің ұғымынша, сөз – заттың, нәрсенің атын ғана атаса, термин ғылыми ұғымның (құбылыстың) атын атайды және ғылыми ұғымның мән-мағынасын ашады. Мысал үшін қазақтың жалғау сөзін алып көрелік. Егер бұл сөз мәтін ішінде «үзілген жіптің екі ұшын бір-біріне байластыру» деген мағына берсе, ол – сөз. Ал осы сөз мәтінде «екі сөздің немесе екі сөйлемнің арасын байланыстыратын тілдік бірлік» деген мағынада қолданылса, онда ол – термин. Терминші ғалымдардың «термин ғылыми ұғымды білдіреді, оған түсініктеме тән» деп жүргендіктерінің мәні, міне, осында жатса керек. Яғни егер сөз тек атауыштық қана қызмет атқарса, термин әрі атауыштық, әрі ғылыми ұғымдық қызмет атқарады [4,27-28]. Бұл – біз термин туралы айтқанда бірінші кезекте оның сыртқы тұлғасына (тұрпат меже) емес, беретін ұғымына (мазмұн меже) назар аудару керек деген сөз. Өйткені термин үшін атауыштық қызметі аса маңызды емес, ғылыми ұғымды білдіру қызметі аса маңызды.

Бұдан шығатын қорытынды – термин ғылыми мағынасымен ғана термин. Олай болса, оған міндетті түрде түсініктеме (дефиниция) берілуі керек. Декарттың: «Опереляйте значение слов, и вы избавите свет от половины его заблуждений» деген сөзі бар екен. Осы сөзді терминге қарата айтсақ, ең дұрысы сол болған болар еді. Мәселен, су сөзі термин бе, термин емес пе? Оны білу үшін су сөзіне анықтама беріп көру керек. Су қарапайым халық үшін – «шөлді қандыратын, мөлдір әрі таза сұйық зат». Физиктер үшін су – «100 градус цельсияда қайнайтын, 0 радус цельсияда қататын сұйықтық». Ал химиктер үшін су – «оттегі мен сутегінің қосындысы».

Өздеріңіз де байқап отырған боларсыздар, атау сөзге берілген түсініктеме терминнің ғылыми ұғымын аша алса, ол – термин. Ал егер ғылыми ұғымды ашпай, тек сөздің мағынасын ғана айқындаса, бір нәрсенің атын ғана атаса, ол термин емес – сөз. Басқаша айтсақ, атау сөзге түсініктеме берудің нысаны – термин, ал анықтама берудің нысаны – сөз.

Терминге түсініктеме бергенде оның басты-басты, негізгі ерекшеліктері мен туыстық (род), түрлік (вид) белгілері, жүйеден алатын орны және ұғымы жағынан жақын басқа да терминдерден айырмашылықтары көрсетіледі. Ал сөздің мағынасын ашу үшін анықтама (определение) беріліп, әр мағынаның бір-бірімен байланыстары айқындалады. Яғни

терминнің түсініктемесі сөздің өзіне емес, оның ғылыми ұғымына, ал мағына сөздің өзіне беріледі. Бұл – ұғым мағынаға қарағанда кеңдеу деген сөз.

Белгілі бір сөзді термин деп тану үшін ол мынандай талаптарға сай болуы керек: 1) нақтылы ғылыми ұғымды білдіруі; 2) «бір ұғым – бір термин» (Д.С.Лотте) ұстанымының сақталуы; 3) терминнің белгілі бір ғылым саласында ғана қолданылуы; 4) терминнің өзіне ғана тән ғылыми түсініктемесінің (дефинициясының) болуы; 5) термин – терминдік жүйе ішінде ғана термин; 6) термин бір-ақ мағыналы болады; 7) термин тек ғылыми стильде ғана қолданылады; 8) терминге экспрессия, эмоция және ауыс мағыналылық дегендер тән емес т.б. [5,53].

Тіл теориясы бойынша, терминдердің сыртқы тұлғасы – ұлттық, ішкі мазмұны – халықаралық болуы тиіс. Бұл не деген сөз? Бұл – ғылыми ұғым барлық халықтарға ортақ болғанымен, оның сыртқы тұлғасы (атауы) ұлттық болуы шарт деген сөз. Термин тумайды, пайда болмайды; ол жасалынады. Оны әр халық өздерінің ұлттық тілдері негізінде, ұлттық тілдерінің сөзжасамдық жүйесіне сәйкес өздері жасап алулары керек. Өйткені ұғым – бірінші, атау – екінші. Ең алдымен ұғым пайда болады, ал оның атауы содан кейін ғана жасалынады. Басқаша айтсақ, шартты таңба болып табылатын атау ұғымға таңылады.

Қазақ тілінде терминжасамның толып жатқан тәсілдері (жолдары) бар: 1) Лексикалық қорда бар сөздерге терминдік мән үстеу; 2) Түбір сөзге жұрнақ жалғау арқылы термин жасау; 3) Екі сөзді (түбірді) біріктіру арқылы жаңа термин жасау; 4) Екі не үш сөзді тіркестіріп қолдану арқылы термин жасау; 5) Шет тілі терминдерін ұлт тіліне аударып алу; 6) Шет тілі терминдерінің дыбыстық жағын ұлт тілінің дыбысталу заңдылығына сәйкестендіріп, өзгертіп алу т.б.

Осында отырғандардың бәрінің терминге азды-көпті қатыстары бар адамдар деп ойлаймын. Кане, айтыңыздаршы, қайсың қанша және қандай-қандай термин жасадыңыздар? Жасасаңыздар ол терминдеріңіз тілімізде қалыптасып кетті ме?

Айта алмайсыздар. Өйткені біздер, қазақтар, Ахмет Байтұрсынұлы атамыздан басқаларымыз қазақша термин жасаумен айналысқан емеспіз. «Термин жасаумен айналысады» деп еуропа ғалымдарын айтуға болады. Лазер термині ағылшынша «жарықты тар қыспақтан күштеп өткізу арқылы алынған сәуле» деген сөйлемдегі сөздердің

басқы әріптері екен. Рентген сөзі рентген деп алатын құрылғыны ойлап тапқан адамның есімі көрінеді. Бұлар терминдік қызмет атқарып жүр ме? Атқарып жүр!

Біздің ғалымдар жоғарыда көрсетілген тәсілдерді пайдалану арқылы жаңа терминдер жасаудың орнына Еуропа тілдерінде даяр тұрған терминдерді соламайымен бүтіндей ала салғанды жөн көреді. Мысал керек пе? Келтірейін: антропоцентризм, прессупозиция, эксплицит, имплицит, субститут, экзистенционал, интенция, прагматика, дейксис, парцелляция, фрейм, гештальт, скрипт т.б. Мәтін ішінде қаптап жүрген осындай жат жұрттық сөздерге қарап отырып, «мынау қазақ тілі ме, жоқ, әлде басқа бір тіл ме»? – деп ойланып қаласың. Оны былай қойғанда, мамандардың өздері жоғарғылардай жат жұрттық сөздердің мән-мағыналарын түсінбей, шет тілі сөздіктерінен әлгі сөздерді қайта-қайта қарап, бастарын қатырып жүреді.

Шындығын айтсақ, мұндай сөздердің құрылым-құрылыстары мен уәжділік жағы да, айтылулары мен жазылулары да қазақ тілі үшін мүлде бөлек, бөтен. Соған қарамастан біз олардың бір дыбысының да мұртын қисайтпай сол қалпында қолданып келеміз. Мейлі латын сөзі болсын, мейлі грек сөзі болсын, тұлға тұрпаттары бөтен болғандықтан олар қазақ тілінің ұлттық терминдері болып жарытпайды. Тілдің ең басты қызметі – қарым-қатынастық қызмет. Сіз қолданған шет тілі терминдерінің мағынасын оқырман түсінбегендіктен ешқандай қарым-қатынас болған жоқ. Ендеше оларды не үшін, кім үшін қолдандың? Түсініксіз.

Жоғарыда көрсетілген және онда көрсетілмеген редукция, бисекстрица, конституция, концепт, физика, химия, математика, грамматика т.б. осылар сияқты шетел сөздерінің бәрін біз қазақшаға аудару керек немесе олардың орнына басқа қазақша терминдер жасауымыз керек деп отырғанымыз жоқ. Біздің ой: Арғы тектері сол тілдердің жалғасы болып табылатын роман, герман тілді халықтар латын, грек сөздерін неге өз тілдерінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес өзгертіп алады? Неге біз де әлгілерді солай өзгертіп алмаймыз? – дегендік қана.

Орыс халқының айтулы терминшісі А.А.Реформацкий осы мәселеге байланысты: «Для того чтобы интернационализмы не были чужеродными среди слов своего языка, их лингвистическое оформление должно следовать законом данного языка» – депті [3,172]. Егер біз де ғалым айтқандай, қолданған болсақ, география сөзі – жағырафия, лазер сөзі

– лазыр, рентген сөзі ренген, металл сөзі – метал, термин сөзі – термін болып қазақша дыбысталған болар еді де, оларды біз, «міне, бұл қазақ тілінің терминдері» деп, аузымызды толтырып айтқан болар едік.

Біздің қазақша термин жасауымызға кедергі болып жүрген бір үлкен нәрсе бар. Ол – «халықаралық терминдер» деген қолдан жасалынған жалған қағидасымақ. Басқа елдерді қайдам, біздің қазақ ғалымдары әйтеуір Еуропа халықтарының сөздері мен латын, грек сөздері болса болды, олар үшін әлгілердің бәрі термин болып табылады. Халықаралық терминдерді жақтаушылар «халықаралық терминдер дүниежүзі халықтарын бір-бірімен жақындастырады, өркениетке жеткізеді» дейді. Өтірік. Одан гөрі «халықаралық терминдер басқа халықтардың ұлттық тілдерін біртіндеп жойып, еуропа халықтарының тілдерінің қатарына апарып қосады» деп шындықты айтқандары жөн еді ғой.

Қазір, міне, осы алдаусыратудың жемісін теріп жеп жүрміз. Қазақ зиялылары үшін *парламент, спикер, консолидация, консенсус* сөздері – термин. Ал осы ұғымдарды беретін қазақша сыңарлары жоғарғы *кеңес, төраға, күш біріктіру, тіл табысу* дегендер термин емес (Егемен Қазақстан, 23 сәуір, 1994). Классификация десек – термин, *таптастыру (немесе топтастыру, жіктеу)* десек – термин емес. *Денотат, коннотат* дегендер – терминдер, *тура мағына, ауыс мағына* дегендер – термин бола алмайды. Осылай жалғаса береді.

Қазақ ғалымдарының көпшілігі әлі күнге дейін термин деп жүрген сөздердің қайсысы термин, қайсысы термин емес деп, саралап тани қойған жоқпыз. *Авио, анти, фото, радио, электр* сияқты еуропа сөздері кездесе болды, соның бәрін біз термин деп ұғамыз. Мұндайлардың ішінде термин болатындары да бар, термин болмайтындары да бар. Мәселен, *антитела, фотоэлемент* дегендер – терминдер. Ал *авиобилет, автосаяхат, электробритва, фотобумага* дегендер термин бола алмайды. Бұлар – атаулар (номенклатуралар). Басылып шыққан салалық терминологиялық сөздіктерге қарап көріңіздерші, олардың ішінде *химик, физик, математик* дегендер де, *бамбук, фикус, эвкалипт* дегендер сияқты өсімдік атаулары да, *бел, қырат, төбе* дегендер сияқты географиялық атаулар да, қалайы, қорғасын, мырыш дегендер сияқты химиялық элементтер де термин ретінде көрсетілген. Осылар сияқты атауыш сөздерді (номендерді) термин деп танығандықтың кесірінен қазіргі кездегі қазақ тіліндегі терминдердің саны тіліміздегі сөздердің санынан әлденеше есе артып кетті.

Қазақша терминдер мүлде жасалмайды дегенім, мүлде артықтау болар. Әр ғылым салалары бойынша әр кез бірлі-жарым қазақша терминдер жасалып жүр. Бірақ біздер бір-біріміздің еңбектерімізді оқымаймыз ба, әлде оқысақ та, өзіміздікпен әдейі істейміз бе, әйтеуір жаңадан жасалған әлгі қазақша терминдердің дұрыстарын іліп әкетіп, қолданысқа ендіріп жіберудің орнына, ешнәрсені көрмеген, білмеген болып, үн-түнсіз жүре береміз. Қолданысқа енгеннен кейін ол терминдер бірқолданымдық (окказионализм) болып, дүниеге келген жерінде қала береді.

Мен өзімнің «Қазіргі қазақ тілі» деген оқулығымда (2004 ж.) маған дейінгі оқулықтарда орыс тілінде қалай қолданылса, бізде де солай орысша қолданылып жүрген біраз терминдерді *дыбыстаным (фонетика)*, *сөзтаным (лексика)*, *тұлғатаным (морфология)*, *мағынатаным (семасиология)*, *түйдектаным (фразеология)*, *мәндес сөздер (синонимдер)*, *қарсымәндес сөздер (антонимдер)*, *тұлғалас сөздер (омонимдер)*, *айтылымдас сөздер (омофондар)*, *жазылымдас сөздер (омографтар)*, *жұптас сөздер (плеоназм)*, *тергеу сөздер (табу)*, *сыпайы сөздер (эвфемизм)*, *тұрпайы сөздер (дисфемизм)*, *сипаттама сөздер (перифраз)*, *көшірме сөздер (калька)*, *түрпеттер (варианттар)* т.б. деп қазақшалаған едім. Содан бері 13 жыл өтті. Ол қазақша терминдерге көңіл аударып, «дұрыс екен» деген бір ғана ғалым болды. Ол – филология ғылымдарының докторы Г.Смағұлова. Басқа бірде-бір маман бұл терминдер жайында ләм-мим деп ауыздарын ашқан жоқ. Осындай жағдайда жаңа терминдер қалай қалыптасады, қалай тұрақтайды?!

Қысқасы, термин ғылыми ойдың жемісі. Әрбір ғылыми ой (ұғым) бір ғана терминмен белгіленеді. Сондықтан болар, терминшілердің біразы М.С.Лоттенің «Бір ұғым – бір термин» деген сөзін ұран ретінде ұстанады. Терминдерде көпмағыналылық болмайды. Кітап оқу барысында мен концепт сөзіне берілген анықтамалардың бірнеше нұсқаларының бар екендігін байқадым. Бұл көпмағыналылықтың белгісі емес. Ол концепт ұғымының әлі де нақтыланбағандығының белгісі. Термин сөздерге синонимдер де жат. Есесіне терминдерде омонимдер, антонимдер, лексикалық варианттар (дублеттер) кездесуі әбден мүмкін. Мысал керек пе? Келтірейін. Түбір – 1) ағаштың түбірі; 2) сөздің түбірі; 3) санның түбірі.

Бұл үш ұғымның үшеуі бір сөздің үш мағынасы ма, жоқ, әлде үш омоним бе? Мұны әркім әртүрлі түсінеді. Біреулер бұларды мағыналар дейді. Екіншілер оларды жеке-жеке сөздер дейді. Біздің ойымызша,

бұлардың біріншісі – сөз. Қалған екеуі – терминдер. Терминдердің біреуі тіл білімінде, екіншісі математика ғылымында қолданылады. Редукция сөзі де дәл осындай. Ол да екі омоним. Бірі – фонетикада, екіншісі – физика ғылымында ұшырасады [6,172].

Терминге экспресция да, эмоция да, ауыс мағыналық та тән емес. Термин тек ғылыми стильде ғана қолданылады. Термин үшін «термин – терминдік жүйе ішінде ғана термин» деген қағиданың да мәні зор. «Азар болса, бомбанды тастап жіберерсің» деген жалпыхалықтық қолданыстағы бомба сөзі бұл жерде терминдік қызмет атқарып тұрған жоқ. Термин сөздердің осы ерекшеліктеріне қарап, ғалымдар «термин екі түрлі қызмет атқарады: бірі – жалпыхалықтық, екіншісі – терминдік» дегендерін жоғарыда айтқанбыз. Бұл қағида дұрыс болады, егер терминдер жалғау, жұрнақ, түбір дегендер сияқты ұлт тілінің негізінде жасалса ғана. Ал қазақ тіліне енген жат жұрттық терминдерде мұндай қызмет болмайды [7,52].

Мән-мағыналарына, маңыздықтарына қарай терминдер жалпы ғылыми, салааралық (ғылымиаралық), салалық (жеке ғылыми) терминдер болып бөлінеді. Осыған орай кейбір терминдер кең көлемде (әр салада) қолданылса, мысалы, редукция, реакция т.б., екінші бір топ терминдер тар көлемде, белгілі бір ғылым саласында ғана қолданылады. Мысалы: *гипербола* (әдеб.), *лицензия* (экон.), *радиус* (матем.) т.б.

Қандай ұғымдарды беретіндіктеріне қарай терминдер ғылыми терминдер, техникалық терминдер, қоғамдық-саяси терминдер т.б. болып та сараланады. Қолданылу жиіліктеріне қарай және түсініктіліктеріне қарай терминдер жалпыхалыққа таныс терминдер және жалпыхалыққа таныс емес, тек белгілі бір ғылым саласындағы мамандарға ғана тән терминдер болып тағы да жіктелінеді. Мәселен, *атаом*, *бомба*, *лазер*, *рентген* деген сияқтылар жалпыхалықтық қолданысқа еніп, көпшілікке таныс болып кеткен терминдер. Мұндай терминдерді жалпыхалықтық қолданыстағы сөздіктерге ендіруге болады. Ал *протеза*, *эпентеза*, *метатеза*, *диереза*, *анкопа*, *синкопа* деген сияқтылар тек белгілі бір ғылым саласында ғана қолданылады. Мұндайлар мамандық иелеріне ғана түсінікті. Сондықтан бұлар сияқты терминдерді жалпыхалықтық сөздіктерге ендірудің қажеті шамалы. Ендірген күнде де олардан тілге келер ешқандай пайда жоқ.

Терминдер әдеби тілдің құрамына кіре ме?

Кіреді. Егер ол терминдер ұлт тілінің негізінде жасалса (мыс. жалғау,

жұрнақ т.б.) және шығу тегі жат жұрттық болғанымен, жалпыхалықтық қолданысқа еніп, мағыналары көпшілікке таныс болып кетсе (мыс. атом, бомба т.б.) немесе терминдердің айтылуы мен жазылуы қазақ тілінің заңдылықтарына бағынып өзгеріп кеткендері болса: мыс., кәбіл (кабель), пошта (почта), нөл (нул) т.б. Ал «халықаралық терминдер» деген желеумен шет тілдерінің бірінен соламайымен алына салынған, айтылуы қиын, мағынасы түсініксіз терминдер ұлттық тілдің құрамына кіре алмайды.

Жоғарғылар сияқты еуропа және орыс тілдерінен келген варвар сөздерге қарсы болғаным үшін мені «пурист» атаған ағаларым болды. Ол кісілердің бұл сөзді қалай түсініп жүргендерін қайдам, сөздіктерге қарасам, пурист деген жаман сөз емес сияқты. Бұл француздың «таза» деген мағынадағы сөзі екен. Қазақ тілінің тазалығын сақтауға тырысқаным үшін, пурист болсам болайын. Әйтеуір туған тілім әуелгі тұрпатын жоғалтпай, таза сақталынып, басқа тілдер сияқты жұрт қатарлы жер бетінде жүре берсе болғаны. Ол үшін халқымыз өз терминдерін ұлт тілінің негізінде өздері қазақша жасап алулары керек!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Винокур Г.О. О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии // Труды МИФЛИ, 1939. Т. 5. – Москва: – С.3-54.
2. Даниленко В.П. Русская терминология. – Москва: 1977. – 246 С.
3. Реформацкий А.А. Мысли о терминологии // Современные проблемы русской терминологии. – Москва: 1986. – С.163-198.
4. Никитина С.Е. Семантический анализ языка науки. – Москва: 1987. –134 с.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ ҒЫЛЫМИ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

С.Әлісжан

Назарбаев Университеті, ф.ғ.д.

Алаш зиялыларының тілдік мұрасы қазіргі зерттеушілер тарапынан едәуір қарастырылды [1]. Көптеген еңбектер қазіргі жазу нұсқасына түсіріліп қайта жарияланып та жатыр [2]. Осы еңбектерге сүйене отырып, Алаш зиялыларының ғылыми мұраларын лингвистикалық тұрғыдан қарастырудың бүгінгі күні мүмкіндіктері мол деп санаймыз.

Алаш зиялыларының ғылыми мұралары көбінесе терминологиялық тұрғыдан сөз етіліп жүр және бұл үрдіс әбден дұрыс, өйткені қазақ тіліндегі ғылыми терминдердің тұрақтана бастауы А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш қайраткерлерінің еңбектерінен негіз алады [3]. Сонымен бірге бұл еңбектерді қазіргі тіл біліміндегі жана парадигмалар, соның ішінде мәтін лингвистикасы, мәтін коммуникативтілігі тұрғысынан да зерттеудің мәні жоғары. Олай болатын себебі, бұл еңбектер қазақ тіліндегі ғылыми және ғылыми-көпшілік мәтіндердің пайда болуының бастамасы болды, сондықтан оларда мәтін тудырудың өзіндік жолдары мен тәсілдері орын алды, мәтінге тән тұтастық пен байланыстылықтың өзіндік белгілері қатысқан, сондай-ақ жалпы ғылыми мәтіндерге тән тіл орамдылығының (мәтіндердің бірізді логикалық түзілімі) эволюциясы, даму жолы көрінеді.

Бұл мақалада 20-жылдары жарық көрген осы оқу-ғылыми мәтіндерінің қазақ ғылыми тілін қалыптастырудағы рөлі ескеріле отырып баяндалады. Ғылыми мәтіннің басты белгілері, оның ұйымдасуындағы кейбір мәселелерді негізге ала отырып, 20-жылдардағы оқу-ғылыми мәтіндерінің құрылымын қазақ ғылыми мәтіндерінің мазмұндық-тілдік жағынан ұйымдасуымен сабақтастықта қарағанды жөн көреміз. Біз талдауға алатын мәтіндер – қазақ тіліндегі жалпы ғылыми мәтіндердің жасалуының бастамасы. Ол мәтіндер жарық көрген аз уақыттың ішінде (кейін сыртқы факторлардың ықпалымен пайдаланудан шығарылса да), өздері мазмұндас кейінгі мәтіндерге өз ізін салып үлгерді. Мәтіннің түзілуіндегі түрлі тілдік тәсілдердің саралану, екшелену нормасы аталған оқу-ғылыми мәтіндеріндегі тіл орамдылығының қалыптасуынан көрінеді.

Біздің түсінігімізде, тіл орамдылығы сөйлем ішінде ғана емес, мәтіндік сипатта да қаралатын санат. Сөйлемдер арасындағы логикалық байланыстың айқын көрінуі, ғылыми ойдың композициялық қозғалысының мәтінде нақты бейнеленуі, көрініс табуы тіл орамдылығы ұғымын қалыптастырады. Бұл ұғымды ғылыми айналымға алғаш енгізген – А.Байтұрсынұлы. Ғалымның жазғанына сүйенсек, «Ұзын айтқанда ой дәуірлеген бетімен барып, қайтатын түрі болады. Сөйлеудің сондай түрлері орамды деліп аталады» [4: 310]. Қазақ тіліндегі ғылыми стильдің қалыптасу барысын қарастыруда мәтіндердегі тіл орамдылығы осы уақытқа дейін сөз болған емес, сондықтан оның (тіл орамдылығының) даму бағдарын, эволюциясын зерттеу маңызды әрі қажет мәселе болмақ.

Бір қарағанда 20-30 жылдардағы оқу-ғылыми мәтіндері формалды грамматикалық жағынан публицистикалық, тіпті көркем мәтінге де жақын сияқты болып көрінеді. Алайда олардың мазмұны мен құрылымы ғылыми мәтінге тән екенін байқаймыз. Ең бастысы, бұл мәтіндер тұтастай бір саланың пәндік бейнесін нақты көрсетуімен құнды. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына мысалдарға жүгінейік.

Ж. Аймауытұлының «Психология» еңбегінің құрылымы:

Беташар; I. Психология нені зерттейді? II. Адамның қылығын қалай зерттеу керек? III. Тірі заттардың қылығын жалпы мінездеу; IV. Дендегі кейбір мүшелер, олардың қызметтері; V. Соқыр сезім, сезім көңіл; VI. Зерделі қылық; VII. Көлемдікті түйсіктеу; VIII. Жалпы берне (ұғым) туралы; IX. Қайрат (ерік), (воля); X. Ұйқы, түс, көз байлау; XI. Теріс қылық; XII. Адам қылығының әлеуметтік, шаруашылық негіздері.

М. Жұмабаевтің «Педагогика» еңбегінің құрылымы:

Сөз алды; Жалпы педагогика; Жалпы педагогиканың екі бөлімнен тұратындығы. а) Дене тәрбиесі; ә) Жан тәрбиесі; Тәрбие деген не? Тәрбие бөлімдері; Педагогика қандай пән? Педагогикамен жақсы таныс болудың керектігі; Педагогикаға жәрдемші пәндер т.т.

М. Жұмабаевтің «Психология» еңбегінің құрылымы:

(Жалпы мәлімет), Жан көріністерінің дене көріністерінен айырмасы; Жан көріністері мен дене көріністері арасындағы байлам; Жан көріністерін үйрету жолдары; Нерв системасы; Нерв системасының қызметі; Нерві системасының саулығын сақтау; Ақыл көріністері яки жанның білуі; Әсерлену ұғымы; Искерлік; Суреттеу; Ес (зейін); Қиял; Ойлау; Хүкім; Ой шығару; Тіл; Иікі сезім көріністер т.т.

Х. Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» еңбегінің құрылымы:

Құрылымы: Кіріспе (тілімізге жат сөздердің толассыз енуі туралы); Негізгі бөлім: Сингармонизм заңы туралы түсінік беруден басталады. Синг. Заңы туралы пікірлер. Автордың өз пікірі немесе ұстанымы. Қазақ-қырғыз тілінің дыбыс жүйесін талдау. «Тіл-құралға» сілтеме (Ол мына жолдардан көрінеді: «Тіл-құрал» да осыны айтады; «Тіл-құралда» мынадай шын жұрнақтар көрсетілген; «Тіл-құралға» кірмеген шын жұрнақтар көп т.б.). Қазақ тіліндегі жұрнақтарды талдау. т.т.).

Кірме сөздердің қолданылуы туралы. Қорытынды.

Егер М. Жұмабаев пен Х. Досмұхамедұлы еңбектерінде оқу-ғылыми мәтіннен басқа типті мәтіннің ықпалы (көрінісі) кездесіп отыратын болса, А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралы» мен «Әдебиет танытқышынан» мұндай белгілерді кездестіру қиын. Оларда сол шығармаға арқау болған нысанның сипаттамасы, нысанның сапалық белгілерін мысалдар арқылы түсіндіру, негізгі ерекшеліктерін көрсету, жаңа білімді логикалық тәсілмен анықтау, тақырыпқа қатысты басты және онымен шектес ұғымдарды талдау, салыстыру, салғастыру нақты көрініп отырады.

Сонымен бірге көрсетілген еңбектердің құрылымының оқу-ғылыми мәтіндерге тән екендігі мынадан көрінеді: жеке тараулардың (тақырыптардың) байланыстылығы, бір саланың пәндік сұлбасын көрсетуге құрылғандығы, өзіне дейінгі білімнің негізінде жаңа білімді оқырманға ұсынуы. М. Жұмабаев «Педагогикаға» қатысты бұрын-соңды жарияланған еңбектерді қалай пайдаланғандығы жөнінде «Сөз алдында» былай деп жазған: «Кітапты бір орыс кітабынан тура тәржіма деуге болмайды. Алдыма бір кітапты жайып қойып, бұрылмастан желе бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ қанына қабыстыруға тырыстым (Көп пайдаланылған Рубинштейн, Скворцов, Смирновтардың педагогика туралы еңбектері)». Ал Ж. Аймауытов өз еңбегінде: «Бұл кітапты бала оқытушыларға ұсынамыз. Қала берсе, кімде-кім әлеуметпен, қоғаммен қатынасын, қызмет ететін болса, соның бәріне де психология пайдалы кітап деп ойлаймыз. Хат танитын жай қазақ та арындамай оқи алса, недәуір білім алар деп сенеміз. Қиын жерлерін салғаннан ұқпаса, оңай жерлерін оқып көрер; сөйте-сөйте бәріне тісі батар... Шеше алмай жүрген жұмбағыңыз шешілуге бұл кітап себепші болар» деп көрсетеді.

Демек, ең бастысы мәтіннің түзілу құрылымы оның мазмұнына, зерттеудің жалпы тақырыбына бағынады. Бұл ғылыми мәтінге қойылатын негізгі талаптың бірі. Келтірілген жайттар сөз болып отырған шығармалардың шындық болмыстың нысанын ғылыми тануға арналған мәтін ретінде ұйымдасуына негіз болған.

Бұдан басқа бұл еңбектерде нақты сілтеме берілмесе де, авторлар аталып, оларға нұсқау көрсетіліп отырады. Жалпы сілтеме атаулы тіл орамдылығының композициялық аспектісін түзуге қатысатын құралдар десек, оны беруде де неғұрлым жинақылыққа қарай «өсу» үдерісі болғанын көреміз. Айталық, Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегінде сілтемелер «бұл философ Литерие сөзі», «бұрынғы Демокрит сөзі», «Герман Шифлер айтады» т.т тәрізді қарапайым түрде берілсе, сөз болып отырған оқу-ғылыми әдебиеттерінде өзге зерттеушілердің пікірін келтіру неғұрлым екшелене түскен. Авторлар сілтеме арқылы оқырманға жаңа ақпарат беру мақсатын жақсы түсінеді. Ж. Аймауытұлы сілтемені мәтіннің пікірталастық бөлігін түзу үшін орынды пайдаланған:

18-ғасырда неміс данышпаны Вольф даналық психологияны тәжірибелік (эмпирический) психологиядан айырып, жігін ашады. Оның пікірінше тәжірибелік психологиядан жан тіршілігіндегі болмыстарды (фактыны) зерттейді;

Құрғақ даналыққа сүйенген данышпандардың пікірі бойынша, жан тіршілігіндегі болмыстарды жанның өзі не екенін білмей тұрып түсінуге, тексеруге болмайтын тәрізді (Ж. Аймауытұлы).

Кант айтады: «Жан – зат емес, рұқ, ажалсыз субстанция деуші психологияның барлық дәлелдері жалған». «Мен ойлаймын, мен саналмаймын». Сондықтан өз бетімен өмір сүретін жан болу керек, сол жанды психология зерттеп, түбіне жету керек деген пікір дұрыс емес (Сонда);

Бұл пікірді өте-мөте ашық айтқан 19-ғасырдың соңғы жарымында шыққан неміс данышпаны Ланге... (Бұл да сонда).

Арнайы терминдер жүйесі, олардың кейбіріне берілетін анықтамалар қамтылған, баяндау үрдісі оқушымен неғұрлым тиімді қарым-қатынас орнатуға негізделген, яғни адресат факторы ескеріледі. Анықтамалар жүйесінің берілуі жағынан А.Байтұрсынұлы еңбектері озық тұр. Бұл бір жағынан, термин жасау ісіндегі А.Байтұрсынұлының сіңірген ұланғайыр еңбегін көрсетеді. Мысалы:

Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту төмендегі түрі болса, ондай ауыстыру алмастыру деп аталады (А. Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш);

Бір нәрсе болмайтын күйді, екінші нәрседе болатын күйді көрсететін сөзбен айту бейнелеу болады (Сонда);

Жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне түсіріп тұрпаттау кейінтеу деп айтылады (Сонда) және т.б.

Мәтіндердің публицистикалық, я болмаса көркем мәтіндерге ұқсастығы оқушымен тиімді қарым-қатынаста болу мақсатын көздегеннен бе деп ойлаймыз. Авторлар өз кезеңіндегі оқырманның білім дәрежесін ескергендіктен, баяндаудың ғылыми емес қарапайым тәсілін жиі қолданып отырған сияқты. Мәселен, М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінен бала тәрбиесі туралы мынадай жолдарды кездестіреміз: *Баламды безбенге сал, - деп айттың деп қазақтың ыршып кетуінде сөз бар ма? Тәрбиенің басқа түрін ести келе адуын әжселер ыршымақ түгіл ұрсып, сөгіп тастар. Әйткенмен, амал қанша, көтереміз. Мойнымыз жуан болғанмен, өзіміз жуаспыз. Біздің бар тілегіміз – ырши-ырши, бізді ұрса-ұрса айтқанымызды істесе екен...* (М. Жұмабаев).

Бұл тәріздес эмоционалдылық автордың сөз болып отырған мәселеге қатысты ішкі сезімін білдіреді. Экспрессивті тілдік амалдар арқылы автор өз көзқарасын еркін жеткізуге тырысқан.

Ғылыми мәтіннің баяндалу дәстүрінен ауытқулар авторлар тарапынан кейбір салыстыруларды, тенеулерді, сұраулы құралымдарды, ауызекі сөйлеу тілі элементтерін пайдаланудан көрінеді. М.Жұмабаевтың ақындық дағдысы оқу әдебиеттерін жазуда да ықпалы болғанын еңбектің әр бетінен, ал Х. Досмұхамедұлының медициналық білімі оның тіл біліміне қатысты жазғандарынан (мысалы, кірме сөздерді адам ағзасымен салыстырудан байқалатындай) аңғарылып тұрады.

Бұл еңбектердің барлығында дерлік сұраулы құралымдар пайдаланылады. Сұраулы құралымдар бұл мәтіндердің пікірталастық, я болмаса соған шақыратын бөлігін құрайды. Мысал үшін Ж. Аймауытовтан мына жолдарды келтірелік: *Бұдан гөрі XVII ғасырда шыққан Спинозаның пікірі жобаға келіңкірейді. Ол не дейді? Жанға жан гана амал ете алады, денеге дене амал ете алады дейді... Бәрі барып құдайдың бірлігінде түйіседі дейді...* (Ж.Аймауытұлы) және т.т. Ал осы Спинозаның айтқандарына автордың өз тарапынан берілетін қарсы пікірі *бірақ*,

басқаша айтқанда, бүгінгі ілім бойынша тәрізді құрылымдармен басталып отырады да, мәтіндегі сөйлеу байланыстылығын құрайды.

Түрлі дәрежедегі модальділік көріністері шығармалардың көсем-сөздік-үгіттеушілік бөлігін құрайды. Оның тілдік жағынан ұйымдасуында нақты-бейнелі сипаттаулар, салыстырулар, тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу тілі элементтері, интонациялық жағынан мәнерлілік т.т. пайдаланылады.

Мәтіннің семантикалық-синтаксистік ұйымдасуында, ондағы тіл орамдылығын қалыптастыруда таза тілдік ресурстар ғана емес, басқа да түрлі мазмұндық-логикалық мағына қатысады. Мәтіннің семантикалық-синтаксистік ұйымдасуын, негізінен, үш аспектіден келіп қараған жөн: мазмұндық, логикалық және композициялық. Тілдік құралдар бұлардың сыртқы материалдық көрінісі. Осы тәріздес мәтіндік санаттардың тілдік жағынан бейнеленуі де түрлі тілдік тұлғаларды пайдалану арқылы көрінеді. 1920-30 жылдардағы оқу-ғылыми мәтіндері мәтіннің семантикалық-синтаксистік ұйымдасуының бастамасы және өзінен кейінгі жалпы ғылыми мәтіндердің қалыптасуындағы үлгі-өнеге ретінде орын алады.

Мәтіннің логикалық жағы – жалпы ғылыми мәтіндерге ортақ негізгі ерекшеліктердің бірі. Логикалық және оларды бейнелейтін тілдік бірліктерсіз ғылыми мәтінді көз алдымызға елестетудің өзі мүмкін емес. Мәтіндегі ақпарат, олардың кеңейген түрде берілуі, ойталқы т.т. соның барлығы мәтіндегі түрлі-түрлі мәндік қатынастар негізінде берілсе, өз кезегінде бұлар логикалық бірліктердің қатысуынсыз жүзеге аспайды. Мәтіннің логикалық мәнішілік (мәнмәтіндегі) мәндеріне байланысты түрлі топтарды құрайды. Салғастыру, оның өзі ішінде түрлі шағын топтардан (қарама-қарсы қою, шектеу, салыстыру, ұқсастықты көрсету) құралуы, ой жалғастығы, мәтін бөліктерін әрі қарай өрбітудің құралдары, түрлі логикалық қатынастардың (нақтылау, себеп-салдар, мақсат, кеңістік, мекендік т.т. мәндері) болуы мәтіннің логикалық жағына тән белгілер.

Қорыта келгенде, 1920-30 жылдардағы оқу-ғылыми мәтіндері қазақ ғылыми мәтіндерін және олардағы тіл орамдылығын қалыптастыруда өзіндік орны бар құбылыс ретінде бағаланады. Тіл орамдылығы – ғылыми тіл мәдениетін, ғылыми тілдің шынайылық, абстрактілік дәрежесін танытатын ұғым. Тіл орамдылығы қазіргі деңгейіне бірден жеткен жоқ.

Осы орайда 1920-30 жылдардағы оқу-ғылыми мәтіндерінің дәстүрлеріне үңілу – қазіргі ғылыми тілдің қалыптасуы мен мәдениетін танытатын факторлардың бірі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Терминология мәселелері. 1-кітап. Астана, 2006; Алаштың тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. Алматы, 2009; Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы, 2014, 281-468 бб.

2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). Алматы: Ана тілі, 1992; Аймауытұлы Ж. Психология. Алматы: Рауан, 1995; Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. Алматы: Ана тілі, 1998; Жұмабаев М. Шығармалар. 2,3-т., –Алматы: Білім, 1996; және т.б.

3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография.– Алматы, 2014, 281-468 бб.

4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу - ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992.

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНЖАСАМДАҒЫ ҰСТАНЫМДАР ЖӘНЕ ЖАТ СӨЗДЕРДІҢ ИГЕРІЛУІ

О.Жұбаева

А.Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институты Грамматика бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», – деген болатын. Бұл орайда ХХ ғасырдың басындағы алаш зиялыларының еңбектері ұлттық кодқа негіз бола алады. Ұлттық тілді ұлтты, қоғамды дамытудың, ілгері бастырудың құралы ретінде пайдаланған А.Байтұрсынұлы оқулықтарын «Тіл – құрал» деп атаған. «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі мен әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз» – деп жазған ғалым атауларды (термин) қазақ тілі негізінде жасап шығарған. Ол ұстанымды когнитивті грамматикаға қатысты атауларынан да айқын көрінеді.

Бүгінгі таңда адам факторы өзекті болуына байланысты тілді антропоөзектік тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Мұнда адам екі түрлі бағытта сипатталады: 1) адамның тілдегі көрінісі; 2) адамның тілді тұтынуы. Бірінші бағытқа сәйкес адамның дүниетанымы байқалады. Мысалы, адамның соматикалық бейнесінің концептуалдау нәтижесінде адамның физикалық қабілеті, зияткерлік (интеллектуалдық) қабілеті, эмоциясы, әлеуметтік «мен»-і көрінеді, адам сөйлеу-ойлау әрекетіне қатысушы тұлға ретінде көрінеді. Тіл ойды жарыққа шығарумен қатар таным әрекетіне өзіндік таңбасын қалдырып отырады. Білім алдымен тілдік семантикада кодталады. Тілді когнитивті тұрғыда зерттеуде болмыс туралы білімнің қалай берілетіні, оның өзіндік ерекшелігі айқындалады.

Концептуалды мазмұн мен тіл екі жақты байланыста болады. Концептуалды мазмұнды тілдің көмегінсіз сипаттау мүмкін емес. Себебі санадағы құбылыстарды тіл ғана бейнелей алады. Осыған байланысты

А.Байтұрсынұлы: «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», – деп жазады [1, 341].

Адам бейнесі тіл семантикасында көрініс табады. Бұл орайда адамның өзі емес, адамның тілдегі бейнесі ерекше маңызды болады. Тілді зерттеу арқылы адамзат өзін өзі танып, түйсінеді. Адам алған әсерін өзі арқылы сипаттайды. Бұл орайда Қ.Жұбанов тұжырымдары назар аударарлық: «Адам баласының табиғатында әуелі басқаны біліп алып, өзін кейіннен білу қасиеті бар. Мысалы: адам фотографияны танып білгеннен кейін ғана өзінің басқа заттарға ат қоятыны өзін сол басқаларға ұқсата атайтыны – өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен. Мысалы, орысша *небо – аспан, небо – таңдай* [2, 119].

Ақиқат болмысты танып-түсіну нәтижесінде жинақталған ақпарат тілде көрініс табады. Ғаламның тілдік бейнесі негізінен *субъективті сипатта*, себебі онда нақты бір адамның көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Ол атадан балаға берілетін категориялар жүйесі арқылы белгілі бір код құрап, дайын күйінде қабылданылып отырады. Когнитивті қызметінің нәтижесінде тіл адамның қоршаған орта туралы әсерін жинақтаумен қатар халықтың зерттеушілік ойларын да жеткізіп, халықтың ұжымдық, этномәдени санасында қалыптасқан ғалам бейнесін сақтайды. Мысал ретінде *қабырға* сөзінің семантикалық дамуын алуға болады. *Қабырға* сөзінің әу бастағы мағынасы – «адамның, жануарлардың омыртқа жүйесіне бекіген сүйектер». Яғни, өкпе-бауыр, жүрек, бүйрек т.с.с. ағзамыздың жұмсақ мүшелерін қоршап тұратын сүйектер. Халықтың ұғымындағы *қабырға* сөзінің «қоршау» мағынасы *үйдің қабырғасы* деген қолданыста да сақталған. Сол сияқты геометрия термині ретінде («геометриялық фигуралардың қыры») қалыптасуына да осы мағына негіз болған. Семантикалық даму барысында *қабырға* сөзі «қорғаныш» мағынасына негіз болған: «қабырғаммен кеңесейін» деген қолданыста адам өзіне жаны ашитын, өзінің тілеуін тілейтін адаммен ғана кеңеседі. Оны жақтырмайтын, ұнатпайтын, жаны ашымайтын

адаммен ақылдаспайды. Ендеше, бұл жерде де *қабырға* сөзінің «қорғаныш» мағынасы сақталған.

Әрбір сөйлеуші мәдениетті жеткізуші болып табылады, тілдік таңбалар мәдениет таңбасы ретінде де қолданылып, ұлттық мәдениеттің ерекшелігін білдіреді. Мәселен, қазақта алыс жолға шыққан адамның қайда бара жатқанын сұрамайды: *Жол болсын! Әлей болсын!* деп амандасады. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы: «Біз қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз», – деп жазады [1, 369]. А.Байтұрсынұлы шығарма сөзінің өңді, ұнамды болуы үшін сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі сияқты шарттардың ескерілуі қажеттігін айта келіп, сөз дұрыстығы үшін:

1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;

2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;

3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру керектігін көрсеткен еді [1, 350-б.].

А.Байтұрсынұлы ұстанымдары терминжасамда негізгі бағдар болуға тиіс. Тіл тағдыры мен ұлттың тағдыры тығыз байланысты. А.Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған халықтың өзі де жоғалады», – деуінің терең астары бар. Сөйлеушінің ойын дұрыс жеткізуі ғана емес, тыңдаушының оны дұрыс түсініп, дұрыс қабылдауының да коммуникация үшін маңызы ерекше. Қ.Жұбанов коммуникацияның дұрыс жүзеге асуы үшін сөйлеушінің тілдік бірліктерді дұрыс таңдап қолдана білуі, сондай-ақ тыңдаушының айтылған хабарды дұрыс ұғынып, түсінуі қажет екенін айтады: «*Танымадық* – дегеннің мәні: «танымай тұрмын, өз жөніңіз қалай еді?» «Кім едіңіз?» дегенге келіп саяды. Ал біреуге «Жол болсын!» дегенде алғыс айту, тілегін тілеу емес, «Неғып жүрген адамсың?» дегендей сұрау жатыр»... [2, 71-72]. Яғни, коммуникация сәтті болуы үшін сөйленім әрекетінің субъектілері – сөйлеуші мен тыңдаушы, қабылдаушы атадан балаға беріліп отыратын кодтарды меңгеріп қана қоймай, дұрыс қолдана білуі қажет.

Тілдің сөздік құрамын зерттеу арқылы сөйлермендердің тілінде көрініс тапқан негізгі құндылықтарды айқындауға болады. Бұл орайда тілдің тұрпат межесімен қатар мазмұн межесін де ескеру қажет. Тілдік семантика белгілі бір тілдік ұжымға және жеке сөйлерменге тән мәдениет әлемінің ерекшелігін сипаттайды. Адам мен халықтың дүниетанымын бейнелейтін адамзат санасы мәдениеті мен тілі арқылы көрініс табады. Әр адам белгілі бір ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болады. Әр тіл дүниені өзінше бейнелейді. Адам болмысты тілі арқылы таниды. Этномәдени ақпарат санада шифр, код түрінде көрініс табады. Сол арқылы этнотілдік санада тілдік мәндерде кодталған әлем бейнесі көрінеді. Ғаламның тілдегі көрінісі осы тілде сөйлейтін халықтың ұжымдық шығармашылығы болып табылады. Әрбір жаңа ұрпақ (буын) ана тілін меңгерумен қатар ұлттық сипат, дүниетаным көрініс тапқан мәдениет кешенін де қабылдайды. Тіл ғалам мен мәдениетті бейнелеумен қатар сөйлерменін қалыптастырады, оның салт-дәстүрін, дүниетанымын, ділін, ұлттық сипатын, идеологиясын айқындайды. Әр халық мәдени, тарихи даму барысында қоршаған ортамен тығыз байланыста әлем туралы білімін жинақтап, сақтайды, вербалды сана, ерекше мәдени код түрінде тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Жастардың үлкендердің сөзін түсіне алмауы немесе ақын-жазушылардың шығармаларын түсіне алмауы этномәдени кодты игере алмау салдарынан туындайды.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тіл мен сана, тілдік сана, тіл мен таным, ұғым, концептуалдау және категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Ғалым тіл мен ұлттық ділдің өзара қатысы туралы былай дейді: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәтте жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағ-

дыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тіссе, ол нағыз қазақша болып шықпайды» [1, 142 б.].

Ғалым еңбектерінде «зат есім» метаконцепті «нәрсе» концепті тұрғысынан айқындалған. Зат есімге берген анықтамасында ғалым былай дейді: «Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды» [1,160]. А.Байтұрсынұлы зат есім мен сын есімнің айырмашылығы ретінде зат есім нәрсені атаса, сын есім нәрсенің сынын білдіретінін айтады. Ғалым зат есім мен сын есімді жіктеуде жалпы грамматика, түсінік, ұғым сияқты логикалық категориялар қағидаттарын негізге алған. Бұл ғалымның сан есім, есімдік, етістіктерге берілген анықтамаларында да айқын көрініс тапқан.

Қазақ тіл білімінде термин мәселесі ХІХ ғасырда жарық көрген «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Тәржіман» т.с.с. басылымдарда Д.Сұлтанғазин («Біздің қазақ тілі туралы 5-6 ауыз сөз», «Түркі лұғаттары турада»), Ж.Көпеев, сондай-ақ А.Құрманбаев, Р.Дүйсенбаев т.б. мақалаларында сөз болады. Кейін ХХ ғасырдың басында термин өзекті мәселелердің бірі ретінде ғылыми тұрғыдан дәйектеліп, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы еңбектерінде өзіндік ұстанымдар қалыптасты. Ұлт көсемі – А.Байтұрсынұлы: *«Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі мен әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз»*, – деп жазғанындай, ұлт зиялылары жаңа атауларды ұлт ұғымына жанастырып, түсінікті етуге тырысты. Ұлттық терминология аударма мәселесіне Ә.Бөкейханұлы да ерекше көңіл бөлген. Ғалым «Еңбекші қазақ» газетінің 4-бетінде «Кітап сыны» деген айдармен аударылған еңбектерге сын пікірін білдіріп отырған. Мәселен, Абдолла Байтасұлының профессор Ю.Вагнерден «Жануарлар туралы әңгімелер», профессор Гейкіден аударған «Пізікелік жағырапыйа» атты кітабына, Мұхтар Әуезовтің Ю.Вагнерден «Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер», Қ.Ысмағұлұлының профессор Вагнерден «Әуе туралы әңгіме», Ермағамбетұлының М.Томскийден «Ресейде кесіпшілер қозғалысы» деген аудармаларының тіліне, терминдердің қолданысына қатысты өзіндік пікірін білдіріп, еңбектердің маңызы мен мазмұнын сөз еткен. Ғалым аударманың қарапайым халықтың түсінуіне жеңіл болу жағына баса көңіл бөлу керектігін, түпнұсқадағы күйін-

ше алу оқушыға түсініксіздеу болатынын ескертеді. Мәселен: суық жерде тұрған стаканның жылы жерге әкелгенде терлейтінін айтудың орнына қыстыгүні далада жатқан балтаны жылы үйге әкелгенде, терлеп қоя беретінін мысал етіп келтіру, зырылдауықтың орнына допты мысалға келтіру, «резеңке доп» дегеннің орнына «үрген қуық» деп алу қазақ оқушысына әлдеқайда түсінікті болатынын айта келіп: «Орыстың кітабын қазаққа деп өзгерткенде Крыловтың басына тымақ кінгізген Ақыметті ұмытпау керек. Қазақ түсінбейтін жерін, қалам тасырқап өткелден өткізе алмаса, тастап кету керек...», – дейді [3].

А. Байтұрсынұлы терминдердің уәжділік сипатына ерекше мән бергені байқалады. Мәселен, көмекші етістіктердің үш түрін көрсетіп, оларды өз ішінен: а) құр көмекші; ә) күй көмекші; б) ій көмекші деп жіктейді [1, 92]. Ғалым *e-* (*емек*) етістігін үнемі көмекшілік қызметте жұмсалудың нәтижесінде етістік мәнінен айрылып, жұрнаққа (жалғаулыққа) айналып бара жатуына, әбден ій болып кетуіне байланысты «ій көмекші» деп бөлек жіктейді. Сондай-ақ амалдың қалып-күйін білдіруіне байланысты *отыр, тұр, жатыр, жүр етістіктерін бөлек топтастырып* (күй көмекші), *бар, ал, бер, кел, кет, көр, өт, таста, қал, қой* сияқты көмекші етістіктерді бір бөлек береді. Мұнда көмекші етістік тобының әрқайсысын дөп басып анықтауымен қатар, оларға атау бергенде де уәжділік ұстанымдарды негізге алған.

Бұл салт, сабақты атауларын қолдануында да байқалады. *Сабақты* сөзінің мағынасы сөздікте: «Инеге өткізілген жіп, жіп тағылған жіп» [4, 511] түрінде берілген. Яғни, сабақты жіп болуы үшін ол иненің көзінен өткізілуі тиіс. Бос жатқан, инеге өткізілмеген жіп сабақты ине деп аталмайды. Ал сабақты етіс болуы үшін ол табыс септік тұлғалы сөзді (нысанды, объектіні) керек етіп тұруы керек. *Салт* сөзінің мағынасы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Жеке, жалғыз, бір өзі» [4, 640] түрінде сипатталған. Сол сияқты салт етіс те табыс септік тұлғасындағы тура толықтауышты керек етпейді. Бұл тұрғыдан алғанда, ғалымның атауларды пайдалануда қазақ тілінде бұрыннан бар сөздердің мағынасын кеңейте отырып, оған жаңа мән үстегені әрі бұл орайда ұлттық дүниетанымды негізге алғаны байқалады. Осыған байланысты профессор Қ. Рысалды: «Етістіктердің сабақты, салт түрлері атауларының мотивациялық негізделуі өте тереңде жатыр, атаулар осы етістіктердің мән-мағынасын дәл анықтайды. «Сабақтас» атауы «сабақтау» (инені

сабақтау) етістігінен туынды түбір тұлғасында жасалған болуы керек, «салт» атауы «салт атты» тіркесіндегі «салт» сын есімінен терминге айналып, етістіктердің жалпы категориялық мағынасын айқын беріп тұр», – дейді [5].

Терминдердің қазақ түсінігіне жеңіл болуы, уәжділік ұстанымдарына А.Байтұрсынұлының ізбасарлары да ерекше мән берген. Оны Қ.Кемеңгерұлының мына сөздерінен де байқауға болады: «... Терминдерді алу туралы кейбіреу басқа елдер қалай атаса, қазақшаға айналдырмай-ақ, біз де солай атайық десті. Бұл – тіпті адасқан пікір. Күйіміз жетсе, шамамыз жетсе, қазақшаландырып алуымыз керек. Мәселен, *геометрияны* қазаққа *геуметрие* десең, көзіне түк елестемейді. Ал *пішіндеме* десең, қазаққа таныс, көзіне елестейді. Сондықтан терминдерді қазақша алуға дауласуға мән жоқ.

Бұл ұстанымды сол кездегі оқулықтардың авторлары да басшылыққа алған. Мұрағат деректеріне зер салсақ, Ә.Бөкейханұлы география, Е.Омаров, Қ.Сәтбаев алгебра, М.Жұмабаев педагогика, Ж.Аймауытов дидактика, Ф.Ғалымжанов физика, Б.Сәрсенов геометрия, И.Тұрғанбаев арифметика, Қ.Кемеңгерұлы жаратылыстану, химия пәндері бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударған [6]. Қаныш Сәтбаевтың «Алгебра» атты оқулығынан бүгінде түпнұсқа күйінде беріліп жүрген көптеген терминдердің баламасын табуға болады: формула – *өрнек*, теорема – *түйін*, числитель – *жарнақ*, диаметр – *өре*, рациональная величина – *өлшемді шама*, иррациональная величина – *өлшемсіз шама*, квадратное уравнение – *шаршылық теңдеу*, биквадратное уравнение – *қос шаршылы теңдеу*, сопряженные числа – *түйіндес сандар*, прогрессия – *дәуірлеу*, коэффициент – *сан өсіргіш*, функция – *берне*, тождество – *бірдейлік*, приближенный корень – *жуықтас түбір*, корень с недостатком – *олқы түбір*, мнимые числа – *күмәнді сандар*, кратное – *бөлінбе*, предыдущие члены – *ілгері мүшелер* т.с.с.

1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде термин (пән сөзі) мәселесі арнайы сөз болады. Онда Елдес Омаров баяндама жасап, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, М.Тұрғанбайұлы т.б. қолтаптап сөз сөйлейді. Осы съезде жасаған баяндамасында Е.Омаров былай дейді: «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де ішінде жат дыбыс бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе

қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды» [7].

Қазақ оқығандары арасында жат (шет) сөздерді қабылдауда екі түрлі ұстаным болған. Съезде сөйлеген сөзінде де, «Жат сөздер туралы» деген кітапшасында да Н.Төреқұлов түркі тілдерінен сөз іздемей-ақ «делдалсыз тура аурыпадан алуды» ұсынады да *бибауырмал* дегеннің орнына *интернационал*, *тарих* сөзінің орнына *история*, *тарихшы* сөзінің орнына *историк* деп қолдану керектігін айтады. Сонымен қатар М.Қайыпназарұлы да осы ұстанымды негізге алып, жат сөздерді «өзге жұрт тілдерінде айтылуынша ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір Қырым, Әзербайжан сықылды өзге ұлт республикелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?» – дейді. Ал ұлттың болашағын ойлаған Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы сынды ғалымдар бұл ұстанымға үзілді-кесілді қарсы шығады. Осыған байланысты Х.Досмұхамедұлы «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді», – десе, А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар», – дейді [8].

20-жылдарда орыс тілінен енген сөздерді қабылдап, тұрақтандыруда мынадай қағидалар болған деп түйіндейміз:

а) орыс тілінен енген сөздерді жазуда осы уақытқа дейін тілімізде араб-парсы және бұрынырақта орыс тілінен енген сөздерді үлгіге алған.

ә) сөздердің өн бойында сингармонизм заңдылықтары сақталған. Сол себепті *комиссариат* – *кемесерет*, *тема* – *теме*, *курсант* – *күрсент*, *губерния* – *гүбірне*, *конференция* – *кәнперенсе*, *лекция* – *лексіе* түріне ауысқан.

б) бастапқы буындары езулік, соңғы буыны езулік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндік бастапқы буындарға ауысқан не мүлде жойылып, езулікке айналдырылған: *автор* – *антыр*, *срок* – *сұрык* т.б.

в) орыс тіліндегі ф орнына п; г орнына – ж; h, x орнына жуан сөздерде қ; жіңішке сөздерде к, ц орнына с, в орнына у; щ орнына ш қолданылған. Мыс: *физика – пізііке, география – жағырапа, химия – кіміік, техник – текніік, станция – станса, Москва – Мәскеу* т.б.

г) сөздің соңы а дыбысына бітсе, ол түсіп қалған: *аптека – аптек, фабрика – набірік, награда – награт*. Жер атауларындағы соңғы а дыбысы үндесіміне қарай ы, і болып өзгерген: *Европа – Жаурыпы, Африка – Әпірікі, Азия – Әзііе* т.б.

д) орысшада тр-ға біткен сөздерде т мен р арасына ы, і дыбыстары кіргізілген: *тыйатыр, метір* т.б.

е) орыс тіліндегі -тор- ға біткен сөздерде ол -тыр/-тір, -тұр/-түр болып өзгерген: *тырақтыр, доқтұр, карректір* т.б.

ж) ка-ға біткен орыс сөздерінің соңы көбінесе -ке түріне ауысқан: *справка – ысрырабке, музыка – мүузііке, техника – теқнііке* т.с.с.

з) орыс тіліндегі -ок қосымшасы қазақ тілінде ке-ге өзгерген: *участок – ұушаске, список – іспеске* т.б.

и) орысшада аяғы -ция-мен тынған сөздерде оның орнына -са/-се жазылған: *милиция – мелетсе, станция – станса* т.б.

XX ғасыр басында тіл тазалығын ту етіп көтеріп, тіл заңын бұзбауға шақырған А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омаров, А.Байтасұлы, Қ.Кемеңгерұлы т.б. білімпаздар жат тілден жұрнақ қабылдауға қарсы болды. Мәселен, «Қазақша жазу жайы» деген «Еңбекші қазақ» газетінің бірнеше санында жарық көрген көлемді мақаласында Е.Омаров тіл заңын бұзбау қажеттігін айта келіп: «Орыстың «сатсыйализм», «сатсыйалист» деген сөздері – жалпы жұртқа ортақ сөз. Оны қазақ тіліне кіргізуге де болады. Бірақ оны алғанда, түбірін ғана алыб, «изм», «ист», «ни»; сықылды жұрнақтарын шығарыб тастау керек. Олардың орнына қазақ тілінің жұрнақтарын қосыу керек: жұрнаққа қазақ тілінен бай тіл кем-ақ болар. Өзіңде үйір-үйір жұрнақ бола тұрыб, жат жұрнаққа жармасыудың тіл бұзыудан басқа түк пайдасы болмайды», – дейді [9].

1924 жылғы білімпаздар съезінде Е.Омаров қазақша пән сөздер тақырыпты баяндамасында жұрнақтарды мағынасына қарай *тұрлаулы* (-лық, -шы, -шыл, -лы, -сыз, -уыш) және *тұрлаусыз* (-қ, -н, -ақ) деп жіктейді де, жаңа сөз жасауда, негізінен, тұрлаулы жұрнақтарды пайдалану керектігін айтады. Қ.Кемеңгерұлы да бұған айрықша назар аударған. Ғалым А.Байтұрсынұлы топтастыруын басшылыққа ала оты-

рып, жұрнақтарды мән-мағынасына қарай (қимылдың амалын, құралын, нәтижесін білдіру, адамның бір іске бейімділігін көрсету т.б.) жіктейді. Қазақ тілі жалғамалы тілдер тобына жататындықтан, бүгінгі сөздік түзушілер мен орыс топтарына қазақ тілі оқулықтарын құрастырушылар осы ерекшелікке баса назар аударғаны жөн сияқты.

Бұл орайда А.Байтұрсынұлының ұстанымдарын үлгі етуге болады. Ғалым *субстантивтену, адвербиалдану, адъективтену* терминдерінің орнына балама ретінде *затсымақтану, сынсымақтану, үстеусімектену* сияқты атауларды ұсынады. Қазіргі кезде бірқатар әдебиеттерде *субстантивтену* сөзінің орнына *заттану* деген атау беріліп жүр. Алайда субстантивтенген сөз біржола зат есімге айналып кетпейді, осы сөйлемде ғана зат есімнің қызметін атқарады да сөйлемнен (контекстен) тыс бұрынғы қызметіне көшеді. Яғни, осы сөйлемде (контексте) ғана зат есім сияқты көрінеді. Қазақ тілінде мұндай мағына беру үшін -сымақ қосымшасы қолданылады (*ақынсымақ, бастықсымақ т.с.с.*). А.Байтұрсынұлы осылайша -сымақ қосымшасын пайдалана отырып, сол үлгі негізінде *үстеусімек* атауын да жасаған. Әрине, қазақ тілінде -сімек қосымшасы жоқ (бұл – кірме қосымша болса керек). Алайда ғалым сингармонизм заңдылықтарын негізге ала отырып, *үстеу* сөзіне қосымшаның жіңішке нұсқасын жалғаған. Ғалымның бұл атаулары қазіргі кезде ғылыми айналымға енгізілуі тиіс деп білеміз.

Қазақ тіліндегі жат атаулардың жүйелендіріліп, сөздік ретінде құрастырылуы ХХ ғасырдың басында қолға алынған болатын. «Еңбекші қазақ» газетінің бірнеше санында тіл комиссиясының хатшысы Әлкей Марғұланның құрастыруымен «Мынау пән атаулары дұрыс па?», «Осы пән атаулары дұрыс па?» деген атаумен терминдер тізімі жарияланып отырған. Сондай-ақ «Жаңа мектеп» журналы мен «Қызыл Қазақстан» газеттерінің бетінде «Қазақстан оқу кемесеретінің білім сексиесі алған пән сөздері», «Ғылым ордасының қазақша ғылыми-әдебиет кеңсесінде қабылданып алынған пән сөздер» деген айдармен әр жылдары жарық көрген терминдер бір салаға ғана емес, бірнеше ғылым саласына тән. 1923-1924 жылдары түрлі сала терминдері «Білім ордасының қазақша ғылыми-әдебиет кеңесінде қабылдап алынған пән сөздері» деген айдармен «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланып тұрған.

Осы кезде бірнеше сөздік жарық көрді, атап айтқанда: 1925 жылы Мәскеуде 10 000 дана болып басылып шыққан «Қазақша-

орысша тілмаш» атты сөздік (сөздік жұмысын басқарған – Кеменгерұлы Қошке, тізгендер – Кеменгерұлы Қошке, Байтасұлы Абдолла, Бұралқыұлы Мұстафа, Байғаскин Есім, Дәулетбекұлы Ғаббас, Баймақанұлы Шәкір, Темірбекұлы Сұлтан, Сәрсенбайұлы Төлеутай), 1926 жылы Ә.Үмбетбайұлы құрастырған «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» («Русско-казакская военная терминология»), 1927 жылы Н.Қаратышқанұлы құрастырған Қазақстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері, 1931 жылы Халық ағарту Комиссариаты Білім кеңесінің термин комиссиясы құрастырған «Атаулар сөздігі» т.с.с.

XX ғасыр басында өзге тілдік сөздерді (терминдерді) қабылдауда төмендегідей ұстанымдар көзделген:

- а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;
- ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;
- б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тіліне үйлестіріп еуропа сөзін алу.

Сөздіктерде құрастырушылар да осы ұстанымдарды басшылыққа алған. Олар термин сөздерге негізінен қазақ тілінен балама табуға тырысқан. Мәселен, Н.Қаратышқанұлының құрастыруымен жарық көрген «Пән сөздігінде»: *баррикада – шеп; баркас – еспе кеме; бастион – қорған мұнарасы; батальон – қосын; батарея – зеңбірек қосыны; битва (бой) – соғыс; блокада – қамау; блокгауз – ағаш қорған; боевая линия – әскер желісі; боевое столкновение – жау қағысуы; боевой порядок – соғысқа дайындық; боевой участок – соғыс ауданы; боковой – бүйір, жанама; боковой отряд – жанама жасақ; бомба – бомбы; бомбардировка – зеңбірек астына алу; бомбамет – зеңбірек атушы; борьба – тартыс, талас; борьба за существование – тіршілік таласы; брантфахта – күзетші кеме; военнослужащий – әскерлік қызметші; военно-полевой суд – майдан соты т.с.с.; «Қазақша- орысша тілмашта»: жаугершілік, жаугерлік - 1) военное время, 2) милитаризм; жауласпақ - 1) враждовать, 2) воевать; жауламақ - идти войной на кого; нарық - рыночная цена; несие - долг, кредит; кіріс - 1) доход, 2) вход; кері салық - регрессивный налог; кесіп капиталы - промышленный капитал; әдіс ғылымы – технология; ақының сапасы – реальная плата; әлем ғылымы – космография; әлеумет ғылымы – социология; айқасым – реакция (психологическая); білдіргіш – справочник; бекет – почтовая станция; тәжірибеқана – лаборатория; тән тіршілігі – физиология; тасу құралы (көлік) – транспорт; тетік ілімі – механика; тетік күш – механи-*

ческая сила т.б.; «Атаулар сөздігінде»: *авангард (войска)* – алғы әскер; *аванпост* – *аванпост (алдағы күзетші әскер)*; *авиация* – ұшушылық (ұшқыштармен әуеде қалықтау); *авиомаяк* – әуе мәйегі; *авионосец* – ұшқышты кеме; *авиотранспорт* – әуе транспорты; *аврора* – 1) таң сәулесі, 2) көбелек; *адмирал* – адмирал; *арбалет* – жақ мылтық; *арбитражная комиссия* – аралық кәмесие; *арест* – қамау (тұтқынға алу); *арестанты* – тұтқындар; *арматура* – арматыр (аспап); *армия* – әскер; *вневойсковики* – саптан тысқарғы әскер; *военная конвенция* – соғыс шарты; *военная наука* – соғыс ғылымы; *военнослужащий* – әскерлік қызметші; *войско* – әскер (сап, шеру); *войсковая часть* – әскер бөлімі; *гавань* – гауын (кеме ықтырмасы) т.с.с.

Мысалдардан байқап отырғанымыздай, сөздіктерде калька жолы да жиі қолданылған. Калька төл сөздеріміздің мүмкіндігін арттырғанымен, кейде ұлттық дүниетанымнан алыстап, жасанды, стандарт тіркестердің көбеюіне әкелді. Осыған байланысты «Еңбекші қазақтың» 1930 жылғы 15 қаңтардағы №12 (1617) санында Әліб деген псевдоним иесі: «Осы күні қазақ газеттерінде «сұу асты кеме» деген бір атау қолданылып жүр. Текнікеге жақындаған сайын тіл өседі. Бірақ дайын тіл тұрғанда, тыңнан тіл тауып алыу артық. Қазақ «сұу асты» демейді, «сүңгууір» дейді. «Сүңгууір» ұғым жағынан да қолайлы. Бұл кеме сұудың түбіндегі жермен жоғарлап жүрмейді. Сұуда сүңгіп жүреді. Олай болса, дайын тілді қолдану керек. «Сұу асты кеме» емес, «сүңгууір қайық» не «сүңгууір кеме» деп алыу жақсы, – деп жазады [9].

Қазіргі кезде бұл мәселе өзектілігін жоя қоймады. Бүгінде калька жолымен беріліп жүрген көптеген атауларды ХХ ғасырдың басындағы сәтті баламалармен алмастыруға болар еді. Мәселен, *акционерное общество* тіркесіне балама ретінде *акционерлік қоғам* түрінде қолданылып жүрген атауды жарналы серіктік деп қолдануға әбден болатын сияқты. Сонымен қатар «оптом (продавать, покупать)» мәнінде қолданылып жүрген көтерме сауда тіркесінің орнына *топтау*, *топтап сату* немесе *топтау алу* түрінде қолдансақ, мағына әлдеқайда дәл берілер еді. *Көтерме* сөзін Н.Ильминский мен «Қазақша-орысша тілмашта» *комиссионерство* деп берсе, И.Букин сөздігінде *көтерме сауда* – *аукцион* деп түсіндіріледі. Бұл *көтерме сауда* сөзінің қазақ арасында бұрыннан қолданылғанымен, ол *оптом* сөзінің баламасы болмағанын көрсетеді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғы-

ру» атты мақаласында «бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аудару» ісін қолға алу, Ұлттық аударма бюросын құру керектігін ескерткен болатын. Бүгінгі таңда аударма ісінде термин, дұрыс, шебер аудару мәселесі әлі де біршама ақсап тұрғаны белгілі. Осыған байланысты терминдерді біріздендіру, дұрыс аудармаға үлгі боларлық дүние ретінде ХХ ғасырдың басында жарық көрген аударма еңбектерді, ұлттық кодтың негізі болатын А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Қ.Басымұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов сынды ғалымдардың бұрын-соңды жариялана қоймаған еңбектерін, ХХ ғасырдың басында жарық көрген оқулықтарды жинақтап, ғылыми айналымға енгізу қажет деп білеміз. Мұндай еңбектер аудармашылар үшін үлгі болумен қатар сала мамандары, терминолог ғалымдар, оқулық авторлары, жалпы көпшілік үшін де таптырмас дүние болар еді. Қазақ тіліндегі терминжүйені когнитивтік тұрғыдан зерттеу тілдің ақиқат болмыс туралы білімді сақтап, жеткізуші ретіндегі қызметін ескере отырып, тілдік категориялар мен олардың құрылымдарын жаңаша сипаттауға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
3. Еңбекші қазақ. 1925, 22 сәуір
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – XII том. – Алматы, 2011. – 511-б.
5. Жұмсалымды грамматика. – Алматы, 2016. – 508-б.
6. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 285-іс, 18-байлам. -11-12 б.
7. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Орынбор, 1925.
8. Байтұрсынұлы А. Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ. 1928. 26 қаңтар
9. ХХ ғасыр басындағы қазақ тіліне қатысты зерттеулер (алғы сөзі мен түсініктерін жазып, баспаға дайындаушы).- Алматы: Қазығұрт, 2013. - 640 б.

ДҮНИЕНІҢ ҒЫЛЫМИ БЕЙНЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІК МӘСЕЛЕСІ

С.Исакова

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің профессоры, ф.ғ.д.*

Терминтануда түрлі тілдердегі терминдік жүйеге қатысты терминдер арқылы берілетін ұғымдарға әмбебап сипат тән екені туралы жиі айтылады, сәйкесінше бұл пікір дүниенің ғылыми бейнесіне де қатысты деген сөз. Дүниенің ғылыми бейнесіндегі ұлттық-мәдени ерекшелікті мойындайтын зерттеушілер оны терминдердің мазмұндық жағы емес, формалды жағымен байланыстырады [1,46]. Яғни бұл көзқарасқа сәйкес ұлттық-мәдени ерекшелікке ұғым жүйесі емес, терминдердің тілдік, сыртқы формасы ғана ие деген тұжырым шығады. Дегенмен, аталған пікір көбіне жаратылыстану және математика ғылымдарының терминдік жүйелерін талдау негізінде жасалған, десе де бұл ғылым салаларында ұлттық-мәдени ерекшелікті тек формалды емес, терминдердің мазмұндық жағынан да кездестіруге болады. Мәселен, Тибеттегі қазіргі Шығыстың будда ғылымы адамды зерттеуде әлі күнге дейін астрология мен медицинаның көмегіне жүгінеді [2, 459], бұл өз кезегінде ғылым туралы ұғымдар мен дүниенің ғылыми бейнесіндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктер жүйесіне әсер етпей қоймайды.

Гуманитарлық ғылымдардың (заң шығару, тарих ғылымдары, музыка өнері және т.б.) терминдік жүйесі әрқашан ұлттық-мәдени сипатымен ерекшеленеді.

Заң терминдерінің ұлттық-мәдени бояуы айрықша байқалады. Бір тілді ресми түрде қолданатын елдер үшін де (мысалы, Ұлыбритания, АҚШ, Австралия, Үндістан) ұғымдар жүйесіне ұлттық-мәдени ерекшелік тән. Заң терминологиясын қарастырған У.Проберттің пікірінше, әрбір заң термині референттік қана емес, «сонымен бірге әлеуметтік», коннотативтік мағынаға ие бола отырып, өз мазмұнында ұлттық-мәдени ерекшелікті бейнелейді [3,30]. Әрбір мемлекеттің өзінің құқығы мен құқықтық қатынастарының, мемлекетінің өзіндік даму тарихы бар. Адамзат қоғамының эволюциясы нәтижесінде құқықтық жүйеде үлкен өзгеріс пайда болды, ол мемлекет дамуының түрлі мәдени-тарихи, әлеу-

меттік және экономикалық жағдайларына байланысты ортақ (әмбебап) белгілер мен өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. «Құқықтық мәдениет» ұғымы «құқық» және «мәдениет» деген екі ұғымды біріктіреді. Құқықтық мәдениет ерте заманнан дамыды. Құқықтық мәдениетті ұрпақтан-ұрпаққа берілетін, тарихи қалыптасқан құқықтық дәстүрлер, сенімдер, құндылықтар, идеялардан құралған, қоғамның құқықтық өмірін қамтамасыз ететін жүйе ретінде анықтауға болады. Жекелеген өркениеттердің құрамдас бөлігі ретіндегі құқықтық мәдениетін құқықтық, моралдық, діни стандарттардың ұзақ уақыт өзара байланыстарының нәтижесінде қалыптасқан дәстүрлі құқықтық білімдер, ұстанымдар, нормалар, процедуралардың жиынтығы деп анықталады.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ежелгі құқық терминдеріндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерді қарастырайық.

Қазақ тіліндегі заң лексиканың ең басты ерекшелігі – өз бастауын сонау көне дәуірлерден алып, үнемі даму үстінде қалыптасып, толығып, өзгеріп, жаңаланып отыруында. Сондықтан да заң терминдері – қазақ этносының сатылы дамуының, қоғамдық өзгерісінің, ру, тайпа, ұлыс, халық, ұлт болып қалыптасу кезеңдерінің бірден-бір куәгері, халықтың өзімен де, тілімен де бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан көне мұрасы. Ел басқару ісіне қатысты атауларды талдайтын болсақ, олар өз ішінде бірнеше тарихи даму кезеңдеріне қатысты ерешеленіп отырады. Мысалы, 1) әкімшілік тұлғалар (ғұн дәуірі: *аға тәңірқұт, құт, аға, білге, хан, кіші, тете, бек, бас, жасауыл, уәли, ордабек, даяшы, бақауыл, күзетбасы, даяшыбасы, бас абыз, тұтқауыл, күнби, мыңбасы, жүзбасы, онбасы, бас жасауыл, төреші абыз, тәңірқұт, уәзірбасы, аламанбасы, аймақбасы, шабандоз, сол қол аламанбасы, қорғаушы тұтқауыл бек, сардарбасы, тілмаш, сол бас сақа, ішкі бек, басқақ, нақбек* т.б.); Көне түркі дәуіріндегі әкімшілік тұлғалар (*қаған, тегін, яғбу, шад, тархан, тұтұқ, бұйрық, шор, елтебер, еркін, бек*); Ортатүркі дәуіріндегі әкімшілік тұлғалар (*хан, әмір, сардар, аталық, атабек, көкілмаш, ішік аға басы, инақ, миршиқар, наиб, жасақ, жасауыл, қарауыл, қанбұл, әкім, даруға, ұлысбек, тору, ясақ*); Жаңатүркі дәуіріндегі әкімшілік атаулар (*жұрт, халық, хан, қарашы, қызметші, ер, батыр, би, ұлы, кеңес, орда*); Қазақ хандығының отарлануы дәуіріндегі әкімшілік атаулар (*партия, сот, сияз, старшын, майыр, губерния, губернатор, дума, земство, окружный приказ, сенат, правление, собрание, управа, адукат*) [4].

2) сот процесіне қатысушылар (*жауапкер, айыпкер, куә, айыптаушы*); 3) дін өкілдері (*пірәдар, қазірет, муфти, имам*); 4) әлеуметтік-экономикалық топ өкілдері (*кедей, бай, патша, хан, би, төре, ақсүйек, бек, қожса, шора, азамат, батыр, ханзада, қарашы*); 5) қылмыстық тұлғалар (*баскесер, қарақшы, барымташы*); 6) қылмыстық әрекет түрлері (*кісі өлтіру, қорлау, жала жабу, денеге жарақат салу, ұрып-соғу, құн, айғақ*); 7) құқықтық әрекеттер (*жаза, бас бостандығы*); 8) мүлік (*қару-жарақ, садақ, найза, мал-мүлік*); 9) салық және арнайы алым-салымдар (*зекет, ұшыр*); 10) мемлекеттік органдар (*хан кеңесі, билер кеңесі, сот*).

«Русская Правда» газетінің түрлі басылымдарынан орыс тілінің заң саласына қатысты терминдерінің төмендегідей тақырыптық топтарын анықтауға болады: 1) әкімшілік тұлғалар (*вирник, волостель, гридь, тивун, судия, десятник, куноемча, наместник, пристав, сельский староста, ротинный староста*); 2) сот процесіне қатысушылар (*видок, поручник, послух*); 3) дін өкілдері (*диакон, епископ, игумен, митрополит*); 4) әлеуметтік-экономикалық топ өкілдері (*болярин, купчина, изгои, челядин, холоп, свободен, муж, господин, смерд*); 5) қылмыстық тұлғалар (*головник, любодей, убийца, разбойник*); 6) қылмыстық әрекет түрлері (*убити, ударити, татьба*); 7) құқықтық әрекеттер (*извод, рота, поле, свод, купити, платити, продажа, волостельская казнь*); 8) мүлік (*оружие, скот, прок*); 9) салық және арнайы алым-салымдар (*вира, наклади, свадебное, сгородное, урок*); 10) мемлекеттік органдар (*суд*) [5].

Ағылшын құқық терминологиясы дамуының алғашқы кезеңі – Англия тарихындағы англосаксондық кезеңмен сәйкес келеді. VII ғ. бас кезінде Британияны англосаксондықтар толығымен биледі. Осы кезде еркін қауымдастықтар ыдырап, еркін шаруалардың тәуелді шаруаларға айналу үдерісі басталды [6, 11], яғни феодалдық құрылыс пайда болады. Британияда англосаксондық мемлекеттің пайда болуының мәдени-тарихи ерекшелігі, англосаксондық қоғамның феодалдану үдерісі, оның әлеуметтік жіктелуі құқықтық терминологиялық лексика құрамының өзгеруіне ықпал етті. Англосаксондық құқық дамуының алғашқы кезеңінде оның терминологиясында төмендегідей мағынадағы бірліктерді анықтауға болады: 1) әкімшілік тұлғалар (*ealdorman, cuninges discpen, scyrman*); 2) сот процесінің қызметтік емес қатысушы тұлғалары (*gewitness*); 3) дін өкілдері (*arcebisceop, maessepreost, bisceop*); 4) түрлі

элеуметтік топ өкілдері (*ceorl, hyrigmann, eorl*); 5) қылмыскерлер (*utlah, flyma*); 6) қылмыстық әрекеттер (*cwalu, hearm, husbruce, leather, mansleahht*); 7) құқықтық әрекеттер (*mund, seht, prifeald, ordale*); 8) меншік (*aerfelond, agenlond, boclond, lond*); 9) салықтар (*feorm, gafol, gafolbere, gafolbenig, portgeriht, strand, stream*); 10) мемлекеттік органдар (*gemopt, hundreds gemopt, scirgemopt*) [7] және т.б.

Көріп отырғанымыздай, терминдердің тақырыптық тобының ұқсастығына қарамастан (қылмыс атаулары, қылмыстық әрекеттер және т.б.), термин құрамының түрлі мемлекеттердің құқықтық қалыптасуының бастапқы кезеңінен-ақ ұлттық-мәдени ерекшелікке ие болғаны анықталды. Ондай ерекшелікке мысалы, элеуметтік топтарды (*кедей, бай, патша, хан, би, төре, ақсүйек, бек, қожжа, шора, азамат, батыр, ханзада, қарашы, бояре, княжи; ceorl, hyrigmann, eorl*), салықты (*зекет, ұшыр, мьзда, урок, feorm, gafol, gafolbere, gafolpenig, portgeriht, strand, stream*) және т.б. айтуға болады.

Түрлі мемлекеттердің құқықтық терминологиясының қалыптасуы мен дамуының әртүрлі кезеңдерінде әмбебап ұғымдардың болуы заңды, бұл құқық ұғымының қоғамдағы барлық қоғамдық-экономикалық қатынастарды реттеуші қызметімен түсіндіріледі, осыған сәйкес түрлі халықтардың құқықтық жүйесінде ұқсас ұғымдар қалыптасады (*қылмыс пен жаза, сот процесі, дәлел және т.б.*). Ұғымдық жүйенің бір бөлігінің әмбебаптығы қоғамның тарихи даму барысында халықтардың мәдени-тілдік байланыстарынан туындайды.

Құқық саласында бекітілген дүниенің барлық бейнесі құқықтану (*құқық туралы ғылым*) жүйесіне енеді, бұл жүйеде ғылымның теориялық негіздері (*құқық нормасы, құқық саласы, құқық институты, құқықтық реттеу механизмі*) қалыптасады. Құқық туралы ғылым құқықтың өзі секілді ұлттық – мәдени ерекшелікке ие. Англосаксондық құқықта себептілік категориясы (*causation*) жан-жақты қалыптасқан, алайда Қазақстан және Ресей құқық саласында бұл категория ерекше дамыған деп айту қиын. Себептілік аксиомалармен беріледі, мысалы, *legal cause* (заңды себеп) бен *cause-in-fact* (*нақты себеп*) арасындағы айырмашылық мынада: Y-тің X нақты себебі (*cause-in-fact*) болғандығы, Y-тің X заңды себебі (*legal cause*) екенін білдірмейді. Ресейдің құқық туралы ғылымында бар *құқықтық реттеу механизмі* ұғымы англосаксондық құқықтануда кездеспейді.

Әр түрлі тіл емес, бір ғана тілді қолданатын мемлекеттердің өзінде мұндай мысалдар өте көп. Ұлыбританияда XIII ғ. қылмыстың (*crimes*) жасалу деңгейінің ауырлығына байланысты мынадай түрлері жіктеледі: *treason – felony – misdemeanor*. Көрсетілген жіктеу қатарынан келесі деңгейдегі терминдер бөлінеді: *treasons (high treason, treachery)* – *felonies (blackmail, riot және т.б.)* *misdemeanors (conspiracy, malicious damage, barratry және т.б.)*. XIX ғ. соңынан бастап *felony* және *misdemeanor* терминдері арасындағы айырмашылық әлсірей бастады, сондықтан да бұл жіктелу өзінің практикалық маңызынан айырылды [8,332]. Бұл жіктеудің орнына қылмыстың бағыты бойынша ұғымды саралау орын алды: *crimes against the state, crimes against property, crimes against justice, crimes against religion, crimes against reputation, crimes against security, crimes against morality* және т.б. АҚШ-тың құқығында фелониялар мен мисдиминорлар әлі де сақталған. Бұл терминдер әріптік индекстің көмегімен қылмыстың ауырлығына байланысты жіктеледі: *felony A, felony B* және т.б.

Ұлттық-мәдени ерекшелік құқықтану терминдерінің мағынасында кездесуі де мүмкін. Мысалы, ағылшын және американдық заң терминдерінде екі елдің мемлекеттік құрылысының ерекшелігіне сәйкес өзгешеліктер бар. «Criminal law» термині ағылшын терминдік жүйесінде «laws relating to acts committed against the laws of the land and which are punishable by the state» білдіреді [9]. Американдық терминологияда бұл термин «laws of state of federal government giving punishment for the breach of the established rules of conduct» мағынасына ие [10]. Американдық термин семасында АҚШ-тың мемлекеттік-құқықтық жүйесінің ерекшелігін сипаттайтын ‘*state government*’ немесе ‘*federal government*’ секілді айырым семаларды анықтауға болады, сондықтан да оларды этномәдени семалар деп атауға болады, өйткені АҚШ-та юрисдикция федералдық және штаттық юрисдикция болып бөлінеді. Ағылшынның құқықтық жүйесінде мұндай бөліну байқалмайды, сондықтан да ағылшын терминінің мағынасында ‘*punishable by state*’ семасы ажыратылады.

Қазақ тіліндегі заң терминіне берілген анықтамалар төмендегідей: «Жалпыға ортақ ереже, заң. Орындалуы шарт, міндетті іс, әдет-ғұрып» [11, 353-354]; «Заң – қалыптасқан белгілі бір тәртіп, жүйе» [12, 268]; «Мемлекеттің ең жоғары өкімет органдары қабылдайтын, ерекше заңдылық күші бар акт, қаулы, қарарлар, декрет» [13, 340]; «Заң – белгілі

бір ғылым саласына тән, үнемі қайталанып отыратын, реттелген, қалыптасқан жүйе. Үлгі, өнеге» [14, 554].

Қазақ-ағылшын тілдеріндегі заң терминінің сөздіктегі анықтамаларын ұғымдық талдау төмендегідей тұжырымдар жасауға жетелейді: қазақ құқықтық санасында Заң - үлгі өнеге, билік, қарсы күш; Заң - сот, билер, салт-дәстүр, ата жолы; Заң - ережелер жиынтығы, қоғамдағы мемлекеттік күші бар құжат, бостандық кепілі. Ағылшын тілінің құқық терминологиясында Заң белгілі бір ғылым саласы, заңгер мамандығы; Заң - полиция, күш, қоғамдағы кикілжінді реттеу; Заң қоғамдағы нормалар мен тәртіп, бостандық, қауіпсіздік, жауапкершілік.

Этномәдени айырмашылықтарды құқықтық номенклатура саласында да кездестіруге болады: *Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты, Ресей Федерациясының Конституциялық соты, Her Majesty's Courts of Justice of England and Wales, Supreme Court of the United Kingdom, Senior Courts of England and Wales* (Ұлыбритания), *U.S. Supreme Court, U.S. Federal Court of Appeals, Court of International Trade* (АҚШ).

Сонымен дүниенің ғылыми бейнесі тек тілдік қана емес, белгілі бір деңгейде ұлттық-мәдени ерекшелік түрінде көрініс табады, өйткені ғылым – қоғам мен адам өмірінде маңызды орын алатын *мәдениеттің ажырамас бөлігі* болып табылады. «Ғылымды мәдениеттің басқа салаларынан ажырататын өзіндік міндеттері бар. Ғылымның міндеттері – өзі қызмет ететін және дамитын қоршаған орта туралы шынайы білім алу, таным заңдылықтарын білу.

Кез келген жаңа ғылыми идеялар ұлттық ғылым қойнауында туындап, тек сосын ғана әлемдік ғылыми қауымдастықтың жетістігіне айналады, кейде ұзақ уақыт бойы бір ғана ұлттың ғылыми жетістігі болуы мүмкін.

Қорыта айтқанда, дүниенің тілдік бейнесін жасайтын – адам. Тілдік бейне адамның рухани қызметі мен таным қызметінің нәтижесі. Дәл осы сияқты дүниенің ғылыми бейнесін кәсіби тілдік тұлға жасайды. Ғылыми бейне сол ғылым саласындағы маманның танымы мен түсінігінің, тәжірибесі мен білімінің нәтижесі. Сондықтан да бір тілде бар терминге екінші тілден балама немесе атау табылмай жатуы, кейбір ғылым салаларындағы жекелеген ұғымдардың атауға ие болмауы немесе сол ұлттың тарихи, қоғамдық-экономикалық дамуы мен тұрмыс-салттарына байланысты ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің болуы заңды құбылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Корнилов О.А. Языковые картины мира как производные национальных менталитетов. –М., 2003. -349 с.
2. Ирхин В.Ю., Кацнельсон М.И. Дополнение: Естественно- научный и гуманитарный подходы к современному мировоззрению//Вонсовский С.В. Современная естественно-научная картина мира. – Екатеринбург, 2005. -447-678 с.
3. Лезов С.В. Юридические понятия и язык права в современных зарубежных исследованиях. – М., 1986. 70 с.
4. Әшімбаева Н.М. Байырғы қазақ қоғамындағы атақ-лауазым атауларының тілдік сипаты //филолог. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. –А., 2009. - 31 б.
5. Краткая Правда//Российское законодательство X-XX веков. В 9 т. Т. 1. –М., 1984. - 432 с.
6. Очерки по истории Англии: Средние века и Новое время. –М., 1959. - 358 с.
7. Ancient Laws and Institutes of England. –L. 1840. - 602 p.
8. Современное зарубежное уголовное право: в 3 т. –М., 1961. -759 с.
9. Dictionary of Law. – Teddington, 1995. - 365 p.
10. Black’s Law Dictionary. Minn, 2001. - 365 p.
11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. 1979.
12. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Дайк-пресс, 1999.
13. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, Тіл комитеті. Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
14. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің бір томдық үлкен түсіндірме сөздігі)/ Уәли Н, Құрманбайұлы Ш, Малбақов М, Шойбеков Р. – Алматы: «Дәуір», 2013.

ЗАҢ САЛАСЫ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ КЕЙБІР СӘЙКЕССІЗДІКТЕР

С.Құлманов

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Терминология бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.к.*

Keywords: term, terminology, legislation, dictionary, variant, equivalent, inconsistency, translation, examination, standardization

Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. ...

Қазақ тілінің осы заманның биік талабына сай, бай терминологиялық қорын жасаған соң оны рет-ретімен, кезең-кезеңімен қоғамдық өмірдің бар саласына батыл енгізуіміз керек.», [1] – деп атап көрсетті.

Осы ретте ғылыми прогрестің, техника мен технологияның дамуына байланысты тілімізге күн санап еніп отырған терминдерді қабылдау мен меңгеруде қиындықтар кездесетіндегін айта кетуіміз керек. Қазіргі кезде терминдердің қолданылуындағы әртүрлі сәйкессіздіктер туралы ғылыми әдебиетте де, баспасөзде де аз айтылып жүрген жоқ. Әсіресе қоғамның кез келген саласында қолданылатын заң саласы терминдерінің бүгінгі күні бірізге түсірілмей келе жатқандығы қынжылдаты. Осыдан біраз бұрын аударма саласының майталманы, тілімізге көптеген терминдер енгізген К.Юсуп: «Біздің құқықтық терминологиямыздың біртіндеп енді ғана қалыптасып келе жатқаны белгілі. Әзірге заңнамамыздың тілі түзіліп, бірыңғай түзу жолға түсе қойған жоқ десек, артық айтқандық емес. Ол әзірге халықтың бірыңғай қабылдап, түсінуіне де қиынға түседі, өкініштісі сол, қазақ тілінде заңдардың оқылмауының бір сыры да, міне, осында жатыр.

Задында, заңнама тілі – мемлекеттік биліктің тілі, мемлекеттің өзінің азаматтарымен сөйлесетін тілі. Демек, біздің алдымызда тұрған бүгінгі үлкен міндеттердің бірі – ресми іс қағаздарының тұрлаулы термино-

логиясын қалыптастыру, оның тұрақты лексикасын байытып, бір ізге түсіру», – деген болатын [2].

Осыған орай бұл мақаламызды заң саласындағы кейбір терминдердің заңнамадағы қолданыстарын (ЗҚ), бекітілген нұсқаларын (БН) және салалық терминологиялық сөздіктердегі (СТС) аудармаларын талдай келе, төмендегідей жалпы жайттарды жіктеп көрсетуге арнадық:

1. Орыс тіліндегі бір терминнің қазақ тілінде екі немесе одан да көп нұсқада қолданылуы

Заң терминдері қоғамның кез келген саласында қолданылатындықтан, мақаланы осы салаға қатысты негізгі терминдердің заңнамадағы қолданыстарын, бекітілген нұсқаларын және салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармаларын салыстырудан бастауды жөн көрдік. Мысалы, *юридическая* термині «заңдық», «заңды», «заңи» түрінде аударылады: *юридическая обязанность* – заңдық міндет; *юридическая наука* – заң ғылымы, құқықтану, заң ілімі, заңтану; *юридический представитель* – заңды өкіл және т.б. Сонымен қатар *легитимный, законный, юридический* сөздері де заңды, заңдық, заңи сөздерімен аударылады. Бірізділік қағидатын басшылыққа ала отырып, *юридический* сөзінің баламасы ретінде мүмкіндігінше (қалыптасып кеткен атау, сын есім және т.б. есепке алмағанда, мысалы, *юридическое лицо* – заңды тұлға және т.б.) «заңи» сөзін алуды ұсынамыз (*юридическая консультация* – заңи консультация және т.б.).

Мұндай мысалдарды аталмыш салаға қатысты терминдерден көптеп келтіруге болатындықтан, біз олардың ішінен жиі қолданылатындарын көрсетумен шектеліп отырмыз. Мысалы:

- ЗҚ: *легализация* – жария ету [3]; БН: *жария ету* (1981; 07.12.2016), *заңдастыру* (28.06.2016, 08.12.2016) [4]; СТС: *заңдастыру* [5]; *легализация* – жария ету, *заңдастыру* [6]. Сонымен қатар осы сөзбен бір түбірден тарайтын *легальный* сөзі мәнмәтінге байланысты *жария, заңды* сөздерімен де аударылып бекітілген (*легальное толкование права* – құқыққа жария түсінік беру (07.12.2016), *легальный рецидив* – заңды рецидив (07.12.2016)) [4]. Алайда мұндағы *жария* сөзі басқа сөздермен де бекітілген: *публичное право* – жария құқық (07.12.2016) [4]. СТС: *легальный* – заңды; *толкование права легальное* – құқыққа жария түсінік беру [5]; *легальный* – ашық, жария [6], алайда *публичный договор* – жария шарт; *сочетания гласных методов* – жария әдістерді ұштастыру [5].

- ЗҚ: *неправомерное* – заңсыз [3]; БН: *заңсыз* (1981), *құқыққа сыйымсыз* (23.12.2010), *неправомерное (поведение) – теріс (мінез-құлық)* (07.12.2016) [4]. Алайда *заңсыз* сөзі *незаконное* (1981, 07.12.2016), ал *теріс* сөзі *отрицательное* (24.05.2014), *негативный* (07.12.2016) [4] сөздерінің баламасы ретінде де бекітілген. СТС: *неправомерное поведение – теріс мінез-құлық; неправомерность – құқыққа жаттық; неправомерные действия – заңсыз іс-әрекет* [5]; *неправомерное действие – құқыққа сыйымсыз әрекет; предотвращение неправомерных действий – заңсыз іс-әрекеттерді болғызбау* [6].

- ЗҚ: *ответственность* – жауапкершілік, жауаптылық [3]; БН: *жауаптылық* (07.12.2016); *жауапкершілік* (07.12.2016) [4]. СТС-де [5; 6] де осындай екі түрлі қолданысты байқаймыз.

- ЗҚ: *принуждение – мәжбүр ету* [3]; БН: *күштеу* (1981), *мәжбүрлеу* (06.09.2005; 07.12.2016) [4]. Ал *мәжбүрлеу* сөзі *понууждение* сөзіне де балама ретінде қолданылады (*понууждение – мәжбүр ету, еріксіз көндіру, мәжбүрлеу* (07.12.2016)) [4]. СТС: *принуждение – мәжбүрлеу, мәжбүр ету, көндіру* [5]; *принуждение – мәжбүрлеу, мәжбүр ету* [6]. Осындай сәйкессіздіктерді ескере келе, *принуждение* сөзіне балама ретінде *мәжбүрлеу* сөзін алып, *понууждение* сөзін *еріксіз көндіру* сөз тіркесімен аударған дұрыс сияқты.

- ЗҚ: *обращение – өтініш, арыз, жолданым* [3]; БН: *айналыс* (экономика саласына қатысты), *өтініш* (22.04.2008; 07.12.2016), *жүгіну* (23.12.2010) [4]. Мұндағы *өтініш, арыз* сөздері *заявление* сөзінің баламасы ретінде бекітілген және *заявление* сөзінің *мәлімдеме* деген бекітілген нұсқасы да бар (07.12.2016) [4]. Заңнамаға сүйене отырып, заң саласындағы *обращение* сөзінің баламасы ретінде *жолданым* сөзін ұсынамыз.

- ЗҚ: *бюрократия – бюрократия* [3]; БН: *бюрократизм – төрешілдік* (15.12.2015), *бюрократ – бюрократ, төрешіл* (28.12.2016) [4]; СТС: *бюрократ – бюрократ, бюрократизм – бюрократизм; бюрократ – төрешіл, бюрократизм – төрешілдік* [6]. Біздің ойымызша, *бюрократия* сөзінің семантикалық ауқымы *төрешілдік* сөзінің жұмсалымдық семасына қарағанда кеңірек тәрізді.

- ЗҚ: *вердикт – шешім, ұйғарым* [3]; БН: *кесім* (27.05.2014) [4]; СТС: *шешім, ұйғарым*. Мұндағы *шешім* сөзі *решение* (07.12.2016) сөзінің, *ұйғарым* сөзі *определение* (25.01.2000; 08.12.2016), *предписание*

(07.12.2016) [4] сөздерінің баламасы болғандықтан, *вердикт* терминіне балама ретінде *кесім* сөзін ұсынамыз.

- ЗҚ: *иск – талап, қуыным* [3]; БН: *қуыным* (2013), *талап қою, талап* (07.12.2016) [4]; СТС: *иск – талап* [5], *қуыным* [6]. Алайда *талап* сөзі *притязание* (2013), *требование* (08.12.2016) [4] сөздерінің баламасы болғандықтан, *қуыным* сөзінің қолданылғаны дұрыс деп санаймыз.

- ЗҚ: *вымогательство – қорқытып алушылық* [3]; БН: *құнерезлік* (25.01.2000), *бопсалау* (22.04.2008) [4]; СТС: *вымогательство – бопсалаушылық* [5], *бопсалап мәжбүрлеу, қорқытып алушылық* [6], ал *шантаж – бопса* [5], *шантаж – бопса, шантажирование – бопсалау* [6].

«Қазақ сөздігінде» *құнерезлік* сөзі реестр ретінде берілмеген, *құнерез* сөзі бар: «Неден болса да қайтпайтын даукес, даукұмар» [7, 845]. Ал *бопсалау* сөзі «Қоқан-лоқылап, сескөрсету» деген мағына береді [7, 547]. Сонымен қатар *бопса* сөзі *шантаж* сөзіне де балама ретінде бекітілген (25.01.2000) [4]. Сондықтан *вымогательство* сөзіне балама ретінде *қорқытып алушылық* сөз тіркесін қолданған дұрыс тәрізді.

- ЗҚ: *подлог – жалғандық жасау, жасандылық, ауыстыру, жалғандық* [3]; БН: *қасақылық* (22.04.2008), *жалғандық, жалғандық жасау* (07.12.2016), *ауыстыру – замена* (14.12.2015) [4]; СТС: *подлог – жалғандық, жалғандау, ауыстыру* [5], *подлог – жалған* [6], *қасақылық – саботаж* [6], *жасандылық – фальсификация* [6], *ауыстыру – замена, жалғандық – подделка* [5].

- ЗҚ: *злостный – кәнігі (злостный преступник – кәнігі қылмыскер)* [3]; БН: *қысастық, қаскөй (злостное хулиганство – қысастық бұзақылық* (1981), *злостный преступник – қаскөй қылмыскер* (07.12.2016), *злой умысел – қаскөйлік пизгыл* (07.12.2016) [4]; СТС: *злостное неповиновение – өрескел бағынбаушылық, злостное хулиганство – кәнігі бұзақылық* [5], *злостный – қаскөй; неплательщик злостный – қасақана төлемеуші* [6], *қысастық – злопыхательство* [6].

«Қазақ сөздігінде» *кәнігі, қысастық, қаскөй* сөздеріне төмендегіше анықтамалар беріледі: **Кәнігі.** І. Сын есім. 1. Машықтанған, үйренген, төселген. 2. Шебер, майталман. [7, 610]. **Қысастық.** І. Зат есім. 1. Қастық, өштік. [7, 874]. **Қаскөй.** І Зат есім. 1. Қаскүнем, зиянкес. [7, 773]. Терминологиялық бірізділік бойынша, *злостный* сөзіне *қаскөй* сөзі қолданылуға тиіс деп санаймыз.

- ЗҚ, БН: *именная – атаулы* [3; 4]. Алайда *атаулы* сөзі *номинальный,*

адресный, персональный сөздерінің де баламасы ретінде аударылады. Дегенмен бұл сөздердің бекітілген нұсқалары түрліше: *лицевой счет – дербес есепшот* (24.06.1998), *самостоятельный – дербес* (21.12.2005), *корреляция частная – дербес корреляция* (06.10.2015), *персональные данные – дербес деректер* (07.12.2016), *автономное учреждение – дербес мекеме* (08.12.2016) [4]. СТС: *номинальный держатель – номинал ұстаушы* [5], *номинальный – атаулы, номиналдық* [5], *адресная – атаулы, мекенжайлық* [5], *адресная – атаулы* [6], *персональный – жеке* [5], *жеке, дербес* [6]. Терминологиялық бірізділікті сақтау үшін *номинальный* сөзіне *номинал*, *адресный* сөзіне *атаулы*, *именной* сөзіне *есімді*, *персональный* сөзіне *дербес* сөздерін балама ретінде ұсынамыз.

- ЗҚ: *консенсус – консенсус, ымыра, пәтуа* [3]; БН: *консенсус* (28.06.2016), *ымыра – компромисс* (1992) [3]; СТС: *консенсус – пәтуа* [5], *консенсус – пәтуа, консенсус* [6]. Біздің ойымызша, *консенсус* терминіне балама ретінде *пәтуа* сөзін алған жөн сияқты.

- ЗҚ: *массовый* сөзі: *массовая информация – бұқаралық ақпарат; массовое правосознание – көпшіліктің құқықтық санасы; массовые беспорядки – жаппай тәртіпсіздіктер* [3]; БН: *массовая библиотека – көпшілік кітапханасы* (1981), *массовое общество – бұқаралық қоғам* (1981), *безработица массовая – жаппай жұмыссыздық* (14.07.2005), *груз массовый – көп жүк* (06.10.2015), *массовая информация – бұқаралық ақпарат* (07.12.2016) [4]. Алайда *массовый* сөзіне балама ретінде алынған *көпшілік, жаппай* сөздері орыс тіліндегі басқа сөздердің баламасы ретінде де бекітілген: *публичная библиотека – көпшілік кітапханасы* (1981), *публика – көпшілік, халайық* (06.10.1999), *общая или частичная мобилизация – жаппай немесе ішінара мобилизация* (2013), *Договор о всеобъемлющем запрещении ядерных испытаний (ДВЗЯИ) – Ядролық сынаққа жаппай тыйым салу туралы шарт (ЯСТТШ)* (2013) [4].

- ЗҚ: *неподкупность* сөзі: *неподкупность судебной системы – сот жүйесінің қиянатқа бармайтындығы; неподкупность – сатылмайтындық, сатылмаушылық* [3]; БН, СТС: *неподкупность – сатылмаушылық* (07.12.2016) [4].

- ЗҚ: *подстрекательство – арандату, айдап салу* [3]; БН: *арандатушылық* (07.12.2016) [4]; СТС: *подстрекательство – арандатушылық* [5], *провокация – арандату* [5; 6]. Көріп отырғанымыздай, *провокация* сөзі де *арандату* болып аударылып, бекітілген (*провокационный акт – арандатушылық акт* (28.06.2016) [4].

- ЗҚ: *показание – айғақ; заведомо ложные показания – көрінеу жалған жауаптар; свидетельское показание – куәгерлік көрсетпе* [3]; БН: *показание – жауап* (1981), *показание – айғақ* (07.12.2016) [4]. Ал *айғақ* сөзі *свидетельство* (06.10.1999), *показание* (07.12.2016), *улика* (07.12.2016) [4] сөздерімен бекітілген. СТС: *показание – жауап, айғақ, көрсетпе* [5], *айғақ* [6]; *айғақ – показание, улика, доказательство* [5], *айғақ – свидетельство, показание, улика* [6]. Сондықтан *показание* сөзіне *көрсетім* сөзін балама ретінде алуды ұсынамыз.

- ЗҚ: *понятой – куәгер, куә* [3]; БН: *понятой – куәгер, айғақ адам* (07.12.2016) [4]. Заңнамада *айғақ* сөзі *улика* сөзінің баламасы ретінде, сондай-ақ *понятой* сөзі *айғақ адам* сөз тіркесімен аударылып қолданылады. СТС: *понятой – куә* [5], *куәгер – свидетель* [5], *свидетель – куә, куәгер* [6].

- ЗҚ: *нигилизм – нигилизм* [3]; БН: *көзқамандық* (25.01.2000), *нигилизм* (07.12.2016) [4]; СТС: *нигилизм* [5]; *көзқамандық* [6]. «Қазақ сөздігінде» *нигилизм* сөзіне былайша анықтама берілсе: «Эстетиканың, этиканың және т.б. барлық қағидаларын ешбір мойындамай түгелдей жоққа шығару.» (ҚС, 997), *көзқамандық* сөзіне мынадай анықтама берілген: «1. Өз ұлтының мүддесіне жат көзбен қараушылық.» [7, 668]. Осы анықтамаларды негізге ала отырып, *нигилизм* сөзін сол қалпында қолдану дұрыс көрінеді.

- ЗҚ: *хищение – ұрлау; талан-таражға салу, жымқыру* [3]; БН: *хищение – ұрлау* (22.04.2008), *жымқыру* (08.12.2016) [4]; СТС: *хищение – ұрлау, талан-тараж, жымқыру* [5]; *ұрлау* [6], *расхищение – талан-таражға салу* [6]. *Хищение* сөзі *жымқыру* сөзімен аударылуға тиіс деп санаймыз (*ұрлық – кража, талан-таражға салу – расхищение*).

- ЗҚ: *ходатайство – өтініш, өтінішхат* [3]; БН: *қолдаухат* (22.04.2008; 23.12.2010), *өтінішхат* (07.12.2016) [4]; СТС: *ходатайство – өтініш, өтінішхат, қолдаухат* [5]; *ходатайство – өтінішхат, қолдаухат* [6]. Алайда кейінгі заңнамалық құжаттарда *ходатайство* терминінің баламасы ретінде *өтінішхат* термині жиі қолданылады.

- ЗҚ [3], БН: *умысел – пизғыл* (16.10.2004, 07.12.2016) [4], *қасақаналық*. Сонымен қатар *умышленный, умышенно* сөздері *қасақана* сөзімен аударылады: *поджог умышленный – қасақана өртеу* (09.03.1999), *преступление, совершенное умышенно – қасақана жасалған қылмыс* (07.12.2016) [3]; СТС: *умысел – қасақаналық, ниет, ой* [5]; *умысел –*

қасақаналық, ниет [6]; пизыл – побуждение [5]; пизыл – побуждение, намерение [6]. Сондықтан умысел сөзінің баламасы ретінде қасақаналық сөзін қолдану керек сияқты.

- ЗҚ: преступность – қылмыс, қылмыстылық, қылмыскерлік [3]; БН: экологическая преступность – экологиялық қылмыстылық (07.12.2016); преступность – қылмыскерлік (23.12.2010); борьба с преступностью – қылмыспен күрес (07.12.2016) [4]; СТС: преступность – қылмыс, қылмыстылық [5], қылмыстылық, қылмыскерлік [6].

«Қазақ сөздігінде» қылмыстылық сөзі реестр ретінде берілен, ал қылмыскерлік сөзіне төмендегіше анықтама берілген. І. Зат есім: 1. Қастандық істеп, айыпты болушылық. Соның ішінде буржуазиялық өнердегі өріссіздік, оспадарсыздық пен ойсыздықты қияңқылық пен қылмыскерлікті эстетизациялау бағыты соңғы кезде бұрынғысынан да беттер бел ала бастауы содан («Қазақ әдебиеті»). [7, 865].

- ЗҚ [3]; БН: легитимация – заңдастыру (07.12.2016), легитимация (07.12.2016) [4].

- ЗҚ [3]; БН: проступок – теріс қылық (1981); врачебный проступок – дәрігер кінәсі, дәрігерлік кінә (27.10.2006), гражданский проступок – азаматтық теріс қылық (07.12.2016) [4].

- ЗҚ: конфликт – жанжал, тартыс, дау-жанжал [3]; БН: жанжал, тартыс (24.12.2003), қақтығыс, жанжал (28.06.2016), конфликтология – конфликтология (28.06.2016) [4]; СТС: конфликт – қақтығыс, дау [5], жанжал, қақтығыс [6].

- ЗҚ: конспирация – астыртын әрекет ету, құпиялылық [3]; БН: астыртын әрекет ету (07.12.2016) [4]. Алайда астыртын сөзі негласный сөзінің баламасы ретінде де (негласная проверка – астыртын тексеріс (22.04.2008), ал негласное сөзі жасырын (негласное следственное действие – жасырын тергеу әрекеті (07.12.2016)) [4] сөзімен бекітілген. СТС: конспирация – астыртын әрекет ету [5], тасалану [6]. Алайда конспиратор сөзін астыртын әрекет етуші деп аударсақ, подпольщик, нелегаль сөздерінің баламасы туралы ойлануға тура келеді.

2. Қазақ тіліндегі бір терминнің орыс тіліндегі екі немесе одан да көп терминнің баламасы ретінде қолданылуы

- ЗҚ: заңдылық – легитимность, законность, закономерность; заңсыз – незаконный, нелегальный, неправомерный [3]; БН: легитимационные знаки – заңдастырылған белгілер (07.12.2016), легитимная власть –

заңды өкімет (25.01.2000), социалистическая законность – социалистік заңдылық (1981); обеспечение законности – заңдылықты қамтамасыз ету (07.12.2016); закономерность – заңдылық (28.06.2016), законность – заңдылық (07.12.2016), действие неправомерное – заңсыз әрекет (1981); незаконное распоряжение – заңсыз жарлық (1981); незаконное лишение свободы – заңсыз бас бостандығынан айыру (07.12.2016); нелегальная миграция – заңсыз миграция (07.12.2016) [4]; СТС: заңдылық – законность, закономерность [5; 6]; легитимный – заңды [6]; заңсыз – незаконный, нелегальный [5], заңсыз – незаконный, нелегальный, неправомерный [6].

- ЗҚ: бедел – авторитет [3]; БН: бедел – репутация (06.01.1999; 27.10.2006; 07.12.2016) [4]; СТС: бедел – авторитет, репутация [5; 6].

- ЗҚ [3]; БН: тергеу – следственная, расследование; доследственная проверка – тергеуге дейінгі тексеріс (22.04.2008), акт расследования – тергеу актісі (11.12.2015), негласное следственное действие – жасырын тергеу әрекеті (07.12.2016), расследование служебное – қызметтік тексеру (08.12.2016) [3]; СТС: тергеу – следственная, следствие, расследование, допрос [5]; тергеу – следственная, расследование, допрос [6]. Осыған орай, мысалы, следственное расследование сөз тіркесі тергеулік тергеп-тексеру сөз тіркесімен аударылуға тиіс деп санаймыз.

- ЗҚ: жалған – ложный, подложный, мнимый, фиктивный, фальшивый, подделка, лже: фальшивый документ – жалған құжат [3]; БН: подложный документ – жалған құжат (1981), заведомо ложный – көрінеу жалған (04.03.2003); фальсификация ценных бумаг – жалған бағалы қағаздар жасау (27.10.2006); фиктивная сделка – жалған мәміле (2013); мнимая оборона – жалған қорғаныс (07.12.2016); фальшивый документ – жалған құжат (07.12.2016); фиктивный брак – жалған неке (07.12.2016); лжесвидетель – жалған куәгер (07.12.2016) [4]; СТС: жалған – ложный, мнимый, фиктивный, фальшивый, подделка, лже [5; 6].

- ЗҚ: жаза – наказание, взыскание, кара [3]; БН: взыскание – жаза (14.07.2005); административное наказание – әкімшілік жазалау (07.12.2016); кара – жазалау, жаза (07.12.2016), смертная казнь – өлім жазасы (07.12.2016); взыскание административное – әкімшілік жаза (08.12.2016) [4]. Сонымен қатар взыскание сөзі экономика саласы мәтіндерінде өндіру сөзімен, өндіріп алу сөз тіркесімен аударылады: взыскание убытков – шығындарды өндіріп алу (06.10.1999); взыскание али-

ментов – алимент өндіру (2013); *взыскание имущественное* – мүліктік өндіріп алу (08.12.2016) [4]. СТС: *жаза – наказание, кара* [5]; *взыскание, кара* [6].

- ЗҚ: *тәртіп – дисциплина* [3]; БН: *дисциплина – 1. тәртіп; 2. пән* (1981); *порядок – тәртіп, рет* (1981); *процедура – рәсім, тәртіп* (06.10.1999), *режим – режим, тәртіп* (1981); *порядок – тәртіп, реттілік* (23.12.2010); *дисциплинарная комиссия – тәртіптік комиссия* (07.12.2016) [4]; СТС: *тәртіп – дисциплина, порядок, правила* [5]; *порядок, распорядок* [6].

- ЗҚ: *жасырын – латентный, негласный, скрытый* [3]; БН: *скрытая буква – жасырынба әріп* (02.07.2003), *латентная – жасырын* (1995); *негласное следственное действие – жасырын тергеу әрекеті* (07.12.2016). Алайда мұндағы *скрытый, негласный* сөздерінің басқа баламалары да белгілі: *безработица скрытая – беймәлім жұмыссыздық* (14.07.2005); *негласная проверка – астыртын тексеріс* (22.04.2008) [4]. СТС: *жасырын – латентный, анонимный, негласный, скрытый, тайный* [5], *секрет, скрытый, тайный, конфиденциально по умолчанию* [6].

- БН: *бүлікші – бунтовщик, мятежник* (21.12.2005), «*бүлік*» – *бунт* (07.12.2016); *вооруженный мятеж – қарулы бүлік* (07.12.2016) [4]. Сондықтан «*мятеж*» сөзінің баламасы ретінде «*лаң*» сөзін ұсынамыз: *вооруженный мятеж – қарулы лаң*. СТС: *бүлік – бунт, мятеж* [5].

- БН: *теріс қылық – проступок* (1995), *превратно* (25.01.2000) [4]. СТС: *теріс қылық – проступок* [5], *порочащий проступок* [6].

- БН: *айып – начет, вина, штраф (денежный начет – ақшалай айып* (1981) [4]; *денежный начет – ақшалай айып; начет удержание – ұстап қалу; начет денежный – мойнына ақша салу* (экономика саласына қатысты)); *начет – шығынды мойынға салу* [6]; *штраф – айып* (25.01.2000), *айып – вина* (07.12.2016) [4]. Алайда мұндағы *штраф* сөзінің баламасы – *айыппұл, вина* сөзінің баламасы *кінә* сөздерімен бекітілген: *социальная сущность вины – кінәнің әлеуметтік мәні* [5]; *административные штрафы – әкімшілік айыппұлдар* (14.07.2005); *штраф – айыппұл* (15.02.2017), *вина страхователя – сақтанушының кінәсі* (06.10.1999), *объективная вина – объективтік кінә* (07.12.2016) [4]. Сонымен қатар *кінә, айып* сөздері төмендегі терминдік атаулардың құрамында да кездеседі: *упрек – кінә тағу* (11.12.2014), *обвинение – айыптау* (07.12.2016), *объективное вменение – объективті айып тағу* (07.12.2016) [4].

- БН: хабарлама: *заведомо ложное сообщение* – көрінеу жалған хабарлама (04.03.2003), *авизо* – хабарлама (27.10.2006), *специальное сообщение* – арнайы хабарлама (07.12.2016), *уведомление* – хабардар ету, хабарлама (08.12.2016); *письмо-извещение* – хабарлама хат (08.12.2016) [4]. СТС: хабарлама – *уведомление* [5], *уведомление, извещение, сообщение* [6].

3. Орыс тіліндегі бір түбірлі немесе бір түбірден тараған терминдердің қазақ тілінде әртүрлі нұсқада қолданылуы

Орыс тіліндегі бір түбірлі немесе бір түбірден тараған сөздер қазақ тіліне заңнамада түрліше аударылып, бекітілген. Мысалы, *наркотик* – *есірткі* (1981); *наркобизнес* – *есірткі бизнесі* (07.12.2016); *наркомания* – *нашақорлық* (07.12.2016); *наркоторговля* – *есірткі саудасы* (07.12.2016), алайда *нарколог, наркология* (07.12.2016) [4] сөздері аударылмай алынады. СТС: *наркомания* – *нашақорлық, наркобизнес* – *есірткі бизнесі, наркотик* – *есірткі, нарколог, наркология* [5], *наркологическая помощь* – *наркологиялық көмек, наркотик* – *есірткі* [6]; ЗҚ [3]: *конфликт* – *жанжал, тартыс, дау-жанжал, конфликт* – *жанжал, тартыс* (24.12.2003), *қақтығыс, жанжал* (28.06.2016), алайда *конфликтология* – *конфликтология* (28.06.2016) [4].

Келтірілген сәйкессіздіктерге қатысты мысалдарды тағы да тізбектей беруге болады. Алайда бір мақаланың көлемінде оларды түгендеп шығу мүмкін емес. Дегенмен мына мысалға тоқталмауға болмады. Қазіргі кезде жалпы қоғамда кеңінен қолданылатын *миграция, иммиграция, эмиграция* сөздерінің заңнамадағы қолданысына, бекітілген нұсқаларына және СТС-тегі аудармасына көңіл аударайық.

ЗҚ: *внутренняя миграция* – *ішкі көші-қон; иммиграционная обсерватория* – *көшіп келу обсерваториясы; иммиграция* – *көшіп келу; мигранты* – *көшіп-қонушылар; миграционная политика* – *көші-қон саясаты; незаконные иммигранты* – *заңсыз көшіп келушілер; нелегальная миграция* – *заңсыз көші-қон; эмигранты* – *көшіп кетушілер; эмиграция* – *көшіп кету* [3].

БН: *миграция* – *көші-қон* (14.07.2005); *миграция денег* – *ақшаның көшуі* (27.10.2006), *нелегальная миграция* – *заңсыз миграция* (07.12.2016), *трудовая миграция* – *еңбек көші-қоны* (08.12.2016), *миграция населения* – *халықтың көші-қоны* (08.12.2016); *иммиграционная квота* – *көші-қон квотасы* (07.12.2016), *мигрант* – *көшіп-қонушы* (07.12.2016); *незаконные иммигранты* – *заңсыз көшіп келушілер* (08.12.2016) [4].

СТС: *внутренняя миграция* – ішкі көші-қон; *иммиграция* – иммиграция; *квота иммиграции* – көшіп келу квотасы; *мигранты* – көшіп-қонушылар; *миграционная политика* – миграциялық саясат; *миграция* – миграция; *миграция населения* – халықтың көші-қоны; *незаконные иммигранты* – заңсыз көшіп келушілер; *эмигранты* – көшіп кетушілер; *эмиграция* – көшіп кету [5]; *закон иммиграционный* – иммиграциялық заң; *иммигрант* – көшіп келуші, *иммиграционный земельный фонд* – иммиграциялық жер қоры; *иммиграция* – көшіп келушілік; *мигрант* – мигрант, *көшіп-қонушы*; *миграция* – көші-қон, *миграционная служба* – көші-қон қызметі; *реэмигран* – реэмигран; *эмигрант* – көшіп кетуші, *эмигрант*, *эмиграция* – эмиграция, *көшіп кету* [6].

Сонымен қатар бір ғана сөздің әртүрлі қосымшалар жалғанып немесе жалғанбай аударылып жүрген жайттары да бар. Мысалы, *срок гарантийный* – кепілдік мерзім (27.12.2006); *гарантийный срок* – кепілдікті мерзім (07.12.2016); *гарантийное письмо* – кепіл хат (08.12.2016); *гарантийное письмо* – кепіл хат (экономика); *письмо гарантийное* – кепілхат (08.12.2016), *договор гарантийный* – кепілді шарт (08.12.2016). Сонымен қатар *закладной лист* – кепілдік қағаз (1981), *закладная* – кепілхат, *закладные листы* – кепіл парақтар (27.10.2006), *заклад* – қардарлық (11.12.2002), *закладные листы* – кепіл парақтар (27.10.2006), *закладная* – кепілхат (27.10.2006) [4]; *закладная* – кепілдеме [8]; *закладная* – закладная, *кепілхат* [5]; *закладные ценные бумаги* – кепілхаттық бағалы қағаздар [8]; *гарантийное* – кепілді, *кепілдік*, *кепілдікті* [5], *кепілді*, *кепілдік* [6]; *закладной* – кепілхат [6].

Заң саласы терминдерін қарастыра келе, мынадай жалпы жайттарды бөліп көрсеттік: 1) орыс тіліндегі бір терминнің қазақ тілінде екі немесе одан да көп нұсқада қолданылуы (мұнда қазақ тіліндегі осы нұсқалар орыс тіліндегі басқа терминнің баламасы ретінде де қолданылуы кездеседі); 2) қазақ тіліндегі бір терминнің орыс тіліндегі екі немесе одан да көп терминнің баламасы ретінде қолданылуы (мұнда орыс тіліндегі осы нұсқалар қазақ тіліндегі басқа терминнің баламасы ретінде де қолданылуы кездеседі); 3) орыс тіліндегі бір түбірлі немесе бір түбірден тараған терминдердің қазақ тілінде әртүрлі нұсқада қолданылуы (сонымен қатар бір ғана сөздің әртүрлі қосымшалар жалғанып немесе жалғанбай аударылуы да кездеседі).

Мұндай сәйкессіздіктердің себебін мынадай жайттармен түсіндіруге болады:

1) орыс тіліндегі бір терминнің екі немесе одан да көп нұсқадағы баламасының бекітілуіне қатысты жекелеген жайттардың орын алуына (ұсынылған, мақұлданған, тіпті қабылданған, бекітілген терминдерді қайта қарап, қайта бекітуге) бірқатар лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар (мысалы, саласы мамандарының ғылыми тұрғыда негізделген пікірлері, «тілдік қалыптасу факторы»), терминнің семантикалық әлеуеті, шығу төркіні және т.б.) себеп болады,

2) заңнамада қолданылатын терминдердің бекітілген терминдермен бірізге түсірілмеуіне заңнамада қолданылған терминдерді өзгертуге болмайды деген уәждің алға тартылуы;

3) салалық терминологиялық сөздіктерде қамтылған терминдердің бекітілген терминдер сөздігіндегі баламалармен қатаң түрде сәйкестендірілмеуі.

Алайда қазіргі кезде бұл олқылықтарды жою мақсатында жүйелі түрде жұмыс жүргізіліп отырғандығын баса айтуымыз керек. Біріншіден, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминологиялық комиссия соңғы жылдары термин бекіту жұмыстарын қарқынды әрі сапалы түрде жүргізіп келеді. Екіншіден, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы мен Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары салалық терминологиялық сөздіктердегі терминдерге кешенді сараптама жасаумен айналысуда. Мұндай жұмыстардың нәтижесінде жаңа терминдер бірінші рет бекітуге ұсынылса, кейбір бекітілген терминдерге ғылыми сараптама жасалып, қайта бекітілуге ұсынылады. Сараптама жұмыстары мына негізде жүргізіледі: салалық терминологиялық сөздіктерден іріктеп алынып, бекітуге немесе қайта бекітуге ұсынылатын терминдердің анықтамалары (дефинициялары) келтіріледі; әзербайжан, қырғыз, өзбек, түрік, ағылшын, испан, неміс, француз тілдеріндегі аудармалары (синонимдерімен бірге) беріледі; заңнамадағы қолданысы көрсетіледі; нақты ұсыныстар жасалады. Осындай күрделі де кешенді сараптама жұмыстарының нәтижесінде бекітілген терминдердің баламалары, заңнамадағы қолданысы және салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармалары сәйкестендіріледі.

Ендігі қазақ терминологиясының алдында тұрған басты да қажетті міндеттің негізгісі – терминдерді **СТАНДАРТТАУ**. Осы мақсатта терминдерді стандарттайтын белгілі бір құзырлы орган бекітіліп, терминдердің баламаларын заңдық тұрғыдан бекітіп, стандарттау кезек күтірмейтін өзекті мәселеге айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. –Астана, Ақорда, 2012 жылғы 14 желтоқсан

2. Юсупов К. Ресми мәтіндер аудармасы: сипаты мен ерекшелігі. – Астана: Фолиант, 2011. – 304 б.

3. ЗҚ – <http://adilet.zan.kz/rus>

4. БН – Бекітілген терминдер жинағы. 1971-2011 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы мәжілістерінде бекітілген терминдер жинағы / Жалпы редакциясын басқарған Ш.Құрманбайұлы. Құрастырушылар: С. Сәлемов, Г. Азанбаева. Астана, 2012 жыл. – 384 бет.

5. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік (заңтану). 29-том. –Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2014.

6. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік (іс жүргізу және мұрағат ісі). 28-том. –Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2014.

7. «Қазақ сөздігі» (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) / Құраст.: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков және т.б. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 бет.

8. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік (экономика және қаржы). 27-том. –Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2014.

ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЛИНГВОӘДИСТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Н.Әшімбаева

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми
қызметкері, ф.ғ.к.*

Арнаулы салалардағы тілдің қолданысын лингвистикалық тұрғыдан қамтамасыз ету терминдер қорын жасаумен және оны жүйеге келтірумен тығыз байланысты. Білім беру мен білім алуды, ғылымды игеру мен оны меңгеруді, ақпарат алмасуды ұлт тілінде жүзеге асыру үшін арнаулы лексиканың негізін құрайтын терминдер қоры да сол тілдің мүддесін көздеп, ішкі заңдылықтарын ақтай отырып жасалуы керек. Ал термин жасау, сөз шығармашылығы кәсіби біліктілікті, ерекше ізденімпаздық пен талғампаздықты әрі үлкен жауапкершілікті қажет ететін күрделі жұмыс [1; 3].

Жалпы терминологиялық қорда қамсыздандыру міндетін атқаратын функционалдық ішкі жүйелер кешені, терминологиялық қор элементтерінің құрамы және оның ұйымдастырылуы қамтылады. Терминологиялық қордың жүзеге асырылуы белгілі бір дәрежеде тілдің қолданылуының басқа да тұрпаттарының арасындағы алатын орны және міндеті сияқты факторлармен анықталады.

Тілдің әртүрлі қолданылу тұрпаттарының пайда болуы және дамуы тек тілдегі ғана өзгеріс болып табылмайды. Бұл жағдай сонымен қатар жазу пайда болуымен, индустриалдық полиграфияның таралуымен сипатталатын жалпы адамзат қоғамының елеулі даму кезеңіндегі түбегейлі өзгерісті де көрсетеді. Сөйлеу тілімен және жазумен қатар, айрықша белгілі бір түрдегі тілдің қолданылуы шындыққа айналып отыр. Егер сөйлеу тілі айтушымен де, тыңдаушымен де тікелей байланысты болса, жазбаша тіл актілеріндегі адамның қатынасы әлсізірек болады. Тілдік туынды біртіндеп ақпаратты толық тасымалдаушы сипатқа ие болады [2; 4].

Осылайша, қазақ тілінің ұлттық терминологиялық қорын жасаудың басты себебі – тілді нормалау тәсілдерін оның қолданылу ерекшеліктерімен сәйкестендіру қажеттігі болып табылады. Осыдан барып қа-

зақ тілінің ұлттық терминологиялық қорын тізбелеу міндеті белгілі бір дәрежеде өз алдына дербес болып шығады. Қазақ тілінің ұлттық терминологиялық қоры аса маңызды ішкіжүйелердің бірі болып табылады.

Ұлттық терминологиялық қордың қолданылу ауқымын түсіну үшін жекелеген салалық немесе тақырыптық емес, терминдерге ортақ болып табылатын сипаттамаларды ескерген жөн. Ұлттық терминологиялық қордың біріктірілген жүйесін құру нәтижесінде пайда болатын мұндай ерекшеліктер төмендегідей болып келеді. Қазақ тілінің ұлттық терминологиялық қоры – бұл жекелеген деректерді қолдану мүмкіндігі бар бірыңғай қызмет. Ол күрделі, ауқымды, ұдайы өзгеріп отыратын терминологиялық ақпарат универсумында көпәспектiлi iздестiру мүмкiндiгiн қамтамасыз етедi. Ұлттық терминологиялық қор әртүрлі салаларда қолданылатын терминдердің өзара салғастырылуын жеңілдеті отырып, бүкіл қазақ терминологиясының бірізді сипатталуына қызмет етеді. Ол термин туралы көптеген деректерді жинақтайды да, сол арқылы қазақ терминологиясының біркелкі сипатталуын мақсат етеді. Жалпы алғанда терминологиялық қызмет көрсету деңгейін арттырады. Ұлттық терминологиялық қор өзіне қазақ терминологиясының жаңа құрылымын енгізеді. Әртүрлі қағидағтар бойынша құрылған жекелеген деректердің дербес қолданылуы кезеңінде анықтала қоймайтын, айтылымы жағынан да, мазмұны жағынан да сан алуан салалық терминологияның кірігуі нәтижесінде пайда болатын жаңа құрылымдық байланыстарды айқындайды.

Мұнда сонымен қатар шешілуіне терминологиялық қор ықпал ететін бірқатар таза ғылыми міндеттерді атап өтуге болады: а) қазақ тілінің терминологиялық жүйесін ішкіжүйелер жүйесі ретінде үлгілеу; б) жалпығылыми және жалпытехникалық тезаурустарды қазақ тілінің когнитивтік үлгілері ретінде құру; в) өзге тілдер терминдерінің аясында қазақ терминологиясын салғастырмалы, типологиялық зерттеу, оның ішінде, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде зерттеу.

Қолданыстағы белгілі және жаңа жобаланып отырған терминологиялық қорлар жөніндегі әдебиеттерді талдау терминологиялық қор міндетін төмендегідей типтерге бөлуге мүмкіндік береді:

- технологиялар және өнімдер стандарттарын әзірлеумен, ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп дайындаумен, оқу және анықтамалық әдебиеттерді шығарумен, жарияланымдар дайындаумен, оқытушылық жұ-

мыспен, арнайы әдебиеттерді редакциялаумен айналысатын әр алуан білім саласындағы мамандарға, сондай-ақ шет тілдерін оқытушыларға, студенттерге, әдеби редакторлар мен тұтынушылардың кейбір басқа да санаттарына анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсету;

- ғылыми-техникалық әдебиетті дәстүрлі аударуды қамтамасыз ету;
- ақпараттық жүйелерді, басқару, жобалау жүйелерін лингвистикалық жағынан қамтамасыз ету;
- терминологияны ретке келтіру және терминологиялық сараптамалар жасау бойынша жұмыстарды қамтамасыз ету;
- терминологиялық сөздіктер түзу және басып шығару;
- терминдер анықтамаларын біріздендіру.

Қолданыстағы терминологиялық қордың көпшілігі ғылыми-техникалық әдебиетті аудару үшін құрылған, алайда нәтижесінде бұған басқа да міндеттер қосылды. Қазіргі кезде ірі деректер қорында көпфункционалдылық үрдісі байқалады [3; 61].

Міндеттің әрбір типі пайдаланушылардың нақты бір санатына бағытталған және терминологиялық деректерге қатысты белгілі бір элементтердің болуын талап етеді. Мысалы, анықтамалық терминологиялық қызметтердің негізгі бөлігі терминдер мағыналарының шегін, олардың қолданылу дәрежесі мен сипатын анықтаумен, сонымен қатар терминдердің қолданылуын ретке келтіретін қолданыстағы нормативтік құжаттар мен өзге де материалдарды іздестірумен байланысты болады. Аудармашылар үшін қолданылу ерекшеліктері туралы ақпараты бар шеттілдік терминдердің дәл баламасы қажет. Мәтіндерді морфологиялық, сөзжасамдық және синтаксистік талдау және жинақтау үшін терминдер туралы грамматикалық ақпараттың болуын талап етеді. Терминдерді ақпараттық-іздестірудің лексикалық бірліктері ретінде пайдалану синонимдік, гипонимдік (тектік-түрлік), партитивтік және ассоциативтік байланыстардың, сол сияқты ақпараттық құжаттарда терминдердің қолданылымдығы жөнінде мәліметтердің болуын қажет етеді. Терминологиялық жұмыстар бірінші кезекте терминшілерді қарастырылып отырған және іргелес пәндік салалардағы бір ізге келтірілген терминдер туралы деректермен, сонымен қатар терминдердің қолданылуы туралы ақпаратпен қамтамасыз етуі қажет. Сан салалы лексикографиялық материалдарды дайындау және лингвистикалық, терминологиялық зерттеулерді жүргізу үшін жан-жақты, берері мол мәліметтер

аса қажет. Мұнда терминдердің фонетикалық және графемдік сипаттамасы, қолданылу саласы, олардың жасалу тәсілдері мен үлгілері туралы деректер қоса беріледі.

Барлық сөздіктер (ал ұлттық терминологиялық қорды айрықша типтегі автоматтандырылған сөздік ретінде қарастырған жөн) негізгі екі қызметті атқарады – тізбелеу және нормативтік (дескриптивтік және прескриптивтік).

Жалпы терминологиялық қорды ұйымдастыру мен терминологиялық ақпаратты жинаудың бірінші кезеңінде тізбелеу мәселесі – қолданыстағы терминология мен ол туралы әртүрлі дереккөздерде тіркелген ақпаратты барынша сипаттап беру мәселесі ерекше орын алады [4; 27].

Ұлттық терминологиялық қордың мақсаты – ғылыми-техникалық сөйлеу актілерінде тілдік норманы жүзеге асыру болып табылады. Алайда ғылыми-техникалық тілдің барлық элементтерін тізбелеудің негізінде осы норманы алдын ала анықтап алмайынша, тілдік норманы жүзеге асыру мүмкін емес.

Ұлттық терминологиялық қордың тізбелеу қызметі мынаған бағытталады:

- терминологиялық лексиканы барынша толық қамту және жан-жақты сипаттау;
- терминологиялық лексиканың барлық қолданылу аспектілерін көрсететін алуан түрлі дереккөздерді барынша енгізу;
- терминологиялық жүйелерді жасау мен дамытуға ынталы барлық ұйымдармен қарым-қатынас орнату.

Ұлттық терминологиялық қордың нормативтік қызметі, ең алдымен мынандай жағдайларда көрінеді: ол арнаулы тілдік стильдерді белгілі бір деректерге сәйкес лексикалық құрамға енгізе отырып, олардың практикалық тұрғыдан жасалуына қатысады, сөйтіп ұлттық терминологиялық қор бірыңғай, бірегей және жалпымемлекеттік тілдік орган ретінде құрылымданатын болады.

Ұлттық терминологиялық қор ғылыми-техникалық қарым-қатынас саласындағы тілдік қолданысты анықтай отырып, тілдің барлық стильдері мен салаларына жаппай ықпал етеді. Бұл ықпал жалпытілдік норманы тұрақтандыру және дамыту бағытында болуы тиіс. Сондықтан да нормативтік қызмет саналы түрде ұлттық терминологиялық қор жасаудың мақсаты ретінде қойылады. Оның аясына қазіргі таңда жеке-жеке қолданылатын төрт нормалаушы (қалыптандырушы) ағым біріктірілген:

- мемстандарт басылымдарында бекітілген терминдер мен анықтамалар стандарттары бойынша ғылыми-техникалық терминологияны стандарттау;

- мемтерминком бюллетеньдерінде көрсетілген ұсыныстар бойынша ғылыми терминологияны нормалау;

- сәтті терминдер (дескрипторлар) мен сәтсіз терминдерді (аскрипторлар) бөліп алуға қатысты ақпараттық-іздеу тілінің лексикалық бірліктерін ажырату;

- белгілі бір терминді қолдану жөніндегі эпизодтық жарияланымдар мен ұсыныстарда көрсетілгендей тіл мәдениеті мамандарының жеке күш-жігерін салуы.

Осы топтар негізіне алынған бағыттар терминологиялық қорға енгізілген әр терминнің арнайы сипаттамаларында беріледі. Нормалаушы қызмет лексикалық қорды жинақтау және құрылымдау барысында, сол сияқты одан кейінгі деңгейлерінде де көрінеді. Оның мәні – терминологияның бірізді сипатталуына деген талпыныс болып табылады, нақты айтқанда:

- лексикалық қордың құрамын анықтау және олардың бірізді болу тәртібін ұйымдастыру біркелкілігі;

- терминологиялық ақпаратты ұйымдастыру біркелкілігі;

- терминологиялық ақпаратты құрылымдық ұйымдастыру үшін бірыңғай жіктеу жүйесін немесе үйлесімділік құралдар жиынтығын пайдалану [2; 11].

Болашақта ұлттық терминологиялық қор қарым-қатынастардың барлық түрлерін терминологиялық ақпаратпен қамтамасыз ететін болады. Мұнда практикада қолдану үшін ғылыми-техникалық терминдерді семантикалаудың компьютерлік жүйесін жасау және енгізу міндеті алдыңғы орынға шығады. Бұл міндетке және бір анағұрлым дәстүрлі міндет қосылады, ол – осы семантикаланған терминдерді адамға барынша «ақпараттық ыңғайлылық» жасау мақсатында тікелей пайдалануға ұсыну. Мұнда ұлттық терминологиялық қордан алынған деректер жоғарыда аталып өткен бағыттарда қолданылады. Кез келген тұтынушыларға қызмет көрсететін тұрпаттарға қатысты төмендегі жағдайларды айтар едік:

- деректер қорына телеқолжетерлік тәртіпте орындалатын жекелеген терминдер бойынша анықтамалар, бұл жерде жазысу және телефон арқылы алынған анықтамалар да қоса ескеріледі;

- терминдердің жекелеген тақырыптық салалары немесе санаттары бойынша алуан түрлі терминологиялық сөздіктердің басылымдары (анықтамаларды, стандартталған терминологияны, аударма сөздіктерді, тезаурустарды қоса алғанда);

- қазақ тілі терминологиялық лексикасының жай-күйі және қолданылуы жөнінде ғылыми есептер мен шолулар дайындау.

Шетелдік терминологиялық деректер қорын жасау және қолдану тәжірибесіне жасалған талдау бұл қорлардың арнаулы терминологиялық қызметтерде қолданылып отырған терминологиялық қабаттардың негізінде жасалғандығын көрсетеді және оларды төмендегідей негізгі типтерге бөлуге болады:

- терминологиялық лексикографияға бағытталған терминологиялық орталықтар;

- ірі фирмалардың, мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың аударма қызметтері;

- стандарттау қызметтері.

Қызметтер шетелдік терминологиялық қорлардың типологиясына да сәйкестендіре бағытталуы тиіс, оларды былайша топтастыруға болады: лексикографиялық, аудармашылық, нормативтік, зерттеу.

Аталған барлық типтердегі терминологиялық деректер қорлары көп-тақырыпты болып табылады. Шетелдік терминдер қорларының арасында қазіргі кезде салалық принцип бойынша ара-жігі ажыратылған қорлар жоқ, олар нақты міндеттердің шешілуін қамтамасыз етуге тиісті қызметтердің бағыт-бағдары, сонымен қатар өңделетін терминологиялық ақпараттың сипатымен анықталатын маманданулар арқылы ерекшеленеді.

Біздің елімізде ұлттық терминологиялық қор құру жұмысы әлі де кеңінен өріс ала алмай отырғандығына орай, бұл жұмысты жобалаған кезде жинақталған шетелдік тәжірибені пайдаланған жөн. Алайда бұл жерде еліміздегі ғылымның, экономиканың, өнеркәсіптің, ақпараттың ұйымдастырылу ерекшелігін, сонымен қатар көптеген ұйымдардың толық шаруашылық есепке көшуге және өзін-өзі өтеуге бағытталуын ескеру қажет [2; 19].

Сондықтан ұлттық терминологиялық деректер қорының ұйымдық-функционалдық құрылымын жобалаған кезде қолдағы бар терминологиялық деректерді, арнайы дайындалған тиісті мамандармен қамта-

масыз етілуін, ұйымдарда есептеу техникасы құралдарының болуын ескеру қажет. Осы факторларды ескерген жағдайда ғана ұлттық терминологиялық қордың жалпы типологиясы негізінен шетелдік жүйеге барабар болады.

ҰТДҚ (Ұлттық Терминологиялық Деректер Қоры) қызметі Мемлекеттік терминологиялық комиссия, Мемстандарт және басқа да министрліктер мен ведомстволар, ұйымдар деңгейінде бекітілген құжаттар негізінде ұйымдастырылуы қажет, бұл аталған ұйымдар мынандай жұмыстарға қатысады:

- ҰТДҚ (ұлттық терминологиялық деректер қоры) туралы ереже (ҰТДҚ негіздері);

- мамандандырылған ҰТДҚ туралы типтік ереже;

- мақсатты түрде қаржыландырылатын ұзақмерзімдік, бесжылдық және жылдық жоспарлар;

- терминологиялық ақпаратты әртүрлі тасымалдағыштарда және байланыс арналары бойынша айырбастау тәртібі.

Мұнымен қатар әдістемелік құжаттама жиынтығына типтік әдістемелер мен нұсқаулықтар, сол сияқты желі қатысушыларының өзара міндеттерін ретке келтіретін құжаттар қамтылуы тиіс. Осылайша, ҰТДҚ-ның жинақталуы әр жерде – бүкілодақтық, республикалық, салалық, салааралық және аумақтық ұйымдарда жүзеге асырылады.

Уәжділігі/уәждеделмегендігі бойынша жіктелім мағыналары олардың құрылымымен түсіндірілетін немесе түсіндірілмейтін терминдер бар екендігін көрсетеді. Бұл жағынан алғанда, толық уәждеделген (*газ құбыры*), ішінара уәждеделген (*Паркинсон ауруы*), толық уәждеделмеген (*ромб*), сондай-ақ жалғануәждеделген (*найзағай бұрғыш*) терминдер бар.

Негізгі дереккөздік тілге қарай терминдер байырғы (*орда, жасақ, сарбаз*), кірме (*дисплей – ағылшын сөзі; квершлаг – неміс сөзі*), аралас (*металтану, автобасқару*) болып бөлінеді.

Ғылым және техника саласында міндетті түрде нормалануы тиіс болып табылатын терминдер бар: мысалы, радиожиілік терминдері халықаралық деңгейде нормаланған, себебі бұл теңізде жүзушілердің, авиаторлардың және тағы басқалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет. Әдетте, бұл терминдер халықаралық болып табылады, олардың семантикасы халықаралық ұйымдардың шешімдерімен нормаланады [2; 21].

Анықтама (дефиниция) – термин семантикасын ашудың аса маңызды құралы. Сөздікте анықтама сөздік мақаланың алғашқы сөйлемін білдіреді. Ол терминнің семантикалық басым белгілерін көрсетеді де, әдетте стандартты үлгілер бойынша түзіледі (сал., тектік-түрлік анықтамалар, партитивтік анықтамалар, операциялдық анықтамалар және т.б.). Жарияланған сөздік- дереккөздердегі анықтамаларды дәл сол күйінде беру керек. Мәселен, *құрастыру бірлігі* – құрастыру операциялары арқылы өзара біріктірілген бірнеше бөліктерден (бөлшектерден) тұратын бұйым; *склерометр* – металдар мен әртүрлі кристалдардың қаттылығын (беріктігін) өлшейтін құрал; *судың ауытқуы* – судың өзге материалдардан физикалық қасиеттері бойынша ауытқуы; *акцент* – дыбысты немесе дыбыстар кешенін (аккордты) ерекшелеу, айырықша айту арқылы көрсету және т.б.

Оқу құралдары мен ғылыми әдебиеттерді пайдаланғанда мәтіндегі анықтаманың сөздіктегі анықтамадан ерекшеленетіндігін ескерген жөн. Мәтіндегі анықтама құрылымы, тілі, терминге телу тәсілі жағынан алуан түрлі болып келеді. Сондықтан да мұндай анықтамаларды ҰТДҚ-ына енгізу кезінде бірқатар сарапшылық өңдеулер қажет болады.

Мысалы, *тойтармалы біріктірілім* – тойтармалар арқылы іске асырылатын ажырамас біріктірілім. Мұны оқу құралының мәтіндегі анықтамамен салыстырып көрелік...*тойтармалы біріктірілімдер* – тойтармалар арқылы іске асырылатын біріктірілімдер ажырамас біріктірілімдер санатына жатады...

Кейбір жағдайларда жарияланған дереккөздердегі анықтамалардан өзгешелеу етіп беру немесе осы кезге дейін ешбір анықтамасы берілмеген терминді анықтау қажеттілігі туындайды. Мысалы, *тақырыптық айдар* – құжат тақырыбының берілуі; *таңба денотаты* – таңбамен белгіленген нақты зат, дерек немесе қарым-қатынас және т.б.

Бір терминнің қолданыстағы анықтамасын өзге терминдерден тәуелсіз жағдайда нақтылауға тырысуда абай болған жөн; бір жағынан жақсартудың нәтижесі екінші жағынан күрт төмендетуі мүмкін, осының әсерінен терминологияның бүкіл семантикалық жүйесі бұрмаланады. Сондықтан белгілі анықтамаларды сәл ғана өзгертудің өзі, сол сияқты осы кезге дейін анықталмаған терминдерді анықтау белгілі бір салалық анықтамалардың тұтас жүйесін ескере отырып, аса ыждағаттылықпен жүргізілуі тиіс [1; 32].

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Ш.Құрманбайұлы. Терминқор қалыптастыру көздері мен термин-жасам тәсілдері. – Алматы. 2005 ж.
2. Лингвистическая концепция терминологического банка данных машинного фонда русского языка (проект). Под ред. Проф. А.С.Герда. – Москва. 1989.
3. Самбурова Г.Г. О нормативности как цели терминологической работы // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. А., 1983.
4. Сифоров В.И., Канделаки Т.Л. Методологические аспекты терминологической работы (Из опыта Комитета научно-технической работы) // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. – А., 1983.

ТЕРМИНДЕРДІ ҚАЛАЙ ДҰРЫС БІРІЗДЕНДІРЕМІЗ?

Н.Шүленбаев

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Терминология бөлімінің ғылыми қызметкері

Терминологияны бұрыс, жүйесіз құру, оны мұқият және ретті қолданбау салдарынан пайда болған терминологияның қанағаттанарсыз жағдайы кейіннен кейде практикалық қателерге алып келеді, күмәнді және қате түсініктер жасауға ықпал етеді, оқырманнан артық уақыт пен еңбек шығынын талап етеді. Терминологияны реттеу жөніндегі жұмыстар терминология жұмыстары қағидаттарының тиісті білімдерінсіз орындалған жағдайда қажетті нәтиже бермейді.

«Терминологияның тағы бір кемшілігіне бір түсінікке бірнеше терминді қолдану (терминдер синонимиясы) болып табылады. Термин-синонимдерге мынадай мысалдар келтіруге болады: «жанды күш» және «кинетикалық энергия», «күштер жүйесінің бас векторы» және «қорытындылаушы күш» (теориялық механика), «көлденең күш», «кесу күші», «үгілу (жарылу) күші», «ығыстыру күші», «қиюшы күш» (құрылыс механикасы). Жалпы тіл сөздерінің көпмағыналылығы мен синонимиясы тілдің икемділігі мен байлығына ықпал етіп, заңдылық құбылыс болған жағдайда терминдердің көпмағыналылығы мен синонимиясы терминологияның елеулі кемшілігі саналады. Көпмағыналы терминдер терминологияның дәлсіздігін тудырады, практикалық қателерге әкелуі мүмкін, ал термин-синонимдер терминологияны қажетсіз баяулатады, мамандар арасында бір-бірін түсінбеушілікке, ерекше терминологиялық диалектілердің тууына алып келеді» [1; 4].

Терминологияны біріздендіру барлық аталған кемшіліктерді жоюды мақсат етеді. Бұл кемшіліктерді кейбір сәтсіз терминдерді қарастырып және оларды басқаларымен ауыстырумен шешуге болмайды. Белгілі бір саланың терминологиясын біріздендіру үшін белгілі бір пәннің түсініктер жүйесіне сәйкес келетін терминдерді жүйеге келтіру қажет.

Көптеген пәндерде түсініктер жүйесі жоқ болғандықтан, терминологияны біріздендіру жұмысын да аталған пәнді түсініктер жүйесіне, яғни, олардың арасында байланыс орнату, топтастыру мен анықтама-лар құрудан бастауға тура келеді.

«Сондықтан, терминологияны біріздендіру мен әзірлеу бойынша сәтті

жұмыс үшін, жалпыдан жалқыға бару үшін, жалпы (түрлік) ұғыммен бірге (мысалы, коррозия) сол түсініктің түрлеріне (химиялық коррозия және электорхимиялық коррозия), ішкі түрлерге (газдық, сұйық, атмосфера-лық, топырақтық), топтарға және т.б. бөлінуін беру арқылы түсініктердің ғылыми негізделген топтастырылуы мейлінше қажет» [1; 5].

Әдетте, сөздіктерде бірізділік қағидасы, яғни, сөзтізбедегі тірек сөз (түбір сөз) қалай аударылып берілсе, одан жасалған туынды сөздер де сол негізді сақтап тәржімеленіп (ұялату әдісімен) берілгені дұрыс. Сонда терминдердегі бірізділік, реттілік сақталады әрі сөздіктен кез келген сөзді іздеген адам бірден тауып алады. Ал бір орысша сөз бірнеше нұсқада немесе оның туынды түбірі басқа сөзбен аударылып берілсе, нағыз шатасу орын алады да негізгі сөздің туынды түбірінің қалай аударылғанын табу қиындық тудырып жатады. Тағы айтарым: «орыс тіліндегі бір сөзге қазақ тілінен бір ғана сөзнұсқа беру» қағидасы сақталса, сөздік қорымыз да байитын еді әрі сөздерді сөздіктерден ешқандай қиындықсыз тауып алуға болар еді.

Ғылыми атақтарды біріздендіру жайында ғалым М.Серғалиев: ... баспасөз беттерінде «педагогика ғылымдарының докторы», «психология ғылымдарының кандидаты» деу қазақ тілінің заңдылықтарын сақтамағандық болады. Бірде автордың дәрежесі «педагогикалық ғылымның докторы» деп те жазылды. Қазақ тілінде көптік мағынаны сөздің жеке-ше тұрған күйімен де беруге болады. Сондықтан педагогика ғылымы (ғылымдары емес) академиясы», «психология ғылымының (ғылымдары емес) докторы» түріндегі атауларды қалыптастырған мақұл», - дейді [2; 56].

Бүгінге дейін терминдерді жазуда да ала-құлалық сақталып келеді. Термин қолданыстағы бірізділіктің жоқтығы жайында жиырмасыншы жылдары Сәкен Сейфуллин «Оқу-білім майданында» мақаласында бір адамдар «Халық ағарту комиссариаты» деп жазса, басқалары «Оқу халық комиссариаты» деп жазатынын, бұл атауды ретке келтіру қажет екенін айтады [3; 67].

1991 жылы «Аламан» жинағын құрастырушылар «Бұқарадағы Көгіл-таш медресесенің салынуы туралы әпсана» деп тақырып қойып, кітап соңындағы түсінікте *предание* – аңыз деп көрсетіпті. Х.Досмұхамедұлы мұны «В.В. Бартольд-Туркестанские друзья и почитатели» жинағында «легенда» түрінде берген [4; 193-196].

Ғалым С. Қасқабасов қазақ фольклорын жүйелеу, біріздендіру барысында «легенда» ұғымына «әпсана-хикаят» терминін алуы жөн санайды. Әпсана-хикаяттың мақсаты – баяғыда болған не болатын бір керемет оқиғаның әрекетті немесе жағдайды көркемдей баяндау арқылы тыңдаушыға ғибрат беру [5; 153-154].

«Термин шығармашылығы кезінде жарыса қолданылып жүрген баламалардың біріне тоқталып, оны арнаулы ұғымның атауы ретінде терминологиялық лексикада тұрақтандыру процесін біріздендіру деп түсінетініміз белгілі. Біріздендіру жұмысы, ең алдымен, ұғым мазмұнын дәл бермейтін, терминге қойылатын талаптарға сай келмейтін атаулардан арылып, сәтсіз жасалған баламалар мен терминологияда ретсіздік туғызып, жарыса қолданылып жүрген нұсқаларды сараптан өткізіп, солардың бірін тілде орнықтырудан бастау алуға тиіс» [6; 124-б.].

Біріздендіру (унификация) – әртүрлі ұлттық тілдердегі терминдермен аталатын ғылыми және техникалық ұғымдардың сәйкес келуі.

Тілдегі сөздерді сөздіктерде бірізді берудің мынадай екі жолы болуы қажет:

1. Көлбеу (горизонталды) біріздендіру. Біріздендірудің бұл түрі бойынша аударылған кірме сөзге берілген бірнеше жарыспалы нұсқаның Терминком қабылдағанын ғана сөздікте беру. Ол былайша қолданыс табады:

Публицистика – *публицистика, беренсөз, замансөз, қоғамсөз, көсемсөз, мәндісөз*, немесе

Принцип – принцип, қағидат, қағида, ұстаным.

2. Тік (вертикалды) біріздендіру. Бұл біріздендіру жолы бойынша аударылып берілген кірме сөздің түбірлес сөзі де, ол сөз қатысқан тіркес сөз де негіз сөз қалай аударылса, сол нұсқада аударылуы қажет. Бұл жағдайда да Терминком бекіткен нұсқа алынуы қажет. Ол мынадай көрініс табады:

Публицистический – *публицистикалық, беренсөздік, замансөздік, қоғамсөздік, көсемсөздік, мәндісөздік*.

Публицистика информационная – *ақпараттық публицистика, ақпараттық көсемсөз*.

Публицистика художественная – *көркем публицистика, көркем көсемсөз*.

Публицистический рассказ – *публицистикалық әңгіме, көсемсөздік әңгіме*.

Публицистическая повесть – публицистикалық хикаят, көсемсөздік хикаят, немесе

Принципиальный – принципті, қағидатты, қағидалы, ұстанымды.

Принцип абстракции – абстракция қағидаты, абстракция принципі, абстракция қағидасы, абстракция ұстанымы.

Принцип двухзначности – қайшылық қағидаты, қайшылық принципі, қайшылық қағидасы, қайшылық ұстанымы.

Ескерту: мұнда белгіленген сөз терминком бекіткен нұсқа саналады, сондықтан сөз қолданыста, сөздіктерде сол термин ғана қолданылуы тиіс және басқа жарыспалы сөздерді берудің еш қажеті жоқ.

Жалпы біріздендіру жұмысы терминді Терминком бекіткенге дейін жүргізілуі қажет. Ол үшін мынадай жұмыстар жүргізілуі тиіс:

- терминологияның бұған дейінгі сандаған принциптерін жинақтап, нақты да тиімді, заман, қоғам талабына, сұранысына сай саны ықшамды қағидаттар жасау;

- Терминком терминді бекіткенге дейін талқылайтын ғылыми-әлеуметтік орта қалыптастыру;

- біріздендіру жұмысын Терминком бекіткенге дейін жүргізуді, яғни Терминкомның тек бірізденген сөзді (терминді) бекітуін іске асыру;

- Терминком бекіткен терминдер мен атауларды мерзімді баспасөзде жиі жариялап тұру ісін жолға қою;

- бекітілген терминдерді насихаттау жұмыстарымен айналысу;

- Терминком бекіткен терминдердің тек ғылым саласында, ғылыми стильде ғана қолданылуын қадағалау, яғни терминқолданыста жарыспалылықтың, синонимділіктің, көпмағыналалықтың, қарапайым немесе жаргон сөздердің болмауын назарда ұстау;

- жарыспалылық, синонимділік, көпмағыналылық тек қана көркем әдеби, ауызекі, т.б. тілде қолданылатыны жайлы түсінік жұмыстарын жүргізу;

- мемлекеттік органдардан, мекемелерден, жарнама иелерінен терминдерді дұрыс жазу, қолдануды талап ету.

Туыстар түркі тілдерден терминалмасу, түркі тілдестердің бірыңғай ортақ терминологиялық қорын қалыптастыру, туыс тілдер арасындағы терминдерді біріздендіру ісімен шұғылдану да – заман талабы.

Бұл жұмыстарды жүзеге асыру үшін Терминкомның құзыретін арттыру керек. Терминком тек терминдерді бекітіп, реттеп отыратын ғана емес, солардың дұрыс қолданылуын бақылап отыратын да орган

болуы қажет. Және де термин шығармашылығымен айналып жүрген ғалымдар сол Терминкомның мүшесі болуға тиіс. Ол мүшелер әр аймақта, жергілікті жердегі іс қағаздарында, жарнамаларда, БАҚ-тарда, т.б. терминдердің Терминком бекіткен нұсқаларының қолданылуын, термин қолданысында жарыспалылықтың болмауын талап етуге құқылы болғаны жөн.


Соңғы жылдары аударылған немесе жасалынған терминдердің көпшілігі тілімізге сіңісіп кетті, ал кейбірі жалпы қолданысқа түсе алмады. Кезінде терминжасам процесінде асығыстыққа, науқаншылыққа да жол берілді. Терминге қатысы жоқ, маманданбаған адамдар термин шығармашылығымен айналысып кетті. Ағымдағы жылы Елбасы бас болып, жалпы қазақ қоғамы мен Терминком қостап бұрынғы, кейбір терминдердің халықаралық атауын қайта қайтару жайы сөз болуда. Бұған байланысты «Терминком kz» порталының мәліметі мынадай:

- 1971-1991 жылдары бекітілген терминдер саны – 2748 (оның ішінде шет тілдік атауы сақталғаны – 41.0 %, қазақ тіліне аударылғаны – 19.7 %, шет тілі және қазақ тілі сөзінің араласқаны – 39.3 %


- 1992-2016 жылдар аралығында бекітілген терминдер саны – 15963 (оның ішінде шет тілді атауы сақталғаны – 35.3 %, қазақ тіліне аударылғаны – 23.3 %, шет тілі және қазақ тілі сөзінің араласқаны – 41.4 %;

- тек соңғы жылдары терминком 8000 мың жаңа термин бекіткен.

Бұл мәліметтерді мынадай диаграммада көрсетуге болады:



1-сурет – 1971-1991 жылдары бекітілген терминдердің көрсеткіші



2-сурет – 1992-2016 жылдары бекітілген терминдердің проценттік көрсеткіші

Аталған мәліметте Терминком *фонтан, фортепиано, хирург, композитор, балкон* ретінде бекіткен терминдердің халық арасында, тиісінше, *субұрқақ (бұрқақ, шаптырма), күйсандық, оташы, сазгер, қылтима* болып қолданылып жүргені сөз болады. Бұл типтегі сөздер енді қайта қаралады делінген. Бұрын қазақ тіліне *мұрағат, мұражай, мәселе, үдеріс, апат болып аударылған архив, музей, проблема, процесс, авария* сөздеріне бұрынғы халықаралық атауы қайта қайтарылып бекітілді. Сонымен қатар, Терминком бекіткен, мысалы, *ұйық (носки), компас (құбылнама), көзек (глазок), салынишақ (брелок), тәсім (схема)* сынды көптеген атаулар халық арасында қолданыс таппағаны, оларды қайта қарастыру қажеттігі айтылған. Сондай-ақ, ағымдағы жылы *әнұран (гимн), пайыз (процент), иегер (лауреат)* сөздерінің де қайта талқыланатыны хабарланған. Сонымен, тәуелсіздік жылдары қазақ тіліне аударылған біршама сөздерге халықаралық атауы қайта берілетін болады. Бұдан терминжасамда кезінде науқаншылыққа, асығыстыққа жол берілгендігі байқалады.

Тілдегі сөздерді қолдануда ғылыми стил мен көркем әдебиет, ауызекі, т.б. стилдер қоланылатыны белгілі. Олай болса, ғылыми стилде тек Терминком бекіткен терминдер ғана қолданылуы қажет, өйткені терминге

жарыспалылық, синонимділік – жат нәрсе. Ал бұл ұғымдар тек көркем әдебиет, ауызекі және т.б. стилдерде қоданылылуы заңды құбылыс болуы тиіс, өйткені жарыспалылық, синонимділік, көпмағыналылық әдеби тілдің сөздік қорын байытып, терминжасаудың негізгі көзі саналады, Мұнда әдеби тілден терминге өту үрдісі жүретін болады. Әдеби тілінде синоним, жарыспалы сөздер неғұрлым көп тілдер бай тіл болып саналады. Ендеше, ол сөздердің термин болу, терминдену мүмкіндігі жоғары. Сонда біздің айтарымыз, ғылым тілінде, ғылыми стилде тек Терминком бекіткен сөз ғана қолданылауы керек те, сөздердің жарыспалы нұсқалары, синонимдер, көп мағыналы сөздер басқа әдеби стилдерде (көркем әдебиет, іс-қағаздары, ауызекі) қолданыла берілуі қажет.

Мысалы, *публицистика* сөзін Терминком *публицистика* ретінде бекітсе де, оның әдеби және ауызекі, т.б. тілде *беренсөз, замансөз, қоғамсөз, көсемсөз, мәндісөз* жарыспалы нұсқалары (әсересе, жазушылар, журналистер арасында айтылатын «*көсемсөз*» сөзі) құлаққа жағымды да естіледі, сөзжасам талаптарына да сай, жиі қолданылады әрі ол заңды да. Өйткені, тіл – тұтынушысы бар жанды құбылыс іспетті. Бұл сөздердің де бірін келешекте терминком *публицистика* сөзінің аудармасы, яғни термин сөз ретінде бекітуі де мүмкін. Олай болса, терминком бекіткен сөз ғылыми стилде, ал бекітпеген өзге жарыспалы сөздер басқа стилдерде қолданыла берілуі - үздіксіз процесс.

Әдеби тіл сөздерінен өзге тілде қарапайым, арго, жаргон сөздер бары да рас. Бүгінде ауызекі тілде қолданылып жүрген *қылтима, шаптырма, шомылма* сөздерін түсінбейтін жұрт оларды «Терминком бекіткен» деген жалған ақпараттар таратып қалады, Бұған айтарымыз: Терминком ондай сөздерді бекітпейді және бұл сарындас сөздер жаргон сөздер ретінде халық арасында қолданылыла береді әрі әдеби тіл элементі болып саналмайды. Тіпті ондай сөздерді терминжасам қағидатынан бейхабар біреулер әдейі жазып қолдануы да мүмкін. Балкон сөзінің тілде *қылтима, самалдық, балахана* нұсқалары қолданылып жүр. Бірінші сөз жаргон сөз болса, кейінгі екі сөздің болашақта құрылыс термині ретінде қабылдану мүмкіндігі бар.

«Түсіндірме сөздікте» балахана сөзіне мынадай анықтамалар берілген: Балахана зат. 1. *Үйдің екінші қабатында болатын төбесі ашық құрылыс бөлігі, балкон. Балаханада жатқан қарт осы жорықта дертке шалдықты* (Д. Досжанов. Тұлпар). Лянжау үйлері қора ішінде, сыртқы

кабырғалары тесіксіз тұтас, көбінің төбесінде «балахана» аталатын қондырмалары бар (С. Мұқанов. Алып адым.). 2. *Балалар бөлмесі*. Оң жақ қатарда өзге балалары мен күтушілер тұратын *балахана* (С. Мұқанов. Аққан жұлдыз). 3. *Көші-қон кезінде түйенің үстіне салынатын қом*. Сейтбектің бәйбішесі таяқ тастам жерге жүруге қаншама әзірленіп, ақ бас атан қомданып, балахана артқызып, басын бір қызға жетектетіп, артынан екі жігітке айдататын (М. Мағауин. Аласапыран). Өңмендеп келе жатқан үзік керуен қалт кідірді. Соңғы түйедегі балаханадан тағы сарнаған жат үн шықты (Д. Досжанов. Жібек) [7; 671].

ТС-те *субұрқақ* сөзі былайша берілген: *Субұрқақ зат. Қысым күшімен құбырдан, түтіктен не басқа бір көзден жоғары атқылайтын сұйықтық шапсымасы*. Римнен аттанарда Требус бұрқағындағы ауызға шақа ақша-монета тастап кетсеңіз, бұл жерге қалайда қайтып ораласыз деген сенім-наным бар (С. Абдрахманов, Елдік сыны). Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, сондай-ақ шаруашылық субъектілері өкілдеріне субұрқақтар мен сужылғаларын тиісті деңгейде ұстап тұру тапсырылды («Алматы ақшамы») [8; 119].

Сөздікте *балкон* сөзінің баламасы ретінде ауызекі тілде қолданылып жүрген қылтима сөзі емес оның «*өкпелегіш*» (сын.е.) мағынасы берілген. *Бұрқақ* сөзі «*жел*» мағынасында беріліпті. Ал самалдық сөзі «Самалдық зат. этн. 1. *Ұзақ сапардан адам әкелген сәлемдеме, сый-сияпат*. Самалдық зат. өс. 2. *Көкөніс дақылы*» деген анықтама берілген.

Қазіргі таңда Терминком қайта қарастырғалы жатқан *архив, музей, процесс, авария* сөздерінің тілде, тиісінше, *мұрағат, мұражай, үдеріс, апат* сияқты сәтті аудармалары тілде, халық арасына барынша сіңісіп қалған еді. Алайда біреулерге ұнамады деп оларды қайта бұрынғы нұсқасына көшіру де дұрыс болмас деп ойлаймыз. Ал олай болған жағдайда олар әдеби тілде жарыспалы түрде қолданылып жүрері ақиқат.

Терминжасам қағидаттарының мынадай түрлерін ұсынуға болады:

1. «Ана (қазақ) тілінің өз, ішкі мүмкіндігін пайдаланып терминжасау қағидаты. Ол былай жүзеге асады: а) кірме сөзге тілімізден қажетті жаңа балама сөз (*айтылым, жасалым, көптесім, мәндесім, қарсыласым, аттасым, әдістеме, буынтаным*) табу; ә) байырғы көнерген сөздерге (*құн, бәйге, тұсаукесер, жасақ, айдауыл, қарауыл, алқаби, шолғыншы*) жаңа терминдік мағына үстеу арқылы термин жасау; Мұнда тілдігі ертегілерден, тұрмыс-салт жырлары, қисса дастандар, тіпті ауызекі тілде-

гі сөздерді де алуға болады; б) кірме терминдерді сөзбе-сөз (калькалау) аудару.

2. «Туыстас түркі тілдерінен термин алу (ұшақ, т.б.)» принципі. Бұл ортақ түркілік терминологиялық қор қалыптастыруға, түркі тілдерінің ықпалдасуына септігін тигізері сөзсіз.

3. «Кірме терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшелігін ескере отырып қабылдау (*режім, реліс, зауыт, сиез*)».

4. «Аударуға келмейтін және дүниежүзінің бірнеше тілдеріне ортақ жалпы халықаралық терминдерді аудармай беру (*музей, архив, композитор, пианино*). Бұл бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселеге айналды.

5. Қысқарту тәсілі (әріп, буын, сөз) арқылы сөз жасау.

Бүгінде тіліміздегі терминдер тар мамандық, сала, ұлт шеңберінде ғана біріздендірілу сатысында. Ал туыстас, халықаралық тілдер арасындағы біріздендіру ісі дұрыс жолға қойылмай отыр.

Аталған жұмыстар бойынша да халықаралық байланыстар орнату қажет. Сол арқылы түрлі ақпараттар алынады. Комиссиялар құрылып, олардың сол жобалар бойынша алыс, жақын шетелдерге іссапарларын ұйымдастыру жүзеге асырылады.

Терминологиядағы осындай жұмыстар жүргізілгенде ғана терминдер бірізді әрі ретті қолданылатын болады. Ол кезде сала мамандарының, тіл тұтытынушылардың шатасуына ешқандай негіз болмайды. Кірме сөздің нақ та ықшамды аудармасы немесе жасалып бекітілген жаңа терминнің үлгісі тілдік қолданысқа түсіп, терминдік қорды байыта түсері сөзсіз.

Өкінішке орай, пәрменді түрде жасалып жатқан жаңа терминдер мен атауларды реттеуге, біріздендіруге, оларды сөздіктерде беріп, көпшілікке жеткізуге келгенде шалағайлық танытып жатамыз. Ұқыптылық, біріздендіру, реттеу, жүйелендіру жағы кемшіл түсіп жатады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Руководство по разработке и упорядочению научно-технической терминологии / под ред. академика А.М. Терпигорева. Издательства академии Наук СССР. – М.: 1952. – 245 с.

2. Серғалиев М.С. Оқу-ағарту жұмысында қолданылатын терминдер мен ұғымдар жайында // Терминдер және олардың аудармалары. – Алматы: Ғылым, 1990. – 216 б.

-
-
3. Әбдірахманов А. Тіл мәдениеті және терминология // Тіл мәдениеті және баспасөз. – Алматы: Ғылым. 1972. 82-б.
 4. Досмұхамедов Х. Легенда о постройке медресе. Когельтоли в Бухаре // В.В.Бертольд-Туркестанские друзья и почитатели. – Ташкент, 1927.
 5. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. А., «Ғылым», 1984.
 6. Құрманбайұлы. Ш. Терминология мәселелері. 2-кітап. – Астана: 1-С-Сервис ЖШС, 2006. – 228 б.
 7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық // Құрас. Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. 2 том. А.Б. – 744 б.
 8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық // Құрас. А.Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011. 13 том. – С-Т. – 752 б.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНЖАСАМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г.Кәріпжанова

Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, ф.ғ.к.

Бүгінгі таңда тіл біліміндегі өзекті мәселелерінің бірі терминология мәселелері болып отыр. Жалпы XX ғасырдың 30-жылдары қалыптаса бастаған терминология саласы мәселелеріәлі де шешуін таппаған, өзектілігін жоғары болып қалып отыр. Ғылымның барлық салаларының жан – жақты дамуы терминологиямен тығыз байланысты, себебі қоғамдық өмірдің маңызды салаларында қолданылу аясын кеңейтуді талап ететін мемлекеттік тілдің қазіргі жай-күйі, оның даму болашағы ұлттық терминологияның даму деңгейімен, оның қоданылу аясының ауқымымен тығыз байланысты, қандай да бір жаңалық, жаңа ұғым терминмен белгіленіп, терминологиялық жүйеде өз орнын тауып отырады.

XX ғасырдың басында қазақ тілінде алғашқы оқулықтар жазып, ғылымның кейбір салалары бойынша сол тарихи кезеңнің қажеттіліктеріне сәйкес терминологиялық атаулар жүйесін іріктеуді ғылыми негізде жүргізген А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омаров, Т.Шононов, Ә.Ермеков, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, К.Кемеңгерұлы, Ж.Күдерин, М.Жұмабаев, Н.Төрекұлұлы сияқты ағартушы қазақ зиялыларының өкілдерінің еңбектері зор. Ұлттық терминологияның қалыптасуына А.Байтұрсынұлының еңбегі айрықша болғаны белгілі. 1926 жылы Қызылордада «Орысша-қазақша атаулары», 1927 «Пән сөздері», 1931 жылы «Атаулар сөздігі» деген терминдер жинағы шыққан. А.Байтұрсынұлы 200-дей қазақ тіл білімінің, 300-дей әдебиеттану ғылымдарының терминдерін жасаған. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы – төл терминдерді және кірме терминдерді қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес қабылдау жолдарын көрсеткен ғалым [1:8]. XX ғасыр басындағы ұлы тұлға А.Байтұрсынұлы тіл тазалығын қолдап, ана тіліміздің терминжасам мүмкіндіктерін көрсетті. Ұлы жазушымыз М.Әуезов сөзімен айтқанда, өзі өмір сүрген дәуірде қазақ халқының «рухани көсемі» атанған дара тұлғаның термин шығармашылығындағы ісі өзгелерге де өнеге бола отырып, ғасыр басындағы бүкіл термин жасау процесінің бағытын белгілеуге негіз болды десек артық айтқандық болмайды. А.Байтұрсынұлы қаламынан туған тіл, әдебиет

терминдері сөзжасамның түрлі тәсілдерін пайдалану арқылы жасалған. А.Байтұрсынов терминология мәселесіне қатты назар аударған, тек тіл білімі саласы емес, әдебиеттанудың да көптеген терминдерін жасағаны мәлім. Бұлар да өте сәтті шыққан қонымды атаулар болды. Сондықтан олар да күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді Тіпті ұмыт болған кейбіреулері қайтадан өмірге келтіріп отыр. Ғылымның тек осы екі саласы емес, жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің де көпшілігі Байтұрсынов қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық сөздер болып кеткенін де айту керек.

Ал сәтсіз терминдердің жасалу себебіне келсек, ол-термин жасаушының терминге қойылатын талаптарды білмеуінен, тілді дұрыс пайдалана алмауынан, ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшелігін ескермеуден, тәжірибесіздіктен немесе жауапкершілікті сезінбеуден туындайтын әрекет. А.Байтұрсынов айтқандай, тілді жұмсай білу, сөзден сөз жасап шығару екінің бірінің қолынан келе беретін жұмыс емес. Қазіргі кезеңде ұлт тілінде термин жасаудың жанданып отырғаны белгілі. Көптеген жаңа терминдер жасалынып қолданысқа көше бастады. Бұл ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметін атқара бастауының бір көрінісі. Рас, жасалып жатқан терминдердің бәрін бірдей мінсіз деп айта алмаймыз. Олардың ішінде терминологиялық жүйе мен терминдерге қойылатын талаптарға жауап бере алмайтындарының да бар екені даусыз. Ондай терминдердің қолданылуына жол бермеу дұрыс.

М.Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегінде 300-ге тарта термин жинақталған. Оның терминжасам тәжірибесіне келсек, ол көбінесе педагогикалық терминдерді қазақ тілінің лексикалық қорынан дайын қалпында алып пайдаланған немесе оларға қосымша терминдік мағына жүктеген. Мысалы, сезім, мінез, ой, ақыл, елес, қуаныш, зейін дегендерді атауға болады.

Сол кезеңдегі қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуына М.Әуезов, Ш.Құдайбердіұлының да елеулі еңбектері болды. М.Әуезовтың 1917 жылы «Сарыарқа» газетінде жарық көрген «Қайсысын қолданамыз?» және «Ғылым тілі» атты мақалалары терминология мәселелеріне арналған алғашқы мақалалардың бірі болды [1:8].

Е.Омаровтың оқулығында пішіндеме (геометрия) атаулары тұңғыш рет қазақ тілінде өз баламаларын тапты. Оқулықта келтірілген бір түйіннің өзінде қанша қазақша атаулар кездеседі.

«Тік бұрышты үшкілдің екі қары өзара тең болса, оның қимасы қа-

рымен өлшемдес болмайды, қары мен қимасының ортақ өлшеуіші болмайды. Яғни олардың еселік арасы одағай (иррационал) сан болады деген сөз». Мұндағы түйін (теорема), үшкіл (үш бұрыш), қар (катет), қима (гипотенуза), одағай (иррационал) қаншалық қазақы ұғымдар екені бірден байқалып тұр.

Медицина саласындағы ғылыми – көпшілік мақалаларда да ауру атаулары қазақтың өз тіліндегі сөздермен берілген. Халел Досмұхамедұлының «Тамыр дәрі» аталатын мақаласында («Қазақ» газеті, 1913) тамыр дәрі, әулие шөп, теңге қотыр, көкірек ауру, науқас, дару, дарухана (аптека), емдеуші, дәрігер сияқты атау сөздер кездеседі.

Қазақ тілін талдап-тануда Ж.Аймауытовтың да терминжасам еңбегін қарастырып, бағалау қажеттігі – заман талабы. Ол психология ғылымына байланысты терминдерді жасап, оларды қолданысқа енгізе отырып, өз замандастарына ана тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете білді. Жүсіпбек Аймауытұлы да барлық алаш зиялылары сияқты терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру бағытын ұстанған. Ол психология саласында көптеген қазақша терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізу арқылы ұлттық ғылыми тілдің жасалуына белсене қатысқан тіл жанашыры, халық ұлдарының бірі. Бұл еңбегін «Психология» деген атпен 1926 жылы Қызылорда-Ташкентте жарық көрген кітабынан көреміз.

Ж.Аймауытұлы қазақ тілінің терминологиялық лексикасын қалыптастырудың, терминдер қорын жасаудың тиімді жолдарын көрсетіп, өз жобасын ұсынған. Оның мақала соңында түйіндеп берген 9 пункттен тұратын ұсыныстары, өз сөзімен айтқанда, жобасы төмендегідей: «Пән тілдерін табу қиын болатын көрінеді. Сондықтан жоғарыда айтылғандарды еске алып, сөз табу туралы менің ұсынатын жобам:

1. Сөз туралы қиналмай, тілді өз ағымына жіберейік. Ұнамды сөз алынып отырар да, ұнамсызы шығып қала берер.

2. Кіріп қалған жат сөздерден қашпайық. Орынсыз тілге зорлық қылмайық.

3. Сөзді пән мамандары, кітап жазушылар шығарсын.

4. Сөз таба алмайтын шәлдірек адамдар кітап жазбасын. Оқу кітабын педагогтар жазуы тиіс. Оқыту жолын білмеген адамның кітабы ұғымды болмайды. Педагогтың қаламға шебері жазу керек.

5. Жаңадан сөз қосушылар тапқан сөздерін кітабына айрықша жазып отырсын.

6. Кітап жазушылар екі-үш жыл өткенде, тіл туралы кеңесіп, табылған тілдерді қортытып отырсын.

7. Пән сөздері әйтеуір жаттап алынған сөздер, мейлі кітап бетінде, мейлі газет-журнал бетінде болсын, орысшасымен бірге жазылып отырсын.

8. Қолайсыз алынған сөздер туралы баспасөз бетінде сын жазылып, жобалар ұсынылсын.

9. Білім кеңесі (яки оның орнындағы мекеме) істей алса, жаңа шыққан сөздерді жинастырып, лұғат кітап бастырып шығарсын».

Оның бұл ұсыныстарының бірқатары сол кезеңдегі терминологиялық жұмыстардың жүргізілуіне септігі тиіп, айтқан пікірлері замандас әріптестері тарапынан ескерілген, термин жасаушыларға, қазақ тіліндегі оқулықтар мен ғылыми кітап тар жазушыларға ой салған [2:21].

Енді нақты сол терминдерге тоқталсақ. Автор психологияны «жан туралы білім» деп алып, сол жанға мынадай анықтама берген: дене негізін тексерушілердің сила вещества (қуатты дене) дегендегі қуат осы жан. Қазіргі қолданыстағы жан сөзі адас мен жануарлардың психикасына тарихи тұрғыда өзгеріп отырған көзқарасты бейнелейтін ұғымды білдіреді [3:87]. Ал психика тетіктерін Ж.Аймауытов «саңылау сезімдері» деп атаған.

Сонымен қатар ол ұждан деп нысап, әділет, мейірім үшеуінің бірлігін айтса, сөздікте ұждан – адамның өз мінез-құлқын бақылау, қадағалау, оған белгілі бір шек қойып, мүлтіксіз орындау қабілетін бейнелейтін әдептану санаты делінген.

Бірнеше үндер қосылып ән болса, әнді «түсініктеймін» деп айтуға болады, көбінесе түйсік заттан туады. Сол себепті Ж. Аймауытов түйсікті «зат сезімдері» деп атаған. Сыртқы зат денеміздің бір жерін шіміркендірсе, оның салдарынан сезім не түйсік пайда болады, сол сезімді, түйсікті туғызуға не себеп болса, соны «әсер» деп қолданған. Сонымен, әсер-сезім не түйсіктің себебі болса, «шіміркену» (раздражение) қазіргі қолданыстағы тітіркену сөзінің баламасы. Бір рет әсер алмаған адам жаңғырта алмайды. Мысалы: соқырға қызыл жалауды есіңе түсір десен, ол еске түсіре алмайды. Себебі ол бір ретте болсын қызыл түсті көрген емес. Ж.Аймауытов осы жаңғырылатын сезімдерді «берне» (представление), «мұрат» (идея) деп атаған. Жаңғыртушы есті «қуатты жад» (память), ал берне – бұрынғы сезімнен қалған із делінген.

Автор «жұлма жад» және «философиялық жад» екеуін қосқанда, адамның ой сандығы шығады дей келе, «ой сандығы» соқыр сезімдер деген пайым дамтынын айтқан. Ж.Аймауытовтың «жұлма жад» деп отырғаны бүгінгі қолданыстағы – қайталаным. Ал «соқыр сезім»

деп отырғаны инстинг болса, «сыртқы сезімі» (ощущение) қабылдау, «ырықсыз қозғалысы» рефлекс болып табылады.

Сыртқы әсерлер жүйкелер саласында өзгеріс пайда қылады. Сонда дене бір күйге түседі. Сол өзгерістің нәтижесін «жан күйі» деп атауға болады деген. Жүйке ауруын «жүйкенің қозуы» деген терминмен ауыстырады. Сонымен қатар құлақ иірімдерін «лаберент» дей келе, сонда орналасқан улитканы «құлақ қошқары» деген атаумен ұсынады. Екі сүйекті қосып тұратын сіңірді (резинка) «буын беті» деген терминмен береді. Ойымызды жинақтай келе, нақты терминдер сызбасын көрсетер болсақ, төмендегідей болмақ:

<i>№</i>	<i>Ж.Аймауытов бойынша</i>	<i>Қазіргі қолданыс бойынша</i>
1.	жан	жан
2.	тән	дене, тән
3.	ұждан	ар-ұят
4.	зат сезімдері	түйсік
5.	саңылау сезімдері	психика тетіктері
6.	соқыр сезім	инстинг
7.	сыртқы сезім (ощущение)	қабылдау
8.	дене сезімі	ішкі сезім
9.	әсер	себеп
10.	шіміркену (раздражение)	тітіркену
11.	берне (представление)	көрініс
12.	мұрат (идея)	идея, мақсат
13.	ырықсыз қозғалыс	рефлекс
14.	жұлма жад	қайталаным
15.	тегіне тарту	атавизм
16.	табынғыштық	фетишизм
17.	имену	бейімделу
18.	серпіліс	реакция
19.	дене қызметін зерттеуші	физиолог
20.	тірлік ғылымы	биология
21.	сезім	эмоция
22.	қылық	қылық
23.	сәуле торы	көз сетчаткасы

24. таяқша, селеу бас	жүйке талдарындағы үштеріндегі мүше
25. лажсыздық	лажсыздық
26. мазасыздық, қажығандық	депрессия
27. сұрау (анкета)	сауалнама (анкета)
28. құбылыс (явление)	болмыс
29. бақылау	бақылау
30. жүйке	жүйке
31. жүйке қозуы	жүйке қозуы
32. жан күйі	жүйкедегі болатын өзгеріс
33. шілтер	ми тармақтары
34. түске соқырлық	дальтонизм, түске соқырлық
35. қатырғы қағаз	картон
36. паңдық	тәкаппарлық
37. сыртқы түрткі	сыртқы әсер
38. әуе	ауа
39. қалып	заттың формасы
40. кейіп	бейне
41. заттың әсілі	затқа тән құбылыс
42. сүрең (заттың)	амал, түрі
43. ұстау сезімінің мүшесі	сипап-сезу мүшесі
44. арық	құлақтың имек түтігі
45. себеп	себеп
46. салдар	салбар
47. тіршілік сезімі	дене сезімі
48. зақыммет	ауру (жұлын ауруы)
49. күпті болу	тамаққа қатты тою
50. лаберент	құлақ иірімі
51. құлақ қошқары	улитка
52. агрофия (қолы, саусақтары кәдімгідей қимылдап, жұмысқа жарап жүрген адам тұтқиылдан қолы жазуға келмей қалатын дерт атауы)	аграфия

53.	анзия (кейбір тілі, тамағы сау адамдар сөйлемейтін болып қалуы)	анзия
54.	ой сандығы	ес, ақыл-ой
55.	жады	жады, ес
56.	қозғалыс	әрекет
57.	саңылау мүшесі	сезім мүшелері
58.	ұстамдылық	абырлылық
59.	Жуастық	момындық
60.	өзімшілдік, менмендік	өзімшілдік, менмендік
61.	буын беті	екі сүйекті қосып тұратын сіңір

Бұлардың барлығы дерлік қазақ сөзінің не байырғы мағынасын өзгерту, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген атаулар. Сонылығына, жасандылығына карамастан, әрқайсысы сол өзі атап тұрған тілдік категорияны дәл білдіретін термин болып шыққан. Бұлардың өте сәтті жасалғандарын күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, ХХ ғасыр басындағы ғылыми – көпшілік кітапшалар мен газет - журналдардағы мақалалардың ғылымдық жағын былай қойғанда, тілдік жағынан бұлардан қазақша ғылыми терминдердің қалыптасу жолын байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Мемлекеттік тілдегі ресми стиль және терминдердің қолданылу мәселелері: Қалалық әдістемелік семинар материалдары. Семей қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі. М.Әуезов атындағы Семей университеті. – Семей, 2009-225 б.

2. Құрманбайұлы Ш. Ж.Аймауытұлы және қазақ терминологиясы // Қазақ әдебиеті -2008, 20-21 б.

3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология // Алматы «Мектеп», 2002-254 б.

4. Рухнама: Ж.Аймауытов. – Павлодар «ЭКО» ҒӨФ, 2003.-126 б.

СИСТЕМНОСТЬ КАК ПРИНЦИП СОЗДАНИЯ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЙ ЛЕКСИКИ

А.Жумабекова

Профессор КазНПУ им. Абая, д.ф.н.

Одной из актуальных проблем терминологии языка на современном этапе является создание целенаправленного процесса терминологической номинации. Основные направления языковой политики правительства, утверждение государственного статуса казахского языка, реальные потребности жизни явились предпосылками появления в годы независимости страны большого количества двуязычных (русско-казахских и казахско-русских) отраслевых словарей. Такое разнообразие лексикографических изданий вызывает неоднозначную реакцию. С одной стороны, это, безусловно, позитивный факт, реально воплощающий в жизнь давно назревшую необходимость функционального развития казахского языка, в частности, расширение сферы его использования в различных областях науки. С другой стороны, наличие нескольких типов словарей, отражающих один и тот же вид научной деятельности, приводит к существованию вариативности терминов, что отрицательно сказывается на создании терминосистемы в целом.

Кроме того, это затрудняет работу специалистов-переводчиков, сталкивающихся с разнообразными способами передачи терминов в лексикографических источниках.

Своеобразный лексикографический бум последних лет продемонстрировал нерешенность многих теоретических задач терминологии и терминографии. В этих изданиях отражается разный, зачастую диаметральный подход их авторов, – как правило, специалистов той или иной отрасли, – к проблемам казахской терминологии.

Терминологический разноречивой многократно усиливается и средствами массовой информации: на страницах газет, в радио-и телематериалах употребление того или иного термина отражает субъективную точку зрения автора выступления, которая воспринимается слушателями (читателями) как языковая норма, узус.

На наш взгляд, наметилась тенденция отставания развития теории двуязычной лексикографии от ее практики. На читателя обрушилась

масса справочной литературы, и зачастую один и те же термины передаются на казахский язык по-разному.

Нами проанализированы лексикографические издания и выделены следующие способы представления экономических и юридических терминов в казахском языке:

1. Подбор эквивалентов в казахском языке или родственных тюркских языках: *жарғы* (устав), *қаржы* (финансы), *бәсеке* (конкуренция), *құн* (стоимость), *келісім* (договор), *пайда* (прибыль), *кеден* (таможня), *жарнама* (реклама), *баға* (цена), *несие* (кредит), *демеуші* (спонсор), *сауда* (торговля), *саратшы* (эксперт), *тапсырыс* (заказ), *өсиет* (завещание), *салық* (налог), *қор* (фонд), *аймақ* (регион), *мұрагерлік* (наследование), *беттестіру* (очная ставка), *қылмыс* (преступление), *құқық* (право), *куәгер* (свидетель), *пара* (взятка), *сарап* (экспертиза), *мүлік* (имущество), *тәркілеу* (конфискация), *тінту* (обыск), *нұсқау* (инструкция), *бұйрық* (приказ) и др.;

2. Собственно заимствования (в основном из английского, французского, немецкого, итальянского и других языков посредством русского языка: а) буквальные заимствования – *монополизм*, *дебет*, *валюта*, *маркетинг*, *акция*, *консалтинг*, *инфляция*, *аваль*, *акциз*, *синдикат*, *брокер*, *холдинг*, *дебурс*, *марка*, *лого*, *хайринг*, *эмиссия*, *ноу-хау*, *свитч*, *конституция*, *импичмент*, *прокурор*, *кодекс*, *кворум*, *парламент*, *декларация*, *мораторий*, *преамбула*, *кассация*, *нотариус*, *алиби*, *юриспруденция*, *апелляция*, *комиссия*;

б) трансформируемые заимствования, отражающие стремление адаптировать чужеродные языковые элементы к системе казахского языка: *кредиттердің ставкасы* (ставка кредитов), *биржашы* (биржевик), *консорциум лидері* (лидер консорциума), *активті баланс* (активный баланс), *консигнациялық операциялар* (консигнационные операции), *рентабельділік* (рентабельность), *рефинанстау* (рефинансирование), *квоталау* (квотирование), *актілеу* (заактивировать), *дипломатиялық иммунитет* (дипломатический иммунитет), *сот этикасы* (судебная этика), *банды* (банда), *стандарттау* (стандартизация), *объективтілік* (объективность) и др.;

3. Смешанные заимствования: *акционерлік қоғам* (акционерное общество), *инфрақұрылым* (инфраструктура), *еркін экономикалық аймақ* (свободная экономическая зона), *реформаларды тереңдету* (углубле-

ние реформ), *ресурстарды жұмылдыру* (мобилизация ресурсов), *кумулятивті дауыс беру* (кумулятивное голосование), *ағаш таксасы* (лесные таксы), *лимит тәртібі* (лимитная дисциплина), *айналым кассасы* (оборотная касса), *жер рентасы* (земельная рента), *вексель иесі* (векселедержатель), *проценттік кезе* (процентный период), *баллистикалық сарап* (баллистическая экспертиза), *қылмыстық кодекс* (уголовный кодекс), *судьялардың дербестігі* (независимость судей), *прокурор нараздылығы* (протест прокурора), *кассациялық шағым* (кассационная жалоба), *құқық принципі* (принцип права), *кеңесші орган* (совещательный орган), *капиталды шетелге шығару* (экспорт капитала) и др.;

4. Калькирование (называемое Д.С.Лотте переводным заимствованием):

а) буквальное калькирование – *жобалық қуаты* (проектная мощность), *ұлттық табыс* (национальный доход), *ақшалай салым* (денежный вклад), *ақша айналымы* (денежное обращение), *күрделі қаржыны қорғау* (защита капиталовложений), *баға қайшылығы* (ножницы цен), *тәуелсіз сұраным* (независимый спрос), *заттай сақтандыру* (натуральное страхование), *ғылыми-өнеркәсіптік кешен* (научно-промышленный комплекс), *түпкілікті өнім* (конечный продукт), *есепке тұру* (состоять на учете), *қылмыс құрамы* (состав преступления), *еңбекпен түзету мекемесі* (исправительно-трудовое учреждение), *табиғи құқықтар* (естественные права), *іс жүргізу әрекеті* (процессуальное действие), *көрсетім* (показания), *ар-ождан бостандығы* (свобода совести) и др.;

б) трансформированное калькирование – *мұнай өндіру* (нефтедобыча), *төлем қабілеті* (платежеспособность), *өзін-өзі қаржыландыру* (самофинансирование), *үстеме пайда* (сверхприбыль), *өзара есептеу* (взаиморасчет), *есепке алу* (платежеспособность), *орнын толтыру* (покрытие), *тұрақсыздық айыбы* (неустойка), *қайта бағалау* (переоценка), *қайта тәрбиелеу* (перевоспитание), *жауаптылыққа қабілеттілік* (вменяемость), *теріс қылық* (проступок), *қызмет бабындағы қылмыстар* (должностные преступления), *істі қайта қарау* (пересмотр дела), *қиянат жасау* (злоупотребление), *арыз беруші* (заявитель), *өзі бас тарту* (самоотвод) и др.

5. Объяснительный перевод: *завещание* – мал-мүлік жайында аманат қағаз; *авуары* – 1. Төлем құралдары; 2. Банкті” шет ел банкіндегі валюталық салымдары, қаражаты; *ассигнование* – 1. Белгілі бір мақсатқа

арнап ақша бөлінуі (бөлу); 2. Бөлінген ақша, сома; *референдум* – бүкіл халықтың пікірін білу, *браконьер* – заңсыз аң аулаушы и др.

В указанных словарях и на страницах периодической печати мы сталкиваемся с различными переводами таких терминов, как: *продукция* (өнім, бұйым, өнімдердің жиынтығы), *убыток* (шығын, залал), *бизнес* (кәсіпкерлік, іскерлік), *ассоциация* (құрама одақ, қауымдастық), *унификация* (бір ізге салу, бірегейлендіру, жүйеге келтіру, бірдей ілестіру), *модификация* (түрлендіру, түр өзгертушілік, жетілдіру, түрөзгерім), *фальсификация* (бұрмалама, жалған, жасанды зат, айла-шарғы), *гарантия* (кепілдеме, кепіл, кепілдік, шарт) и др.

Иногда одни и те же слова используются как обозначения разных терминов. Например, лексема *айып* употребляется в качестве перевода терминов *штраф* /1, 49/ и *пеня* /1, 29/; *рұқсатнама* в одном издании передается как эквивалент термина *лицензия* /2, 49/, а в другом – как перевод одного из значений слова *виза* (3, 33); *түсім* – *выручка* /1, 11/, *доход* /4, 28/; *шығын* – *расход* /1, 36/, *издержки* /5, 107/, *дефицит* /3, 44/, *жалақы* – *оклад* /8, 77/, *зарплата* /7, 102/.

Термин *юридический*, пожалуй, в наибольшей степени подвергся вариативности. Он переводится как *заң* /7, 65/, *заңи* /10; 11, 3/, *заңды*, *құқықтық*, *құқықты* /3, 115/. Одновременно прилагательное *заңды* используется как перевод терминов *законный* /6, 46/, *закономерный* /3, 50/ и даже – *легальный* /7, 49/, а лексемы *құқықтық*, *құқықты* являются эквивалентами термина *правовой* /7, 55; 6, 120/.

Таким образом, налицо участие одних и тех же слов в различных терминологических гнездах. Тем самым нарушается одно из правил терминообразования – каждый термин должен входить как элемент в строго определенную терминосистему.

Часто в словарях в качестве перевода дается целый синонимический ряд: *выкуп* - өтеу, өтеп алу, құн /4, 11/; *доход* - табыс, кіріс, түсім /3, 28/, *дефицит* – ділгір, тапшы, зәру, қат /3, 44/, *сооружение* – ғимарат (құрылғы, құру, салу) /1, 39/; *истец* – даугер /6/, қуынушы /7, 48/, талапкер (6, 96), *приговор* – үкім /6, 123/, кесім /7, 40/, *бюрократизм* – төрешілдік /7, 40/, кеңсешілдік, бюрократтық /6, 80/.

О неустойчивости того или иного способа передачи термина свидетельствует тот факт, что эквиваленты иноязычных слов зачастую представлены рядом со своими транслитерируемыми синонимами: *вклад*

– вклад (ақша салу) /1, 9/; *компенсация* – компенсация (орнына төлеу) - /1, 17/; *интенсификация* – жеделдету (интенсивтендіру) - /1, 16/; *арбитраж* - төрелік сот /7, 23/, арабилік (арбитраж), төрелік /6, 77/; *вотум* – вотум (тоқтам) /6, 83/, вотум (сенім білдіру), тоқтам /7, 41/, *кодекс* – кодекс (жинақ) /7, 48/, *методология* – методология (әдістемелік ілім) /7, 50/, *преамбула* – преамбула (кіріспе) /6, 121/, *компетенция* – компетенция, біліктілік құзырлық /6, 99/, *кодификация* – кодификация (жүйеге түсіру) /6, 98/, *мораторий* – мораторий (кейінге қалдыру) /6, 103/, *кассация* – кассация (қайта қарау) (7, 76), *ордер* – ордер (рұқсат құжат) (6, 28), *юрисдикция* – юрисдикция (сот жүргізуге құқықтылық), *санкция* – санкция (рұқсат, мақұлдау) (8, 52), шаралар қолдану /3, 94/, *право* – право, құқық /7, 143/, *вето* – вето, тыйым салу /6, 40/; *легализация* – легализация, заңдандыру /7, 49/, *преамбула уголовного закона* – қылмыстық заңның беташары (преамбуласы) /6, 121/. Заключение в скобки то заимствованного слова (в буквальной или трансформированной форме), то перевода отражает субъективную точку зрения автора лексикографического издания по вопросу о том, какой именно способ представляется ему наиболее желательным, употребительным.

Вариативность в переводе терминов отчетливо прослеживается при сопоставлении эквивалентов, представленных в разных лексикографических изданиях. Их авторы, как правило, специалисты в той или иной отрасли, не принимают во внимание лингвистические аспекты терминологии, не знакомы с утвержденными государственной терминологической комиссией казахскими эквивалентами (9; 11).

Сопоставительное терминоведение казахского и русского языков как наука о переводе и принципах отбора межъязыковых соответствий терминов в исходном языке (ИЯ) и языке перевода (ПЯ) находится в стадии становления. Не разработаны на сегодняшний день принципы перевода терминологической лексики, не упорядочены термины различных подязыков науки.

Очень четко современное состояние казахской терминологии очерчено А. Кайдаровым: “...қазақ тілі терминологиясы бүгінде әртүрлі объективті де субъективті жағдайларға байланысты белгілі дәрежеде дағдарысқа ұшырап отыр; қалыптасқан ғылыми принцип терминологиялық процеске бағыт-бағдар беріп, алдында жүрудің орнына, оның артында қалып, термин практикасы аяқасты болып қалды; осының нәтижесінде

әркімнің өз білгенінше термин жасау, немесе оны ауыстыру, алмастыру тәрізді бейберекет “бұқаралық” әрекетке (анархияға) жол беріле бастады; ал мұндай “жаңа үрдісті” бел ала бастауына ең алдымен тіліміздегі ұлттық және интернационалдық терминдердің ара салмағындағы табиғи үйлесімділіктің бұзылуы, ескі дәстүрдің біржақты дамуы себеп болып отыр” /12, 4/.

Об этом пишут, в частности, терминологи: “...термин жасау, қалыптастыру, терминологияны жүйелеу, реттеу жұмыстарын дұрыс жолға қою, жалпы ғылыми-техникалық терминологияның даму бағытын белгілеу – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелері болып отыр /13, 3/.

Между тем терминологическая лексика, в свою очередь, представляет собой систему – терминосистему, в которой сохраняются все типы структурных связей единиц в общей лексической системе языка.


Особенность терминологической лексики, как подчеркивает М.И. Володина, состоит в ее системной организации: “Термин, закрепленный за специальным понятием, занимает определенное место в системе и имеет смысл только как член конкретной системы” /14, 46/.

При анализе терминов, на наш взгляд, следует опираться не только на лексические значения эквивалентов, но, в первую очередь, на понятийный объем терминов исходного языка и на структурные связи в терминологической системе. При этом семантический анализ должен дополняться компонентным анализом.

Системность терминологической лексики проявляется и в реализации гиперо-гипонимических отношений. “Термин является частью терминологической системы, только если к нему применима классифицирующая дефиниция *per genus proximum et differentiam specificam* (через ближайший род и видовое отличие)” /15, 509/. Эту же мысль находим и у М.Н. Володиной: “установление системы в терминологии предполагает прежде всего иерархическую родо-видовую классификацию понятий конкретной отрасли научно-технических знаний, выраженных соответствующими терминами” /14, 45-46/.

Совершенно недопустимыми являются, на наш взгляд, факты небрежного отношения составителей словарей (главным образом, юристов) к созданию точной терминологической эквивалентности, что влечет за собой ошибки фактического и языкового характера. Так, переводы юридических терминов на казахском языке не совпадают с ана-

логичными словарными статьями в русской части словника. Например, в словаре А. Ибраевой термин *амнистия* переведен как *рақымшылық* /2, 39/, в части же казахско-русского словника обнаруживаем: *кешірім – амнистия* /2, 17/. В этом же словаре слово *кешірім* дается как перевод термина *помилование* /2, 55/. Таким образом, смешиваются термины *амнистия* и *помилование*, *рақымшылық* и *кешірім*, понятийные объемы которых не тождественны. изобразим это в в виде схем:



В словаре Г. Сапаргалиева термин *амнистия* переводится как *рақымшылдық* /7, 13/, *помилование – кешірім беру* /7, 139/.

В другом словаре наряду с лексемой *кешірім* употребляется описательный прием перевода заимствованного слова *амнистия – қылмыс жазасын кешіру* /8, 3/, термин же *помилование* представлен тремя вариантами эквивалентов: *ақтау, кешірім, рахым ету* /8, 32/. Между тем лексема *ақтау* уже давно используется для передачи термина *реабилитация*, что и зафиксировано в различных лексикографических источниках /6, 127; 7, 169/. Отличительные признаки термина *реабилитация* в сравнении с терминами *амнистия* и *помилование* представлены в следующей дефиниции:

“*реабилитация – восстановление в правах. Р. лица... считается вынесение оправдательного приговора при пересмотре дела, постановление (определение) о прекращении уголовного дела за отсутствием события или состава преступления либо за недоказанностью участия в преступлении, а также постановление о прекращении дела об административном правонарушении*” /16, 516/.

Чтобы определить, каким образом термины *амнистия* и *помилование* должны быть представлены в казахском языке, необходимо выявить тот тип соотношений, который характерен для них в терминосистеме. Анализируемые термины выступают по отношению друг к другу как согипонимы, о чем свидетельствуют их дефиниции:

“*Амнистия* (от греч. *amnestia – забвение, прощение) – полное или частичное освобождение от уголовной ответственности или от на-*

казания индивидуально не определенного круга лиц, совершивших преступления, либо замена судом этим лицам назначенного наказания более мягким, либо сокращение его сроков, либо снятие судимости с лиц, его отбывших” /16, 28-29/.

“*Помилование* – отмена или смягчение уголовного наказания *главой государства*. ...Институт П. представляет собой акт индивидуального милосердия к лицу, осужденному за совершенное к.-либо (обычно тяжкого) преступления...Актом П. лицо, осужденное за преступление, может быть освобождено от наказания либо назначенная ему мера может быть сокращена или заменена более мягким видом наказания. С лица, отбывшего наказание, актом П. м.б, снята судимость” /16, 446/ [выделено нами - А.Ж.].

Отличительные признаки указанных понятий отражены и в Конституции РК:

3 бөлім, 44-бап: “Қазақстан Республикасының Президенті:

...15) азаматтарға *кешірім* жасауды жүзеге асырады /17/;

3 раздел, статья 44: “Президент Республики Казахстан:

...

• осуществляет *помилование* граждан” /17/;

4 бөлім, 54-бап: “Парламент...


б) *рақымшылық жасау* мәселелерін шешеді /17/;

4 раздел, статья 54: “Парламент...


• решает вопросы *амнистии* /17/ [выделено нами - А.Ж.].

В Конституции РК данные термины разделяются, им даются (о чем свидетельствует текст основного закона) следующие эквиваленты: *амнистия* – *рақымшылық жасау*, *помилование* – *кешірім жасау*. Но в этом случае остается непонятным, как переводить термин *амнистирование* (применение амнистии, освобождение по амнистии). В словаре А. Ибраевой однокоренные термины переведены разными лексемами: *амнистия* – *рақымшылық*, *амнистирование* – *кешірім жасау* /2, 39/. Таким образом, снова нарушается логика терминообразования. На наш взгляд, международный термин *амнистия* следует передавать на казахский язык в заимствованной форме, производный термин *амнистирование* – сочетанием *амнистияны жүзеге асыру*, а термин *помилование* (отглагольное существительное русского языка) – соответственно лексемой *кешірім* (или *рақымшылық*).

Изобразим связь между анализируемыми терминами в виде схемы:



Следовательно, и в казахской терминосистеме выделенные термины должны быть соответственно представлены как согипонимы:



Как указывает М.Н.Володина, “процесс формирования специальных терминологий переживает, как правило, два исторически сложившихся этапа – “стихийный” и “системный” – организованно-целенаправленный. Если первый связан со становлением какой-либо профессиональной научной отрасли, то второй – с высоким уровнем ее развития” /14, 42/.

Проведенный анализ лексикографических источников из области экономики и юриспруденции свидетельствует, на наш взгляд, что казахская терминологическая лексика в указанных отраслях характеризуется первым, “стихийным” этапом формирования. Именно поэтому главным фактором, определяющим терминотворчество, является не строгое соответствие понятия и слова, а некоторые аналогии: новые понятия формируются на базе общеупотребительных слов, подвергшихся ассоциативному переосмыслению. При этом “большую роль играет субъективно-национальный фактор при выборе признака терминологической номинации, определяющий “внутреннюю форму термина”.

При системном же терминообразовании имеет место процесс вторичной номинации, при котором информативная наполненность термина

находится в четком соответствии с его структурно-коммуникативным обликом. На первый план выходит "...т.н. "дефиниционный" способ терминологической номинации, который носит интернациональный характер и основывается на предикации... Итогом такого процесса номинации становится термин, который представляет собой свернутое определение, семантический инвариант или семантическое ядро соответствующего предложения-высказывания, своеобразную "запись" научного знания в определенной области. Такой термин органично входит в соответствующую терминосистему. "Как Периодический закон химических элементов Менделеева, основанный на последовательном чередовании основных свойств этих элементов, обусловил развитие периодической системы, так "правильно ориентирующий" термин, занимающий свое, именно ему предназначенное место в конкретно понятийно-терминологической системе может превратиться в инструмент познания, способствующий дальнейшему развитию данной системы (14, 46).

В заключение хотелось бы отметить, что для преодоления терминологического разнобоя следует сохранять типы структурных отношений между элементами в терминосистемах сопоставляемых языков, что будет способствовать переходу процесса терминологической номинации в казахском языке от стихийного этапа к системному.

Литература

1. Рахматуллин Х. Банк терминдерінің орысша–қазақша қысқаша сөздігі. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 56 б.
2. Ибраева А. Заң терминдерінің қазақша–орысша және орысша–қазақша түсіндірме сөздігі.– Алматы: Жеті жарғы, 1996.– 112 б.
3. Касымбеков М., Әлімқұлов Қ. және т.б. Екі тілде іс жургізу: Сөздік–анықтамалық. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994. – 224 б.
4. Ерғазиева Н., Сүлейменова Б. Іс қағаздардың орысша–қазақша сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 48 б.
5. Аяпова Ж.М., Арынов Е.М. Русско–казахский толковый экономический словарь предпринимателя. – Алматы: МВП «Инкар», МЧП «Тулга». 1993. – 320 с.
6. Дулатбеков И.О. және т.б. Заң терминдерінің қазақша–орысша және орысша–қазақша сөздігі. – Алматы, 1995.

-
-
7. Сапарғалиев Ғ. Заң терминдерінің орысша–қазақша түсіндірме сөздігі.–Алматы: Жеті жарғы, 1995. – 208 б.
 8. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арналған орысша–қазақша тілдескіш–сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1992.– 80 б.
 9. Терминологиялық жинақ (терминдер мен атаулар). Құраст.: Алпысбаев Т., Әбдірахманов Ә. – Астана, 1998. – 125 б. (орыс және қазақ тілдерінде).
 10. Ізімұлы М. Зани терминдерінің түсіндірме сөздігі.– Алматы: «Сөздік–Словарь», 1999. – 312 б.
 11. Бекітілген терминдер сөздігі. Қазақша-орысша, орысша қазақша (15 мыңға жуық термин). – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 328 б.
 12. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл,әдебиет сериясы. – 1993. – №1–2.
 13. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы Ғылым, 1998. – 208 б.
 14. Володина М.Н. Теория терминологической номинации – М.: Изд-во МГУ, 1997. –180 с.
 15. Ахманова О.С. Терминология лингвистическая // ЛЭС. М.: Советская энциклопедия, 1990. – С.509.
 16. Большой юридический словарь. /Под ред. А.Я.Сухарева, В.Е. Крутских.– 2–е изд., перераб. и доп. – М.: ИНФРА–М, 2000. – 704 с.
 17. Қазақстан Республикасының Конституциясы [электронный ресурс http://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution; http://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution – дата обращения – 25.10.2017].

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА СӨЗДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛЕНУІ

Қ.Алдашева

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті, PhD доктор*

Қазақ тіл танымының теориялық мәселелерінің қалыптасуы көрнекті ғалымдар – А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың есімдерімен қатар аталатындығы мәлім. А.Байтұрсынұлы және Қ.Жұбанов өткен ғасырдың бас кезінің өзінде-ақ қазақ тіл білімінің негізгі бағыттарын бағдарлама, тезистер түрінде анықтап берген еді. Обьективті түрде қарағанда, қазақ тіліндегі жаңа сөздерді тану мен талдау, ажырату мен сұрыптау қазақ тіл танымының хронологиялық басталған кезеңдеріне – өткен ғасырдың 20-жылдарына тікелей қатысты.

А.Байтұрсынұлы ұлттық философияның бір тармағы тілді сақтап қалу, оның құрметтеу мақсатындағы айтылған көптеген пікірлерімен қатар тіл мен әдебиеттің ұғым категорияларының қазақша баламаларын табуға елеулі үлес қосып, осы екі саланың терминдерінің жүйеленуі мен сұрыпталуының негізін қалады. Академик Р.Сыздық былай деп жазады: «Егер әрбір құбылысты, әрбір іс-әрекетті өз кезеңіне қарап, сол кезеңдегі жағдайға қарап тану керектігін мойындасақ, А.Байтұрсынұлының термин жасаудағы «қазақшылығының» негізі бар екендігін көреміз, ұстаған принципі дұрыс екендігін танимыз. Ол принцип – жас ғылым салаларының терминдерін жасауда қазақ тілінің өз мүмкіндігіне иек артуға негізделеді» [1].

Академик Ә.Қайдар: «Ана тіліміздің өз мүмкіншілігінен пайдаланып, ғылыми атау – термин жасауға болатындығын іс жүзінде өз іс-өнегесімен дәлелдеген Ахмет Байтұрсынұлы пен оның біраз замандастары болды. Ақырында оның өзі кетіп, жаңадан жасаған бастауыш, баяндауыш, есімше, көсемше, демеу, үстеу сияқты тағы басқа жүздеген терминдері ұрпаққа замана естелігі болып артында қалды, оларды әлі де пайдаланып жүрміз», – дейді [2: 8].

«Баспасөзде, кітаптарда, оқулықтарда, радио-теледидарда қазір кең де еркін қолданылатын *сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, ... меңзеу, теңеу, алмастыру, кейіптеу, қайталақтау, көсемсөз, уағыз,*

толғау, шендестіру ... сияқты ұғымдарды тұңғыш рет енгізіп, осы сөздерді термин дәрежесіне көтерген А. Байтұрсынұлы екенін айту – тарихи әділет [3: 13].

Ғалым Қ. Жұбанов жаңа сөздерді қазақ терминологиясының қалыптасуымен біртұтастықта қараған. Шын мәнінде жаңадан пайда болған белгілі бір сөздің, ұғым мен түсініктің ішкі мазмұна сыртқы формасының сәйкес келуін семантикалық тұрғыдан талдаған алғашқы пікірлерді Қ. Жұбанов айтқан болатын. Бұл ретте көрнекті ғалымның атом, психология, геометрия сияқты халықаралық терминдердің ішкі семантикасын анықтай отырып, оларға берілген кейбір қазақша баламалардың сәйкес келмейтіндігін (мысалы, *психология – жан жүйесі, геометрия – пішіндеме*) ғылыми тұрғыдан дәлелдегенін жаңа сөздер туралы ғылымның – неологияның алғашқы тұжырымдары деп бағалауға болады.

Академик І. Кеңесбаев былай деп көрсеткен еді: «Қ. Жұбанов Республика Үкіметі жанындағы терминология мен емлені үйлестіру орталығын ұйымдастырушылардың бірі болатын. Оның басшылығымен Мемлекеттік терминком бюллетенінің төрт номері басылып шықты, онда көп ғылым саласы бойынша қазақша терминдердің үлгісін жариялады. Қ. Жұбановтың өзі ...терминдердің ерекшелігі емле мәселелерін сөз етті. Бұл мақалалар ...әлі күнге маңызын жойған жоқ [4: 28].

Кезінде Х.Досмұхамедұлы тіпті анық айтқан: «Ғылымды өз тілімізге аударғанда, ең керегі ғылым тіліндегі атауларды (термин) дұрыстап түсінікті қылып аудару. Ғылым тіліндегі қолданылған атауларды қазақ тіліне дұрыстап түсінікті қылып аудару – өте қиын жұмыс. Ғылым атауларына келісті ат тағу деген алғашқы уақытта қыйын болса да, өте мұқтаж нәрсе»

А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбановтың теориялық-практикалық ұсыныстары мен тұжырымдары туралы кейінгі тілші-ғалымдардың айтқан пікірлері сол кезеңде жаңа сөздерді жүйелеу бағытының біршама қолға алына бастағандығын көрсетеді.

XX ғасырдың I жартысында қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің зерттелуі терминтану / терминтаным мәселелеріне тікелей байланысты болды. Бұл жайт сол кезеңде туындаған объективті факторларға – білім беру жүйесіне дендеп енгізіле бастаған халықаралық терминдерді жеделдете меңгерту үшін мағынасын анықтау, жұртшылықты сауаттандыру факторларына байланысты еді. Тағы да бір аса маңызды фактор

байқалған еді: тілдің тазалығын, өміршендігін сақтау жиырмасыншы ғасырдағы қазақ зиялыларының негізгі ұлттық ұстанымына айналып, ғылыми сипат алды. Сол тұстың зиялы қауымы ұлттық-мәдени мазмұндағы қазақтың сөз байлығын ғылым мен техниканың тіліне айналдыруға ұмтылыс жасады. Қазақ тілінің ішкі мүмкіндігі, сөздік қорға енетін жаңа атаулардың ұлттық сипаты туралы Х. Досмұхамедұлы былай деп жазады: «Қазақ тілі тексеріліп болған жоқ. Біз жат тілдерге қызығуды қойып, әуелі өз тілімізді дұрыстап тексеруіміз керек. Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтын көп сөздер табылады» [5].

Сөз болып отырған кезеңде ғылым мен техниканың тілін қазақшаға айналдырудағы іс-шаралардың қаншалықты маңызды болғандығын С. Елубай былайша анықтайды:

– бұл кезең өзінің күрделілігімен қазақ тарихының, оның ішінде мәдениет дамуы тарихының ішінде сипатталады. Осы күрделі кезеңде өмір сүргендігіне, саяси идеологиялар соққысына қарамастан, ұлт мүддесі мақсатында тілдік мәселелердің шешілуі – осы кезеңге тән басты ерекшелік.

– тілдің даму деңгейі алғаш рет ірі ықпалдар мен соққыларға ұшыраған кезең осы тұсқа сай келеді. Алғаш кедергілерге тап болған тіл дамуының тарихындағы кезеңде қазіргіге қарағанда нәтижелі шешімдер қабылдана білген. Мұның айғағы – ұлттық тілді ұлт дыбыстарына сәйкес дыбыстай білуі, ұлт тілін қолданушы тұлғалардың өзге сананы меңгермей, таза ұлттық санамен таза тілді сақтап қалуға ұмтылуы, соған сәйкес қазақ табиғатына жат болмайтын ұлт тіліндегі терминдер мен сөздерді жасап, қалыптастыра алғандығы әсер еткен [6].

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы жаңа сөздерге қатысты пікірлерді осылайша қорытуға болады. Тарихи кезеңдерде жаңа сөздердің зерттелуіне қатысты ғылыми тұжырымдарды қазақ әдеби тілінің тарихына арналған еңбектерден де кездестіреміз. Айталық, XVIII-XIX ғасырдағы әдеби тілдің тарихы, алғашқы қазақ баспасөзінің тілі диахронды түрде зерделенген еңбектерде де жекелеген жаңа сөздер туралы тілдік фактілер келтіріледі [7; 8].

Өткен ғасырдың 1920-30 жылдардағы қазақ әдебиетінде пайда болған неологизмдерге арналған ғалым Ш. Бәйтікованың зерттеуі бар. Бұл еңбектің құнды жағы – Алаш зиялыларымен қатар Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев, Сабыр

Шәріпов сияқты қаламгерлердің шығармаларынан тілдік фактілердің талдануында [9: 4].

Тілдің лексикалық қабатына тән нормалар басқа қабаттардағы нормалармен бірге тілдің жалпы нормасын құрайды. Кез келген тілдің әдебилігі оны тұтынатын қоғам мүшелеріне түсініктілігімен және ортақ қарым-қатынас құралының ең жоғарғы түрі болуымен сипатталатынын айта келе ғалым С. Исаев былай деп жазады: «Әдеби тілдің нормалары да тарихи категория, ол қоғамдық өмірге, оның өзгерісіне сай өзгеріп, дамып отырады. Бір кезеңдегі кейбір нормалар кейінгі кезеңде норма болмай қалуы, керісінше, жаңа нормалар қалыптасуы мүмкін. Оны біз қазіргі қазақ әдеби тілінің фонетикалық жүйесінен, грамматикалық құрылысынан, лексикалық құрамынан айқын көреміз. Тілдегі архаизм, историзм сияқты көнерген сөздер мен жаңа туып отыратын неологизмдер, конструктивті үлгілер осыны көрсетеді... Мысалы, бір дәуірде қазақ әдеби тілінде *болыс, старшын, төбе би, болыс айлау, әмеңгер, жар салу, құн төлеу, ұрын бару* сияқты сөздер мен сөз тіркестері норма болса, қазіргі қазақ әдеби тілінен олар шығып қалды, керісінше, *депутат, дауыс беру, қамқорлыққа алу, гарышкер, оқулық, оқырман, оқу залы, аялдама, тоңазытқыш* тәрізді сөздер мен сөз орамдары – ол кездегі әдеби тілде мүлдем қолданылмаған, кейінгі нормалар [10: 15].

Қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің пайда болуы, жасалуы тіл дамуының кезеңдерінде әртүрлі. Өткен ғасырдың 20-30 жылдарында жасалған жаңа сөздердің пайда болуы тіл тазалығы, ағартушылық бағыт негізінде болды. Одан кейінгі кезеңдерде орыс тілінің қарым-қатынас құралы ретінде басым бағытты иеленуіне байланыста қазақ тіліндегі жаңа сөздердің тілге енуі бәсеңдеді. Мысалы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мерзімді басылымдардың тілі бойынша зерттеуде орыс тілі сөздерінің сөздік құрамға енуі прогрессивті бағыт ретінде баса айтылған, жаңа сөздер мәселесі қозғалмаған [11].

1960 жылдары қазақтың зиялы қауымы күнделікті тұрмысқа дендеп енген тұрмыстық заттар мен бұйымдардың, ұғым-түсініктердің қазақша баламасын қалыптастыра бастады. Мысалы, кейбір мәліметтерге қарағанда 1960 жылдары белгілі аудармашы І.Жарылғапов 200-ден аса жаңа сөздер жасаған, бірақ олар ешқандай нұсқада тіркелмеген. Олардың ішінде *аялдама, балмұздақ, оқырман, көрермен, қолшатыр* сияқты бірер сөздер ғана ғылыми талдаудан өтіп, 1970 жылдардың орта тұстарына қарай әдеби нормаға айналған.

Осы тұтаста, яғни 1960 жылдардың аяқ жағына қарай қазақ тіл ғылымында бірқатар қолданбалы проблемаларға, сөз мәдениеті, қазақ терминологиясы, аударма, емле мәселелері сияқты маңызды тармақтарға көңіл аударыла бастады. Оларға қатысты айтылған ғылыми пікірлердің қай қайсысында да жаңа сөздер және олардың нормалануы туралы айтылды.

Терминологияны қазақыландыру мәселесі ғұлама жазушы М.Әуезовтің пікірі бар: «Ғылым тілі – бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі» деп, ғылыми терминдердің тіл жүйесіндегі маңыздылығын және термин жасамдағы қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерінің мол екендігін атап көрсетеді. Ал қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру мәселесі әлі күнге дейін нақты шешімі табылмаған мәселе» [12].

Қазақ әдеби тілінің неологизмдермен баюы мен толығыуы мәселесі қазақ ғалымы М.Б. Балақаевтың еңбектерінде де қарастырылды. Академик М. Балақаев қазақ тілінің негізгі толығыу жолдарын көрсетеді (араб, парсы және орыс тілдерінен сөздердің кіруі) [13: 371], «неологизм» ұғымына анықтама береді, алайда шынайы неологизмдер мен окказионализмдерді ажыратпайды, қазақ тілінің сөздік қорының толығыуындағы белсенді аффикстерге жан-жақты сипаттама береді.

Қазақ әдеби тілінің сөздік құрамындағы жаңа сөздерді ғылыми-теориялық зерделеудің көш басынан академик Рәбиға Сыздық көрінді. Шын мәнінде академик Р. Сыздық қазақ неологиясы мен неографиясының негізін қалаушылардың бірі деп санауға әбден болады. Ол 1966 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған мақаласында сөздік қорға енген жаңа сөздерді қажеттілігі, семантикалық сәйкестілігі, жасалу жолдары жағынан пайымдап, жаңа сөздердің орнығуы мен нормалануындағы жазба нұсқалардың, әсіресе баспасөз тілінің доминант сала екендігін анықтап берді.

«Заман өткен сайын сөздік қазынаның сан жағынан молая түсу тенденциясын жоққа шығаруға болмайтынын мойындау керек» дей отырып, зерттеуші кейінгі зерттеулерінде қазақ тіліндегі лексикалық жаңа бірліктердің теориялық негіздері мен ұстанымдарын, олардың түрлері мен жасалу көздерін, нормалануын талдайды [14].

Ғылымда «неологизм» деп аталғанымен, тіл айналымына түсетін жаңа сөздердің өзі қолданысына, жұмсалатын өрісіне қарай, сон-

дай-ақ әдеби тілге енген немесе еруге әлеуеті байқалған, жеке тұлғаның, ақын-жазушылардың тарапынан жасалған бірқолданыс сөздер, басқа тілдерден енген сөздер түрінде ажыратылатыны белгілі. Әлемдік ғылымда кейде олардың барлығын да «неологизм» деп танушылық бар. Осы аталғандардың нормалық және нормалану дәрежесі, сөздік құрамға қосылу мүмкіндігі әр басқа болатындығын байқап, ұстаз Р. Сыздық оларға «тілдегі жаңалықтар» немесе «тілдік жаңалық» деген нақты атау береді. Тілдегі жаңалықтарды номинация, терминология, аударма, сөзжасам және сөз мәдениеті салаларымен тығыз байланыста қарау, талдау керектігін көрсетеді. Ғалымның пікірі бойынша тілдегі жаңа қолданыстарды ең алдымен «неологизм», «аэлогизм» және «неолексизм» қатарларына топтастырып барып талдау керек. Зерттеушінің неологизм деп танығандары қосымшалар арқылы (*өтіл, салымшы, ауысым*), сөз біріктіру жолымен (*орамжапырақ, тұсаукесер, ақуыз*), сөз тіркестіру арқылы (*атаулы көмек, тұтыну қоржыны*), сөз мағынасының ауысуы (*желі, қарымта кездесу, еншілес кәсіпорын*) арқылы жасалған, қазақтың төл сөздері негіз болған жаңа бірліктер болса, аэлогизм қатарын құрайтындары – байырғы сөздердің жаңа мағынаны иеленуі (*көзқаман*), ал неолексизм – сирек қолданыстағы, қазіргі нормативті сөздіктерге енгізілмеген, «қайта тірілген» сөздердің жаңа мағынаға ие болуы (*егемен, орынтақ, ұйқамақ*).

Академик Р. Сыздық тұжырымдарының жаңалығы қазіргі жаңа сөздердің пайда болуының тілге деген ұлттық рухани сұраныстың күшеюі мен ұлттық сананың беки түсуіне байланысты қарастырылуында.

Ғалым тарапынан көңіл бөлінген өзекті мәселе – бүгінгі жаңа қолданыстардың әлеби тілге ену әлеуеті мен нормалануы. Ғалымның көрсетуі бойынша бірқатар жаңа бірліктер тілден орын алды, оған себеп болған факторлар:

- 1) беретін ұғымның семантикалық өлшеміне сай келуі;
- 2) әлеуметтік талғамның үдесінен шығуы; қолданыста олардың ортақтық, дәстүрлік, тұрақтылық сипатының қалыптасуы.

Автор айтқан маңызды тұжырымдардың тағы бірі – субъективті түрде, жоғарыда аталғандай өлшемдерге жауап бере алмайтын жаңа сөздердің қалай бағаланатындығы. «Бүгінде еркін және өз орнында қолданылып келе жатқан, басым көпшілігі «кірме сөз» статусына ие бола алатын интербірліктердің баршасын қазақшалап, олардың орнына қайткенде де қазақша неологизмдер ұсыну ұстанымын (принципін,

мұратын, бағыт-мақсатын) толық мақұлдауға болмайды. ... кірме сөздерді қазақ лексикасының бір қабаты деп тану керек», – дейді ғалым. Бұл пікір ұсынылған жаңа сөздің қолданысқа қажетсіздігінің, олардың семантикалық сәйкессіздігінің себептерін тануға, жалған жаңа сөздер жасалуының тоқталуына тіреу бола алады.

Өткен ғасырдың 80-жылдарына қарай жаңа сөздер ұғымы тұтастай алғанда қазақ терминологиясын жетілдіру және ғылым мен техниканы қазақша сөйлету мәселесімен біртұтастықта қарастырылды.

Академик Ә.Қайдар «термин (атау) шығармашылығында ана тіліміздің өз мүмкіндіктерін сарқа пайдаланудың орнына термин жасаудың оңай жолы – шет тіл элементтерін қабылдауға көбірек көңіл бөлуден кірме терминдердің көбейіп, ана тіліміздің ұлттық ерекшеліктерімен табиғатына нұқсан келе бастады. Мұндай жағдайдың дами түсуіне бүгінге дейінгі қалыптасқан мына фактор себеп болып отыр: тілімізге күн санап, апта санап (соңғы кезде шығып жатқан әр түрлі пәндердің сөздігі арқылы да) еніп жатқан жүздеген, мыңдаған терминдік ұғымдардың барлығы бір орталықтан, яғни «донор – тіл» деп аталатын орыс тілінен ғана еніп, жаңа терминдер тек соның негізінде жасалып қабылдануынан сақтану керек», – дейді [15: 3].

Қазақ әдеби тілінің сөздік құрамына қандай өзгеру үдерістері тән екендігі және тілдің толығу үдерістері туралы пікірлерді академик Ш. Сарыбаев қорытқан. Ғалым өз зерттеуінде неологизмдердің атау қызметін көрсете келе, кез келген жаңа құбылыс, жаңа нәрсе және жаңа зат өзімен бірге жаңа ұғымды ала келсе, сонымен бірге жаңа сөз де келетіндігін айтады. Ш. Сарыбаев сөздік қордың баю жолдарына мысал ретінде сөз мағынасының кеңеюі мен олардың басқа мағынаны иеленуін көрсетеді және бұл фактордың қазақ әдеби тілінің баюындағы оң рөлін атайды. Ғалым әсіресе бұрынғы мағынасын сақтаған және сонымен бірге жаңа мағынаға ие болған сөздер, яғни мағынасы кеңею үдерісіне түскендердің тілді байытудағы қызметін саралаған [16: 106].

Академик Ө. Айтбаев тілдегі жаңалықтар туралы: «белгілі бір дәуірде эволюциялық дамудан революциялық сапаға ауысып, ал кейде керісінше қалыпты күйге көшіп отырады. Тілде пәлендей революциялық өзгерістер бола қоймағанмен, ол қоғамдық құбылыстардың бәрін қамтып, соған лайықты ұғым, түсініктерді сөз түрінде таңбалап береді. Барлық өзгеріс, өрістер тілде көрініс бермей тұрмайды, – деп көрсетеді [17: 80].

Қазақ әдеби тілінің сөздік қоры туралы қазақ ғалымдарының ішінде О. Бүркітовтің «Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі» деп аталатын диссертациялық жұмысындағы ғылыми тұжырымдар да маңызды. Зерттеуде ғалым публицистикалық стильдің сөздік қормен тығыз байланысына ерекше назар аударады. Сондай-ақ автор тарапынан мерзімді баспасөздегі жаңа сөздердің жасалу тәсілдері және жаңа сөздерді қолданудағы публицистикалық стильдің рөлі қарастырылады [18, 14].

Қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстардың белгілі бір кезеңдегі (1976-1991 жылдар арасындағы) жалпы сипатын, олардың нормалануы мен қалыптануындағы нақты коммуникативтік кеңістік – мерзімді баспасөздің рөлін, жаңа сөздердің нормалануына ықпал ететін өзара байланыстағы үш ұстанымды (өзектілік, сәйкестік және эстетикалық ұстанымдар талданған зерттеу неология ғылымының теориясы мен практикасында айрықша атап өтуге тұрарлық [19].

1995 жылға дейінгі мерзімдегі жаңа сөздердің табиғаты Қ. Қадырқұловтың еңбегінде талданған [20]. 1991 жылдан бастап қазақ тіл білімінде жаңа сөздер қазақ тілі терминдерін қалыптастыру мәселелері аясында біртұтас қарастырыла бастады. Терминденетін лексика сөздері, жалпы халықтық тілдегі сөздердің терминдену ерекшеліктері, жаңа атаулардың жүйелену қажеттілігі, тұтастай алғанда, ұлт тіліндегі ғылыми-техникалық терминологияны қалыптастыру, термин шығармашылығының әртүрлі қырлары тікелей арқау болған іргелі еңбектер бар [16].

Терминологиялық сөздіктерді шығаруға қойылатын талаптар мен практикалық ұсыныстар, терминді жасауға қатысты әлеумет, тіл, ғылым мүдделерінен туындайтын лингвистикалық талаптар, термин түзудің ғылыми-практикалық қисындары талданған зерттеулерде де жаңа сөздердің табиғаты біршама сөз болады [21; 22].

Зерттеуші Н.И. Букетованың еңбегі бірнеше тілдердегі жаңа сөздерді жасайтын түбір морфемаларды талдауға арналған [23]. Қазақ тіліндегі неологизмдер салыстырмалы-тарихи және салғастырмалы тіл білімі аясында қарастырылған. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі жаңа сөздердің – қоғамдық-саяси неологизмдердің қалыптасуы мен қолданысқа түсуінің кешенді талдауы жүзеге асырылған еңбек жаңа сөздердің құрылымы әрбасқа тілдердегі сипаттамасын жан-жақты танытқан [24].

Шамамен алғанда, 1976-2015 жылдарға дейінгі аралықтағы жаңа

сөздердің лексикографиялық түзілуін анықтау да жаңа сөздерді жүйелеу, талдау және сұрыптау мәселелерінде маңызды. Қазақ тіл білімінде жаңа сөздердің тіркелуі 1985 жылы жүзеге асырылды. Қазақ тіліндегі жаңа атаулардың үш жинағы ғалымдар тарапынан «қазақ әдеби тілі лексикасының дамуын, жаңа сөздердің жинақталуын көрсетуі жағынан аса құнды еңбек» деп бағаланған [Сагындыкова]. Зерттеу нысанына қарай жаңа сөздер бойынша тілдік фактілерді талдауда, жүйелеуде, сұрыптауда және олардың қалыптану үдерістерін белгілеуде соңғы 25-30 жыл ішінде жарияланған екі тілді терминологиялық сөздіктердің рөлі айрықша. Ғалымдардың көрсетуінше, 1991 жылдан бері қарайғы кезеңде ғылымның барлық дерлік салалары бойынша 200-ге тарта екітілді, түсіндірме, терминологиялық сөздіктер жарияланған [25].

Жаңа сөздерге қатысты мәселелерді анықтауда Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен 31 ғылым саласы бойынша қазақша-орысша және орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер сериясы жаңа сөздерді жүйелеу және қалыптану үдерістерін зерделеу тұрғысынан бірегей басылым болып бағаланады.

Қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің зерттеулерінің табиғатына қатысты мынадай қорытынды жасалған болатын: «қоғам өміріндегі жаңғырулар, тілдің өз қозғалысы лексикалық құрамды әрдайым жаңа тілдік бірліктермен толықтырып отырады, сондықтан қазақ тілтанымында неология мен неография саласын, әсіресе тілге толассыз енген (және еніп жатқан) жаңа тілдік бірліктердің кодификациялануын теориялық-практикалық тұрғыдан қарқынды дамыту маңызды болып отыр. Осы салалардың кешенді түрде қолға алынуы қазақ сөз мәдениеті, әдеби тіл нормалары, терминология және терминография, аударма және әлеуметтік лингвистика, лексикология мен сөз семантикасы, әдеби тілдің функционалды стильдерінің қазіргі сипаты, орта мектептерде білім беру жүйесінде қазақ тілін оқыту әдістемесін жандандыру бағыттарындағы зерттеулерді толықтыратыны, ең бастысы – қазақ неологиясы мен неографиясының қалыптасуына жол ашатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов (Өмірі мен қызметі туралы) // Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 8-30.
2. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жанаша көзқарас. – Алматы, 1993. – 43 б.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өнд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
5. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
6. С. Елубай. Алаш зиялылары және терминтану. –
7. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 288 б.
8. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы, 1971. – 187 б.
9. Бәйткіова Ш. Қазақ тіліндегі неологизмдер. – Алматы, 1971. – 122 б.
10. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 192 б.
11. Жұмағазина Р. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мерзімді басылымдар тілінің ерекшеліктері: фил.ғыл.канд. ... автореф. Алматы, 2009. – 24 б.
12. «Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 364 б.
13. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі // Казахский литературный язык. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 472 с.
14. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми танымдық зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 272 б.
15. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 1998. – 250 б.
16. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері // Вопросы казахского языкознания. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2000. – 624 б.
17. Айтбаев Ә. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. – 159 б.
18. Бүркітов О. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1996. – 25 б.

19. Алдашева К. Қазақ тілінің сөздік құрамын жаңғырту: тіл саясаты және кодификация мәселесі // «Шығыстану және түркітану ғылымы әлемдік кеңістікте» атты Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институтының 5 жылдығына арналған республикалық ғылыми-танымдық семинардың материалдары. – Алматы, 2014. – Б. 75-77.

20. Қадырқұлов Қ. Жаңа сөздер мен жаңа сөз қолданыстардың айырым белгілері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2012. – №1. – Б. 127-130.

21. Әбдірасілов Е. Қазақ терминографиясының жүйесі. – Астана, 2005. – 208 б.

22. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. – 227 б.

23. Букетова Н.И. Реликтовая корневая морфема как языковая универсалия: дис. ... док. филол.наук. – Караганда, 1995. – 346 с.

24. Сагындыкова Ж. Формирование и функционирование общественно-политических неологизмов в английском, русском и казахском языках: автореф. ... канд.фил.наук. – Алматы, 2010. – 28 с.

25. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.

КОГНИТИВТІК ҒЫЛЫМДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІ ЗЕРДЕЛЕУ

А.Кәріпжанова, Ж.Абдығалимова

*С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты*

Когнитивтік ғылым кең мағынада таным туралы ғылым жиынтығы – ғылымды игеру, сақтау, қайта құру және пайдалану. Когнитивтік лингвистика – тіл мен сананың арақатынасын, әлем туралы ұғымды концептуалдау және категориялаудағы тілдің рөлін, танымдық процестер мен оны қорытудағы адами тәжірибені, адамның жеке танымдық қабілеттерінің тілмен және олардың өзара әрекетімен байланысын зерттейтін тіл білімінің бағыты [1].

Осылайша, тіл ойлау үдерістеріне қол жеткізу құралы ретінде қабылданады. Тілде адамзат тәжірибесі, оның ойлауы бекітіледі; тіл – танымдық механизм, ақпаратты арнайы кодпен жазатын және тасымалдайтын белгілер жүйесі. Түсінудің ментальды негіздері және тілдесім өнімділігі де когнитивтік лингвистика саласына жатады [2].

Когнитивтік семантика когнитивтік лингвистика бөлімдерінің бірі бола отырып, концептуалдау және категориялаудың жалпы теориясын, адамның қоршаған әлемді қалай қабылдайтыны және санасынан өткізетіні және оның таным тәжірибесі тілдік өрнектер мағынасында қаншалықты жүзеге асырылатыны туралы теорияны көрсетеді.

Н.Н. Болдырев [3] когнитивтік семантикаға когнитивтік лингвистика тұрғысынан тілдік құбылыстардың семантикалық сипаттамасы қарастырылатын жағдайлардың объективті сипаттамаларын ғана есепке алып қоймай, сонымен қатар оны қабылдау ерекшеліктерін, тиісті білім қорының болуын, нақты бір бірліктерді ерекшелеу және көзқарасты таңдау, жеке эпизодтарға зейінді бағдарлау да жататынын атап көрсетеді.

Осының барлығы адамның танымдық қызметі процесінде нақты концептілер мен категориялардың қалыптасуына әсер етеді. Алайда, заманауи когнитивтік лингвистиканың дамуындағы неғұрлым заманауи бағыт тек қана теориялық танымды ғана емес, сонымен қатар кәдуілгі таным – когницияның ерекшеліктерін есепке алатын экспериенциалдық тәсілмен байланысты екенін атап кеткен жөн [3; 19].

Экспериенциалдық тәсілдің ерекшелігі – қоршаған әлеммен өзара

байланыста болу тәжірибесіне негізделетіндігінде. Т.Ю. Сазонова атап өткендей, «сөз мағынасына сәйкестендіру тілдік ақпарат адамның әлем туралы білімі, көзқарастары және пайымдарының схемасымен сәйкес келгенде ғана жүзеге асады. Сәйкестендіру процесінде ағымдағы ақпараттың тұрақты түрде нақты болған тәжірибемен саналы және санадан тыс сәйкестендірілуі арқылы жүзеге асады» [4; 235].

Жалпы алғанда, концептуалдау және категориялау адамның танымдық әрекеттері мен когнитивтік қабілеттерін сипаттауда қолданылатын негізгі ұғымдар болып табылады. Е.С.Кубрякованың пікірі бойынша концептуалдау және категориялау классификациялық қызметті танытады, бірақ бір-бірінен соңғы нәтижесі және мақсаттары арқылы ерекшеленеді. Концептуалдау адам тәжірибесінің, білім құрылымының минималды мазмұнды құрылымына негізделетін болса, ал категориялау үдерісі ұқсас бірліктердің неғұрлым ірі санаттар мен категорияларға біріктірілуін қарастырады [5].

Адам өзін қоршаған әлемді туған сәттен бастап тани бастайды. Алдымен ол заттарды танып үйренеді, содан соң оларды бір-бірімен салыстырады, тілдің көмегімен өзінің танымдық әрекеттерінің нәтижесін білдіруді үйренеді. Нәтижесінде адамда әлем туралы білім жүйесі біріктіріліп, жалпы ұғымдар қалыптасады. Когнитивистердің пікірі бойынша, әлем туралы осы білім құрылымының негізінде концепті деп аталатын менталдық ақпарат бірлігі жатады. Өкінішке орай, «концепт» ұғымы күрделі де көп мағыналы ұғым болғандығы соншалықты, когнитивистер арасында оның бірыңғай анықтамасы да осы уақытқа дейін жоқ. Осы тұрғыда А.А.Залевская қазіргі кезеңде «лексикалық концептілер», «синтаксистік концептілер», «мәдени концептілер» және т.б. деп түрлі сипаттамалар беру белең алғандығын әділ атап өтеді [6; 91].

Е.С.Кубрякова «түрлі типті концептілер (бейнелер, елес, ұғымдар)... әлемді қабылдау процесінде туады, олар таным барысында жасалады, олар адам тәжірибесін және әлеммен байланыс жасау әрекетінің түрлі типтеріндегі санадан өткен ақиқатты көрсетеді және жинақтап қорытады. Тіл әлем адам түйсігі арқылы қалайша қабылданғанын анықтайды, объективтейді және сана арқылы категориялауға ұшырайтынын көрсетеді» деп атап кетеді [5; 37].

Тілдік әлем бейнесін талдауға негізделген зерттеулерде концепті ұғымын кеңінен түсіндірілу үрдісі байқалады. Мысалы, А.А.Залевская

концептіге төмендегідей анықтама береді: «концепт адамның менталды әлемінде нақты бір ұғым түрінде емес, ұғым, білім, ассоциация, толғаныстардың шоғыры іспетті болады. Олар – эмоция, симпатия, антипатия, кейде қақтығыстар заты» [6; 89].

Тілдік деректер түрлі халықтардың ойлауының іргелі модельдерін анықтауда шешуші рөл атқарады, себебі әрбір халықтың дүниетанымы негізінде зат, құбылыстың мағынасының және когнитивтік схемасының өзіндік жүйесі болады. Осылайша әртүрлі қоғамдастықтар өкілдерінде ақиқат құбылысын қабылдау, категориялау және бағалау айырмалары аталмыш қоғамдастықтар тілі мен мәдениетіндегі айырмашылықтармен тығыз байланыста болады. Лексикалық бірлік семантикасын сипаттау үшін аясында лексикалық бірлік мағынасы түсіндірілетін «когнитивтік сала» ұғымы маңызды болып табылады. Когнитивтік сала концептуалдаудың кез келген түрінде: қабылданған тәжірибе, концептуалдық кешен, білімнің күрделі жүйесі және т.б. түрде бола алады. Мысалы, гипотенуза түсінігін тікбұрышты үшбұрыш туралы ұғым негізінде оңай сипаттауға болады, демек, тікбұрышты үшбұрыш гипотенуза үшін когнитивтік сала бола алады. Айта кету керек, , когнитивтік салалардың негізгі қызметтеріне біздің үш өлшемді кеңістікке қатысты тәжірибеміз, сондай-ақ, түстер гаммасы және естілетін жиілік гаммасы жатады [7; 358].

Р. Лангакер когнитивтік сала мазмұнын тұжырымдаудағы адам қабілеті әр түрлі екенін атап көрсетеді [7]. Осы тұрғыда, мағынаны сипаттау барысында когнитивтік сала мен анықталатын объекті, жағдаяттың дәйектелу нақтылығы/схемалығы деңгейі, предикация қызметінің аясы, жағдаятқа қатысушылар рөлдерінің тарқатылуы (референт пен релятум кімдер) арасындағы қатынас сияқты факторларды, сонымен қатар жағдаятты сипаттау перспективасын ескерген маңызды.

Тілді когнитивтік зерттеу екі ойлау деңгейі: концептуалдық және семантикалық деңгейлер бар екендігі туралы болжамдар жасауға уәждейді. Олардың да түрлі тілдердегі кеңістіктік қатынастарды вербализациялау тәсілдерін сипаттаушы мәні болады. Тілдің осы семантикалық деңгейі түрлі тілдердегі бір ғана жағдаят туралы кеңістіктік ұғымның түрліше болып келуін түсіндіреді.

«Бейнелі схема» семантикалық және концептуалдық сипаттамалар жасауға әлеуетті когнитивтік ұғымдардың бірі болып табыла-

ды. М.Джонсонның көзқарасы бойынша, біз әлемді физикалық, яғни дене тәжірибесі негізінде түсінеміз, ол бес сезім мүшесіне негізделеді. М.Джонсонның айтуынша дерексіз концептілер физикалық тәжірибе негізінде пайда болған физикалық концептілердің кеңейтілген түрі болып табылады. Айналасында біздің тәжірибеміз байқалатын осындай схемалық құрылымды белгілеу үшін М. Джонсон «бейнелі схема» терминін қолданады (немесе схема-бейне). Яғни тіл – ойды туғызушы тетік, сондықтан сөз заттың тура таңбасы емес, оның біздің санамызда тілдік шығармашылық процесс нәтижесінде туған бейнесі.

М. Джонсон бейнелі схемаға төмендегідей анықтама береді: «Бейнелі схема – бұл біздің тәжірибемізге байланыстылық пен құрылым беретін қабылдауымыз бен сезіну үдерісіміздің үнемі қайталанып тұратын динамикалық үлгісі» [7; 67]. Сондықтан «бейнелі схема» термині тек қана көрнекі түрде байқалатын кеңістіктік бейнеге жатқызылмайды, сонымен қатар иіскеу арқылы сезінуге де жатқызылады. Бейнелі схемалардың күшті-қарқынды да сипаты болады.

Бейнелі схема ұғымы қандай да бір тілдік қоғамдастыққа тән мәдениетпен де, әлеуметтік жағдайлармен де байланысты. Схемаға берілген анықтамалардың біреуіне назар аударатын болсақ: «Схема – ақиқатты көрсететін, мәдени тұрғыдан бағдарланған және әлеуметтік шарты бар менталдық құрылым» [8; 101].

Жалпы алғанда бейнелі схемалар: «пропозиционал емес; қабылдаудың бір формасымен ғана байланысып қоймайды; жеке дара адам деңгейінен қоғамдық құрылым деңгейіне дейінгі аралықтағы танымның түрлі типтері арқылы адами тәжірибе жинақтау байланыстылығын қамтамасыз етеді; гештальт-құрылым болып табылады (біздің тәжірибеміз бен танымымызда байланысты, маңыздығ біртұтас сияқты түрлері бар)» [7; 348].

Мағынаға семантикалық ұя нысанында талдау жасау аталмыш семантикалық категорияның прототиптік құрылымын жасау мүмкіндігін береді. Ұядағы негізгі орталық мағына морфема немесе сөздің нағыз прототиптік қолданысын көрсетеді. Әдетте мұндай мағыналар деректі болады және жылдам өзгертуге көне бермейді. Перифериялық мағыналар неғұрлым дерексіз болады да, негізгі мағынаның түрленген түрін көрсетеді және тіркесімділік тұрғысынан шектеулі болып келеді. Сондықтан бейнелі схемаларды түрлендіруге ыңғайлы болады.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Международный конгресс по когнитивной лингвистике: Сб. мат-лов / отв. ред. Н.Н. Болдырев; Тамб. гос. ун-т им. Г.Р. Державина. – Тамбов: ТГУ им. Г.Р. Державина, 2008.
2. Кубрякова Е.С. Краткий словарь лингвистических терминов // Когнитивные исследования в языкознании и зарубежной психологии. Хрестоматия. – Барнаул, Изд-во Алтайского ун-та, 2001. – С. 35–51.
3. Болдырев Н.Н. Когнитивная семантика (курс лекций по английской филологии): учеб. пособие. – Тамбов: Изд-во Тамб. гос. ун-та им. Г.Р. Державина, 2001.
4. Сазонова Т.Ю. Идентификация слова: процесс и результат // Языковое сознание: устоявшееся и спорное. XIV междунар. симпозиум по психолингвистике и теории коммуникации. Тезисы докладов. – М., 2003. – С. 235–236.
5. Кубрякова Е.С. Начальные этапы становления когнитивизма: лингвистика – психология – когнитивная наука // Вопросы языкознания. – 1994. – №4. – С. 34– 47.
6. Фундаментальные направления современной американской лингвистики / под ред. А.А. Кибрика, И.М. Кобозевой и И.А. Секериной. – М.: Изд-во МГУ, 1997.
7. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы: Ан Арыс, 2006.

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ОҚУЛЫҚТАРДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ ИГЕРІЛУІ

Ә.Ахметұлы

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
кіші ғылыми қызметкері*

Термин (лат. terminus – «шек, шеті, шегарасы» деген мағынада) – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. Әдетте тілдегі қандай сөз болсын көп мағыналы болып келеді де оның мағыналық шегі айқын болмай, жылжымалы болады. Ал ғылыми ой-пікірді дәл білдіру үшін сөздің мағынасы тұрақты, айқын болу қажет. Сондықтан сөздің мағыналық шегін дәл белгілеп, сөзді сол нақтылы бір мағынада ғана алып қолдану арқылы жасалады.

Қазіргі ғылымда терминологиялық құрылымның жүйелене түсуі, жалпы философиялық терминдер, оның әдебиеттану саласы лингвистика, соңғы уақытта математика, семиотика терминдері есебімен толыға түскені байқалады. Бұл әсіресе жазушылардың тіліне, фолклортануға арналған еңбектерден айқын аңғарылады. Қазақ әдебиеттану ғылымында да терминдерді қалыптастыруда бірталай жетістіктер баршылық. Бұл салада айрықша бағалы еңбек сіңірген Ахмет Байтұрсынұлы болды. Оның 1926 жылы «әдебиет танытқыш» атты кітабында халық поэзиясына, әдебиетіне қатысты көптеген терминдер алғаш жүйеге түсірілді. Оның бірталайы әдебиеттану ғылымында орнығып, қолданылып келеді. Ал кейбір кезде мән берілмей, не еленбей қалғандарын жаңадан қарап, орнымен қолдану-келешектегі міндет. Соңғы кездерде қазақ тіліндегі терминдер әдебиеттануда ғылыми ойдың дамуына байланысты одан әрі дамып, толыға түсті. Алайда бұл салада атқарылатын істер аз емес. Ғылыми ұғымдардың қазақ тілінде мағынасын терең ашып жеткізетін және өзі жатық, құлаққа жағымды, көпшілік жақсы қабылдайтын терминдерді әлі де көптеп қалыптастыру қажеттігі бүгін өмір талабынан туып отыр.

Энциклопедияда термин ұғымына берілген осы түсініктемеге қарап отырып-ақ, терминдердің бір халықтың тіптен мемлекеттің тіліндегі алтыннан қымбат маңыздылығын түсінуге болады. Терминдер яғни жаңа сөздер (кірме сөздер) бір ұлттың тілімен бірге пайда болып, сіңісіп, сол тілдің бір атауы ретінде қалыптасады. Әсіресе, көршілес яки жақын

қоныстанған халықтар арасында, солардың ішінде билеуші елдің тіл-жазуының ықпалынан құрамындағы ұлттар мен ұлыстардың тіліне көптеген атаулар енетіні табиғи құбылыс. Дегенмен, аз халықтың тілдерінен көп халықтың тіліне ықпал етіп, көптеген терминдерін сіңіреді.

Қалай болған күннің өзінде бір халықтың тіліне кірме сөздер бірден кірігіп кете бермейді. Ұзақ жылдар, ғасырлар тіпті мыңжылдықтарда барып, ол сол ұлттың тіліне түбегейлі сіңеді. Оған бір-бірлеп санап көрсетпесек те, сан ғасырлық тарихымыздан бергі жақыннан мәдени байланыста болғандықтан, Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің тілімізге сіңіп, сынып, ана тіліміздің қорын толықтағаны дәлел. Тіл – Жаратқаннан қауымдарға берілген теңдессіз байлық болғандықтан, қайсы бір ру-тайпалар, ұлыс пен ұлттар ана тіліне кіргелі тұрған екінші бір тілдің атауларын талғаусыз қабылдай бермейді.

Күллі түркі жұртына ортақ орта ғасырлық әдеби мұралардың бір бөлімі Араб тілдерінде, Парсы тілдерінде жазылғанымен, кей кезеңдерде шығармаларды таза Түркі тілдерінде жазуға, кірме сөздерден барынша сақтануға тырысқанын тарихи жазбалардан айқын көруге болады. Бұл жөнінде шағатай тілін зерттеп жүрген белгілі профессор, түркиялық ғалым Біләл Южел: «Бастапқы дәуірде түркілер ежелгі дәстүрін сақтай отырып Араб-парсы жұртының сөздерін түркілерстіріп отырған. Мәселен, XI-XII ғасырларда түркілер Араб-парсы жұртының терминдерін түркілестіруге белсенді болған. «Құтты білік», «Ғибатұл-Хақайх» шығармаларын оқып отырсаңыз көптеген діни атаулар, өзге де атаулардың бәрі түркі тілімен қолданылған.

Османлыларда бұндай бесленді үрдіс болмағандықтан, Араб-Парсы жұртының әдебиеті мен тілінің ықпалы біршама үстем орында болған. Хорезім шах, Селжұх дәуірінде, тіпті керек десеңіз, Қараханиттер кезінде үкімет ісқағазы, дипломатиялық қаттамалар Араб-парсыша жазылған. Ал, қарапайым халық түркі тілінде сөйлеген. Тек жазба тілде Араб-парсы тілі мен хат үлгілерін қолданған. Әрине, Араб-парсы тілінің мұндай ықпал жасап кірігуін Әлішер Науайы мен Шідедтін қатарлы тұлғалардың сын тезіне алғанын білеміз. Мәселен, Әлішер Науайы «Мүһакеметүл-Лұғатейн» атты шығармасын осы себепті жазған. Ол кітаптың алғы сөзінде түркі тілінің күш-құдыретін, тереңдігін білмегендерді, сезінбегендерді сынап, Парсы тіліне үстемдік бергендерді айыптайды...» дейді сұқбатында.

Енді осы тамаша дәстүр яғни жат сөздерден сақтану мен қы-

рағылықпен қабылдау әдеті біз тілге алғалы отырған ХХ ғасырдың басында көрініс береді. Әмбеге аян, ХХ ғасыр адамзат баласы үшін арпалысқа толған ғасыр болды. Елдер мен елдер қосылып, «үлкен балықтар кіші балықтарды жұтып», жаңадан тарих сахнасына көтерілген империялар өзге мемлекеттерді қосып алды. Басқа халықтың боданына бір-ақ жолда айнала салмай, еті тірі халық қарсы күрестерді қанат жайдырды. Руханият, мәдениет, тіл, дін шабуылға ұшыраған тұста, ашық көтерілістерден де идеологиялық күрестер маңызды болды. Ұлттың ұлы тұлғасын сақтап қалу үшін ахпарат, баспасөзді, оқу оқытуды мықтап қолға алған Алаш зиялылары теңдессіз еңбектер жасады. Соның ішінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгер, Ж.Аймауытұлы, Елдес Омарұлы т.б., ғалымдар қазақтың тілін, тілдің тазалығын сақтап қалу үшін шыр-пыр болып, ұшан-теңіз шығармалар жазды. Олардың жаһандану мен жаулап алудың толқынына қарсы жүзген осы өлшеусіз күрестерінің жемісін бүгінгі бақытты ұрпақ татып отыр. Өйткені, ел қолынан биліктің тізгіні кете бастаған тұстарда қоғамдық өмірдің жалпы саласында жаңаша сөздер мыңдап, түмендеп біздің тілге әсерін бере бастады. Қазақ тіл ғылымының іргесіне берік негізін қалаған сол ғалымдардың терминжасам жұмысындағы шеберліктері қай ғасырда да халқымыз үшін баға жетпес байлық. Әсіресе, аталған ғалымдар сол кезде тез арада өркен жайған басылымдардағы әрбір сөйлемді, сөзді тіпті, дыбыстар мен әріптердің орынды-орынсыз қолданылған тұстарын сын-тезіне алып отырған. Ғасырда бір туатын тұлғалардың жауапкершілік рухтары, жат сөздердің жақындатудағы ұстанымдары бүгінге де, ертеңге де ұлы бағдар бола алады.

Ендеше, ХХ ғасырдың басында тіл ғалымдарының жат сөздерді қырағылықпен қабылдау туралы пікірлерін айқындайтын ситаттарға көз жүгіртелік: *...Елдің ұғымында «Жылқышылық» жылқы өсіру мағанасында емес. Жылқышылық деген жұрттың көбі жылқышы болады екенбіз деп ат тонын ала қашып жүрмесін біреуді айтады: «Жылқышылық» пен «Өмірі өтті» деп. Жылқышылық орыстың «Пастушество» дегеніне келеді. Жылқы өсіру десе ел қазағы тез түсінбей ме? Даяр сөз тұрғанда «Бүйректен сирақ шығарып» не керек. Қазақ тілі осы күнде мемлекет тілі болып отыр. Сондықтан жазуға талабы бар азаматтар «Тіл құралдары» мен Нәзірдің, Қалелдің «Үндестік заңы» туралы жазған кітапшелері мен танысу керек. Білімпаздар тобының қаулысы мен есептеспей жазған-дарды талқыға салу керек. «Үндестік заңына» бағынбайтын, Ерте зманда сіңіскен жат сөздер бар. Бұларды өзгер-*

ту қиын. Ал енді төңкерістен бері кірген жат сөздерді қалайда болса, «үндестік заңына» бағындыру керек [1].

Осы күні қазақ азаматтары араларынан кітап жазушылар, басқа тілден аударушылар есепсіз өсіп барады. Бұлар кітаптың алдында келетұн орыстың Введение деген сөзін әр қайсылары өз беттері мен түрліше аударып, атап жүр. Мисал есебінде төрт-бесеуін санап өтейік: «Кіріспе, таны-стыру, дәйектеме, бет ашар, жетектеме» деген сықылдылар. Введение, вступительное Слово деген сөздердің мағынасын біздің кіріспе, таныстыру, жетектеме деген сөздеріміз толық түсіндіретін болса, дәйектеме, бет ашар деп бет беттеріне тіл шығарып атау жасап орыстың бір сөзіне қазақтың бар-лық сөздерін жабыстырудың не қажеті бар. Жоқ, бет-бет-теріне атау тауып қолданғанды мәз көреме? Әйтпесе, тілдің бағынасын жойып бұзуды қызық көреме? Тілді түзеп, елді жолға саламын деп, кітап жазып жүрген азаматтардың бұлары не? Бұлар бүйтіп жүргенде, кейінгілер мен қара халық не қылмақ. Сондықтан кітап жазған азаматтарға айтатұн сөз: білім кемесіесінің қолданған атауларын қолданулары керек. Тілді бұзуға тырысбай түзеуге керек [2, 314].

...Жазушыларымыздың көбі орысша оқығандар болған соң, олардың қазақша жазға-ны орысшаға ұсаған соң, – Басылып шығып жатқан кітептері-міздің де, газет журналдарымыздың да тілі қазақша болмай, орысшылаған қазақ тілі болып отыр.

Орысшадан алынған сөздерді бұлжытпай дәл Мәскеу орысының айтуынша жазады: Мәселен «Мәскеу» демей «Москыва» деп жазады, «Көменес») комунизм йә «Коммунист» дейді. Осықылды сөздердің көбі ақ білім ке-ңесінде тексеріліп, қазақ тілінің дыбыс жүйесінше қабыл алынған; қазақ білімпаздарының сиезінде ондай сөздердің жалпы негізі де ашылып, тиісінше қаулы да шығарылған. Сондықтан қазақша деп жазылған сөздерді қазақша жазып, қазақша айтып үйренгісі келген кісі оны оп-оңай ақ үйрене алса керек.

Жалғау, жұрнақтарды елемегеннен болатын кемшілік жазушыларымыздың көбі қазақша деп жазған сөзіне басқа тіл-дердің жұрнағын жалғап жібереді. Мәселен «Социализм» деген сөз қазақша сатсиал деп қабылданған, сондықтан сат-сиал деп сатсиал жолын жақтайтын кісі «Сатсиалшыл болу керек» . Бірақ біздің жазушыларымыз олай демейді, – «Са-циалист» йә «Сотсиалист» деп жазады, – Қазақ тілінде «Ист» деген жұрнақ жоқ екенін елең қылмайды. «Техника» қазақша «Текнике» болса, техникті қазақша «Текникеші» деу керек [2].

Тау суындай тұнық тілді сақтап қалу жөнінде жазылған мақалалар бұл ғана емес. Тек қана термин туралы Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, басқа да ғалымдардың оншақты жылдар ішінде жазған жанайқайларының басын қосса жүздеген жазбаны табуға болады.

Тіл жанашырлары сол кездің өзінде ұйымдық кеңестерді көбірек өткізіп, арнайы терминдерді жасап, жариялап отырған. Мысалы: «ҚАЗАҚСТАН ОҚУ КЕМЕСЕРЕТІНІҢ БІЛІМ СЕКСИЕСІ АЛҒАН ПӘН СӨЗДЕРІ» деп алфавит бойынша мындаған сөзге қазақша мағына беріп, арнайы қаулы бекітіп, қолданысқа енгізсе, «ҒЫЛЫМ ОРДАСЫНЫҢ ҚАЗАҚША ҒЫЛЫМ-ӘДЕБИЕТ КЕҢЕСІНДЕ ҚАБЫЛДАНЫП АЛЫНҒАН ПӘН СӨЗДЕР» деген атпен жүздеген сөздерді термин ретінде қабылдап, қолданысқа біртұтас кіргізген. Мінеки, осы терминдердің көбі күні бүгінге дейін тіл қолданысында өзінің маңызды қызметтерін атқаруда.

XX ғасырдың басында тіл ғалымдарының жат сөздерді қабылдауда бірқанша өзгеше ұстанымдар қолданды. Ұстанымдар ғалымдар жазған әрбір мақаланың мазмұнынан аңғарылып тұрады. Сонымен бірге, сол тұстағы қазақша пән сөздер туралы қаулыдан көп нәрсеге көз жеткіземіз:

1. Қазақ тілінде үндестік заңы бар. Үндестік заңына келмейтүн сөздердің бәрі де қазақтың өз сөзі емес, Қазақ тіліне кіріп кеткен жат сөздер... Сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірыңғай жіңішкертіп, иә бәрін де жуандатып алу керек.

3. Қазақша сөздерде «О» дыбысы бас буындарда ғана болады. Тіліміздің ымырасын-ша «О» дыбысы бас буыннан басқа жерде тұра алмайтүн болған соң: бас буыннан басқа буындарында «О» сы бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде «О» ны басқа бір дауысты дыбысқа айналдырып алу керек. (Покров – «Боқырау»)

4. Қазақша сөздің аяғы «Ғ», «Г», «Д» болып тынбайды, – «Қ», «К», «Т» болады. Сөз аяғындағы «Ғ», «Г», «Д» ларды мүлде жоғалтып жіберу керек.

(Оренбург – «Орынбор»).

5. Қазақша сөздің екпіні соңғы буынында болады. Сондықтан екпіні б соңғы буынынан басқа буындарында болған жат сөздерді қазақшалап қалғанда екпінін соңғы буынына келтіріп алу керек. Самара – «Самар», Пуховой – «Бөкебай» [2].

Қаулы басында Елдес Омарұлының осылай көрсетілген он шақты пікірін толығымен жазады да (біз бұл мақаламызда ықшамдап алдық), термин туралы төмендегідей қаулы шығарады.

«Бүтін дүниедегі қауымға бірдей жүріп кеткен пән сөздері бізгеде бір болып алынсын.

Сол бүтін дүниеге жүріп кеткен пән сөздерінен дәлме-дәл келіп тұрған қазақ сөзі болса, сол қазақ сөзі мен ананы жарысқа қойғанда, қайсысы өтерлігі ашық мәлім болмаса, өмір жүзінде жарыстырып, екеуі қатар жазылып қойылсын.

Пән тілі ең әуелі қазақ халқының сөзінен ізделсін. Онан табылмағаны басқа түрік қаумдарының сөзінен ізделіп, табылғаны жатырқаусыз алынсын.

Жат қауымнан пән тілін алғанда қазақ тілінің заңына бас идіріп, бұрылып алынсын, пән сөзін белгілеп, тексеріп отырсын [2].

Осы бірқанша дәйектемелерге қарап біз тілге тиек етіп отырған ХХ ғасырдың басындағы терминдердің игеріліуі жөнінде белгілі деңгейде түсінік орнатамыз. Дегенмен, сөздіміздің тіпті де дәлелді болуы үшін, қолымызға түскен сол кездегі оқулықтардан теріп алған терминдеріміздің тізбегімен бөлісейік. Мұнда көзге көрінген термин атаулының бәрін сыпырмайым жіпке тізген маржандай қатарға тұрғызбай, өзгешелеу атаулар төңірегінде ой бөліссек дейміз.

1923 жылы Орынборда баспадан шыққан Н.Құлжанова аударып, құрастырған «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты оқулықта мынадай терминдер кездеседі:

От-арба (пойыз)

Тетікті машиналар

Отырғыштар (орындықтар)

Жасалысы (жаратылысы)

Оқымыстар (оқымыстылар)

Мұжық (шаруа)

Бала бақшасы т. б. [4].

Бұдан сырт, аталған оқулық ертерек жазылғанынан қарамастан (1923 ж.) онда орыс тілінен қалпын құрғатпай тікелей алынған терминдер бар.

«Учебный материал»

Летняя площадка – жаз уақытында үйден ашық жерге шығарған бала бақшасы.

Детский дом – (балалар үйі) – ата-анасы жоқ, панасыз балаларға өз үйі болғандай қылып жасалған орын.

Педагогический институт (педагогикалық институт) т.б.

Демек, бұл термин жөніндегі қаулының жариялана қоймаған тұсы болғандықтан, осылай жазылған деп ойлауға болады. Әйтпегенде, жоғарыдағы қаулыдағы ережелерге сәйкес, орыс тілінен алынған терминдерді кем деген қазақ тілінің үндестік заңына, және басқа да дыбыстық ерекшеліктеріне сыйғызып, қазақшаластырып алуы керек еді.

1924 жылы Тілеуұлы Жұмағали аударып құрастырған «Гигиене» атты оқулықта терминдер өте мол.

Біз әуелі қазақ тілінен балама алып жасаған терминдерден бірқаншасына назар аударайық:

Саулық сақтығы (гигиене, денсаулық қорғау ғылымы)

Жұрт (мемлекет ұғымын білдіреді: Грек жұрты, Жапан жұрты деген тіркестер бар)

Тән жүйесі (анатомия)

Шәр (қала)

Айырықша (айырмашылық, парық)

Уыз (белок)

Ұлпа

Әуірілу (айналу)

Кіреуке (тістің қабы)

Түйіртпектер (ішектің ішкі бұдыры)

Сүтсімақ (алғашқы тамақтардан пайда болған сүт секілді сұйық нәрсе)

Ыдыс (қан жүгіретін бостық)

Сіңім (көзге көрінбейтін ыдыс)

Деңк (қанға қызыл рең беретін зат)

Бақалшак (башбай сүйектері)

Сәрсендеме (гимнастика)

Ереуіл қызмет (денедегі мүшелердің, буындардың бір біріне қарсы қызметі) [5].

Осы секілді қазақтың ұғымына өте жақын атаулар бұл оқулықтан көптеп табылады. Әсіресе, жұлын тұтасы, төрт төбе, қауыз, қапшық, орда, бұршақ, мүйіз, шымылдык, жыланбас, құйрық, бұтақ, жік, ожау, түйін, калқан, оймақ қатарлы күнделікті тұрмыста көп қолданылатын сөздерді ғылым тіліне, жүйеден сол кезде қазақ арасына енді ғана жайыла бастаған денсаулық қорғаудың заманауи құралы саналатын оқулыққа, микро элементтер атауының түсінікті болуы үшін көбірек қолданған.

Ал *минерални тұз, кійсіларод, бактерия, мекроб, канализация* т.б., орыс тілінен немесе халықарада бір тұтас аталып кеңінен жайылып бара жатқан терминдерді сол күйінде алған.

Кемелұлы Ғали аударып құрастырған М.Грематскейдің «Жер үстіндегі тіршілік қалай басталып жаралды һәм өсіп-өнді» (С.С.С.Р. Халықтарының кіндік баспасы. Мәскеу-1924 жыл) атты оқулықта аудармашы аталған кітаптың кіріспесінде былай делінген:

Бірсытыра атауларды жаңа басылып шыққан қазақша кітаптардан һәм газет-журналдарда жарияланған атаулардан алдық. сөз таба алмай тіпті тұйықталып қалған кезде, кітаптағы сөздердің өзін қалдырып, қазақша ұғыныс беруге тура келді.

Оқушыдан бір-бірімізге Риза болып, кемшіліктерін көрсетуін тілейміз» [6].

Кемелұлының кішпейілдікпен өтінген осы сөзінен кейін, оқулықтың ішіне үңілген адамға шынымен, енді-енді қазақ тіліне әсерін беріп жатқан терминдерге қазақшадан балама іздеуге ерекше тырысқаны байқалады. Сондай-ақ, біз мақаламызда атап өткен алғашқы қаулының мақұлданғаннан кейін сол бойынша терминдер де бірізділікке түсе бастағанын көреміз. Афтамабел (автомобил), үйез (уезд) секілді көптеген терминдер осыған мысал болады. Бір қызығы, осы оқулықта дарияны теңіздің орнына пайдаланған. Арал дариясы, Каспи дариясы деген атаулар кездеседі.

«Пыйзыйкалық жағырапия» (физикалық жағрапия) атты бесінші жылдыққа арналған оқулықта жер қабығы (жер қыртысы), айырық (тарау, тарауша), жер кіндігі (жер өсі), рет (есе), торкөздер (мердияндар мен параллелдердің қиылысуы), қотан, күн қотаны (жүйе, күн жүйесі), күн қотанының өсі (күн жүйесінің өсі), капиталшыбар (капиталистер), алпауыттар (пөмешшиктер) т.б., барынша қазақшаласқан жағырапия ғылымының атаулары көбірек қолданылған.

Мұнда да қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бағынған халықаралық терминдер бар: пылан (план), карта (карта), ғаз (газ), пебірәл (Февраль), сыйпыр (сифр), мүйнет (минут), үйен (юнь), пөліс (полнос), мүлиәрт (миллиард), айырпылан (аиреоплан), т. б.

Бегәліұлы Ғ. құрастырған «Үлкендерге бастауыш есеп» атты оқулықта «=» тендік белгісі «шығады» деген атпен қолданылған. Яғни (1+1=2) бір қосу бір, шығады екі.

Үскі сан, алым сан, бөлім сан, өсіру (көбейту), өсінді (көбейтінді), өнерлі кәсіп (өнеркәсіп), адақ (есеп-қисап), т. б. түсінікке жеңіл атаулар қолданыста болған. Сондай-ақ, жоғарыдағы оқулықтар секілді халықарада бір тұтас қолданылатын немесе орыс тілінен қазақша балама алу

кажет болмаса да, қазақ тілінің дыбыстық ережесіне бағынған терминдер молынан кездеседі. Кәперетіп (коператив), дәкменіт (документ), кәссе (касса), пүрсент (процент), дыяғырам (диаграм), қалқоз (холхоз), гiрәдіс (градус), мәшине (машина), менерел (минерал) т. т. [7].

XX ғасырдың басында жарық көрген оқулықтардағы терминдердің игерілуі жөнінде осыларды атауға болады. Дегенмен, біздің бүгінгі таңда осыдан бір ғасыр бұрынғы ереже-қағидалардан үлгі алатын тұстарымыз баршылық. Себебі қолымызға түскен азғантай оқулықтар әр түрлі әліпбилермен (төтеше және латынша) жазылғанына, жазылған уақыттағы айырмашылықтардың ұзақтығына, сондай-ақ, саяси және қоғамдық түрлі өзгерістердің болғанына қарамастан, ондағы терминдердегі бірізділік, қалам иелерінің туған халқының тіліне болған аса жауапкершілігі, әрі бекітілген қаулыдан алқып, өз бетінше атауларды бұрмаламай қолдана білген адалдықтары мен ізгі әдеттері бүгінгі тілші мамандарды да тәнті етеді.

Елбасымыздың ұлы бастамасымен қолға алынған латын әліпбиіне көшудің осы бір алтын мезгілінде ғасыр бұрын қазақ тілі деп от кешкен бірегей тұлғалардың мұраларынан осы ғасырдағы тіпті келешек ұрпақтың терминжасамына игіліктенетін атаулар жетіп асады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қошке. Қотыр сөздер // Жаңа мектеп. - 1926. - № 14-15.
2. XX ғасырдың басындағы қазақ тілі жөнінде зерттеулер. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 640 б.
3. Қазақша пән сөздер туралы қаулы //XX ғасырдың басындағы қазақ тілі жөнінде зерттеулер. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 351-356-б.
4. Құлжанова Н. Мектептен бұрынғы тәрбие. – Орынбор, 1923.
5. Гийгйене. II басқыш мектептер үшін. Екінші басылуы. Қазақшаға аударыушы: Тілеу ұлы Жұмағалый. Қызылорда, 1929
6. Грематскей М. Жер үстіндегі тіршілік қалай басталып жаралды һәм өсіп-өнді Аударушы: Кемел ұлы Ғали. - Мәскеу: С.С.С.Р. халықтарының кіндік баспасы, 1924.
7. Бегәліұлы Ғ. Үлкендерге бастауыш есеп. – Алматы: Қазақстан, 1930.

РАЗНОЧТЕНИЯ В ТЕРМИНАХ ОФИЦИАЛЬНЫХ ДОКУМЕНТОВ

Ш.Айтмаганбетова
Университет КИМЭП

При оформлении официальных документов в текстах используются термины делового стиля. При их употреблении иногда возникают некоторые затруднения: один и тот же термин на государственном языке может иметь несколько вариантов написаний. И каждый из этих вариантов бывает законодательно закреплен в каком-нибудь нормативном правовом акте или словаре, утвержденном Терминкомом. Приведем некоторые примеры.

I. Например термин «станция» переводится как «стансы», «станция», «станса».

Термин «станция» в Орфографическом словаре дается как **«стансы»**: *железнодорожная станция – теміржол стансысы* [1; 359].

В разделе «Делопроизводство» электронной версии русско-казахского терминологического словаря (далее – Терминологический словарь) термин «станция» переводится как **«станса»**: *станция автозаправочная – автомай құю стансасы* [2; 207].

В названии нормативных правовых актов встречается вариант как «станция» так и «станса».

Например, в приказе Министра финансов Республики Казахстан от 27 февраля 2015 года № 136 «Об утверждении формы и Правил ведения журнала учета движения нефтепродуктов на автозаправочных станциях и базах нефтепродуктов» – *«Автожанармай құю станцияларында және мұнай өнімдері базасында мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналының нысанасын және оны жүргізу қағидаларын бекіту туралы»*. И в «Государственном списке памятников истории и культуры местного значения», утвержденном постановлением акимата Кызылординской области от «25» мая 2015 года № 19

7	Стоянка человека эпохи неолит, эпоха неолита	археология	1 километр к северо-востоку от станции Сапак
7	Неолит дәуіріндегі адамдар тұрағы, неолит дәуірі	археология	<i>Сапак стансасының солтүстік-шығысқа қарай 1 шақырым</i>

II. Термин «машина» переводится как «машина» и «мәшине».

В орфографическом словаре дан как «мәшине» [1; 296].

В разделе Машиностроение электронной версии русско-казахского терминологического словаря термин «**машина**» переводится как «*машина*»: *машина валковая – білікті машина* [4; 63], *машиностроение – машинажасау* [4; 64],

А в разделе Механика электронной версии русско-казахского терминологического словаря этот же термин «машина» переведен как «**мәшине**»: *коммунальные машины – коммуналдық мәшинелер* [5; 77], *машиностроение – мәшинежасау* [5; 76].

В нормативных правовых актах встречается как вариант «машина», так и вариант «мәшине».

Например, в названии постановления Республики Казахстан от 13 октября 2015 года № 823 «О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о введении единых форм паспорта транспортного средства (паспорта шасси транспортного средства) и паспорта самоходной машины и других видов техники и организации систем электронных паспортов» – *«Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өзі жүретін машина мен техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру туралы келісімді ратификациялау туралы».*

Также встречается во втором абзаце пункта 16 приказа Министра индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 5 мая 2011 года № 124 «Об утверждении норм времени и расценок на проведение работ в области государственного геологического изучения и мониторинга недр»: «Количественные значения трудовых норм устанавливаются для условий, которые характеризуются выполнением работ численно и квалификационно-укомплектованными коллективами согласно содержанию работы, обслуживаемому оборудованию и **машинам**, правилам охраны труда и техники безопасности» – *«Еңбек мөлшерлерінің сандық мәндері жұмыстың мазмұнына, қызмет көрсету жабдықтарға және **мәшинелерге**, техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелеріне сәйкес сан жағынан және мамандық жағынан жинақталған ұжымдармен жұмысты орындау үшін бекітілген».*

III. Термин «носитель» переводится как «жеткізгіш», «тасымалдаушы», «тасушы», «тасымалдағыш», «тасығыш».

В разделе Делопроизводство терминологического словаря термин переводится двумя способами как «жеткізгіш» и «тасымалдаушы»: *носитель электронный – электрондық жеткізгіш, носитель ключевой информации – негізгі ақпаратты тасымалдаушы* [2; 120].

В разделе Информатика электронной версии русско-казахского терминологического словаря термин «носитель» переводится тремя способами как «тасымалдаушы», «тасушы», «тасығыш»: *неравновесный носитель – айнымалы тасымалдаушы* [3; 101], *носитель информации – ақпарат тасушы* [3; 102], *электронный носитель – электрондық тасығыш* [3; 220].

В графе 7 пункта 5 «Норм снабжения техникой и имуществом автоматизации Национальной гвардии Республики Казахстан», утвержденные приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан от 9 октября 2015 года № 829: «... предназначен для вывода текстовой или графической информации, хранящейся в компьютере на бумажный носитель» – «... компьютерде сақталған мәтіндік немесе графикалық ақпаратты қағаз тасымалдағышқа басып шығаруға арналған» используется как «тасымалдағыш».

IV. Термин «делопроизводство» переводится как «іс жүргізу», «іс қағаз жүргізу», «іс қағаздарын жүргізу».

В Орфографическом словаре дан как «іс қағаз жүргізу» [1; 474].

В разделе Делопроизводство терминологического словаря термин «делопроизводство» переводится как «іс жүргізу» [2; 37].

Также как «іс жүргізу» переводится термин «производство» в названии Закона Республики Казахстан от 2 апреля 2010 года «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» – «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы.

В подпункте 15) пункта 11 Положения об Администраторе судов по Акмолинской области Департамента по обеспечению деятельности судов при Верховном Суде Республики Казахстан от 4 февраля 2016 года № 6001-16-7-6/27 говорится, что «Администратор судов в рамках установленных полномочий осуществляет ... ведение **делопроизводства** и работы архивов судов ...» – «Соттар әкімшісі белгіленген өкілеттіктер шегінде соттардың іс қағаздарын және мұрағаттарының жұмысын жүргізуді жүзеге асырады». Здесь «делопроизводство» переводится как «іс қағаздарын жүргізу».

V. Термин «делопроизводитель» переводится как «ісжүргізуші» и «іс қағаздарын жүргізуші».

В разделе Делопроизводство терминологического словаря термин «делопроизводитель» переводится как «ісжүргізуші» [2; 37].

В главе 2 «Типовые штаты работников государственных организаций образования», утвержденные постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 января 2008 года № 77, термин «делопроизводитель» переведен как «іс қағаздарын жүргізуші».

Делопроизводитель	0,5	0,5	1	1	1
Іс қағаздарын жүргізуші	0,5	0,5	1	1	1

VI. Существенные ошибки происходят при переводе терминов «имя, отчество, фамилия» и «инициалы».

В статье 20 Закона Республики Казахстан от 11 июля 1997 года №151 «О языках в Республике Казахстан» термин «имя, отчество, фамилия» переводится как «есімі, әкесінің есімі, тегі»: «Написание личных имен, отчеств, фамилий в официальных документах должно соответствовать законодательству и нормативным правовым актам Республики Казахстан» – «Кісі есімін, әкесінің есімін және тегін ресми құжаттарда жазу Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келуге тиіс».

В разделе Делопроизводство терминологического словаря термин «инициалы» переведен как «аты-жөні» [2; 68].

В подпункте 2) пункта 5 Регламента государственной услуги «Согласование эскиза (эскизного проекта)», утвержденного постановлением акимата Актюбинской области от 17 июня 2016 года №261, термин «фамилия, имя, отчество» переведен как «тегі, аты-жөні»: «Если документы соответствуют указанным требованиям, то выдается подтверждение о получении документов услугополучателя со штампом услугодателя, содержащее дату и время приема документов, с указанием фамилии, имени, отчества лица, принявшего документы и направляет документы руководителю услугодателя для наложения резолюции и определения ответственного исполнителя в течении 30 (тридцати) минут». – «Егер құжаттар көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, бұл жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға құжатты қабылдаған

тұлға тегін, аты-жөнін, құжаттардың қабылданған күні мен уақытын көрсете отырып көрсетілетін қызметті берушінің мөрін басып растау береді және құжаттарға бұрыштама қоюға және жауапты орындаушыны айқындау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына 30 (отыз) минут ішінде жолдайды».

В данном контексте перевод термина «фамилия, имя, отчество» как «тегі, аты-жөні» является ошибкой. Так как слово «аты-жөні» может означать «инициалы». Так, как например, в подпункте 2) пункта 4 статьи 743 Кодекса об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года № 235-V: «Извещение, адресованное юридическому лицу, вручается руководителю или работнику юридического лица, который расписывается в получении извещения на уведомлении о вручении с указанием своих фамилии, инициалов и должности. – *«Заңды тұлғаға арналған хабарлама заңды тұлғаның басшысына немесе қызметкеріне тапсырылады, ол өзінің тегін, аты-жөні мен лауазымын көрсетіп, тапсырылғаны туралы хабардар ететін хабарламаны алғаны жөнінде қол қояды».*

В пункте 1 «Типовых форм документов кадрового делопроизводства административной государственной службы», утвержденные приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 28 октября 2016 года № 27, термин «фамилия, инициалы» переведен как **«тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері».**

В подпункте 2) пункта 35 «Типовых правил документирования и управления документацией в государственных и негосударственных организациях» (далее – Типовые правила), утвержденные приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 22 декабря 2014 года № 144, термин «инициал имени и фамилия» переведен как «аты-жөні мен тегі»: «Подпись документа включает ... личную подпись и расшифровку подписи (инициал имени и фамилия)». – *«Құжатта қойылған қолға ... тұлғаның жеке қолы және қойылған қолдың толық жазылуы (аты-жөні мен тегі) енеді».* В данном контексте перевод термина «инициал имени и фамилия» как «аты-жөні мен тегі» является грубой ошибкой, так как в реквизите «подпись» официального документа инициал имени отца не употребляется, а перевод «аты-жөні» может означать употребление инициала имени подписывающего лица и инициала имени его отца.

VII. Термин «подпись» переводится как «қойылған қол», «қолы», «қолтаңба».

В разделе Делопроизводство терминологического словаря термин «подпись» переводится как **«қойылған қол», «қолы», «қолтаңба»**: *подпись личная – өз қолы, подпись электронная цифровая – электрондық цифрлық қолтаңба* [2; 155], *расшифровка подписи – қолдың толық жазылуы, расшифровка подписи – қолтаңбаның толық жазылуы* [2; 182].

В законодательных актах на государственном языке также встречается различный перевод термина «подпись».

Например, в подпункте 8) пункта 7 статьи 197 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 414-V термин «подпись» переводится как «қолтаңба»: «В акте о результатах посещения указываются подпись государственного инспектора труда, проводившего посещение». – *«Бару нәтижелері туралы актіде баруды жүргізген мемлекеттік еңбек инспекторының қолтаңбасы көрсетіледі»*.

А в подпункте 2) пункта 35 Типовых правил термин «подпись» переводится как «қолы» и «қойылған қол»: «Подпись документа включает личную подпись и расшифровку подписи (инициал имени и фамилия)». – *«Құжатта қойылған қолға тұлғаның жеке қолы және қойылған қолдың толық жазылуы (аты-жөні мен тегі) енеді»*.

VIII. Термин «резолуция» переводится как «бұрыштама» и «қарар».

В разделе Делопроизводство терминологического словаря термин «резолуция» переведен как **«қарар»**: *резолуция документа – құжат қарары* [2; 184].

В нормативных правовых актах термин «резолуция» переводится как «қарар» и «бұрыштама».

Например, в пункте 30 Типовых правил термин «резолуция» переводится как «бұрыштама»: «Резолуция располагается в верхней части первого листа документа на свободном от текста месте». – *«Бұрыштама құжаттың бірінші парағына, оң жақ жоғарғы бөлігіндегі мәтіннен бос орынға қойылады»*.

А в подпункте 2) пункта 6 Регламента государственной услуги «Выдача заключения об отсутствии или малозначительности полезных ископаемых в недрах под участком предстоящей застройки», утвержденного постановлением акима Жамбылской области от 28 апреля 2016 года № 157, указана **резолуция** руководителя услугодателя. – *Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 157 қаулысымен*

бекітілген «Болашақ құрылыс учаскесі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ немесе оның аз мөлшерде екендігі туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 6-тармағы 2) тармақшасында қызметті беруші басшысының **қарары** көрсетілген.

IX. Термин «виза» переводится как «бұрыштама», «виза», «ішкі келісу».

В разделе Делопроизводство терминологического словаря термин «виза» переведен как «бұрыштама»: *виза официального документа - ресми құжаттың бұрыштамасы* [2; 20].

В пункте 36 Типовых правил термин «виза» переводится как «бұрыштама»: «Согласование проекта документа оформляется **визой** на документе (внутреннее согласование). – *«Құжат жобасын келісу құжатқа бұрыштама (ішкі келісу) қою арқылы ресімделеді».*

В разных источниках по-разному переводится термин «гриф согласования».

Например, в разделе Делопроизводство терминологического словаря «гриф согласования» переведен как «**келісім белгісі, келісімдеу белгісі**» [2; 33].

В нормативных правовых актах на государственном языке термин внешнее «согласование» используется как «келісу».

Например, в пункте 36 Типовых правил: «Согласование проекта документа оформляется ... **грифом согласования** (внешнее согласование или согласование с консультативно-совещательными и общественными органами организации). – *«Құжат жобасын келісу құжатқа ... келісу грифін (сырттай келісу немесе ұйымның консультациялық-кеңесші және қоғамдық органдармен келісу) қою арқылы ресімделеді».*

В постановлении Правительства Республики Казахстан от 24 августа 2017 года № 506 «О внесении изменений в постановления Правительства Республики Казахстан от 6 октября 2016 года № 568 «Об утверждении Правил оформления, **согласования**, государственной регистрации нормативных правовых актов и их отмены» и от 6 октября 2016 года № 569 «Об утверждении Правил разработки, **согласования** проектов нормативных правовых актов». – *«Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 6 қазандағы № 568 және «Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, олардың келісілу қағидала-*

рын бекіту туралы» 2016 жылғы 6 қазандағы № 569 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы».

Х. Термин «дата» в разделе «Делопроизводство» Терминологического словаря переводится как «күні, дата, мерзімі, уақыты»: *дата выдачи – берілген күні, дата запретная – шектеу мерзімі, дата официального документа – ресми құжаттың датасы, дата приблизительная – болжалды уақыт* [2; 35].

Термин «күні» часто употребляется в нормативных правовых актах. Например, в подпункте 2) пункта 3 статьи 69 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс) от 10 декабря 2008 года № 99-IV говорится: «Методом изменения производится отзыв ... налоговой отчетности в которой не указаны или неверно указаны номер и (или) дата контракта на недоропользование». – *«Өзгерту әдісімен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі және (немесе) күні көрсетілмеген немесе дұрыс көрсетілмеген жағдайда салық есептілігін кері қайтарып алу жүргізіледі».*

Выводы

I. Термин «станция» переводится как «стансы», «станция», «станса». В официальных документах наиболее употребительным является термин «станса».

II. Термин «машина» переводится как «машина» и «мәшине». В официальных документах наиболее употребительным является термин «мәшине».

III. Термин «носитель» переводится как «жеткізгіш», «тасымалдаушы», «тасушы», «тасымалдағыш», «тасығыш».

Термин «тасығыш» употребляется именно в значении «носитель», образован от глагола «тасу» - «носить».

IV. Термин «делопроизводство» переводится как «ісжүргізу», «ісқағаз жүргізу», «іс қағаздарын жүргізу». Наилучшим решением является перевод «іс қағаз жүргізу».

V. Термин «делопроизводитель» переводится как «ісжүргізуші» и «іс қағаздарын жүргізуші». Правильный вариант «іс қағаз жүргізуші», так слово «қағаз» в данном термине уже имеет значение множества и нет необходимости присоединять окончание множественного числа.

VI. Термин «имя, отчество, фамилия» переводится как «есімі, әкесінің

есімі, тегі», «аты, әкесінің аты, тегі», «аты-жөні, тегі», «аты-жөні». Правильный вариант «аты, әкесінің аты, тегі».

Термин «инициалы» переводится как «аты-жөні», «аты, әкесі атының бас әрпі», «аты-жөнінің бас әріптері». Правильный вариант «аты, әкесі атының бас әрпі».

VII. Термин «подпись» переводится как «қойылған қол», «қолы», «қолтаңба». Наиболее конкретно раскрывает значение данного термина перевод «қолтаңба».

VIII. Термин «резолюция» переводится как «бұрыштама» и «қарар». Термин «қарар» наиболее точно раскрывает значение данного термина.

IX. Термин «виза» в значении «внутреннее согласование» переводится как «бұрыштама», «виза», «ішкі келісу». Термин «ішкі келісу» наиболее полно раскрывает значение термина «виза».

Например, *Визы – Ішкі келісу* (без окончания множественного числа, оно содержится в его значении).

Термин «гриф согласования» в значении (внешнее согласование) переводится как «келісім белгісі», «келісімдеу белгісі», «келісу грифі».

Для термина внешнее «согласование» оптимальным является перевод «келісу».

X. При переводе термина «дата» используют слова «күні, дата, мерзімі, уақыты». Термин «күні» более точно раскрывает значение. Например, *дата запретная – шектеу қойылған күн, дата официально-документа – ресми құжаттың күні, дата приблизительная – шама-лап қойған күні*.

ЛИТЕРАТУРА

1. Орфографиялық сөздік. – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 480 б.
2. Русско-казахский терминологический словарь. Делопроизводство. – Алматы, 2014.
3. Русско-казахский терминологический словарь. Информатика. – Алматы, 2014.
4. Русско-казахский терминологический словарь. Машиностроение. – Алматы, 2014.
5. Русско-казахский терминологический словарь. Механика. – Алматы, 2014.

ТӘРЖІМА ТІЛ ҮЙРЕТУ ҚҰРАЛЫ: ТЕЛЕДИДАР ЖАРНАМАЛАРЫ АУДАРМАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ

Б. Ақбұзауова

Назарбаев университетінің оқытушысы, ф.ғ.к.

Қазақ тіліндегі жарнамалар салыстырмалы түрде қарастырғанда біздің қоғамымыздағы жаңа құбылыс болғанмен, әлеуметтік өмірдегі орны маңызды. Бұрынғы Кеңестер Одағында социалистік экономика негіздеріне қайшы келетін буржуазиялық институт ретінде жарнамаға жағымсыз көзқарас қалыптасқанын атап өтуіміз керек. «Жақсы тауар жарнамасыз-ақ өтеді» деген сыңаржақ пікір салдарынан экономика мен әлеуметтік психологияның осы бір маңызды саласына мән берілмеді, арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілмеді. Шынтуайтына келсек, нарық қатынастары қанат жайған қазіргі кездің өзінде бұл тақырыпқа жазылған төлтума іргелі еңбектер жоққа тән [1, 1].

Белгілі маркетинг-олог Филип Коттлер жарнамаға мынандай анықтама береді: «Жарнама – нақты қаржыландырудың қайнар көзі көрсетілген, ақпаратты таратудың ақылы құралдары көмегімен жүзеге асатын коммуникацияның өзіндік нысаны». Демек қазіргі таңда қарым қатынас құралының бір түрі – жарнама болып табылады.

Күнделікті тұрмыста телидидар арқылы берілетін жарнамалар көрермендерді тілдік сауаттылық тұрғыдан тәрбиелейтін құралдардың біріне айналып отыр. Оған себеп телевизия жарнамасы әлеуетінің күштілігі, көзбен көру, құлақпен есту, персонаждардың әрекеті, түр тұлғасы, киім киісі, сөйлеу мәнері адамға бірден шынайылығы жоғары ақпарат алатындай әсер етеді. Салыстырмалы түрде қарасақ, газет не журналда берілген жарнамаларды екінің бірі оқымауы мүмкін. Оқыса да талдап, таңдап қажеттілікке сай қарайды. Тіпті кішкентай балалардың телидидар жарнамаларын жатқа айтып жүргенін жиі кездестіреміз. Бұл жарнама жасаушылардың шеберліктері, ұйқас, өлшем, ырғақ мәселелерін жақсы меңгергендігін көрсететін сәтті жарнамалар болуына сай.

Жарнама тілін зерттеушілердің бірі – В.П. Коломиец «жарнама зияткерлік (интеллектуалдық) зорлық институты» (ауд.біз) деп бағалапты [2, 30]. Бұл пікір «зорлық – адамды билеудің бір түрі» дегенге саяды. Яғни адамның ой-санасын билеуі. Бұл пікірмен де келісуге болады, себебі адамды сендіру, күштеп иландыру амалдарының бірі екені рас. Себебі мынан-

дай бір пікір бар: жалпы ақпарат құралдарында тексерілген, анықталған шынайы мәліметтер ғана елеп-екшеліп беріледі деген. Оның дәлелі ретінде өз басым куә болған бір оқиғаны мысалға келтірсем. Осыдан он шақты жыл бұрын теледидарда «Миллион кімге бұйырады?» деген хабар жүрді. Осы хабардың демеушісі «Валют-транзит» банкісі болды. Яғни жарнамасы өте керемет. Осы банкінің әлеуеті туралы жарнама қатар жүріп отырды. Яғни теледидар көрермендеріне миллионды ұтып алуға мүмкіндік беріп отырған бірден бір әлеуеті зор банк ретінде. Сол кезде осы банкте менің депозитім болған еді. Бір екі рет барып қаржымның бір белгілі бір мөлшерін алмақшы болғанда, ақшаларының болмай қалуы маған еш күдік тудырмады. Себебі осы банкінің мүмкіндіктері қолмен қойғандай банкте жарнамланып жатқанда, күдіктену деген ойға келмеді. Аз уақыт өткенде бұл банкінің банкрот болғаны баспасөз беттерінде айтылды. Бірақ осы хабардың жүре беруі банк салымшыларының сандарын соғып қалуына себепші болғаны түсінікті шығар. Бұл мысалы, жарнамалардың әсіресе теледидар арқылы жасалған жарнамалардың адам санасына ықпалының зор екендігінің тағы бір дәлелі. Бірақ біздің айтпағымыз осы күшті әсер ету құралының тілдік тұлғасы қаншалықты сауатты, қаншалықты дөп тиіп жатады. Қаншама аударма жарнамалардың бар екенін ескерсек, ондағы кетіп жатқан қателер жас ұрпақтың сауатына кері әсер етпей ме?

Бұл туралы мына пікір де ойымызды растай түседі. Қазақ тілінің кеңселік, ақпараттық тілі қалыптасып келе жатқанымен, тұрмыстық ауызекі тілі өте аянышты жағдайда. Өйткені, біз ұлттық тілімізде ойлаудан қалып барамыз. Қазақша ойлай білмейтін бүгінгі жұтаң санадан қазақ тілінде жұтынып тұрған аударманы талап ету жаңсақ іс емес пе? Ал, қазақша ойлау деген не сонда?

Қазақша ойлау ең әуелі баба салтты дәстүрлі мәдениет көзінен бастау алады. Қазақша ойлаудың негізі – қазақша сөйлеу дағдысында. Сөйлеу мәдениеті жұтаң буынның ойлау қабілеті де кедей. Бұл дерт тек қала тұрғындарына ғана тиесілі емес, дала тұрғындарының сөйлеу мәдениеті дағдарып қалуымен де байланысты. Қарапайым ғана мысал, қазір сөйлеп отырғанда «жаңағы», «жана», «неғып», «нема», «не ғой» деп күмілжу дерті тілдің сөйлеу мәдениетінің дағдарып қалғанын көрсетеді [3,1].

Әрине, мұндай жанашырлықпен жазылған ой-пікірлер қазақ жарнамасының бет алысын, аударма өнімі ретіндегі даму бағыттары мен

ерекшеліктерін зерттеп, зерделеуге тұратын құбылыс екенін көрсетеді. Осы мақсатпен ішінара өзіміз және аударма пәні сабақтарында осындай мәселелерді студенттердің көзімен зерделеу үшін тапсырмалар беріледі. Бұл тарапта жарнамалар ғана емес, мекемелердің атауларының аудармасы, (бұл туралы да мақала жазған едік), қазақ мультипликациясының тіл, аудармасы, тіпті олимпиададағы қазақ тілді коментаторлардың тілі деген мәселелерге де назар аудардық. Зерттеу жұмыстары жоба түрінде беріледі. Зерттеу нысаны ретінде бұрын аударылған әдеби шығармаларды артық кемшілігін талдағаннан гөрі қазіргі тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілі ретінде қазақ тілінің түрлі қолданыс аясындағы даму бағытын, аударма ісінің даму деңгейін саралау, ондағы кемшіліктерді көре білу болашақ маман үшін де пайдалы болмақ. Қандай да бір жұмысқа сарапшы болу теориялық және практикалық білімді қажет етеді. Алған теориялық білімді арнайы жаттығулармен бекіту өз алдына, енді алынған білімнің өмірмен тығыз байланыста болуы оны тәжірибеде қолдануы көзделеді. Тәржіма жұмыстарын сараптау студенттің кәсіби күзiреттiлiгiн дамытатын дағдылардың бiрi болып табылады.

Тағы бір себеп – жасыратыны жоқ, бұл салада қазақ тіл – қосалқы тіл, аударма тіл. Қазіргі таңда ақпарат құралдарының қай-қайсысында болмасын қазақ тілінде берілетін жарнаманың 99 %-ы өзге тілден, оның ішінде орыс тілінен тәржімаланатын аударма мәтін екендігі шындық [3,1] деген пікір түрткі болды. Ендеше қазақ жарнамасын аударма өнімі, аударманың объектісі ретінде қарауға және зерттеуге негіз бар.

Сондай-ақ автордың «Жарнама мәтіні ұлт тілімен, ұлттық мәдениетпен байланысты қалыптасатын жағдайда ғана, өзінің негізгі мақсатын атқара алады деуге болады. Жарнамада тілдік құралдар арқылы да, вербалды емес құралдар арқылы да ұлттық мәдениеттің белгілері көрсетілуі қажет. Ал ұлттық мәдениеттің танылуы әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктері: сөз қолданысы, грамматикалық заңдылығы, нормалары игерілгенде ғана көрінеді. Тілші мамандар жарнама мәтіндерін аударуда мынадай маңызды жайттарды ескеру қажеттігін көрсетеді:

Пайдаланылатын лексиканың ерекше сұрыптаудан өтуі. Бұл тұста қолданылатын сөздердің коннотативті мағынасына, яғни сөздің эмоционалды, бағалау, стилистикалық реңкі секілді қосымша мағыналық белгілеріне ерекше назар аудару керек;

Екіншіден, сөздердің стильдік қолданысын ескеру;

Тіл жүйесіндегі идиомалық тіркестер, метафоралық қолданыстар, әрлеуші, көркемдеуші құрал-тәсілдердің орынды қолданылуы [3, 2] деген пікірі назар аударарлық.

Бұған өз тарапымыздан қосарымыз – аударма, ең біріншіден, аударылған тілде, яғни қазақша түсінікті болу керек. Түпнұсқадағы ойды тура жеткізуде форма қуалау, түпнұсқадан айнытпаймын деу үлкен қателікке ұрындырады. Сөз аударумен шектелу, ой аударудағы кемшілікке әкеледі.

Мысалы, *«Терідегі қышу мен аллергияға қарсы құрал»* деген жақпайдың жарнамасы «зуд на коже» деген сөздің формалық калькасы болып тұр. Қазақша дұрыс сөйлеген адам «терідегі қышу» емес «терінің қышуы» деп алар еді ғой. Немесе *«Алтел ұсынған жылдам шексіздік сенің үйіңде»* деген жарнама мағынасын дұрыс түсінген адамға «жылдам шексіздік» емес «шексіз жылдамдық» яғни интернет жылдамдығының шексіз артуы болып тұрғандығы түсінікті. Бұл жарнама аудармасына деген жауапкершіліктің жоқтығы, сөздің парқын білмейтін адамдардың аудармамен айналысатындығын көрсетеді. Ал жарнама күнделікті еріктен тыс мыңдаған тыңдарманды тәрбиелейтін құрал екені анық. Бұдан шығатын қорытынды жарнама аудармасымен айналысу және оған пікір айту жарнама сапасын көтеріп, оны нәтижелі талдауға әкеледі. Жоғарыда мысал ретінде алған мына бір аударманы тілге тиек етсек:

Новая ставка Жаңа мөлшерлеме

Спокойные ночи Жайлы түндер

«Жаңа мөлшерлеме – Жайлы түн» деген аударманы ұсынады. Әрине, түпнұсқадан ауытқымауды ескерсек, бұл дұрыс та шығар. Алайда мәтін прагматикасы оның жасырын мағынасы бар екенін ұмытпасак, аударма одан да сәттірек бола түспек. Егерде тұтынушылардың көзқарасымен қарасақ «мөлшерлеме» сөзі құжаттарда берілгенмен көпшіліктің құлағына танымалы пайыз деген сөз, яғни сөздің астарында пайыз мөлшері тұр. Мүмкін бұл депозитке берілетін пайыз, немесе несиеге қосылатын пайыз. Егер логикаға сүйенсек, бұл несие пайызы болса керек. Себебі несиенің пайызы төмендегенде ғана тұтынушы тыныш ұйықтауы мүмкін. Ендеше бұл жарнаманы. Жаңа пайыз – Жайлы ұйқы, егер жасырын коннотаттық мағынасына зер салсақ «Жаңа пайыз–тыныш ұйқы» деп беруге болар еді. Жайлылық жиһаз жарнамасына ыңғайлы. Тыныш, алаңсыз ұйқы уайымы жоқ, қарызы жоқ деген мағынаны анықтауға бейім.

Біздің айтпағымыз жарнама мағынасы тұтынушының санасына бірден жететіндей түсінікті болуы керек. Пайыз сөзімен қатыс ты ассоциация оған бірден түсінікті болады. Жалпы бұл жарнаманың бір кемшілігі әңгіменің не туралы екендігі нақтыланбаған. Бұл сөздің коннотаттық мағынасына мән беру керектігінің дәлелі. Жарнама аудармаларының сәтті шығуы олардың түпнұсқадан яғни тікелей тілінен немесе орыс тілі арқылы ағылшын тілінен аударылуына байланысты. Мұны жарнама аудармасын талдаған студент жобаларындағы мысалдарға зер салсақ.

Теледидар жарнамаларының дені аударма слоганын немесе жарнама ұрандарын аудару болып табылады. Жарнама ұрандарын саралай келе олардың тек орыс тілінен емес ағылшын тілінен аударылатындығы да байқалды. Немесе ағылшын тілінен тікелей аударылған жарнамалардың әлдеқайда сәтті шығатындығы және түпнұсқаға біршама жақындығы байқалады. Мәселен, «Билайн – живи на яркой стороне» – «Билайн – жарқын жақта өмір сүр». Билайн сөзі бұл жерде транслитерация арқылы аударылған. Билайн сөзі ағылшын тіліндегі Beeline – ара(жәндік) мен желі мағынасын береді. Аударма алгоритімі бойынша қазақ тілінде баяндауыш сөйлем соңында тұрады. Мұнда да *живи* сөзі басында кездесе, қазақ тіліндегі аудармада *өмір сүр* болып сөйлем соңына түседі.

«Есть перерыв – есть КитКат» – «Have a Break, have a KitKat!», - «Қолың қалт етсе, КитКат жеп ал!». Қазақша аудармасы прагматикалық мәнін жеткізуге бағытталған. Ағылшын мен орыс тілінде аударма эквиваленттілігі сақталса, қазақ тілінде тек мәтіндегі ойды беру үшін сөздер алмастырылған. “Have” сөзі «тиесілі болу» деген мағынаны білдіреді, бұл орыс тілінде де “есть” деп аударылса, қазақ тілінде автор «жеп ал» деп ауыстырған. Сонымен қатар «break» – яғни үзіліс сөзі бұл жерде «қолың қалт етсе» деген фразеологизммен тәржімаланған. Яғни аудармада сөйлем прагматикасына назар аударылған

«Schwarzkopf – professional hair care for you» - «Schwarzkopf – опытный профессионалов для ваших волос» – «Schwarzkopf – сіздің шашыңызға арналған кәсіби күтім».

Жарнаманың түпнұсқадағы мәтініне көз салсақ *professional hair care for you* сөзбе сөз аударар болсақ «*кәсіби шаш күтімі сіз үшін*» болып аударылады. Жарнама мәтіндегі сөздер тікелей мағынасында қолданылған. Ағылшын тіліндегі нұсқа мен қазақ тіліндегі нұсқаның айыр-

машылығы мынада: *hair care* – *шаш күтімі* болып аударылады. Ал қазақ тілінде сіздің *шашыңызға арналған кәсіби күтім* деп берілген. Ағылшын тіліндегі *you* есімдігі сөйлемде соңғы мүше болып, сөйлем соңында тұрса, қазақ тіліндегі сіздің есімдігі сөйлемнің басында келген. Аудармаға қатысты өзгешелік ағылшын тіліндегі *professional hair care for you* – *сіздің шашыңызға арналған кәсіби күтім* болып аударылған. Осы жерде *for* – *арналған* сөзін алған (*for* – *үшін*). Мағыналық сәйкестігін жоймаған. Ол орыс тіліндегі жарнама мәтінінде біраз айырмашылықтар бар. *Care* – *күтім* сөзін олар *опыт* деп аударған. *Опыт* – *тәжірибе* деген мағынаны береді, және *care* сөзі *тәжірибе* мәнін бермейді, мүлдем алшақ сөздер. Орыс тіліндегі жарнаманы түп нұсқамен салыстырғанда недәуір мағыналық эквиваленттіліктің бұзылғанын көруімізге болады. Және сіздің шашыңызға арналған деп тұтынушыға әсер ету мақсатын бірінші кезекке қойған. Орыс тіліндегі нұсқада (*Schwarzkopf опыт профессионалов для ваших волос*) кәсіби шаш күтімі деп емес, кәсіби мамандардың тәжірибесі деп берілген. Қазақ тіліне түпнұсқадан кәсіби күтім деп дұрыс аударылған. Осы жарнама мәтінінде форма мен мағынаның бірлігі сақталған деп айтуымызға толық негіз бар. Жарнама мәтінінің қазақша нұсқасы түпнұсқадан ауытқымаған себебі қазақ тіліндегі аударма мәтіндік эквиваленттілігін сақтаған.

Қорыта айтсақ, жарнама ұрандарын аудару үлкен жауапкершілікті талап етеді, себебі адам көбінесе сырт көзге жақсы көрінген тауарды таңдауға бейім. Француз аудармаларын зерттеушілер В.Г. Гак пен Ю.И. Львин [5, 8] атап өткендей «Дәл аударманың алғышарты – түпнұсқаны дұрыс түсіну. Түпнұсқаны толық әрі терең түсіну оны дұрыс аударуға кепілдік бере алмайды. Аударманың қиындығы екі тілдің элементтері аралығындағы сәйкестігін іздестіру үдерісінде айқындалады».

Осыдан үш жыл бұрын жазғандай, профессор Т. Есембековтің пікірін тағы қайталауға тура келеді. «Біздің елімізде аудармашының мәртебесі анықталмаған. Сондықтан Қазақстанда аудармашылар туралы Заң керек. Көптеген Еуропа елдерінде аудармашы өзі аударған мәтіннің авторы болып есептелінеді де ол құқықтық жағынан мәтін үшін толық жауап береді. Аудармашының баспа алдындағы, түпнұсқаның авторы алдындағы жауапкершілігі анық айқындалған, заңды түрде реттелген. Ал бізде осы мәселелер реттелмек түгілі қарастырылмаған. Міне, осы мәселелерді күн тәртібіне қойып шешпесек, бізде аударма ісі өз деңгейінде дами алмайды және үдеріске айналмайды»[1: 2]

Пайдаланған әдебиет:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Коломиец В.П. Телевизионая реклама как средство конструирования смыслов.
3. Шаяев А.С. Жарнама тілі, жарнама мәтіндерін аудару мәселесі. <http://www.tilortalyq.kz/kk/1426.html>
4. Гак. В.Г., Львин. Ю.И. Курс перевода: Французский язык. Ощественно-политическая лексика., Москва, 1980. 400 с. 3
5. Темірғали Есембеков: Аударма туралы заң қажет.

ИЗМЕНЕНИЯ В ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОМ СЛОВАРЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Ш.Әбдіғалиқызы

Преподаватель Университета КИМЭП, МВА

Терминологический словарь казахского языка постоянно пополняется новыми терминами, а старые термины, не раскрывающие значения слова подвергаются изменениям и начинают употребляться в новом «оформлении».

Например, термин «носитель», который зачастую употребляется в тексте в сочетании «на бумажных и электронных носителях» в разное время и в разных текстах переводился как: «тасымалдаушы», «тасымалдағыш», «жеткізгіш», «тасығыш».

Термины «тасымалдаушы» и «тасымалдағыш» образованы от глагола «тасымалдау», который переводится как «перевозить», поэтому слова «тасымалдаушы» и «тасымалдағыш» передают значение «перевозчик» в объектном значении. Приведем примеры употребления этих терминов в официальных текстах.

Например: В подпункте 1) пункта 1 «Цен на работы и услуги, реализуемые Республиканским государственным предприятием на праве хозяйственного ведения «Национальный институт интеллектуальной собственности» Министерства юстиции Республики Казахстан», утвержденные приказом Министра юстиции Республики Казахстан от 18 декабря 2014 года № 368 говорится: «... при приеме заявки на бумажном носителе для проведения формальной экспертизы на изобретение ...». – 2014 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің № 368 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шарушылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жүзеге асыратын жұмыстары мен қызметтерінің бағаларының» 1-тармағының 1) тармақшасында: «... өтінімді қағаз тасымалдаушыда қабылдау және оған формалды сараптама жүргізу кезінде...» деп айтылған.

Приведем пример употребления в официальном тексте термина «тасымалдағыш».

В графе 7 пункта 5 «Норм снабжения техникой и имуществом автоматизации Национальной гвардии Республики Казахстан», утвержденные приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан от 9 октября 2015 года № 829 используется данное слово в контексте: «... предназначен для вывода текстовой или графической информации, хранящейся в компьютере на **бумажный носитель**». – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 9 қазандағы № 829 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын автоматтандыру техникасымен және мүлкімен жабдықтау нормаларының» 5-тармағының 7-бағанында бұл сөз мынадай мәнмәтінде кездеседі: «... компьютерде сақталған мәтіндік немесе графикалық ақпаратты **қағаз тасымалдағышқа** басып шығаруға арналған».

Термин «жеткізгіш» образован от глагола «доставить» и больше раскрывает значение «поставщик» в объектном значении.

Например: В подпункте 1) пункта 2 «Правил применения научно-технических средств фиксации хода и результатов следственных действий», утвержденные приказом Генерального Прокурора Республики Казахстан от 22 сентября 2014 года № 91 говорится: «**Носитель** информации – это материальный объект, содержащий (несущий) информацию, способный длительное время сохранять в своей структуре занесенную в/на него информацию». – Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 91 бұйрығымен бекітілген «Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдарды қолдану қағидаларының» 2-тармағының 1) тармақшасында: «Ақпаратты **жеткізгіш** – бұл онда/оған салынған ақпаратты өзінің құрылымында ұзақ уақыт сақтауға қабілеті бар ақпаратты қамтитын (жеткізетін) материалдық объект» деп айтылған.

Термин «тасығыш» образован от глагола «тасу», который переводится как «носить». Новый термин «тасығыш» употребляется именно в значении «носитель».

Например: В подпункте 9) пункта 3 «Государственного норматива по формированию и представлению технико-экономических обоснований и проектно-сметной документации в электронно-цифровой форме в экспертные организации и в Единый государственный электронный банк предпроектной и проектной (проектно-сметной) документации на строительство объектов, финансируемых за счет государственных ин-

вестиций и средств субъектов квазигосударственного сектора», утвержденным приказом Председателя Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 21 апреля 2016 года № 106-нқ говорится: «Электронный **носитель** – это материальный носитель, предназначенный для хранения информации в электронной форме, а также записи или ее воспроизведения с помощью технических средств. – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының 2016 жылғы 21 ақпандағы № 106-нқ бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік инвестициялардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілердің құрылысына арналған жоба алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын сараптамалық ұйымдарға және Бірыңғай мемлекеттік электрондық банкке электрондық-цифрлық нысандағы техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттамасын қалыптастыру және ұсыну жөніндегі мемлекеттік нормативтің» 3-тармағының 9) тармақшасында: «Электрондық **тасығыш** – ол ақпаратты электрондық нысанда сақтауға, сондай-ақ, оны техникалық құралдардың көмегімен жазуға немесе көрсетуге арналған материалдық **тасығыш**» деп айтылған.

Таким образом, для слова «носитель» оптимальным переводом является слово «**тасығыш**».

Перевод термина «**база данных**» также претерпел изменения. Переводился он следующим образом: «**деректер базасы**», «**деректер қоры**», «**дерекқор**».

Например, термин «деректер базасы» встречается в пункте 1 «Правил формирования и ведения **базы данных** по идентификации сельскохозяйственных животных и выдачи выписки из нее», утвержденные приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 2 июня 2010 года № 367 где говорится: «Настоящие Правила формирования и ведения **базы данных** по идентификации сельскохозяйственных животных и выдачи выписки из нее разработаны в соответствии с подпунктом 39) статьи 8 Закона Республики Казахстан от 10 июля 2002 года «О ветеринарии» и устанавливают порядок формирования и ведения **базы данных** по идентификации сельскохозяйственных животных и выдачи

выписки из нее. – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 бұйрығымен бекітілген «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі **деректер базасын** қалыптастыру, жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасының» 1-тармағында: «Осы, Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі **деректер базасын** қалыптастыру, жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 8-бабының 39) тармақшасына сәйкес дайындалған және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі **деректер базасын** қалыптастыру, жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру тәртібін белгілейді» деп айтылған.

Термин «деректер қоры» встречается в пункте 174 «Типовых правил документирования и управления документацией в государственных и негосударственных организациях», утвержденные приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 22 декабря 2014 года № 144 где говорится: «Вместе с делами в архив передаются регистрационные картотеки на документы и (или) программные средства и **базы данных**, содержащие информацию о регистрации и исполнении передаваемых документов. Заголовок каждой картотеки или базы данных включается в опись». – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 144 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларының» 174-тармағында: «Істермен бірге мұрағатқа құжаттарға және (немесе) бағдарламалық құралдарға және өткізілетін құжаттардың тіркелуі мен орындалуы туралы ақпаратты қамтитын **деректер қорына** тіркеу картотекасы беріледі. Әрбір картотеканың немесе **деректер қорының** тақырыбы тізімдемеге енгізіледі» деп айтылған.

Термин «дерекқор» встречается в подпункте 11) пункта 3 «Правил сопровождения и доступа к информационным системам и **базам данных**» приложения к приказу Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 28 января 2016 года № 63, где говорится: «**База данных** – это совокупность данных, организованных согласно концептуальной структуре, описывающей характеристики этих данных, а также взаимосвязей между их объектами». – Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 63 бұйрығына «Ақпараттық жүйелер мен **дерекқорларды** қолдап отыру және оларға қол жеткізу қағидалары» қосымшасының 3-тармағының 11) тармақшасында: «**Дерекқор** – ол осы деректердің сипаттамаларын, сонымен қатар олардың арасындағы өзара іс-қимылдарын сипаттайтын тұжырымдамалық құрылымға сәйкес ұйымдастырылған деректер жиынтығы» деп айтылған.

Таким образом, термин «**база данных**» в настоящее время во всех официальных документах переводится как «**дерекқор**».

Термин «**сопровождение**» в разные годы переводился как «**қамтамасыз ету**», «**сүйемелдеу**», «**қолдап отыру**».

Например: В пункте 5 «Паспорта республиканской бюджетной программы 001 «Обеспечение деятельности уполномоченного органа в области информатизации и связи» на 2005 год» приложения 359 к постановлению Правительства Республики Казахстан от 22 декабря 2004 года № 1354 установлены задачи бюджетной программы как «сопровождение информационно-телекоммуникационных ресурсов Агентства и его территориальных органов, включающее в себя абонентскую и арендную плату за услуги по доступу к сетям передачи данных». – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына «2005 жылға арналған «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету» деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның паспорты» 359-қосымшасының 5-тармағында бюджеттік бағдарламаның міндеттері: «... Агенттік пен оның аумақтық органдарының деректер беру желілеріне қол жеткізу жөніндегі қызметтер үшін абоненттік және жалдық төлемдерді қамтитын ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін **қамтамасыз ету**» деп белгіленген.

Термин «**сүйемелдеу**» встречается в названии приказа Министра экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан от 18 февраля 2014 года № 50 «Об утверждении перечня бюджетных инвестиционных и концессионных проектов, финансирование разработки или корректировки, а также проведение необходимых экспертиз технико-экономических обоснований, консультативное сопровождение концессионных проектов которых осуществляется за счет средств распределяемой бюджетной программы 002 «Разработка или корректи-

ровка, а также проведение необходимых экспертиз технико-экономических обоснований бюджетных инвестиционных и концессионных проектов, консультативное **сопровождение** концессионных проектов» Министерства экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан на 2014 год». – «Техникалық-экономикалық негіздемелер әзірлеуді немесе түзетуді қаржыландыру, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу, концессиялық жобаларды консультациялық **сүйемелдеу** Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 002 «Бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу, концессиялық жобаларды консультациялық **сүйемелдеу**» бөлінетін бюджеттік бағдарламасының 2014 жылға қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 50 бұйрығы.

Термин **«қолдап отыру»** употребляется в подпункте 16) пункта 3 «Методики расчета затрат на создание, развитие и **сопровождение** информационных систем государственных органов» приложения 1 к приказу исполняющего обязанности Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 28 января 2016 года № 133, где говорится: **«Сопровождение** программного обеспечения – это обеспечение функционирования, процесса улучшения, оптимизации и устранения дефектов и недоработок программного обеспечения после передачи в промышленную эксплуатацию». – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 133 бұйрығына «Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға, дамытуға және **қолдап отыруға** арналған шығындарды есептеу әдістемесі» 1-қосымшасының 3-тармағының 16) тармақшасында: «Бағдарламалық қамтылымды **қолдап отыру** – ол бағдарламалық қамтамасыз етуді өнеркәсіпте пайдалануға бергеннен кейін жұмыс істеуін, жақсарту, оңтайландыру үрдістерін және бағдарламалық қамтамасыз етудің жетіспеген ақауларын жоюды қамтамасыз ету» деп айтылған.

Таким образом, в настоящее время термин **«сопровождение»** переводится как **«қолдап отыру»**.

Раньше слово **«архив»** переводилось как **«мұрағат»**.

Например, он употреблялся в наименовании «Правил комплектования, хранения, учета и использования документов Национального **архивного** фонда, других **архивных** документов государственными и специальными государственными **архивами**», утвержденные приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 22 декабря 2014 года № 145. – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 145 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық **мұрағат** қорының құжаттарын, басқа да **мұрағат** құжаттарын мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік **мұрағаттардың** толықтыруы, сақтауы, есепке алуы мен пайдалануы қағидалары».

А слово «музей» переводилось как «**мұражай**».

Например, он употреблялся в наименовании Указа Президента Республики Казахстан от 30 мая 2013 года № 576 «О некоторых вопросах республиканского государственного учреждения (Национальный **музей** Республики Казахстан». – «Қазақстан Республикасының Ұлттық **мұражайы**» республикалық мекемесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 576 Жарлығы.

В связи с Законом Республики Казахстан от 28 октября 2015 года № 368-V ЗРК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам культуры и историко-культурного наследия» (далее – Закон) термины «мұрағат» и «мұражай» претерпели изменения.

В пункте 3 вышеназванного Закона говорится: «В Закон Республики Казахстан от 22 декабря 1998 года «О национальном архивном фонде и архивах»

1) внесено изменение в заголовок на казахском языке, заголовок на русском языке не меняется;

2) внесено изменение в текст на казахском языке, текст на русском языке не меняется».

Также в пункте 4 вышеуказанного Закона говорится: «В Закон Республики Казахстан от 15 декабря 2006 года «О культуре»

1) внесено изменение в текст на казахском языке, текст на русском языке не меняется».

В варианте вышеуказанного Закона на казахском языке это представлено следующим образом:

«Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңындағы

1) тақырыптағы «**мұрағат**» және «**мұрағаттар**» деген сөздер «**архив**» және «**архивтер**» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) «мұрағат», «мұрағаттарды», «мұрағаттардың», «мұрағаттар», «мұрағаты», «Мұрағат», «мұрағаттарының», «мұрағаттары», «мұрағаттың», «мұрағаттарындағы», «мұрағаттардағы», «мұрағатқа», «Мұрағатының», «мұрағаттарда», «мұрағаттарға», «мұрағаттық», «мұрағаттарынан», «мұрағаттарында» және «мұрағатты» деген сөздер тиісінше «архив», «архивтерді», «архивтердің», «архивтер», «архиви», «Архив», «архивтерінің», «архивтері», «архивтің», «архивтеріндегі», «архивтердегі», «архивке», «Архивінің», «архивтерде», «архивтерге», «архивтік», «архивтерінен», «архивтерінде» және «архивті» деген сөздермен ауыстырылсын.

«Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңындағы

1) бүкіл мәтін бойынша «**мұражай**», «мұражайларға», «мұражайлардың» деген сөздер тиісінше «**музей**», «музейлерге», «музейлердің» деген сөздермен ауыстырылсын».

Таким образом, в настоящее время слово «**архив**» в тексте на казахском языке будет оформляться как «**архив**», также и слово «**музей**» в тексте на казахском языке будет оформляться как «**музей**».

Реквизит документа «Резолюция» в некоторых текстах переводился как «Бұрыштама».

Например: В абзаце четвертом пункта 30 «Типовых правилах документирования и управления документацией в государственных и негосударственных организациях», утвержденные приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 22 декабря 2014 года № 144 говорится: «Первые руководители организаций, их заместители могут оформлять **резолюцию** на отдельном бланке (фишке)». – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 144 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларының» 30-тармағының төртінші абзацында: «Ұйымдардың бірінші басшылары, олардың орынбасарлары **бұрыштаманы** жеке бланкіге (фишкаға) ресімдей алады» деп айтылған.

Данный перевод «Бұрыштама» не раскрывает значение данного термина.

По определению данному в справочнике «Резолюция – это решение, принятое должностным лицом или совещательным органом, международной организацией».

Для передачи данного значения при переводе слова «Резолюция» на казахский язык подходит слово «қарар», толкование, которого в справочнике на казахском языке повторяет определение, данное в справочнике на русском языке:

Қарар – 1. жиналыс, мәжіліс, конференция қабылдаған шешім, 2. қызмет құжатындағы лауазымды адам жазған, ол қабылдаған шешім мазмұндалған жазу, 3. сот шешімінің қорытынды бөлігі, 4. компания мүшелерінің міндеттеуші күші бар шешімі.

Данный перевод «қарар» используется в более поздних официальных текстах.

Например: В подпункте 3) абзаца второго пункта 6 «Регламента государственной услуги «Выдача сертификата эксплуатанта» приложения 1 к приказу Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 9 декабря 2015 года № 1182 говорится: «Для выдачи дубликата сертификата необходимо определение ответственного исполнителя и наложение **резолюции** руководителем структурного подразделения». – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1182 бұйрығына «Пайдаланушы сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті» 1-қосымшасының 6-тармағының екінші абзацының 3) тармақшасында: «Сертификаттың телнұсқасын беру үшін құрылымдық бөлімше басшысы жауапты орындаушыны анықтауы және **қарар** жазуы қажет» деп айтылған.

Таким образом, термин «**резолюция**» на настоящее время переводится как «**қарар**».

В некоторых текстах слово «цифра» и производные от него такие как «цифровой» и другие переводились как «сан» или «сандық». Данный перевод не раскрывает значение слова «цифра».

В справочнике дается следующее определение данного слова. **Цифры** – это система знаков для записи конкретных значений чисел. Например, арабские цифры (0 1 2 3 4 5 6 7 8 9), римские цифры (I V X L C D M).

Слово «сан» является переводом слов «количество» и «число».

Например: Определение **количества** представителей жителей многоквартирного жилого дома – Көп пәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің **санын** айқындау тәртібі;

ЧП (на дому) – **число** посещений на дому – КС (үйде) – үйде жалған келулердің **саны**.

Слово «цифра» на казахский язык переводится как «цифр».

Например: В пункте 4 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 24 декабря 2014 года № 4 «О внесении изменений и дополнений в некоторые нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан и признании утратившими силу некоторых нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан» говорится: «В абзаце первом **цифры** «241» заменить **цифрами** «271». – «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 4 нормативтік қаулысының 4-тармағының бірінші абзацында: «241» деген **цифрлар** «271» деген **цифрлармен** ауыстырылсын» деп айтылған.

Слово «цифровой» переводится соответственно «цифрлық».

Например, данное слово употребляется в наименовании приказа Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 9 декабря 2015 года № 1187 «Об утверждении Правил проверки подлинности электронной **цифровой** подписи» – «Электрондық **цифрлық** қолтаңбаның төлнұсқалығын тексеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы 1187 бұйрығы.

Таким образом, слово «**цифра**» должна переводиться на казахский язык как «**цифр**».

Слово «почта» до сегодняшнего дня в тексте на казахском языке оставалась без изменений, употребляясь как «почта».

Например: В подпункте 1) пункта 1 приказа исполняющего обязанности председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от 24 августа 2012 года № 232 «Об утверждении статистических форм общегосударственных статистических наблюдений по статистике связи и инструкций по их заполнению» говорится: «Утвердить статистиче-

скую форму общегосударственного статистического наблюдения «Отчет об услугах **почтовой** и курьерской деятельности». – «Байланыс статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 24 тамыздағы № 232 бұйрығының 1-бабының 1) тармақшасында «**Почта** және курьерлік қызметтің қызмет көрсетулері туралы есеп» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны бекітілсін» деп айтылған.

В связи с выходом Закона «О почте» его написание изменилось.

Например: В подпункте 20) статьи 1 Закона Республики Казахстан от 9 апреля 2016 года № 498-V ЗРК «О **почте**» говорится, что «**Почта** – это вид связи, обеспечивающий на территории Республики Казахстан предоставление операторами **почты** комплекса услуг и осуществление иной деятельности в соответствии с актами Всемирного **почтового** союза и настоящим Законом». – «**Пошта** туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 498-V ҚРЗ Заңының 1-бабының 20) тармақшасында «**Пошта** – ол **пошта** операторларының Қазақстан Республикасының аумағында Дүниежүзілік **пошта** одағының актілеріне және осы Заңға сәйкес көрсетілетін қызметтер кешенін ұсынуын және өзге де қызметті жүзеге асыруын қамтамасыз ететін байланыс түрі» деп айтылған.

Таким образом, слово «**почта**» в настоящее время переводится как «**пошта**».

Граждане Республики Казахстан при оформлении документа должны употреблять те термины, которые раскрывают значение слова, чтобы каждый читающий мог понять смысл текста и эти термины должны быть знакомы каждому.

ҚАЗАҚША ПӘН СӨЗДЕР ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ

А.Тұрышев

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі 1924 жылы 12-18 күндері Орынбор қаласында өткенін білеміз. Сійездің қарауына 6-ты мәселе ұсынылды. Үшінші мәселе «Қазақша пән сөздер». «Қазақша пән сөздер» тақырыбына Елдес Омарұлы баяндама жасады. «Пән сөз» - деп, қазіргі кітаптарда, журнал, газет, пән (қазақ тілі, алгебра, физика т.б.) қолданыстағы ғылыми терминдерді, «жат сөз» - деп, кірме сөздерді (шет тілдерінен енген сөздер) атағаны көрінеді. Әрине, қаралып отырған пән сөздерін қазіргі пәндердің пән сөздерімен салыстыруға келмейді. Тіпті, ол уақытта қолданыста жоқ, қазіргі «диссертация», «монография», «оқу құралы», «әдістемлік» т.б. ғылым сөзі (ғылыми терминдер) қалыптасты.

Шерубай Құрманбайұлы: «Термин» атауының өзі әр кезеңде ұлт тілінің түрліше аударылып, оның бірнеше балама нұсқасы ұсынылды. О баста қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынұлы кезеңінде «пән сөз» деп аталды. Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары жарық көрген Алаш оқығандарының еңбектерінде, сол жылдардың мерзімді басылымдарында осы термин жиі қолданыла бастаған еді. ... Білім ордасы бекіткен терминдер сөздігі 1927 жылы Н. Қаратышқанұлының құрастыруымен «Пән сөздері» деген атпен жарық көрді» - дейді [1, 11]; [2].

Ахмет Байтұрсынұлы, Қалел Досмұқаметұлы, Міржақып Дулатұлы т.б. еңбектерінде пән сөздердің жасалуының негізгі принциптерін олардың заңдылықтарын, сингармонизм заңына сүйеніп жасау керектігін баса айтып, жазып кетті. «Сөзжасам жұрнақтары» ол уақытта бұл - пән термині қалыптаспаған, тұрлаулы, тұрлаусыз сөз тудыратын жұрнақтар деп аталды.

Елдес Омарұлы баяндамасында пән сөздерді қазақ тіліне алғанда түбірге (тұқылға-Е.О.) жұрнақтарды жалғағанда тұрлаулы және тұрлаусыз деп, дыбыс жүйесі жағынан екі түрге: түбірмен үндесіп, үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтар деп бөледі. Нақты мысалдар келтіреді. Қазақша түбір сөзге жұрнақ жалғап жаңа сөз шығарғанда - тұрлаулы жұрнақтарды пайдаланған жөн дейді. Үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтар қазақ тіліне сіңіп кеткен жат жұрнақтар; олармен мәндес

түбірмен үндесіп жалғанатын қазақтың өз жұрнағы бар. Жаңа сөзді, түбірге жат жұрнақ жалғап шығарғаннан өз жұрнағымызбен шығарған артық. Пән сөзді өзі тілімізден таба алмаған күнде, иаурыпа қолданған латынша пән сөздерін алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, - оны тіліміздің заңына келтіріп өзгертіп алу керек. Өйткені жат сөздің асыл түрін бұзбай алсақ: Ондай сөзге қазақтың тілі келмейтұғын болады; Жаңа қазақ тілінің заңына келмеген сөзді, оған қазақша жұрнақ, жалғаулар жалғап өзгеруге де болмайды. Ондай сөз қазақ тіліне қазақтың өз сөзіндей болып сіңісе де алмайды, - бір түрлі ерсі сөз болып қалады деп жазды [3, 96-97]. Сөйтіп, барып Елдес Омарұлы жат сөздің қазақтың өз сөзі сияқты сіңіп кетуінің 9 түрлі принциптерін көрсетті. Қысқаша айтып өтетін болсақ:

1. Қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, - сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірыңғай жіңішкертіп, я бәрін де жуандатып алу керек;

2. Бас буыннан басқа буындарында жұмсақ «ә»-сі бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, «ә»-ні өзгертіп я «е», я жуан «а» алу керек («адабыиат» - «әдебиет»). «Кәміилә» барыс септігі жалғанғанда «Кәміиләге» емес, «Кәміилаға» болады;

3. Бас буыннан басқа буындарда «о», «ұ»-сы бар жат сөздерді кіргізгенде «о», «ұ» - ларды басқа бір дауысты дыбыстарға айналдырып алу керек (покрыв-боқырау);

4. Я болмаса сөз аяғындағы «ғ», «г», «д» - ларды мүлде жоғалтып жіберу керек (Оренбург-Орынбор);

5. Үздіксіздік заңына келмейтін жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, өзгертіп үздіксіз қылып алу керек (мәсле-мәселе, мүмін - момын);

6. Екпіні соңғы буыннан басқа буындарында болған жат сөздерді қазақшаландыруында тілін соңғы буынға келтіріп алу керек (Смара - Смар, Пуховый-Бокебай);

7. Қазақша сөзде бір дыбыс қосарланып келмейді. Сондықтан дыбысы қосарланған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қатарынан екі қайтара айтылатын дыбыстың біреуін я мүлде жоғалтып жіберу керек, я болмаса орнына басқа бір дыбыс кіргізіп алу керек;

8. Тілінде жат дыбыстары бар жат сөздерді пән сөз қылып алғанда, оның жат дыбыстарын шығарып тастап орнына қазақша дыбыс кіргізіп алу керек;

9. Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгертін болу керек. Жат сөздерді жат жұрнағымен алуға болмайтынын, жұрнағымен кірген сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керектігін айтқан.

Жарыс сөзде Нәзір Төрекұлы пән сөздерін қазақ тіліне алғанды теріс көрмейді. Пән сөздерді қазақ тілінен алу үшін, - оның осы «сөз жүйесі» сықылды мағына жағынан да қолайсыз, айтқанда құлаққа ерсі естіліп тұратын сөздерді пән сөз қылып алудың жөні жоқ: Қазақ тілінен лайық сөз табылмайтын болғанда, пән сөзді асыл түбірінен алу керек. Жаңа: Барлық халықтардың бәріне ортақ, «Бинтернатсионал», «домоқыратиа» сықылды пән сөздерді өзгертпей, жалпы иаурыпаның айтып отырған түрінде алу керек. «Абтомобил», «телеграф» сықылды текінике сөздерін де сол жалпы иаурыпаның қолданған түрінде алу керек. Ондай сөздерді қазақшаға аударып иаурыпадан алыстатудың пайдасы болмайды. Нәзір сөзінің соңында ұмытылып кеткен ескі сөздерге қызығудың, қазақтың өз тілінде жоқ басқа түріктердің сөзіне де қызығудың қажеттігі жоқтығын, қазақтың ескі сөзінен, түріктердің қазаққа түсініксіз сөзінен иаурыпаның сөзін алған артық дейді [3, 101]. Әрине, бұл - арада қазақтың ескіліктерін (лексикасын), түркі тілдес халықтардың сөздерін алмау керек дегендік емес, ескі пән сөздері ретінде, пән сөзге қатысты кейбір көне сөздерді алмайық деп айтып отырғанын аңғару қиын емес. Нәзір Төрекұлов заманның ағысына, ыңғайына байланысты айтқанын аңғарамыз. Ескі сөз дегенде, Сұлтанмахмұттың да заманның ығына қарай күйінгеннен «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайында» - айтқаны, осындайда еске түседі екен. Қайта бұрынғыларымыз «хикаят» болса да тілі қазақша, рухы қазақ рухына қарай бейім келгендіктен өзін сүйіндіруші еді - тілдің бұзылғанына, қайда қазақ тілі? Құр «қатын ойбай» - деп жаны күйінді [4, 202].

Манан Тұрғанбайұлы баяндаманың толық еместігіне көңіл бөлді. Ол Елдостан пән сөздерін қайдан аламыз, не түрлі етіп аламыз, жат сөздерді алғанда кімнен аламыз, тіл іздегенде кімнен іздейміз, жат сөзді алғанда қалайша етіп аламыз? - деген сұрақтарға жауап күтіп едік. Елдостың айтқаны бұрыннан баспасөзде жазылып жүрген, Түркістанда дау болған мәселелер. Баяндама толық емес, қайта толықтырып жасауын сұрау керек деп, мынандай жоба ұсынған. Пән сөзін әуелі қазақтың өз тілінен іздеу керек. Одан табылмаған күнде басқа түрік қауымға кіріп

кеткен сөздерден іздеу керек. Қазақтың өз тілінен да басқа түріктерден де табылмаған сөзді ғылымның шыққан елінен алуымыз керек - дейді [3, 101-102].

Қалел Досмағамбетұлы өзінің сөзінде: Елдос жат сөздерді асылын өзгертпей алу керек дегені қате. Біз тілімізге жат сөз кіргізгенде, оның түбірін ғана кіргізуіміз керек, жаңа түбірі қазақ тілінің заңдылығына келтіріп, өзгертіп алуымыз қажет дейді. Жат тілдің жұрнақтарын алмай, жат тілінің түбіріне, қазақ тілінің жұрнақтарын жалғап сөз жасау керектігін айтады. Әр пәннің мамандарынан сайланған кемесіелер болу керек деген ұсыныс енгізеді. Қалел Досмағамбетұлы өзі де «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» - туралы жазған болатын. Бұған сәл кейінірек тоқталамыз.

Ишанғали Арабайұлы Пән сөзін қазақ тілінен, онан табылмаса жалпы түрік тілінен алуды қолдайды. Қазақ тілінде «лұғат» кітабын, біздің ұғымда «сөздік» шығару керектігін айтты. Соңынан Манан Тұрғанбайұлы баяндама толық емес, жаңадан баяндама жасасын десе, Ишанғали баяндама толық жасалды, Манан қанағаттанбаса оны Елдос қорытынды сөзінде айтуы мүмкін дейді.

Қорытынды сөзінде Елдос Омарұлы Мананның сұрақтарына жауап беріп, қазақ тіліне жаңа сөздер кіргізгенде, ең әуелі ол жаңа сөздің қазаққа жат болмау, бұқараның тіліне ауыр болмау, құлағына ерсі болмау жағынан қарастыру керек. Түрік халықтарының бәріне ортақ жалпы түрік сөзі болмаса, түрік халқының кез келген біреуінде ғана бар сөзді алудың қисыны жоқ. Барлық халықтарға ортақ сөзді «жат сөзді» алған дұрыс, бірақ та қазақ тілінің заңдылығына келтіріп, қазақтың өз сөздеріне ұқсатып алу керектігіне тоқталды. Сіиез мынандай қаулы қабылдады:

1. Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынсын. Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгеретін болу керек. Жат сөздерді жат жұрнағымен алуға болмайтынын, жұрнағымен кірген сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керектігін айтқан. Негізінен жоғарыда айтылған соңғы 9 - шы ұсыныс түгелімен қабылданды.

2. Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік халықтарынан ізделсін, жалпы түрік сөзі жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздерді жатырқамай алу керектігін;

3. Еуропа халықтарына сіңіп кеткен жалпы ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп пән сөз ретінде алынып, жат сөзге мағынасы дәл келетін қазақтың сөзімен, еуропа тілінен енген сөз екеуі қатар қолданылып, қай қолайлысы алынуы керек;

4. Қазақтың тілінен басқа тілден енген пән сөздер қазақ тілінің заңдылығына байланысты алынуы керек деп, өзі талқылаған заңдылықтарға сүйенеді;

5. Қазақ тіліне қабылдаған пән сөздерді әр пән мамандары тексеріп, әр пәннің өзі дербес комиссияда қаралуы керек;

6. Қазақша сөздер әлібби ретімен тізіліп, лұғат кітабы етіп шығару керек деген.

Қаулыға қосымша Әлихан Бөкейханұлының қағаз бетіне кісінің аты-жөнін жазғанда, орысшаға еліктеп, әкесінің атына «оп» деп қосып жазу қалсын - деген ұсынысын қабылдап, кісінің аты-жөнін жазғанда, оның өз аты ғана жазылып, үкімет орындарының қағазында, кісінің өз атын аттас кісілердің атымен шатастырып алмау үшін, әуелі әкесінің аты жазылып, оған «ұлы» деген сөз қосылып, сонан соң өз аты жазылатын болсын - делінген. Күндізгі мәжіліс осымен жабылады [3, 105-106].

Қалел Досмағамбетұлы сөз жасайтын жұрнақтың екі түрін: шын жұрнақ, шала жұрнақ деп бөліп, Шын жұрнақты сөзге қосып жазу керек, ал шала жұрнақты түбір сөзге жалғаспай сызықшамен жазу керектігін айтады. Қалел Ауропа сөздері соңғы заманда әдебиет тілімізге жапа-тармағай кіріп жатыр. Сондықтан бұлар туралы да біраз ғана сөз айтпақшымыз. ... Сондықтан Ауропа сөздерін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес. Ауропа сөздерін ала алсақ, біздің білуімізше мынандай жолмен алу керек. Қысқартып беретін боламыз.

1) Ауропа сөздерін алғанда, сөзді қазақ-қырғыз тілінің заңымен өзгертіп, сіңуге қолайлап алу керек. Ауропа тілінен бізге әсері көп тиетін тіл орыс тілі, орыс сөздері ықтиярсыз қолдануға керек болатын дәуірде тұрмыз. Сондықтан орыс сөздерін қолданғанда өте сақтық керек;

2) Күнбатыс Ауропа сөздерін алғанда түбін тексеріп, шамадан келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындатып алу керек т.б.

3) Роман, герман сөздері жалпы айтқанда жуан айтудан гөрі жіңішке айтуды сүйеді. «Л» деген дыбыс бүтілдері де өнемейін жіңішке айтылады. Сондықтан ішінде «л» дыбысы бар Ауропа сөздерін жіңішкертіп айтқан сөздің түбіне жақын, қолайлырақ болады т.б.

4) Франсоz тiлiнде сөздің басы (ударение) соңғы буынның iшiндегi дауысты дыбыстарда болады. Қазақ-қырғыз тiлiнде де осындай қасиет бар. Сондықтан Ауropa сөздерiн өзгерткенде франсоz тiлiн үлгiге алсақ, көп жеңiлдiк көреміз. Мәселен, латынша механикуc деген сөз орысша механический, франсоzша механик болады. Бұл сөздi қазақша механик деп алуға болады;

5) Ауropa сөзiн алғанда түбiрiн сингармонизмге көндiрiп алған соң, жалғаулардың да бәрiн сингармонизм заңымен жалғау керек. Алған түбiрден туынды сөздердi өз тiлiмiздiң заңымен тудыру керек дейдi [5, 94-96].

1924 жылы Орынборда өткен Қазақ бiлiмпаздарының тұңғыш сиезiнiң «Жат сөз қазақтың өз сөзiне ұсап қазақ тiлiне сiңiп кететүн болуы үшiн, - оны қазақ тiлiнiң мынандай заңдарына келтiрiп алу керек» - деген 9 принциптерiнiң 4-уiн А. Байтұрсынұлы 1926 жылы Бакуде өткен Бiрiншi Түрiкшiлер құрылтайында жасаған баяндамасында орысша жалпы келтiрiп, атап өткен. Және терминология саласындағы толғандырып жүрген мәселелер туралы кеңiнен шолу жасаған. Термин алуда әсер ететiн факторлардың бiрi - елдердiң рухани мәдениетi, қарым-қатынасы екендiгiн сөз етедi [6, 417-425].

1924 жылғы съезде Мiржақып Дулатұлы сөз сөйледi. Онда ол - «Қазақ жұрты өнерлi, мәдениеттi болуына бiз қарсы емеспiз. Жаңалыққа да, өзгерiске де қарсы емеспiз. Бiрақ өзгерiстiң де өзгерiсi бар. Күндердiң күнiнде латын әрпiн қолданатын болармыз. Латын түгiл, жұрт бiткеннiң бәрi шапшаң жазуға (стенография) түсуiне де сенемiн» - деген едi [7, 323].

Елiмiз Латын әлiбиiне негiзделген «Қазақ әлiпбиiне» ауысқалы жатқанда Қазақ бiлiмпаздарының тұңғыш съезiнде баяндама жасаған Нәзiр Төрекұлұлының баяндамасы бүгiнгi күнi де өзiнiң өзектiлiгiн, маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Нәзiр Төрекұлұлы жаңа нәрсенi халық жатырқайды екен деп тоқталудың да жөнi жоқ. От арба мен от кеменiң шығуына да қара халық бiр кезде қарсы болған, бiрақ осы кезде соларға өздерi мiнiп жүр, осы кезде Ташкент пен Орынбор арасында отарбаға мiнбей түйеге мiнiп келiп жүрген адам жоқ. Мәдениеттiң жаңалығы, бет алысы халықтың пiкiрiне қарап жолынан тоқталмайды. Бұрын жұдырықтасып төбелесетүн жұрт қазiр аспанда ұшып жүрiп кимиенiң газымен соғысатүн болды. Мен: латын жазуы күнi бүгiн алынбағанда да

немістерше қабылдауымыз керек деймін. Немістер латын әрпін өз әліпбиіне бірте-бірте кіргізген, тым болмаса, біз де соны істелік сөйтіп, бара-бара біраз жылдардан кейін латын әліпбиін қолданып кететін боларлық, бұл қиын емес. ...Латын жазуы бізге әрі жеңіл, әрі арзанға түседі; оңай нәрседен пайдалы нәрседен, арзанға түсетін нәрседен қашпау керек, мәдениет жолында бір адым да болса ілгері басатын жаққа ұмтылу керек- дейді [3, 82-85].

Жарыс сөзде сөйлеген Міржақып латын мәселесін көтеру әлі ерте екенін, түрік әріптерін жеңілдетіп қолдана берейік десе, Елдес қазіргі түрік әліпбиін қолдана беруге, Қазанғапұлы Қанаш латын әрпін жақтайды, Қалел латын әліпбиіне қарсы бола тұра латын әліпбиінің жобасын жасағандығын айтады. Манан Тұрғанбайұлы әзірбайжандар латын әрпін жүзеге асыра алмай қайтадан түрік әліпбиіне түсіп отырғанын, Ишанғали Арабайұлы мен Ерғали Алданғарұлы да латын мәселесін қолдаған.

Съезде тіл білімінің реформаторы Ахмет Байтұрсынұлы араб әліпбиі (түркі әліпбиі) деп алып отыр. Баяндамасында «Түрік әліпбиінің түбі арабтан шықанымен, түрік тіліне икемделіп, өзгеріс кіріп, таза күйінде тұрмағандықтан, мен оны араб әліпбиі демей түрік әліпбиі деймін» - деген.

Қазақ-қырғыз білімпаздарының съезінде Ахмет Байтұрсынұлының жобасы қабылданды. Ал латын әліпбиін алу деген сөзді орынсыз деп таныды. Съезд басталғанда Әлихан Бөкейханов жазу ережелерінің жалпы жобасы жайында таныстыруға Николай Иванович Бутковскиге берген болатын, ол орыс тілі жайында айтып өтіп, сөз арасында латын әліпбиін алу керектігіне баса назар аударды. Жалпы, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліпбиінің күні-бүгінге дейін қолданылып жүрген ережесін жасады. Дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп бөліп, араб әліпбиіне лайықтап, зерттеп шықты. Қай әріпті алу керек, қай әріпті алмау керектігін де айтып кеткен. Қазақ тілінің заңдылығын араб әліпбиіне заңдастырып, үйлестіріп әріп тауып, жоқ әріптерді дәйекше, ноқаттар арқылы жасады, емілесін қайыра жаңадан жасап шықты. Сондықтан да біз латын әліпбиіне көшсек те қазақтың тілдік дыбыстық жүйесін, үндестік заңын А. Байтұрсынұлы жазып кеткендей бұзбай сақталуы керек деп ойлаймыз. «Латын әліпбиінің» үлгісін қабылдаған да Ахмет Байтұрсынұлының тәжірибесін ескеру қажет және де латын әріптеріне негізделген қа-

зақ тіліндегі оқулықтар жазғанда Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін оқып, пайдалану қажет.

1926 жылы 26 ақпан мен 6 наурыз айында Баку қаласында Бүкілодақтық түркітанушылардың бірінші сиезі өтті. Сиезге Қалмақтар, қиыр күн шығыстағы Жақыт, анатол Түрік елінен, Неміс, Мажар профессорлары қатысып сөз сөйледі. Құрылтай қарауына 14 мәселе ұсынылды. 8-9 баяндама жасалды. Құрылтайдың негізгі көздегені латын әліббиіне негізделген латын әрпіне көшу мәселесі болды. Сиезге атақты түркологтар Бартольд, Самойлович, Малов, Щерба т.б. қатысып кейбірі баяндама жасады. Түрік мәдениетінен баяндама жасап, сөз сөйлегендер Ольденбург, Крымский, Меньсел, Майсереш, Баруздин, Убайдуллин Әзиз, Шобан-зада, Кинко, Ибраһымұлы Әлжан, Ағазада т.б. Түрік әліббиі туралы баяндаманы Мамед-заде, Шарапұлы Әлімжан, Алпарұлы, Төрекұлұлы, Бердіұлы, Омарұлы пән сөздерінің жүйесі туралы Шобан-заде, Зиенат, Түрік тілі пән сөздері туралы Зайналы, Одабаш, Байтұрсынұлы жасады. Латын қарпін қолдаушы 7 баяндаманың екеуін ілім пәтуасы түрінде екі профессор жасады. Яковлев деген профессор латын қарпін не үшін қолдайтынын айтты. Араб пен латын қарпін салыстырып сөйлеген Әлімжан Шарапұлы болды. Латынға қарсы баяндама біреу-ақ болды. Тоқ етері латын әліббиінің артықшылығына құрылтайдың көзі жетті [8, 411-416]. Бұл - сиезд латын қарпіне көшудің бастамасы іспетті болды. Қазақ өкіметінің «Қазақ жаңа емлесі туралы декреті» (латын) тек 1929 жылы ғана жарияланды.

Қорыта келгенде, қазақ, ағылшын, орыс тілді және компьютер тілін білетін лингвист мамандарды тартып, жобасын ұсынған мықты тілшілерге баяндама жасату қажет. Олардың жасаған баяндамасы қазақ тілі заңдылығынан қаншалықты алшақ кетпеді, біздің көзімізді жеткізуі керек. Бұл арада әрине, латын әріптерін алғанда, компьютердің ішкі мүмкіншілігін ескеру керек сияқты. Қазақстан республикасы білімпаздарының съезін өткізіп, «латын әліббиінің» қазақша нұсқасының қай нұсқасы тиімді екендігін баяндамашылар тілдік заңдылығын Ахмет Байтұрсынша, Нәзір Төреғұлша т.б. алашшыл зиялылардың талдауындай талдап, дыбыс ерекшеліктерін, жүйесін зерттеп, сингармонизм заңдылығына сүйеніп, дыбысқа әріп таңдағанда қазақ тілінің барлық заңдылықтарын ескеріп, нақты мысалдармен дәлелдеп шығулары керек. Қысқасы қазақтың дыбыстарын қабылданатын латын әліббиінің үлгісі-

не, қалпына салып тексеру қажет. Одан кейін отандық лингвистерден, түркологтардан құралған комиссия жасалған баяндамаларды қабылдап, тілдік тұрғыда сипаттама жасап, қайыра бір зерттеп, қазақ дыбыстарына таңдап алған латын әріптері дәл келе ме? келмей ме? - тағы да бір тілдік талдау жасап әріптерді қабылдаудың тілдік негіздемесін жасап, қаулы қабылдап, одан кейін барып нақты бір жобаны Елбасының бекітуіне ұсыну керек сияқты. Жалпы, екі әліббиді «араб» және «латын» талдаған қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінің үлгісі, жобасын негізге алған да артық етпейді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Ш. Құрманбайұлы. Терминтанушы құралы (сөздік оқулық). «Ер-Дәулет» – Астана-2007. -11 б.
2. Е. Әбдірәсілов. Қазақ терминографиясының жүйесі. – Астана, 2005. -141 б.
- 3.Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Қырғыз мемлекеттік баспасы. -Орынбор, 1925. -96-97, 101, 101-102, 105-106, 82-85 б.
- 4.С. Торайғыров. -Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. – Алматы, «Жазушы», 1987. -202 б.
- 5.Халел Досмұхаметұлы. Аламан. –Алматы. «Ана тілі», 1991.-94-96 б.
- 6.Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы. – Алматы. «Ана тілі», 1992. -417-425 б.
- 7.Міржақып Дулатов. Шығармалары, – Алматы. «Жазушы» 1991, -323 б.
- 8.Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы. «Ана тілі» 1992, -411-416

КОГНИТИВНОМ АСПЕКТЕ ИЗУЧЕНИЯ ТЕРМИНОВ ЭКОНОМИКИ

К. Абишева, Б. Абильмажинова, А. Капанова

Университет «Туран-Астана»

Возрастание неослабевающего до сих пор интереса к изучению терминов обусловлено стремлением ученых глубже понять сущность термина, уточнить его признаки, рассмотреть способы его образования, охарактеризовать терминосистемы различных наук с точки зрения определенных подходов. Поэтому в истории терминоведения насчитывается несколько различных подходов, таких, как лексико-семантический и когнитивный. Традиционный подход к анализу терминов направлен на структурно-семантическое описание терминов, в процессе которых уточнялись определения терминов и характеризовались их свойства. Так, В.П. Даниленко, понимая под термином слово (или словосочетание) специальной сферы употребления являющееся наименованием специального понятия и требующее дефиниции [13], акцентирует внимание на следующих признаках термина: 1) связь с определенной сферой употребления; 2) соотношенность со специальным понятием. В работе С.В. Гринева рассматриваются тематические группы терминов [23]. А.В. Суперанская, Н.В. Подольская акцентируют внимание на сформирование общей теории терминологии как научной дисциплины, рассматривают также методы и приемы терминологической работы [3]. Формирование новой отрасли языкознания – когнитивной лингвистики способствовало изучению терминов на основе когнитивного подхода, при использовании которого производится когнитивный анализ терминов, строится когнитивная карта науки [4], осуществляется когнитивное моделирование терминов.

Изучение терминов экономики в когнитивном аспекте предполагает выделение и описание ключевых концептов данной науки, выявление их основных концептуальных признаков, объединение тождественных концептов в категории – рубрики данной области знания; представление в виде схем (фреймов) отдельных фрагментов и всей структуры науки в целом [4]. Попытки изучения терминов определенной науки с когнитивной точки зрения предпринимались Н.Ж. Алиевым, Ш. Курманбайулы,

указывающих на необходимость соблюдения системности терминов, так как не учет свойства системности термина приводит к несформированности терминологических тезаурусов, способствует к появлению переводческих ошибок. По мысли У.Ж. Алиева, следует выделять в рамках какой-либо терминологии ключевые слова, опорные термины, базовые понятия, фундаментальные категории, например, термин “кредит”, относящийся к группе фундаментальных категорий, нельзя переводить словом “несие” так как при переводе нарушается точность данного понятия. “Кредит выделяется лицам которые возвращают деньги через некоторое время, оплачивая дополнительное вознаграждение,” а “несие” выдается лицам, когда человек заранее уверен в том, что деньги его не вернут [5]. А между тем в терминологических словарях не соблюдается это положение, “кредит” переводится как “несие”, ср.: “кредит-несие” (акшалай соманы тауарлар мен басқа құндылықтарды мерзімділік қайтару, пайдаланған үшін процент төлеу шартымен уақытша табыстау [6]). Ал экономикалық орысша-қазақша сөздігінде “кредит” сөзі “кредит” түрінде берілген, яғни айтылған ескертулер ескерілген [7].

По мысли Ш. Құрманбайұлы, недостаточно точный учет содержания и объема научного понятия приводит к переводческим ошибкам, например, ложная аналогия наблюдается при переводе следующих понятий: *цельное молоко – мақсатты сүт, майор-қыран, насос-алсор, дочерние предприятия-қыз кәсіпорындар* [8].

В целях избежания подобных ошибок, допускаемых при переводе, целесообразным представляется подготовка когнитивной карты каждой науки. Так, при подготовке когнитивной карты экономической науки следует выделять ключевые слова и группы категорий терминов. Рассмотрим как ключевое слово терминологический концепт “рынок”

К ключевым словам какой-либо науки относятся концепты, характеризующие Н.Н. Болдыревым как форматы знания: “концепт-это единица осмысленного (осознанного) знания о предмете или событии, их отдельных свойствах, характеристиках, взаимосвязях с другими предметами и событиями, которой оперирует человек в процессе речемыслительной деятельности [9]”. Так, термин “рынок”, относящийся к фундаментальным понятиям экономики выступает как одно из ключевых слов данной науки. Термин “рынок” нельзя смешивать с понятием “рынок”, имеющим синонимическое значение “базар”. Слово “рынок” в отличие

от повседневного понятия “рынок” концептуализируется, в значении “связь, отношения между производителями товаров и потребителями”. У.Ж. Алиев дает такое пояснение этому термину: “нарық” (конъюнктура) ұғымы біздердің бала кезімізде үлкендердің бір-бірінен базар жағдаятын, базар ахуалын білгісі келгенде пайдаланатын “базар нарығы” (кейбір жерлерде “базар нарқы” немесе “базар нарығы”), “бүгін базар нарығы қандай екен?” деген сөз тіркестері еріксіз еске түседі. “Нарық” негізінен айналым аясының (сфера обращения) категориясы [5].

Концептуализация термина “нарық” как понятия, сопряженного с научным знанием, формируется в процессе получения первичной информации в ходе познавательно-маркетинговой деятельности, когда в процессе наблюдения над использованием слова “рынок” в терминологическом значении и в процессе его терминования осуществляются два основных процесса: восприятие и когнция. В процессе восприятия субъект восприятия (личность) познает, как используется терминирующееся слова в процессе маркетинговой деятельности, в каких областях оно используется. На втором этапе перцептивной познавательной деятельности понятие “рынок” концептуализируется, т.е. составляет понятие о термине, выявляется его терминологическое значение и, если наивное знание о слове рынок заключается в выражении значения “покупка товара на базаре”, то в составе терминологии экономики понятие “рынок” проходит порог терминологизации и используется в значении “связывать предлагающих товар и потребителей”, обозначает “состояние рынка” в тот или иной период. На данном уровне происходит ментальная обработка первичных знаний, абстрагирование от несущественных признаков, выделяются базовые характеристики и связи. Концептуализация понятия “рынок” имеет место в процессе его терминования и выявления базовых связей, выявляемых в ходе использования данного термина в определенных областях маркетинговой деятельности. Чтобы узнать, в каких областях рыночной деятельности применяется этот термин, следует изучить терминологические сочетания с данным понятием, определяющие его дистрибуцию ср; *активный рынок, арбитражный рынок, биржевой рынок, рынок валютных облигаций, рынок внешний, рынок в состоянии депрессии, глобальный финансовый рынок, рынок земельный* и др.

Анализ таких терминосочетаний позволяет определить области использования термина (*рынок биржевой, рынок товара, рынок жилья,*

рынок еврооблигаций, рынок денег, глобальный фондовый рынок); состояние рынка (*застойный рынок, вторичный рынок, сбалансированный рынок*); характеристику его (*вялый рынок, спекулятивный рынок, посреднический рынок, оживленный рынок*); объем рынка (*рынок большой, рынок в состоянии депрессии*); вид (*рынок открытый, рынок оптовый, рынок однородный*); оценку рынка (*рынок нормальный*) и др. Вторая составляющая концепта “рынок” дает сведения о том, в составе какой группы слов функционирует это слово. Термин «рынок» функционирует в составе экономической терминологии. Третья составляющая термина-образная. Хотя в составе терминологических систем не должно быть образных употреблений, тем не менее сохраняется стертая образность отдельных терминов и выражений, сравните: *рынок быков, серый рынок, вялый рынок, рынок коротких денег*) и др. Четвертая составляющая концепта-культурно-ментальная. Она дает сведения о концепциях рынка, взглядах ученых-маркетологов на рынок, отражает ценностную ориентацию потребителей по отношению к рынку. Ср: *позитивную: стабильный рынок, дешевый рынок, растущий рынок, эффективный рынок*; выражает также негативную ценностную ориентацию потребителей (*черный рынок, уличный рынок*). Пятая составляющая данного концепта – языковая. Она включает в себя все термины и терминологические сочетания, связанные с данным понятием. Например: *рынок ценных бумаг, рынок товаров, проникать на рынок, оказывать давление на рынок, овладеть рынком, «обвалить рынок», изучать рынок, монополизировать рынок и т.д.*

Концептуальная сущность термина проявляется в его когнитивной насыщенности, которая показывает как связь его со знанием в какой – либо научной области, так и точность определенного научного понятия. Для представления дефиниций понятия “рынок” следует соблюдать как требования логики к оформлению дефиниции, так и особенности концептуализации информации об объекте действительности. И для раскрытия смысла слова следует использовать такие способы семантизации термина, как основную и дополнительную. К основной семантизации относят дефиницию, а дополнительная семантизация слова включает указания на те дополнительные средства, которые часто сопровождают дефиницию [9]. Дефиниция – это логическая операция, раскрывающая содержание понятия, она опирается на выделенные существенные и отличительные признаки предметов, объекта. Когнитивный классифика-

ционный признак выступает как классификатор, на основе которого к категории “рынок” относятся слова и понятия, обозначающие рыночные отношения и связи. А понятия, дающие представления о видах рынка, характере его, объеме его относятся к дифференциальным признакам.

Концептуализация понятия “рынок” позволяет выделить его классифицирующее дифференциальные признаки. Дефиниция понятия составляется на основе отличительных признаков, поэтому дефиниция его звучит следующим образом: рынок – способ реализации маркетинговых операций по налаживанию торговых, финансовых отношений, продвижению и сбыту товаров, реализации финансовых отношений, реальная связь между производителем (торговым агентом) и потребителем.

Дифференцированные признаки выделяются на основе приобретенного маркетингологами опыта, полученного в ходе вступления в рыночные отношения, работы с рынком, знакомства с рыночной деятельностью, с дифференциальными признаками, позволяющими отличать один рынок от другого на основании выделения разновидностей рынков, специализирующихся на том или ином видах рыночной деятельности (*рынок биржевой, рынок наемной рабочей силы, рынок товаров*); характера его (*рынок международный, рынок внутренний и др.*).

Категоризация термина “рынок” позволяет показать, как происходит осмысление объектов, связанных с рыночными понятиями в рамках категории «рынок». Благодаря категоризации становится возможным придать действительности упорядоченный характер, систематизировать многообразие явлений окружающего мира и человеческих ощущений, свести полученную из внешнего мира информацию в определенные рубрики [8]. Категоризация экономических терминов осуществляется различными путями и на основе различных критериев, среди которых можно указать на сведение терминов в одну категорию на основе родо-видового признака, на основе градуальности, на основе принципа прототипичности принципа учета нестрогости категоризации, принципа континуальности [1:21].

Для категоризации понятий, связанных с рынком и сведения их в одну категорию предполагается, в первую очередь, выделение групп слов. Термин “рынок” рассматривается как родовое понятие, главная доминанта терминологического ряда «рынок» - это ядро данного терминологического ряда, центр терминологического поля. “Рынок” - это инвариант, на основе которого подбираются члены данного поля. В по-

нятии “рынок” терминологический признак выражается более отчетливо, а члены данного терминологического поля характеризуют понятия, связанные о характеристики той или иной стороны данного базового слова, например: рынок (ядро, инвариант), члены ряда обозначают виды рынка (активный, без конкурентный, биржевой, глобальный и др.); характеристику его (*рынок вторичный, высокорисковой, зарубежный*) и др. Категоризация по родо-видовым признакам предполагает выделение стимула “рынок” и изучение его ассоциативного поля, когда слово-стимул способствует появлению реакций родо-видового типа на данный стимул.

Категоризация терминов на основе принципа градуальности предполагает выделение главного слова в терминологическом ряду, имеющего существенные признаки и членов терминологического ряда, имеющих менее существенные признаки. Рынок – гипероним, а словосочетания со словом рынок – гипонимы. Они градуируют рынок в зависимости от объема (*рынок большой, рынок емкий, рынок мировой, рынок зарубежный, значительный рынок, рынок местный*); от расстояния (местоположения) (*ближайший городской, рынок короткопробежных перевозок*); характера рынка (*дешевый рынок; рынок закрытый, мелкооптовый рынок, рынок сегментированный, рынок узкий*); значимости рынка (*рынок вещевой, рынок вторичный, рынок второстепенный, высококонкурентный*); авторитетности рынка (*рынок всемирный, рынок внутренний*); оценочности (*выгодный рынок, рынок доходный*); выражения негативной ориентации (*застойный рынок, рынок ленивый, рынок неактивный, рынок неоживленный, рынок неустойчивый*); позитивной ценностной ориентации (*рынок нормальный, рынок оживленный, рынок процветающий*). Градуальность в терминологии показывает как последовательно возрастают или сокращаются существенные признаки в структуре терминологического понятия. Градация представляет собой образ-схему шкала, согласно которой упорядочиваются отношения между референтами в аспекте «больше» или «меньше», устанавливается их интенсивность [10:260]. Градуирование понятий, связанных с рынком происходит на основе численной или порядковой характеристики объектов: первичный рынок, вторичный рынок; объема (*больше – меньше*): рынок большой, рынок мелкооптовый; в зависимости от градации (*высоко-низко*): рынок высококонкурентный, рынок высокорисковый, рынок высокоспекулятивный; градация в зависимости от времени обо-

рота денег « краткосрочный – долгосрочный»: рынок краткосрочных бумаг – рынок долгосрочных ссудного капитала; градация в зависимости от уровня рынка: рынок двухуровневый – одноуровневый и др. Таким образом, когнитивный подход к анализу терминов, ходящих в терминологии той или иной науки, показывает, что концептуализация термина способствует точности дефиниции термина, а категоризация термина позволяет выделить базовые категории и определить объем и состав категорий.

Литература:

1. Абишева К.М. Категоризация и ее основные принципы // Вопросы когнитивный лингвистики. -2013. С. 21-31.
2. Алиев О.Ж. Экономика терминдерін біріздендіру мәселелері // Терминдерді біріздендіру мәселелері. – Астана. 2005.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 2003.
4. Болдырев Н.Н. Концептуальная основа языка // Когнитивные исследования языка. Вып. 4. Тамбов 2009. С. 25-77.
5. Гринев С.В. Ведение в терминографию. Ю.- М. МПУ, 1995.
6. Даниленко В.П. Терминология современного языка науки // Терминоведение и терминаграфия в индоевропейских языках.- Владивосток, 1987.
7. Кришталюк А.А. Градация как когнитивно-дискурсивная операция // Когнитивные исследования языка. Вып. XVIII.- Тамбов 2010. С. 260-262.
8. Кубрянова Е. Язык и знание : На пути получения знаний о языке: Часть и речи с когнитивный точни зрениа. Роль языка в познании мира. М.: Языки славянский культуры. 2004.
9. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Терминологическая деятельность. М.: Издательство ЛКИ, 2008.
10. Токсанбай С.Р. Экономика, қаржы-несие, банк, салық кеден сақтандыру, биржа және кәсіпкерлік атауларының орысша-қазақша сөздігі – Алматы : Сөздік-Словарь, 1999.
11. Ходакова А.Г. Терминология интернета с позитцей когнитивного терминноведения // Когнитивные исследования языка. Вып. XIII.- Тамбов 2013. С.882-891.
12. Экономикалық орысша-қазақша сөздік. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.

ТЕРМИНЖАСАМДАҒЫ ТРАНСЛИТЕРАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

Б.Боранбай

Қорқыт ата атындағы ҚМУ

Тіл білімінде транскрипция, транслитерация деген ұғым бар. Біріншісінің мәні – (лат. *transcriptio* – қайта көшіріп жазу) – белгілі бір тілдегі дыбыстарды дәл бейнелеп көрсету үшін пайдаланылатын шартты белгі. Жазуда бір фонема түрлі әріптермен таңбалануы мүмкін, ал транскрипцияда ол бір таңбамен белгіленеді. Транскрипцияның негізгі қызметі сөздің дыбыстық немесе фонемалық құрамын дәлме-дәл көрсету, онда сөздің дыбыстық жағына ғана назар аударылады. Бір әріп ыңғайына қарай түрлі фонемаларды белгілесе, транскрипциялық таңба бір ғана мағынаға ие болады. Транскрипция екіге бөлінеді:

- фонематикалық (фонологиялық);

Фонематикалық транскрипция. Транскрипция сөздердің дыбысталуындағы өзгерістерді ескермей, тек фонемаларды жазады, дыбыстар сөздің айтылуына жуықтап беріледі. Мысалы, ору [орұу], ки [кый], шикі [шійкі].

- фонетикалық.

Фонетикалық транскрипция. Транскрипцияда сөздердің айтылуындағы дыбысталу ерекшеліктері дәлме-дәл көрсетіледі: қазан қап [Қазаңғап], ортан бел [ортамбел], сейсенбі [сейсембі]. Әрбір жеке тілдің фонемалық жүйесін айқындауда фонематикалық транскрипция жұмсалса, ал фонетикалық транскрипция барлық тілдердегі дыбыстық ерекшеліктерді түгел көрсету үшін қолданылады. Оқу барысында көбіне фонематикалық транскрипцияға жүгінуге тура келеді, яғни сөздер мен сөз тіркестерін, тұтас мәтінді айтылуына біршама жуықтатып жазу қажеттігі туындайды. Жеке дыбыстар мен әріптердің айтылуы мен жазылуындағы айырмашылықтар, көрші дыбыстардың бір-біріне әсері ескеріліп отырады. Қазіргі қазақ тілінде қолданыста жүрген и, у, ю әріптерінің әрқайсысы екі-үш тіпті онан да көп дыбыстарды құрайды: у – ұу-ұшу [ұшұу], үу- жүру [жүрүү]; и – ый- сикыр [сыйқыр]; ю – йуу-күю [күйуу], т.б.[1]

Транслитерация – бір жазу түрінің өзге жазу таңбаларымен берілуі[1], онда жазудың бір системасындағы әрбір таңба (немесе таңбалар тізбесі)

жазудың өзге системасындағы таңбамен (немесе таңбалар тізбегімен) беріледі. Мысалы, ор-қаз. технология (ағ. technology) – латындық емес жазу түріне транслитерацияланған.

Графикалық транслитерациялаудың төрт типі қолданылуы мүмкін:

1. бір таңбаны бір таңбамен;
2. бір таңбаны таңбалар тізбегімен (диграфпен);
3. бірнеше таңба тізбегін бір таңбамен;
4. бірнеше таңба тізбегін бірнеше таңба тізбегімен.

Транслитерацияның қажеттілігі ХІХ ғасырдың соңында пруссиялық ғылыми кітапханаларды жасақтағанда түрлі қаріптермен және түрлі системадағы тілдерде жазылған еңбектерді ортақ каталогқа енгізу үшін туындаған. Кітапханалар қажеттілігі үшін жасалған транслитерация жөніндегі нұсқаулық ХХ ғасырда латындық емес жүйелердегі сөздерді (терминдерді, кітап атауларын) латындық жүйеге аудару үшін басты стандарт ретінде қолданылды [2].

Латындық жүйеге ауысудың негізгі артықшылықтарының өзі де сол жүйедегі тілдерді оңай меңгеруге ұмтылу болып табылғандықтан да, біз латындық жүйеден енген, еніп жатқан сөздерді, әсіресе терминдік мәндегі сөздерді бұрынғыдай орыс тілі арқылы емес, тікелей транслитерациялау қажет деп ойлаймыз.

1. Гамбәге- hamburger [ˈhambə:gə]
2. физик- physics [ˈfɪzɪks]
3. медешін-medicine [ˈmedsn]
4. инәбезин-innovation [ˌɪn.əˈveɪ.ʃən]
5. кірәйзис-Crisis [ˈkraɪsɪs]
6. технологій-technology [tekˈnɒlədʒi]
7. кәрәктә-character [ˈkærəktə(r)]
8. транскрипшн-Transcription [trænˈskɪpʃn], т.т.

Транслитерацияның транскрипциядан айырмашылығы төмендегідей:

Тілдегі дыбыстарды мейлінше дәл беруге негізделген транскрипцияға карағанда транслитерация, осы терминнің өзі көрсеткендей (лат. *litera*-әріп), тілдің жазбаша түріне қатысты болады: белгілі бір әліпбимен жазылған мәтін қандай да бір өзге жүйедегі әліпби қаріптерімен беріледі. Бұл жағдайда әдетте екі әліпбидің сәйкес әріптері қолданылады да, одан тыс дыбыстар есепке алынбайды. Орыс тілі арқылы енгенде өзге тілдердегі орыс тіліне тән емес дыбыстар шығып қалады, ал ол дыбыстардың көп жағдайларда қазақ тілінде жақын, кейде дәл келетін

баламалары бар. Қазіргі таңда әлемде көп қолданылатын ағылшын тілінен тілімізге көптеген сөздер енуде, олардың барлығы орыс тілі арқылы еніп келеді. Қазақ тіліне аударуды қажет етпейтін халықаралық сөздер (терминдер) ағылшын тілінен тікелей транслитерациялануы тиіс деп ойлаймыз. Ал тіліміздің үндестік заңына сәйкес келмейтін кей шет сөздерін «быт-шытын шығарып, тілімізге ыңғайлап» қайта құрастырып алуымыз керек пе деген де ой келеді. Мәселен, кісі есімдеріне байланысты экзотизмдер қазіргі таңда қаптап кетті. Мысал ретінде біріккен түбірлі кісі есімдерін бөлек жазу (Сейітқасым/Сейіт Қасым), жат жұрттық есімдер қою (Адина, Айлин, Сивьетта, т.т.) (жат жұрттық есімдердің кейде дінімізге жат сипаттары да бар), т.т. қолданыстар көбейіп барады. Қазіргі таңда, қолданыста бар тілдерді транслитерациялау кезінде компромиске бару орын алған. Кей жағдайда ол сол тілден тіпті, алшақтатып жібереді. [3]

Қазіргі таңда, терминжасам мәселелері туралы айтқанда біз тірек материал ретінде көп жағдайда орыс тіл біліміндегі қалыптасқан заңдылықтарға сүйеніп келеміз. Мысалдарымыз да орыс тіліндегі баламаларымен салыстырылып беріледі. Содан да болар, елімізде қабылданып жатқан заңдар, нормативтік актілердің барлығы дерлік орыс тілінен калька түрінде аударылған. Мәселен, Ішкі істер басқармасы қызметкерлері қамауға алмайды. Ішкі істер басқармасының қызметкерлерімен қамауға алынады, қазақтың желінген еті сияқты. Терминжасам мәселесінде де біз термин жасаған тілден тікелей емес, көбінесе орыс тілі арқылы аламыз. 30-жылдары латын әліпбиі негізіндегі жазу емлесінде терминдеріміз түпнұсқаға жақындау болды. Термин түзу мен емле мәселесін біріздендіру бірге жүргізілу қажет деп ойлаймыз. Сөздерді бірге жазу, сөздерді тіркестіру арқылы жасалған терминдердің барлығы дерлік орыс тілінің термин жасау үрдісімен, сол жолмен жүріп келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, VIII том
2. Суперанская А.В. Транслитерация//Лингвистический энциклопедический словарь/М.:Советская энциклопедия, 1990
3. М.И. Матусевич. Введение в общую фонетику. — М., 1941. — С. 106. Л.Р. Зиндер. Общая фонетика. — М., 1979. — С. 297

САЯСИ КОММУНИКАЦИЯ: ТІЛДІК АМАЛДАР МЕН САЯСИ ТЕРМИНДЕР

Ж.Жексембинова

*№118 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі*

Қазіргі таңда саяси коммуникацияның рөлі мен маңызының ерекше болуы халық пен билік арасындағы көптеген саяси мәселелерді дұрыс түсінуге, адекватты түрде интерпретациялауға жетелейді. Ал саясаткердің ерекшелігі оның сөзінің дискурстық сипаттылығында саясат тек сөз (речь) арқылы интерпретацияланады. Ал «әлемнің тілдік көрінісіндегі бір-бірімен тығыз байланысқан, бірі екіншісінің шарты болып табылатын, уақыт пен мерзімге бағынбайтын, көп жағдайларда ұлттық ұғымдардан да жоғары тұратын универсал-концепцияларға экономика мен саясат ұғымдарын жатқызамыз» [1, 56 б.]. «Саясаткер бұқара жұртты өзінің сөзі арқылы басқара да алады, манипуляция да жасай алады, үгіт-насихат та жүргізеді, ақпаратты өз арнасына қолайлы етіп қалың бұқара алдында жеткізе де алады» [2, 697 б.]. Сондықтан кез келген сөз саяси коммуникацияға қатысушыларға белгілі бір деңгейде әсер ету қасиетімен ерекшеленеді.

Прагматикалық қызметті атқаратын құралдардың келесі түрі – *қоғамдық-саяси лексиканың бағалауыштық сипаты*. Қоғамдық-саяси лексиканың бағалауыштық сипатын айтпастан бұрын, жалпы қоғамдық-саяси лексика дегеніміз не деген сұраққа жауап бергеніміз дұрыс болар. Ғалым Б. Момынова өзінің «Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық, сөзжасам» атты еңбегінде қоғамдық-саяси лексиканың табиғатын жан-жақты зерттеп, «қоғамдық-саяси құбылыстар мен ұғымдарды атайтын, мағыналық ұқсастығы арқылы топтастырылатын сөздердің жиынтығын қоғамдық-саяси лексикаға жатқызуға болады», – деп тұжырымдайды. «Қоғамдық-саяси лексикаға кейбір эмоционалдық бояулы тілдік элементтерді де қосуға болады. Себебі аталмыш лексика түрін құрайтын тілдік бірліктердің семасында саясилану (идеологизация) үдерісі жүреді, ал саясилану мен саясиландыру көбінесе бағалауыштықпен тығыз байланысып жатады. Бағалауыштық экспрессиядан гөрі эмоциямен үндес, астарлас», – деп, зерттеуші қоғамдық-саяси лексиканың бағалауыштық ерекшелігіне аса мән береді [1, 42-45 бб.].

Идеологиялық мақсаттағы саяси мәнді лексика. Баспасөз беттеріндегі прагматикалық функцияның берілу жолдарының тағы бір түрі – *идеологиялық мақсаттағы саяси мәнді лексика қолданысы*.

1. Қоғамдық-саяси термин сөздерге: *саясат, халық, билік, үкімет, парламент, мәжіліс, депутат, сенат, ұлт, тіл, партия, президент, елбасы, әкім, тәуелсіздік, Мәңгілік ел, Нұр Отан, сайлау, референдум, алқалы жиын, Конституция, егемендік, бірлік, Алаш жұрты, үміткер, оппозиция, зайырлы, құқықтық, саясаткер және т.б.* сияқты сөздер жатады.

2. Идеологиялық мағыналық реңк үстемеленген саяси мәнді лексикаға: *Мәңгілік ел, елдің біріктіруші күші, Нұрлы жол, жалпыұлттық идея, жарқын болашақ, ұрпақ болашағы, қоғам бірлігі, мызғымас бірлік, биік мақсаттар, тұрақтылық, қоғамдық келісім, жаңғыру жолы, ауызбіршілік, ұлттық идея, ұлттық тұтастық, ұлттық рух, мәңгілік тәуелсіздік, билік партиясы, билеуші партия, ұлтжандылық, отансүйгіштік, тіл бірлігі және т.б.* сөздер жатады.

3. Идеологиялық мағыналық реңк үстемеленген эмоциялық-экспрессивтік саяси мәнді лексика:

1) жағымды эмоцияны білдіретін идеологиялық мағыналық реңк үстемеленген эмоциялық-экспрессивтік саяси мәнді лексика адресатқа имплицитті түрде әсер етумен ерекшеленеді. Келесі үзіндіде халықтың арман-тілегі экспрессивтік тұрғыдан сипатталған. Мысалы:

Біз бүгін қариясы қамсыз, азаматы алаңсыз, ұрпағы уайымсыз елдердің қатарына ұмтылдық. Біз үшін көк аспанымыз ашық, көк байрағымыз асқақ болғаннан артық мәртебе жоқ.

Бұл үзінді дыбыстық қайталамаларды қолдана отырып (*-сыз: қамсыз, алаңсыз, уайымсыз*), ақпаратқа ырғақтық ерекшелік үстейді. Халықтың қандай елдің қатарына ұмтылғаны тізбектеліп, санамаланып беріледі. Соңында «көк» сөзін *көк аспан, көк байрақ* сөздерімен тіркестіріп, қазақ танымы үшін «көк» сөзінің киелігін осы жерде аша түседі.

2) жағымсыз эмоцияны білдіретін идеологиялық мағыналық реңк үстемеленген эмоциялық-экспрессивтік саяси мәнді лексика да баспасөз беттерінде көптеп кездеседі. Олардың қозғайтын мәселелердің бірі – дін мәселесі, ол сананы жаулап, нәтижесінде жер-жерде лаңкестік әрекеттерге әкеліп отыр. Бұл қасіреттің өзі әлемдік сипатқа ие болып жатыр.

4. Идеологиялық реңк үстемеленген тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер айтылайын деген ойдың экспрессиясын жоғарлатып, оған ерекше мән үстеп, мағынасын әсірелеп, көркемдеп отырып танымдық тұрғы-

дан жеткізеді. Діттеген үгіт-насихат қалауынша мақсатына жетеді. Енді мысалдарды қарастырайық:

Өткен 23 жыл – біз үшін гасырға бергісіз жылдар. Кезең-кезеңімен жүргізілген тұрақты саясаттың арқасында біз бүгінгі белеске көтерілдік. Қазақ қазақ болғалы қазіргідей төрт құбыласы түгел, қуатты елге айналып көрген емес (Е.Қ., 26 ақпан 2015).

Келтірілген мысалда тұрақты саясат, төрт құбыласы түгел ел сияқты тұрақты тіркестер елдің 23 жыл тарихында жеткен тәуелсіздігімізді, елдігімізді насихаттауға көмектеседі.

5. Ауыспалы мағынада қолданылған, идеологиялық реңк үстемеленген эмоциялық-экспрессивтік саяси мәнді лексика:

1) жағымды эмоцияны білдіретін, ауыспалы мағынада қолданылған идеологиялық реңк үстемеленген эмоциялық-экспрессивтік саяси мәнді лексика қолданысы мен прагматикасы тіптен қызық.

Автор өзінің жоспарлаған мақсатына жету үшін түрлі амал-тәсілдер қолданады. Айтайын деген ойын әріден бастайды, тарихқа үңіледі. Солай ете отыра, айтайын деген ойдың маңыздылығын көрсеткісі келеді. Мысалы:

Өткен гасырларда ата-бабаларымыз осы жерлерді көз алыртқан басқыншылықтардан ат үстінде жүріп, небір шайқастарда найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап қалғаны тарихтан белгілі.

Автор тәуелсіздіктің қандай қиын жолдармен келгендігін тарихтан мысалдар келтіру арқылы сол *аманатты*, яғни ата-бабамыздан келген тәуелсіздікті көздің қарашығындай қорғауға шақырады. Автор аманат сөзін ауыспалы мағынада қолданған. Қазақ үшін «аманат» сөзі бір адамның біреуге сеніп, табыстап кеткен маңызды нәрсесі болып табылады. Сол аманат тапсырылған адамға үлкен жауапкершілік артылады. Яғни автор бабалардан мұра болып қалған елдігімізді қорғау, оны ұстап тұру бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге табысталып отырғанын келтіреді. Адресат та өзін бүгінгі ұрпақ қатарына жатқызып, осы аманатқа қиянат етпеу жауапкершілігін өз мойнына еріксіз түрде алады. Нәтижесінде адресант өз мақсатына жетіп отыр, ал адресат тілдік ықпалға ұшырап отыр.

2) жағымсыз эмоцияны білдіретін, ауыспалы мағынада қолданылған, идеологиялық реңк үстемеленген эмоциялық-экспрессивтік саяси мәнді лексика көбінесе сөздің имплицитті мағынасына жүгінеді. Олар айтайын деген ойды неғұрлым қысқа да нұсқа түрінде беріп, аса ықпалымен ерекшеленеді.

Мысалы, соңғы кездері Түркия мемлекетіне қарсы ұйымдастырылған кері әрекеттер де елде белең алып отыр. Автор Түркия басшылығына қарсы ұйымдастырылған әрекеттерді «билік күштеріне» деп ауыспалы мағынада қолданады. Мәтінді оқи отыра, оның жағымсыз мағынада қолданып отырғанына көзіміз жетеді:

Жер-жерде билік күштеріне қарсы жарылыстар көбейді. Мұның бәрі ресми Анкара «Ислам мемлекеті» тобының лаңкестерінен және күрд жасақтарынан көруде. Кеше ғана тыныш жатқан Түркиядағы жарылыстардың астарында не жатыр? «Жынды» құмырадан шығарған кім? (А., 21 тамыз 2015).

Келтірілген мысалда автор Түркиядағы бұл мәселені жоққа шығармайды, бұрыннан белең алғанын көрсетіп, уақыты келіп «жынды құмырадан шығарып отыр» деп ауыспалы мағынада қолданып, осы астыртын ұйымдастырылған жарылыстардың артында белгілі бір саяси күштер не идеологиялық топтардың тұрғандығын меңзейді.

6. Қанатты сөздерге негізделген идеологиялық мәнді саяси лексика. Жалпы, ата-бабамыздан ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан қанатты сөздері әрбір азаматтың бойына патриоттық сезім ұялатып, жігерлендіре түседі. Мұндай сөздердің, сөз тіркестерінің қолданысы айттайын деген ойды әсірелеп, өрнектей түсіп, әрбір оқырманға рух беріп, адресаттың концептуалдық әлеміне тілдік тұрғыдан әсер етеді. Нәтижесінде, үгіт-насихаттың тиімділігі арта түседі. Мысалы:

Қазақ тарихының тұңғыықтағы өркениетті ақиқаты, бабалардан қалған ұлағат, аталардан қалған тәлім тұрғанда, Қазақ елі – мызғымас ел. «Өзіңе-өзің мықты бол, қонысыңды ұры тұтпа» – бұл да бабалардың өшпес өсиеті (А., 27 ақпан 2014).

2. Медицина саласындағы атаулар ауыспалы мағынада қолданып, айттайын деген ойды әсірелеу, көркемдеу үшін қолданылады. Мысалы:

Егер тәуелсіздік мемлекетіміздің «жүрегі» болса, көшбасшы партия өз істерімен оның тірегіне айналды (А., 1 наурыз 2014).

«Жүрек» сөзі имплицитті түрде метафоралық сипатта қолданып отыр. Автор жайдан-жай «жүрек» сөзін қолданбаған, адамның өмір сүруі жүректің дүрсілі, соғысымен байланысты, тәуелсіздік те – елдің еркін, егемен болуының шарты, оның өмір сүруінің негізі. Автор, сонымен қатар, жеткен жетістіктерімізді, бастан кешкен қиыншылықтарымызды, сол жетістіктеріміз бен қиыншылықтардан кейін жеткен

асыл арманымыз – тәуелсіздігіміз жүрегіміз іспетті екендігін көрсету арқылы патриотизмге тәрбиелейді, оны қастерлеуге шақырады.

4. Әскери терминдер атаулары саясаттың өзі күрес, әскери саланың тактикаларын қолданатын күрделі құрылым екендігімен түсіндіріледі. Әскери терминдер атауларынан ішінен мынадай атаулар мен сөз тіркестері жиі кездесетіні байқалды: *күрес, амал-тәсіл, айла, стратегиялық бағыт, саяси қарсыластар, ес жигызбау тәсілі* және т.б.

5. Спорт терминдері атаулары да прагматикалық қызметті атқарудың бір амалы болып табылады. Олар жағымды және жағымсыз мәнді үстейді. Мысалы:

Саяси дода, саяси ойын, шабандап қалған, аламаннан сыпырылып қалған, эстафеталық жарыс сияқты спорт саласында қолданылатын атаулар саяси дискурста өзінше көрініс тауып отыр. Олардың қолданысы өте қызық, айтайын деген ойды өткір және ауыспалы мағынада жеткізу үшін аса таптырмайтын амалдың бірі болып отыр.

6. Метеорология және география, экология саласындағы атаулар да саяси дискурста көрініс тапқан. Мысалы:

Осыдан 23 жыл бұрын адамзат көгінде жарық жұлдыз пайда болды. Ол – көк байрағын шалқытып, әлем тарихына мөрін басқан Тәуелсіз Қазақстан.

... Тарихи әділет салтанат құрып, азаттық үшін төгілген өлшеусіз қанның өтеуі қайтқан Ұмытылмас күн! Сан дәуір өтсе де ұрпақтарымыз ұлықтап өтетін Ұлағатты күн! Алтай мен Атыраудың, Сырдария мен Есілдің арасында еліміздің жылнамасы алтын әріппен жазылған Ардақты күн (Е. Қ., 16 желтоқсан 2014).

7. Техника және өндіріс құралдары саласындағы атаулар: *қолшатыр, билік тетіктері, өсім драйвері, механизм, шегелей айту, көпір, елдіктің өлшемі, тұрақтылықтың тұтқасы, техникалық прогресс, биліктің дөңгелекшелері мен бұрандалары, елдің айнасы, құралы* және т.б. лексикалық бірліктер.

8. Көптік мағынада жұмсалған саяси термин атаулары саяси дискурста өте көп кездеседі. Олардың көптеп кездесуі, ең біріншіден, қоғамда мәртебесіне, шен-шекпеніне байланысты бөлінетін әлеуметтік топтардың көбеюімен түсіндіріледі, екіншіден, жалпылама мағына үстеу арқылы белгілі бір тұлғаны емес, қоғамда белең алып отырған проблемалардың көптегі де әсер етіп отыр.

а) көптік мағынада жұмсалған жағымды эмоцияны білдіретін саяси термин атаулары көбінесе сол атаудың айқындайтын лексикалық бірліктердің тіркесуімен жасалады және солай оның жағымды эмоциясы байқалады.

Бұл топқа мынадай лексикалық бірліктерді жатқызуға болады: *төрт құбыласы түгел қуатты ел, зиялы қауым, кездесуге қатысушылар, бейбітшілік пен келісім үшін дауыс беретіндер, ұлы істер жолында ұйысқан барша халық, сайлаушылар, Отанымның жолында жаным садаға дейтін адамдар, аға буын өкілдері, келешек ұрпақ, жерді қорғаған қайсар жандар, серіктестер, жақтастар, парламент зұмырындағы қалаулылар және т.б.*

ә) көптік мағынада жұмсалған жағымсыз эмоцияны білдіретін саяси термин атаулары да саяси дискурста көрініс тапқан елдегі саяси құрылымның кемшіліктерін көрсетеді.

Мына мысалда ескінің елегінен шыға алмай жүргендер туралы сөз етіледі. Оның прагматикалық мәні – сананы өзгертпейінше, жананы қабылдау мүмкін еместігін көрсету:

Сілкінуге ешқандай құлқы жоқ адамдарды қалай сілкіндіруге болады? Бітпейтін съездердің тізбегімен әрі марксизмнің ұлы және ұлы емес классиктерінің сілтемелерімен сіресіп біткен миллиардын қалай тазарту керек?», – деп жазды кейінірек Нұрсұлтан Назарбаев. Өзі де кеңестің шекпенімен шыққан адам болғандықтан, ол қалыптасып қалған көзқарастардан, түсініктер мен өмір салтынан бас тартудың қаншалықты қиын екенін түсінді (Е.Қ., 1 шілде 2014).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.
2. Кенжеқанова Қ.К. Саяси дискурс мәселелері: саяси коммуникация және саяси дискурс // ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – Алматы, 2015. – № 1/2 (37). – Б. 697-699.
3. Чудинов А.П. Политическая лингвистика: учебное пособие. – М.: Флинта, Наука, 2007. – 256 с.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РИТОРИКА САЛАСЫНЫҢ ТЕРМИНДІК АППАРАТЫ

Г.Жорабекқызы

Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты

Педагогикалық риторика – кез келген мамандықты меңгерген, дәріс беретін оқытушының, яғни мұғалімнің сөйлеу өнерін, үйрету тілін өз саласына сай қалыптастыруды көздейтін сала. Кез келген ғылым саласының мамандары өз ойын тыңдаушысына жүйелі, нанымды жеткізе алатын болса, педагогикалық шешендікті игерген деуге толық негіз бар. Белгілі бір ойды немесе теорияны түсіндіре алудың да өзіндік сыры бар. Себебі дәріс оқушы мен тыңдаушы арасындағы коммуникация талаптарының оңды өтуінің өзі коммуникациялық актінің орындалғанын білдіреді. Педагогикалық шешендікті игерген адамның тілін жеке зерттеуге дискурстық талдаудың да көмегі зор. Десе де, педагогикалық риториканың негізгі қолданыс аясы салалық дискурс және кәсіби терминдер аясында болмақ. Осы тұрғыдан алғанда педагогикалық риторика әрбір кәсіп, мамандықтың теориялық негізін сөйлеу әдістерінің қандай түрімен тиімді жеткізуге, үйретуге болатынын қарастырады. Осыдан келіп, педагогикалық риторика саласының терминдік аппараты, олардың ой жеткізуге байланысты атауларының қалыптасып, осы саланың даму деңгейін көрсететіндігін байқауымызға болады.

Педагогикалық риторика шешендік өнердің бір саласы болғандықтан, риторика теориясына негізделеді. Сондықтан, шешендіктану ғылымы терминдерін толықтай осы салада қолдана аламыз. Бірақ педагогикалық риториканы бұл ғылым құрамынан педагог (қай сала педагогі болсын) сөйленісінің тиімділігін зерттейтін сала ретінде бөлек алуымыздың өзі ғылымның теориясы бар да, оны оқыту, игерту, меңгерту бар екендігін ескертіп тұрғандай. Сол себепті де бұл саланы жас ғылым саласы деуге болады. Педагогикалық риториканың жеке ғылым ретінде дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың пайымдаулары алғашқы кезде бірдей болады. Мысалы, инженерлік педагогиканы арнайы зерттеген Т.Л. Владимирова: «Білім беру мен тәрбиелеу саласындағы сөйленіс қарым-қатынасын оңтайландырудың (тиімді етудің) теориясы мен практикасын зерттейтін риториканың жеке түрі» деген тұжырым жасады [1; 23]. Л.Н.

Горобцевтің ұстанымы бойынша «Педагогикалық риторика – тиімді педагогикалық коммуникацияның формаларының талаптарын зерттейтін ғылым. Педагогикалық қарым-қатынасты пафостық, модальдық, т.б. түрлі риторикалық жанрлар арқылы сендіру, дәйектеп түсіндіру әдістеріне икемдеу тәжірибесін қарастыратын ғылым. Сондықтан бұл ғылым адамзаттық мәдениет пен өнер саласына тікелей қатысты» [2; 48].

Л.Н. Горобцевтің бұл пайымдауынан педагогикалық риториканың коммуникация теориясы мен риторика ғылымын сабақтастыра туындаған пәнаралық ғылым ретінде қабылдаймыз. Осындай болжамдар бірнеше ғалымдардың зерттеулерінде де кездеседі. Мысалы, А.А.Мурашев пен А.К.Михальская педагогикалық риториканы: «синкреттік пән» деп санады және «бұл пәннің негізгі зерттеу нысаны оқыту мен тәрбиелеу үдерісіндегі қатынас» болып табылады. «Сондықтан педагогикалық риторика педагогикалық қарым-қатынас аясындағы тілдік коммуникацияның теориясын қарастырады» деп таныды [3; 30].

XX ғасырдың 70 жылдары туындаған осындай идеялардың негізінде әрі оқулықтың тиімді тілін арнайы зерттеу қажеттігінен, білім туралы тілді зерттеу мұқтаждығынан, мұғалімнің кәсіби үйрету тілін сапаландыру мақсатынан педагогикалық риторика пәні қалыптасты.

Жеке ғылым саласы болып қалыптасу үшін оның өзіне тән терминдері, жеке зерттеу нысаны, зерттеу пәні, салалары болу керек. Бұл ғылым саласында арнайы зерттеу нысаны бар, зерттеу пәні де, зерттеу әдістері де, сонымен қатар өзіне тән терминдері да бар. Сол себепті де бұл саланың өзіндік терминдік аппараты қалыптасқан.

Бірінші термин – педагогикалық риторика деп аталады. Бұл, әрине, алғашқы кезде кез келген ғылым саласын оқыту әдістемесі пәнінің бір тарауы секілді оқытылып келді. Десе де, 20 жылдай уақыт аралығында орыс ғылымының бастамасы негізінде жеке сала болып қалыптасты. Жеке сала етіп қалыптастыруға біздің түсінігімізше, орыс ғылымы көп күш жұмсады. Ең алғаш Ресейде Москва педагогикалық мемлекеттік университетінің профессоры Н.А. Ипполитованың «Педагогикалық риторика» курсының бағдарламасы 1998 жылы жарық көрді. Бағдарлама төмендегідей бөлімінен тұрады:

1. Шешендіктану пәні ретінде;
2. Қарым-қатынас;
3. Мұғалімнің сөйлеу әрекеті;
4. Сөйлеу жанрлары;
5. Педагогикалық шешендік идеал секілді бөлімдерден тұрады [4; 62].

Адамның сөйлеу әрекеті, адамдар қалай сөйлеу керек, коммуникативтік және сөйлеу жағдаяты, мұғалім мен оқушының жағдаятқа байланысты қарым-қатынас ерекшелігі, адамдар ненің көмегімен сөйлеседі, сөйлеу сапасының коммуникативтілігі дегеніміз не, вербалды қарым-қатынастан басқа қандай қарым-қатынас сөйлеуді қамтамасыз етеді, мұғалімнің кәсіби әрекетіндегі тыңдау мәдениеті, сөз және жазба (жазу мәдениеті) – сөйлеу әрекетінің бір түрі т.б. көптеген мәселелерді көтереді. Әр бөлімде алты-жеті осындай өзекті мәселелер қамтылған. Егер де педагогикалық шешендікті меңгерсе, бір аудиторияны басқарудан бастап, бір елді де толық басқаруға болар еді. Себебі педагогикалық риториканы меңгерген адамның жұрт алдында шешендігі арта түсер еді.

Бұған қоса, білім беруші үшін сөйлеу мәдениетінің жауапкершілігі жоғары деңгейде болуын талап ететін қағидалар да осы салада қарастырылады. Демек, екінші терминіміз *сөйлеу мәдениеті* деп аталады.

Бүгінгі таңда жұртшылық назарын аударып отырған тіл мәдениеті мәселесін біз екі салаға бөлер едік: бірі – сөз мәдениеті, екіншісі – сөйлеу мәдениеті. Жазба әдебиеттерде сөздерді, оның ішінде образдарды әсем сөздерді орынды пайдалану, терминдерді өз мағынасында қолдану, сөйлемдерді дұрыс құрастыру, емле ережелерін мақтап сауатты жазу, әдебиеттің әр жанрына тән стильдік белгілерін айқын танып, бірімен бірін шатастырмау, қысқасы, осы жайлы жайттар, біздіңше, сөз мәдениетіне жатады. Сөз мәдениеті әдеби тіліміздің жазба түрде қолданылуына байланысты әңгіме болуына тиісті. Ал сөйлеу мәдениеті дегеніміз – әдеби тілді ауызекі тілге қолдану туралы мәселені айтамыз. Атап айтсақ, көпшілік алдында ауызша сөйлеуге немесе жазылған нәрсені оқып беруге байланысты жайттарды сөйлеу мәдениетіне жанастыра әңгімелейміз. Өйткені қазірде әдеби тіліміз екі түрде – жазбаша және ауызша түрлерде қолданылатыны баршамызға мәлім. Әсіресе, әралуан жиналыс, мәслихат, конференция, айтар ойымызды радио, теледидар арқылы жеткізу мысалдары жиі болып тұратын бүгінгі өмірімізде сөйлеу мәдениетінің мәні мен маңызы ерекше.

Сөз этикасының негізі философияның этика саласынан алынған. Этика мораль құндылықтарының қоғамдағы орнын, шығу төркінін, тарихын, мәнін зерттеуге арналған. Сөйлеу этикасын жетік білу – сөйлеушінің немесе қарым-қатынасқа түсушілердің абыройына, құрметінің арта түсуіне, жалпы кісілік қасиеттеріне, сөйлеу мәдениетіне тікелей

қатысты болып келеді. Бұрынғы тіл мәдениеті деген терминді *сөйлеу мәдениеті* деп қолдану туралы ойдың иесі Н. Уәли болатын.

Педагогикалық риториканың міндеттері. Бұл жеке сала болғандықтан, мынадай міндеттерді де шешу қамтылады:

- мұғалімнің кәсіби сөйленіс имиджін қалыптастыру;
 - педагогтің шешен сөйлеу құзіреттілігі мен біліктілігін қалыптастыру;
 - педагогке қарым-қатынас жасаудың риторикалық ілімін үйрету;
 - кез келген мамандық педагогіне дәріс беру, үйретудің риторикалық амалдары мен үйренушінің түсінгенін тексеру үдерісінің логикалық жолдарын таныту;
 - педагогтің тілдік тұлғасын қалыптастыру;
 - студент үшін идеал болатын нағыз педагог тұлғасын қалыптастыру.
- Осы міндеттердің ішіндегі кәсіби сөйленіс имиджі, шешен сөйлеу құзіреттілігі, риторикалық амал секілді терминдерді педагогикалық терминдер аппаратын құраушы деуге болады.

Кез келген педагогикалық қарым-қатынас жағдаятында әртүрлі жанрдағы (дәріс, тезис, сұрақ-жауап, коллоквиум, ситуациялық сұрақ т.б.) кәсіби мәтінді құру және талдау жасау қызметін **педагогтің риторикалық қызметі** термині анықтайды. Ал кәсіпке қатысты түрлі сөйленіс жағдаяттарының топтамасы – **педагогикалық қатысым** деп аталады. Сөйленіске қатысушылардың құрамына басты рөлді ұстаз атқарады, ал қалған қатысушылар тиімді сөйленіс тәсілінің жүзеге асырылуымен білім мен тәрбие алады. **Педагог-шешеннің нысаны** – кез келген мамандықты үйретуші – *кәсіби педагог шешен болмақ*.

Оқыту үдерісінде кез келген оқытушы педагогикалық шешендіктанудың негізгі дидактикалық қағидаттарын да ескеру керек. Олар: ғылымилық; саналылық пен белсенділік; көрнекілік; жүйелілік пен бірізділік; беріктілік; тиімділік; теория мен тәжірибенің байланыстылығы.

Ғылымилық қағидаты. Бұл қағидат бойынша, ең алдымен, берілер білім мазмұнының білім беруші мекеме талабына сәйкес болуы. Яғни білім мазмұнының көптеген ғылым салаларымен байланыста болуы қадағаланады. Болашақ педагог студенттерге «Педагогикалық риторика» ілімін үйретуде жалпы шешендіктанудың теориясына сүйенеміз.

Аталмыш ғылым саласының қазіргі таңда «ойланып шебер сөйлеу іс-әрекетінің технологиясы» іспеттес тиімді тілдік қарым-қатынас жағдайы мен формалары туралы ғылым ретінде қарастырылатынын таниды.

Бірізділік қағидаты – оқыту үдерісінде қарапайымнан күрделіге, белгіліден белгісізге, әліппеден бастап ғылым шыңына қарай қозғалыстың мызғымастығын есепке алатын бірден-бір қажетті қағидаттардың бірі. Сөйлеу өнері негізін тіл мәдениетінің негізі туралы білімге сүйене құралатындықтан, «Педагог маманның сөйлеу мәдениеті» тақырыбын толықтыра оқиды. Шешендік шеберліктің құпиясы сөз дұрыстығы (орфоэпикалық және грамматикалық) алғашқы орында тұратын жақсы сөз талаптарын оқып-үйренгеннен кейін ғана меңгерілуі тиіс.

Тарихилық қағидаты. Бұл қағидат білім алушыны өз саласының даму тарихына бойлауды талап етеді. Қазіргі «Педагогикалық риторика» курсы педагог маманның ойланып шебер сөйлеу үдерісінің жүйесін танытатын, ойланудан, оны вербализациялауға шейін осы үдерістің, барлық сатыларын есепке алатын классикалық риторика ғылымының заңды жалғасы болып табылады. Риторикалық канондар (ойлап табу, орналас-тыру, сөзбен бейнелеу, есте сақтау, сөз сөйлеу) – бұл өзіндік «адамның сөйлеу жүйесінің алгоритмі». Сондықтан да білім алушыға осы ғылымның ежелгі Греция мен ежелгі Римде пайда болуы, дамуы туралы, қазақ даласындағы шешендік өнер туралы түсінік беру маңызды.

Жүйелілік қағидаты. Педагогикалық шешендіктану салалары, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениеті, т.б.

Жоғарыда аталған әдіскер ғалым, шаршы топ алдына сөйлеу теориясы мен тәжірибесін оқытудың тәжірибелік әдістемесін түзе отырып, төмендегідей дидактикалық қағидаттарды екшейді:

– дамыта оқыту қағидаты;

– когезия мен ретроспекция қағидаты (яғни үзілген сөзді уақыт пен себеп-салдарлық байланысын сақтай отырып жалғастырып әкету білігі және тыңдаушыларды кейінірек берілетін ақпаратқа бағыттау).

Ғалым-әдіскер У. Салыхова жоғарыда аталған қағидаттарға төмендегідей қағидаттарды қосады:

– қызығушылықты күшейту қағидаты;

– суырыпсалмалық, яғни импровизация қағидаты;

– жағдаятқа бейімделу, жауап беру қағидаты;

– аудиторияны ескеру, есепке алу қағидаты.

«Педагогикалық ритрика» – кез келген өзге оқу пәнін оқыту сияқты жеке тұлғаны кәсіби маман ретінде қалыптастырудың тиімді құралы. Бұл пән студенттерге арнайы пән бойынша белгілі бір білім жиынтығын

беріп қана қоймай, сонымен қатар қарым-қатынас орната білу (сөйлеу және тыңдау), сөйлеуге материал іріктеу, өз ойын дәлелдеу, сұхбаттасу, пікірталас өткізу және т.б. секілді маңызды жалпы оқу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар педагогикалық шешендіктанудың тәрбиелік құндылығы да орасан зор: курста сөз мәдениетіне тәрбиелеуге, адамдарға құрметпен қарауға, қарсы тараптың пікіріне құлақ асу, өз Отанын құрметтеу секілді қасиеттерді қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Д.Хмель. Біртұтас педагогикалық процесс негіздері. – Алматы, 1998.-73 б.
2. К.Ясперс.Духовная ситуация времени. М., Полит издат, 1991.-520 с.
3. Д.Магнуссон. Психология ситуации. Психология социальных ситуации-/сост.и общая редакция Н.В.Гришиной.-СПб.: Питер, 2001.-416с. (Серия «Хрестоматия по психологии»).
4. Томас У., Знанецкий Ф. (Методологические замечания). /Психология социальных ситуации». /Сост. И общая редакция Н.В.Гришиной.-СПб.: Питер, 2001. -416с. (Серия «Хрестоматия по психологии»).

ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫ АЙҚЫНДАУШЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ ТҮРЛІ ҒЫЛЫМ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ҚОЛДАНЫСЫ

Ж.Жақсыбек

Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты

Соңғы кездері қазақ ғылымында антропоөзектілік бағыттағы зерттеулер өріс алуда. Ғылым мен білімнің қызмет ететін нысаны – адам. Сондай-ақ оны жасаушы да адамзат. Сондықтан, кез келген ғылым саласын антропоөзектілік бағытта зерттеу өзекті болып саналады. Осы себептен де қазіргі қазақ ғылымында салааралық ғылымдар өріс алуда. Мәселен, лингвомәдениеттану, когнитология, лингвоелтаным, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика т.б. Сондықтан қазіргі терминдердің де жалпы ғылым саласында әмбебап қолданылатын жағдайлары кездеседі. Мақаламыздың негізгі зерттеу нысанына орай, дүниетаным дегеніміз не, дүниетанымның адам санасының арнайы формасы екендігі, яғни қоғамдық өмірге, табиғатқа, өзіне көзқарасы және сенімі, адамдардың өмірлік позициясы, олардың сенімі, мұраты және іс-әрекеті, дүниетаным: жеке адамның табиғи және әлеуметтік құбылыстарын түсіндіру туралы болжауы, ой тұжырымы, ғылыми дүниетанымның мәнісі не, ұлттық дүниетаным дегеніміз не деген секілді мәселелер төңірегінде сөз ететін боламыз.

Бірінші нысанымызға алып отырған термин – *дүниетаным* термині. Бұл терминнің мәні мынадай: *дүниетаным* – жеке адамның, әлеуметтік топтың, таптың немесе тұтас қоғам қызметінің бағытын және шындыққа деген қатынасын айқындайтын принциптердің, көзқарастардың мақсат-мұраттар мен сенімдердің жүйесі. Дүниетанымның қалыптасуына саяси, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар көп әсер етеді [1]. Ғылыми білімдер дүниетаным жүйесіне ене отырып, адамның немесе бүкіл топтың қоршаған әлеуметтік және табиғат заңдылықтарын бағдарлау мақсаттарына қызмет етеді. Сонымен қатар, ғылым адамдарды әртүрлі нанымдар мен адасулардан құтқарып, оның шындық болмысты ақыл-ойы арқылы тануына жағдай жасайды [2].

Дүниетаным – адамдар мен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық ережелерге жеке тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі сенім, қалып, таным немесе қоғам мүшелерімен ортақ көзқарас қалып-

тастырып, қоршаған ортамен қатынас қалыптастырудағы негізгі өлшем. Ол – адамның дүниені ақиқатпен теориялық және тәжірибелік жағынан бірлікте тану мақсатындағы рухани-тәжірибелік әдіс. Дүниетанымда тұтас адамзат әлемінің үлгісі сияқты мәдениет категорияларының жүйесі көрініс тапқан [3]. Дүниетаным – адамның өзіне, әлемге, өзінің әлемдегі орнына деген көзқарастар жүйесі [4] Әлемді түсіну, қабылдау, қоршаған ортадағы шынайылыққа жалпылама көзқарастар жүйесі деген қарапайым түсіндіруді барлық қоғам мүшелері қабылдай алады.

Адамзаттың пайда болу тарихын түсіндіруде әртүрлі көзқарастардың бар екені мәлім. Мысалы, материалистер мұндай проблеманы ғылыми дүниетаным тұрғысынан дәлелдесе, ал дін ілімінің өкілдері тәңірдің қалауымен деп тұжырымдайды.

Адам баласы өзін қоршаған ортаның құбылыстарын, оның пайда болуы мен даму себептерін шындық тұрғысында танып білді. Ол ғылымда ашылған әртүрлі құбылыстардың заңдылықтарын ғылыми пәндер негізінде таниды.

Дүниетанымның қалыптасуы ұзақ және күрделі процесс. Сондықтан да ол адам өмірін тұтас түгел қамтиды, нәтижесінде жеке көзқарастар және сенім жүйесі дамиды, қалыптасады, олар жеке адамның әрекет жасауына басшылық етеді.

Қорыта айтқанда, дүниені ғылыми тұрғыдан тану дегеніміз - жер жаһан шындығын, күш-қуатын, парасат біліміңмен пайымдау, ұғыну, адам игілігіне айналдыру үшін оның бар құбылысын ой-санаңмен көре білу.

Дүниетанымның ғылыми және ұлттық дүниетаным деген түрлері бар.

Ал ұлттық дүниетаным – этнос пен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық ережелерге жеке тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі сенім, қалып, таным немесе қоғам мүшелерімен ортақ көзқарас қалыптастырып, қоршаған ортамен қатынас қалыптастырудағы негізгі өлшем. Ол – адамның дүниені ақиқатпен теориялық және тәжірибелік жағынан бірлікте тану мақсатындағы рухани-тәжірибелік әдіс. Сөздікте: «Дүниетанымда тұтас адамзат әлемінің үлгісі сияқты мәдениет категорияларының жүйесі көрініс тапқан [2]. Енді осы ұлттық дүниетанымның тілдік көркем бейнеленуіндегі ерекшеліктеріне тоқталсақ ғылыми ой-тұжырымдардың негізінде халық тілінің еншісі мәдениетпен толығатынын, ұлт мәдениеті сол этностың тілінде сақталып, болашаққа аманатталатыны сияқты астарлы ой-пікірлердің жиынтығы.

Ол жөнінде В. фон Гумбольдттің: «Тіл – халық рухы, халық рухы тіл арқылы көрініс табады» деген тұжырымы – жаңа ғылыми жолдың концепциясының алғашқы қағидасы. Атап айтқанда, ғалымның пікірінше: біріншіден, мәдениеттің екі түрі – материалдық және рухани мәдениеттер ізі халық тілінде сақталады. Екіншіден, мәдениет – ұлт мен табиғатты жалғастырушы күш, үшіншіден, мәдениет пен халықтық рух – тілдің ішкі формасына тән», - деп көрсетеді. [3; 32]. Ал, мәдениеттің арғы-бергі тарихын сөйлетуші де, жеткізуші де тек ана тілдің құдіреті арқылы береді. Әр халықтың өзіндік тұрмыс-тіршілігі тілі арқылы бейнеленуімен, тіл арқылы басқа елге танылуынан тіл мен мәдениеттің арасында ажырамайтын байланыстың бар екендігінен көрінеді. Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Ол сол халықтың дүниетанымын көркем шығарма арқылы бейнелейді. Тілдегі лексика өзі қызмет етіп отырған мәдениетті өз қалпында көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда тілдің тарихы мен мәдениеттің тарихы егіз дамиды деуге болады. Әр халықтың танымдық ерекшелігі тек тілінің табиғатынан танылатынын көрсетіп, дәлелдейді. Соның негізіндегі адамзаттың дүниені тану мен ойлау арасындағы тәсіл тіл мен байланысты. Ұлттық дүниетанымның тілдік бейнеленуін тіл білімінде этнолингвистика ғылымы зерттейді.

Тіл – тек мәдениетті танушы құрал ғана емес, тілдің бойында оның арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш анықталады. Тіл рухының ұлы күші халықтың ой-танымында, мінез-құлқында, әлеуметтік өмірінде сақталған. Өйткені адам баласының ой-санасы, сол арқылы істеген еңбегі, мінез-құлқына сай табиғатын қалыптастыруы, өз танымына сай өмір салтын қалыптастыруы тұтастай бір мәдениеттің дүниеге келуінің үлкен себепшісі. Осыған байланысты этностың психологиялық жайын тілге қатысты болжаулармен дәлелдеген.

Тіл – адам өмірінің материалдық және рухани мәдениетінің сол ұрпаққа тән тума қасиеттерін жинақтаушы, сақтаушы құрал, осы арқылы болашақ ұрпаққа жеткізуші құрал. Мұны тілдің кумулятивтік қасиеті деп танимыз. Тілдің тағы бір қоғамдық қызметі – әлеуметтік өмірде адамдарды жеке тұлға ретінде, ұлт өкілі ретінде қалыптасу қызметін атқарады. Өйткені бір этностың мәдениеті екінші халыққа оның тілдік деректері арқылы бейнеленіп баяндалады. Ал тілдік деректер деп отырғанымыз – мәдениетті сипаттаушы сөз символдары мен тілдік таңбалар. Осы жайт туралы мәдениеттің тілге қатысты ерекшелігін зерттеген ресейлік мәдениеттанушы

Ю.М. Лотман төмендегідей пікірмен сабақтастырады: «Всякая культура, обслуживающая сферу социального общения, есть язык. Это означает, что она образует определенную систему знаков, употребляемых и соответствии с известными членами данного коллектива правилами. Знаками же мы называем любое материальное выражение (слова, рисунки, вещи и.т.д.), которое имеет значение и, таким образом может служить средством передачи смысла. Следовательно, культура имеет, во-первых, коммуникационную и, во-вторых, символическую природу» [4;6]. Ендеше жоғарыда аталғандай мәдениет ұлттық менталитеттің құндылықтарының түп негізі тілдің қасиетінде көрініс табады. Тілдің құдыретімен бейнеленіп, шынайылықты танытады. Осы тұрғыда әр халық тілінде өзі жасаған және табиғат дарытқан ұлттық мәдениеттің ізі бар деуге болады. Сонымен қатар ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен халықтың танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін танытып, олардың қызметі мен орнын анықтау деп түйіндей аламыз.

Ғалым Е.Жанпейісов «Этнокультурная лексика казахского языка» еңбегінде М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы этнографизмдерді тілдік әрі халықтық болмыс тұрғысынан зерттеуі қазақ халқының мәдениетін тілдік деректер арқылы бейнелеуге қосқан зор үлес деп білеміз. Көне сөздердің табиғатын танытқан ғалым Р.Сыздықова өзінің «Сөздер сөйлейді» тағы басқа еңбектерінде бүгінде жұртшылыққа таныс емес, бірақ ана тіліміздің қазынасында сақталған бірқатар сөздер мен сөз тіркестерінің тарихи-тілдік мағынасын ашқан. Ол жөнінде ғалымның мынандай пікірін келтіргендіжөн көрдік: «қазақтың ауыз әдебиеті мен өткен ғасырда өмір сүрген ақын-жырауларының тілінде, жырларды ескі тұрмыс-салтқа байланысты бұл күнде ұмыт бола бастаған немесе мүлде ұмытылған, я болмаса мағынасы өзгерген сөздер мен сөз тіркестерінің кездесуі табиғи құбылыс» деп көрсетеді [5; 5]. Осы аталған авторлар еңбектерінде сөз етілген ұлттық тіл деректерін ұлттық дүниетанымды тіл арқылы бейнелегенін көруге болады.

Ғалымдар тілдік этнодеректерді көбінесе байырғы халық тілі мен жергілікті халық тілінен негіздеуді дәстүрге айналдырған. Бұған дәлел болатын ана тілімізде сирек қолданыстағы, кейбір диалектілік ерекшеліктерде кездесетін мына бір этнографизмдерге тоқталсақ. Бүгінде ұмытылған атаудың бірі – боқша. Боқша – қолдан тігілген қалта, сумка (ҚТТС, 2-т, 341). Бұл атау этнографизм ретінде тілімізде танылғанымен, Қазақстанның шығыс аймағындағы Семей өңірінде (Абай, Ақ-

суат, Көкпекті) сумка, портфель мағынасында, Жамбыл облысының (Мерке, Шу) жерлерінде қыздардың қуыршақ салып қоятын ыдысы мағынасында жұмсалған екен. Боқшаның көне атау екенін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырынан былайша кездестіреміз:

Сол екі байдың ауылы көшкен екен,
Бір перзент көкейін кескен екен.
Қатынымыз қыз тапса екеуі де,
Қол боқшасы бір болсын дескен екен.

Кез келген тілдік құбылыстың табиғатын оның тек тілдік заңдылықтарына ғана сүйеніп емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына да қатысты қарастыру қажет. Тіл арқылы халықтың тағылымдық мұраты этностың әр дәуірдегі ұрпақ өкілдеріне мәдени әрі тілдік мұра ретінде сақталатынын және тіл мен мәдениетті табыстыратын байқауға болады.

Кейбір ғалымдардың айтуы бойынша ата мұрасы болып, Абайдың еншісіне тиген әдебиет қазынасы екі түлік болатын. Бірі – емшек сүтімен қатар құлағына кіріп, сүйегіне сіңген ананың «әлди-әлди, ақ бөпем», атаның «сал, сал, білек, сал білек», қойшының әні, қыздың сыңсуы, қаралы қатынның жоқтауынан бастап, адамның өмірінде болатын салт-жоралғылардың халық әдебиетіндегі бейнеленуі. Абайдың ұлттық дүниетанымын қалыптастырғын. Осының өзі ұлттық дүниетанымның тілдік бейне арқылы тұлғаның қалыптасуын көрсетеді.

«Орыста қой сөзінің баламасы жоқ. Олардың овца дегені саулық, баран дегені қошқар. Орысша корова – сауын сиыр; рогатый скот – мүйізді мал; толстый дегені бірде – жуан, бірде – қалың; лошадь – жылқы; бірақ ат, байтал, айғыр емес. Ал қазақ тіліндегі ісек, тұсақ, құнан, құнажын, дөнен, дөнежін деген сөздеріміз басқаларда жоқ. Қазақ синий, голубой, зеленый деген түстердің бәрін көк дейді және ол өну, өсу деген мағынада қолданылады.

Ұлттық дүниетанымның тілдік бейнеленуінің ерекшеліктерін анықтауда халықтардың тұрмыс қалпы түрлі-түрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аттары да түрлі-түрлі болған одан сөздік қор пайда болған. Тіліміздің бай сөздік қоры – ұлттық болмыс-бітімді танытатын тілдік этнодеректердің қазынасы. Этностың ұлттық болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қорланып, рухани, мәдени мұра ретінде атадан ба-

лаға мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген сөздік қорымыз ұлттық дүниетанымды тіл арқылы бейнелеуде ерекше орын алады. Екіншіден, қазақ, кең көлемде – түркі мәдениетінің концептілер жүйесін басқа мәдениеттер негізінде салағстыра отырып айқындап, олардың тілде көрініс тапқан тұстарына түсінік беруді мақсат еткен. Сонымен қатар символ мен этномәдени белгілерде көрініс тапқан қоршаған ортаны танып-білудегі тереңде жатқан танымдық құрылымдарды айқындауды міндет етеміз. Үшіншіден, танымдық әдістемелерді қолдана отырып, салыстырмалы және салғастырмалы түрде қазақ тілінің фразеологизмдерінде танымдық тетіктердің қандай жолдармен бейнеленетінін анықтап, мәдени реңктегі фразеологиялық бірліктердің мәдени коннотациясын лингвомәдени сараптама негізінде ашу; көңіл-күйді білдіретін эмотивті мағыналас фразеологизмдердің образдық негізіне талдау, фразеологизмдердің мағынасын түсінудегі этнолингвистикалық күзиреттің рөлін айқындау мақсат етіледі.

Сонымен қатар қазақ тілі материалдарына байланысты лингвомәдени күзирет, мәдени коннотация және тағы басқа ұғымдары айқындалады. Әйтсе де, этнолингвистиканың терминдік немесе ұғымдық аппараты біз көрсеткен немесе осы таңдағы анықталған белгілерімен ғана шектелмейтіндігін баса айтқымыз келеді. Қандай да болмасын ғылым саласының ізденіс барысыныда тереңдей беретін және келешекте теориялық жаңалықтардың болуы шарты лингвомәдениеттану ғылымына да тән.

Қорытындылай келгенде, дүниетаным және оны айқындайтын терминдер қазақ тіл білімінде, философияда, әдебиетте, өнертану ғылымында қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. – Алматы: Жеті жарғы, 2008.
2. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет.
3. Гумбольдт В. фон Язык и философия культуры. - М.: Прогресс. 1985. - 448 с.
4. Лотман Ю.М. Беседы о русской культуре: Быт и традиции русского дворянства (XVIII — начало XIX века). — СПб.: Искусство — СПб, 1994, СС. 5 — 15).

**«МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ БІРІЗДЕНДІРУ:
АЛҒЫШАРТТАР, ЖАНРЛЫҚ-СТИЛЬДІК
ЕРЕКШЕЛІКТЕР, ПРОБЛЕМАЛАР»**

Н.Төлеева

С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ

Терминологиялық комиссиясының бас сарапшысы

Қазіргі таңда аударма араласпайтын, аударма қатыспайтын ғылыми-техникалық прогрестің саласы кемде-кем. Ғылымның қай саласына назар аударсақ та, сол саланың қаншалықты деңгейге жетіп, қаншалықты дәрежеге көтерілгені терминологиялық жүйесінен көрініп тұрады. Бүгінде, медицинада қалыптасқан терминдерді үш топқа саралауға болады: *I топқа қазақ тіліндегі қолданылуы талас тудырмайтын атаулар жатады: омыртқа, жауырын, бұғана, бауыр, бүйрек, жүрек, ми, жұлын, тамыр және т.б.; II топты қазақ тілінде әртүрлі қолданылып жүрген атаулар құрайды: асықты жілік немесе үлкен жіліншік (большеберцовая кость); төбе сүйек немесе шеке сүйек (теменная кость); асқазан немесе қарын (желудок); жіңішке ішек немесе аш ішек (тонкая кишка); аш ішек немесе ащы ішек (тощая кишка); жуан ішек немесе тоқ ішек (толстая кишка); жиек ішек немесе тоқ ішек (ободочная кишка) және т.б.; III топ – латын, грек тілдерінен өзгертілмей алынған атаулар: апоневроз, диафиз, эпифиз, метафиз, остеон, мениск, артерия, вена, гипофиз, нейрон, аксон, дендрит және т.б. Аталған саладағы термин сөздердің бастапқы жаппай аударылу кезеңін артқа тастап, қалыптасу, кірігу кезеңіне өткенін байқауға болады. Мұны ғалымдар шартты негізде екі кезеңге бөліп жүр. Бірінші кезең: латын, грек, орыс тіліндегі терминдердің қазақша баламаларын тауып қолданысқа енгізу; екінші кезең: түрлі қолданылып жүрген атауларды бірегейлеп, біріздендіру жұмысы.*

Термин жасам жүйесі ғылым мен техниканың, білім, ғылым және медицина салаларының түрлі даму сатыларынан өтіп, күрделі кезеңдерді өткерді. Қандай да бір жаңалық, жаңа ұғым терминмен белгіленіп, терминологиялық жүйеде өз орнын тауып отырады. Алайда сан салада жасалып, қолданысқа еніп жатқан терминдік лексика, бүгінде, өкінішке орай көбінесе игерусіз, назардан тыс қалып, өз бетінше өмір сүреді.

Ахмет Байтұрсынұлы денсаулық сақтау саласына қатысты бір мақаласында мынадай пікір жазады: «Ауру – денеге зарарлы нәрселерден болатын бүліншілік. Ол зарарлы нәрселерді микроб дейді. Микроб денеге орнап, көбейе бастаса, тәнге зарар келтіре бастайды. Тәннің қалыпты істеп тұрған істерін бұзып, бүлдіріп, денеге зарарлы улар жая бастайды» (1913ж.).

Тағы бір мақаласында: «Тән мен жан сабақтас, екеуі бірінен-бірі айырғысыз. Тәнсіз жан жоқ, жансыз тән тұра алмайды. Тән кемшілігі жанға білінеді, жан кемшілігі тәнге білінеді» (1922 ж.). А.Байтұрсынов медицинадағы күрделі құбылыстарды қазақ тілінде ұтымды түсіндіреді. «Зарарлы», «бүліншілік» деген сөздері термин сөздер. «Микроб» сөзін де қалпында қалдырған.

Тілдегі көптеген терминдердің туындауы, терминологиялық лексика халық тілінің негізінде жасалады. Терминдердің өзіндік жасалу жолдары, қалыптасу тарихы, термин жасамға қойылатын талаптар бар. Термин жасау барысында қолданылатын ұтымды тәсілдердің тағы бір жолы орыс тіліндегі терминдердің орнына түркі тілдес халықтардың терминдерін қолдану; орыс тілінде қолданылып келген терминдерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына, фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қазақша айту (дыбыстау) және жазу (мысалы: бутылка – бөтелке, конфет – кәмпит және т.б.); сөздерді біріктіру тәсілі бұл – терминжасамның ең өнімді тәсілдерінің бірі: ішастар, қолбасшы, көшбасшы және т.б.

Кез келген сала мамандары өз кәсіптері бойынша термин сөздерді жетік меңгергенімен, өз саласы бойынша қазақ тілінде кәсіби деңгейде жазатындар аз. Сондықтан да аударма жасау барысында ударма заңдылығы мен теориясы сақталмағандықтан, тафтология және «калька» аудармалар жиі кездеседі.

Өзге тілдерден аударылған материалдарды оқу барысында білім алушыға тілдік және жанрлық стильдік кедергілер кездеспеуі қажет, яғни, қабылдаушының ұлттық ерекшеліктері ескеріліп, назардан тыс қалмауы қажет. Қолданыстағы атаулар мен терминдік сөздерді біріздендіру жұмыстарын жандандырған жөн. Біріздендіру барысында синонимдік қатарларды саралап, артығын алып тастау қажет. Сонымен қатар атауларды грамматикалық жағынан бірегейлендіру қажет. Бұл мәселеде де мамандар арасында ортақ пікірдің қалыптаспағаны белгілі.

Орыс тіліндегі соңғы түбірде жуан дауысты және жіңішкелік белгісімен аяқталатын сөздер негізінен өзгеріссіз қалады. Жіңішкелік белгісіне аяқталған сөзге қосымша жалғанғанда жіңішкелік белгісі түсіп қалады және қосымша жалғанады. Орыс тіліндегі түбірде жіңішкелік белгі жоқ сөздер қазақ тілінде де жіңішкелік белгісіз жазылады.

Мысалы: горизонтал, визуал, вокал.

Осыған ұқсас түбір сөздерге буын үндестігі бойынша жуан жалғанады, мысалы: визуальный – визуалды, горизонтальный – горизонталды, формальный – формалды.

Соңғы буында е, и, ю әріптері бар сөздерде жіңішкелік белгісі қойылмайды, мысалы: модел, профил, автомобил. Бұл сөздерге қосымша жіңішке жалғанады, мысалы: профилді, моделдің.

Қазақ тілінің ережесіне сәйкес жіңішке дыбысқа аяқталатын сөздерге тәуелдік жалғауы сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамай, тек қана жіңішке жалғанса, жіңішкелік белгісі түсіріліп қолданылады.

Міндетті түрде бірге жазылатын сөз сыңарлары: хана - аурухана, асхана, әжетхана, емхана; аралық – көкірекаралық, омыртқааралық; ара – арақатынас, аражік; басы - елбасы, дінбасы, әскербасы, дуанбасы; жанды - еркекжанды, әйелжанды; жай – шипажай, жағажай, әуежай; хат – шақырухат, сенімхат; қап – жүрекқап, аяққап, өкпеқап; құмар – араққұмар, қанқұмар, мансапқұмар; тану – адамтану, өлкетану. Күрделі терминнің екі сыңары да дауыстыға аяқталған жағдайда олар «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігіне» сәйкес бірге жазылады. Мысалы: омыртқааралық, ауаүрлегіш. Қазақ тіліне басқа тілдерден орыс тілі арқылы енген сөздерді дұрыс жазу үшін «Орфографиялық сөздікті» (Құраст.: Н.Уәлиұлы А.Фазылжанова, Қ.Кудерина, Ғ.Әнес), «Қазақ тілінің анықтағышын» (Авторы: Р.Сыздық – емле, тыныс белгілері, сөз сазы) басшылыққа алған жөн.

Осы еңбектерге сүйене отырып: нд, нз, нк, мп, мб, мт, кт, ск, вт, фт, пт дыбыстарына аяқталған орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары ы, і дәнекер дыбыстары жалғанады; сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк дыбыстарына аяқталған орыс тілі арқылы енген жалпы есімдер атау күйінде өзгеріссіз, оларға тек қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда соңғы дауыссыз дыбыс түсіп қалады: класс – кластар, грамм – грамға; ь, ь белгілері орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы енген сөздерде ғана жазылады: объект, субъект.

Сөз тудырушы –қыш, -кіш, -ғыш, -гіш, -уыш, -уіш жұрнақтары терминжасамда өте көп пайдаланылады. Терминолог ғалымдардың пікірі бойынша бүкіл терминология саласын екі санатқа бөліп қарастыруға болады: денотаттық (заттық) кеңістік және сигнификаттық (ұғымдық) кеңістік. Осыған орай қазіргі кезде –қыш/-кіш, ғыш/-гіш, уыш/-уіш қосымшаларына жұрнақ қызметінен гөрі терминжасамдық қызмет тән, мысалы: таңғыш және т.б. Егер термин заттық категория болса, онда –қыш/-кіш, ғыш/-гіш жұрнағы арқылы жасалуы тиіс, ал егер бұл термин ұғымдық категория болса, онда уыш/-уіш жұрнағы арқылы жасалуы тиіс.

-лык/-дык/-тық жұрнағы тілімізде сын атауларынан гөрі, зат атауларын жасауда айрықша белсенділікке ие, барынша өнімді жұрнақ. Ал лы/-лі, ды/-ді, ты/ті жұрнақтары есім сөздерге жалғанып, сын атауларын туғызады.

1935 жылы профессор Қ. Жұбанов ұсынған терминжасамның принциптерінің 7 тармағында былай делінген: «сын есімдердің –ский, -ный жалғаулары алып тасталып, қазақша ықшамдалып жұмсалсын: популяр кітап, абсолют шама, бурзуаз идеология». Бұл принцип қазіргі тілдерде кеңінен үрдіс алып жүрген «тілдің үнемдеу заңдылығымен», терминжасамның «ықшамдылық заңымен» де үйлеседі.

Сын есімнен жасалатын терминдерді барынша ықшамдау қажет. Егер термин заттық категория болса, онда –қыш/-кіш, ғыш/-гіш жұрнағы арқылы жасалуы тиіс, ал егер бұл термин ұғымдық категория болса, онда уыш/-уіш жұрнағы арқылы жасалуы тиіс. -лык/-дык/-тық жұрнағы тілімізде сын атауларынан гөрі, зат атауларын жасауда айрықша белсенділікке ие, барынша өнімді жұрнақ. Ал лы/-лі, ды/-ді, ты/ті жұрнақтары есім сөздерге жалғанып, сын атауларын туғызады.

Кез келген термин өз саласына қатысты белгілі бір ұғымдық, терминологиялық жүйені құрайтындықтан және сол жүйедегі оның орнын нақты айқындау мәселесі бұл жұрнақтардың қолданылу тәртібін реттеуді талап етеді.

Медицина саласына қатысты терминдерді аудару барысында егер де қазақ тілінде баламасы терминнің мәнін ашпаса, онда ол терминді латын тілінде қалдырған жөн. Бізде қалыптасқан үрдіс бар, терминді тек орыс тілінен аударамыз. Мәселен, *грибок* немесе *грибковое заболевание* дегенді *саңырауқұлақ* немесе *саңырауқұлақ ауруы* деп аударарды. Қазақ тілінде саңырауқұлақтың өсімдік екенін бәріміз білеміз. Алайда саңырауқұлақ ауруы дегенді естігенде, «бұл қандай ауру?», – деген ойға

каламыз. Терминнің мағынасы ашылмаған. Онда латын тіліндегі нұсқасын беруге болады. Оның латынша атауы - «Микоз», демек, «саңырауқұлақ ауруы» емес, «микоз ауруы» десе барынша түсінікті болар еді.

Терминжасам барысында терминдердің концептуалдық-семантикалық құрылымын анықтауда ұғым мен мазмұнға айрықша назар аударған жөн. Өйткені терминнің концептуалдық-семантикалық құрылымы дегеніміз – белгілі бір ұғымдық сала иелерінің коммуникативтік байланысын қамтамасыз ететін тілдік бірліктердің лексикалық инвариантты жүйесі. Концептуалдық-семантикалық құрылымды тіл жүйелері мен арнайы ұғымдар арасын байланыстыратын негізгі буын деп қарастыруға болады. Бұл арада тілмен тікелей байланыс мазмұнды аспект арқылы жүзеге асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А. Рақышев. Анатомия терминдерінің қазақша-орысша-латынша сөздігі. 1- бөлім. – Алматы, 1963.
2. Орысша-қазақша сөздік. Жалпы редакциясын басқарған Ғ.Ғ.Мұсабаев. 1,2 томдар. – Алматы, 1981.
3. М. Исамбаев. Ш. Сәрсенова. Медицина терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1982.
4. М. Мырзабеков. Орысша-қазақша медициналық сөздік. – Алматы, 1995.
5. Жандар Керімбектің Ермаханы. Тәнтану атауларының латынша-қазақша-орысша сөздігі. – Алматы, 1996.
6. А.Рақышев. Адам анатомиясының атласы, I-IV томдар, – Алматы, 2006.
7. Ахметов Мұхамбедия Ахмет-Төре. Медицина терминдерінің сөздігі. – Астана, 2005, 2008.
8. А.Рақышев. Международная анатомическая номенклатура. – Алматы, 2003, 2011.
9. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік, 14-ші томы, Медицина. Б. Шакенов, А.Құсайынов және т.б., 2014

ПУНКТУАЦИЯ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАТЫСТЫ ТЕРМИНДЕР ЖҮЙЕСІ

Ж.Иманғалиева

Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты

Қазіргі кезде мәтінді ұйымдастыруда ақпараттық-мағыналық бірлік ретінде және оның қабылдануына (вербалдықтармен қатар) қатысатын вербалдық емес семиотикалық жүйелерді лингвистикалық білім жүйесінің дербес саласы етіп бөліп қарастыру қажеттігі туралы мәселесі өзекті мәселелердің біріне айналды.

Осы аталған білім саласына атау таңдау күрделі әрі шешімін таппаған мәселе болып табылады. Ең көп таралғаны, әрі тұрақты болып табылатыны, лингвистикада әрқилы мағынада түсіндірілетіні – *пунктуация* (лат. *punctum* – нүкте) термині. Бұл лингвистикалық терминнің өзінің екі ұдай табиғатына орай туындаған.

«Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» пунктуацияға төмендегідей түсінік беріледі:

1) графикамен және орфографиямен бірге жазба тілдің негізгі құралдарын құрайтын алфавиттік емес графикалық белгілер (тыныс белгілері) жүйесі; пунктуацияның басты міндеті – жазбаша (баспа) мәтінді мүшелеу әрі графикалық ұйымдастыру;

2) жазбаша мәтінді пунктуациялық рәсімдеу нормаларын кодификациялайтын, нақты бір тіл үшін тарихи тұрғыдан қалыптасқан ереже;

3) тіл білімінің пунктуация жүйесінің заңдылықтары мен тыныс белгілерін қолдану нормаларын зерттейтін тарауы [1; 406].

Ал қазақстандық лингвистер пунктуацияға төмендегідей түсінік береді:

1) Алфавиттен тыс белгілердің (тыныс белгілерінің) графикалық жүйесі.

2) Мәтінді пунктуациялық жағынан рәсімдеудің ережесі.

3) Пунктуациялық заңдылықтар және нормалармен айналысатын тіл білімінің саласы. Пунктуация жүйесі көптеген тілдерде, соның ішінде орыс және қазақ тілдерінде тыныс белгілерінің екі түрлі қызметіне – бөліну және оқшаулану қызметіне негізделген; осылайша тыныс белгілерінің екі тобын – жалқы (нүкте, үтір, көп нүкте, сызықша, қос

нүкте, сұрақ және леп белгілері) және жұп деп (қос үтір, қос сызықша, жақша, тырнақша) ерекше бөліп атауға болады. Басылған мәтіннің көлемдік-композициялық жақтан ажыратылуы үшін қолданылатын таңбалар пунктуация ауқымына кіреді (жұлдызшалар, ұзын сызық, үзік сызық, дөңгелекше, көрнекі шрифт, абзац) [2; 304-305].

Пунктуация көпаспектілі, кешенді ғылым болғандықтан, оның жалпы тіл білімінде қолданылып жүрген төмендегідей негізгі ұғымдарын бөліп көрсетуге болады: *параграфемика, грамматология, метаграфемика*.

Лингвистикалық әдебиетте параграфемика ұғымының өзін топтастырудың бірнеше жолдары бар. Бір жағынан, параграфемика ғылымның семиотика мен лингвистиканың тоғысатын жерінде тұрған тарауы ретінде қарастырылады. Бұл пәннің зерттеу объектісі мәтінді «вербалдық және авербалдық белгілердің синтезінен құралатын» бірыңғай тұтас дүние ретінде, сонымен қатар осы белгілердің ұтымды бейнеленуі мен ақпарат берудегі өзара қатаныстары мен өзара әрекеттерінің сипаты ретінде мойындайды» [3; 39].

Дж.Гебл кез-келген типтегі хатты зерттейтін *грамматологияны* дербес ғылым ретінде бөліп шығарды. Грамматология тарауларының арасынан «хатпен қатар жүретіннің бәрі де кіретін» параграфемикаға айрықша орын берілген. Параграфемиканы паралингвистиканың тарауы ретінде де қарастырады, оның зерттеу пәні мәтіннің вербалдық емес элементтері болып табылады. Егерде паралингвистика мен паратілдің ара-жігін ажыратар болсақ, онда параграфемдік элементтерді «баспа паратілі» деп санауға болады [4; 6].

Жазбаша мәтінді жасау кезінде арнайы вербалдық емес элементтер пайдаланылады, олар *параграфикалық немесе параграфемдік (параграфемалар)* деп аталған. Параграфикалық құралдардың негізгі міндеті мазмұны дәйекті, ұтымды ақпарат берілген және коммуникативтік экспрессивті мәтінді моделдеу болып табылады. Бұл тұста авторлық («авторландырылған») және редакциялық-баспагерлік параграфикалық элементтер болып бөлінеді. *Метаграфемикада параграфемиканың құрамдас бөлігі ретінде мәтінді мағыналық және ақпараттық тұрғыдан ұйымдастыруға (вербалдықтармен қатар) қатысатын вербалдық емес белгілер мен құралдар енгізілген қосымша және қосалқы семиотикалық жүйе қаралады.*

Метаграфикалық белгілер жүйесі өз ішінде төмендегідей бөлінеді:

-
-
- синграфемика;
 - супраграфемика;
 - топографемика.

Синграфемикада пунктуацияның тар мағынадағы қызметі қаралады. Супраграфемикада «екінші қатардағы бірліктер»: бос жол, курсив, разрядка, шрифттік түрлендіру және т.б. сипатталады. Топографемикада мәтіннің жазықтық (плоскостный) синтагматика құралдары беріледі [5; 43].

Бұл зерттеу жұмысында зерттеу объектісін сипаттаудың негізгі терминологиялық базасы ретінде мынандай ұғымдар қолданылады.

Пунктуация (кең мағынада) - 1) графикалық лингвистиканың тілдің сызба белгілер жүйесін зерттейтін саласы; 2) жазудың графикалық жүйесінің құрамында мәтіннің графикалық моделін жасауға арналған сызба құралдары (жазу құралдары) бар құрамдас (графемикамен және субграфемикамен қатар) бөліктің бірі.

Пунктуация (тар мағынада) – 1) пунктуациялық жүйенің орталығын құрайтын пунктуациялық белгілердің жиынтығы (ядролық белгілер); 2) жазудың пунктуациялық нормаларды реттейтін тәртібі; 3) лингводидактика саласы.

Параграфемика – 1) паралингвистиканың мағыналық ақпараттарды беру үшін жазба (терілген) мәтінге енгізілген вербалдық емес (тілдік емес) құралдарды зерттейтін тарауы; 2) жазба коммуникация саласына қатысатын барлық вербалдық емес құралдардың жиынтығы.

Метаграфемика – 1) параграфемиканың мәтінді ақпараттық және мағыналық жағынан ұйымдастыруға қатысатын (вербалдықпен қатар) белгілер. Графикалық лингвистика – жазу туралы ғылым, оның зерттеу объектісі – жазу, жазбаша мәтін, жазу-сызу, жазба тіл болып табылады [6; 17].

Пунктуация ұғымын әмбебап термин деп мойындау оны көп жағынан зерттелетін объектімен салыстырылатын негізгі тілдік термин ретінде пайдалануға мүмкіндік береді: 1) вербалдық емес белгілер мен құралдар енгізілген қосымша және қосалқы семиотикалық жүйенің заңдылықтарын зерттейтін тарауы; 2) мәтінді ұйымдастыруда тұтас семиотикалық жүйе ретінде (вербалдық құралдармен бірге) қатысатын вербалдық емес (синграфем және супраграфем) белгілер мен (топографикалық) құралдардың жиынтығы.

Параграфемалар (параграфикалық/параграфемдік белгілер) – ақпаратты беру және оны мәтінде бейнелу үшін жазбаша (баспа) мәтінде пайдаланылатын барлық вербалдық емес құралдар.

Метаграфемалар (метаграфикалық белгілер) - мәтінді ұйымдастыруда тұтас семиотикалық жүйе ретінде (вербалдық құралдармен бірге) қатысатын, эмоционалдық тұрғыдан игерілген вербалдық емес (синграфем және супраграфем) белгілер мен (топографикалық) құралдар. Оларды тұтыну тұтас семиотикалық жүйемен де, графикалық және мәтіндік нормалармен бекітілетін тәртіптер жүйесімен де реттеледі.

Метаграфикалық белгілер мен құралдар жүйесінде мынандай айырмашылықтар бар:

- синграфикалық (ядролық (негізгі) пунктуация белгілері)*
- супраграфикалық («екінші қатардағы бірліктер»: (аралық, бос орын-пробел), курсив, (сиректету – разрядка), әріптік түрлендіру және т.б).*
- топографикалық (мәтінді графикалық көркемдеу, мәтінді жайдақ синтагматикалау құралы).*

Қолданылу орнына қарай тыныс белгілері екіге бөлінеді:

- 1. Сөйлем ішінде келетін тыныс белгілері.*
- 2. Сөйлем соңында келетін тыныс белгілері.*

Сөйлем ішінде қолданылатын тыныс белгілерінің атқаратын негізгі қызметі – оқушыларға сөйлемнің құрамын, оның қандай бөлшектерден құралғандығын, ол бөлшектердің бір-бірімен мағыналық және синтаксистік қатынастарын байқату. Солай болғанмен, сөйлем ішінде қолданылатын тыныс белгілері түр-түрпаты жағынан да, мағыналары мен функциялары жағынан да алуан түрлі. Енді солардың әрқайсына жеке тоқталайық:

Үтір. Үтір – тыныс белгілері ішіндегі функцияға ең бай белгі. Бұл жай сөйлемдерде сөйлемдегі сөздерді немесе сөз тіркестерін бір-бірінен бөлу үшін де қолданылады. Үтірдің қолданылатын орындары мен атқаратын қызметтері төмендегідей:

а) Үтір құрмалас құрамындағы жай сөйлемдерді бір-бірінен бөліп көрсету үшін қолданылады.

ә) Үтір сөйлемнің бірыңғай мүшелерін бір-бірінен бөліп тұрады.

б) Үтір қаратпа сөзді сөйлемнің басқа мүшелерінен бөліп тұрады.

в) Үтір қыстырма сөзді сөйлемнің басқа мүшелерінен бөліп тұрады.

г) Үтір одағай сөзді сөйлемнің басқа мүшелерінен бөлу үшін қолданылады.

д) Үтір сілтеу, мақұлдау, келіспеу мәнінде айтылатын кейбір оқшау сөздерден кейін қойылады.

е) Үтір оңашаланған мүшені, сөйлемнің басқа мүшелерінен бөліп тұру үшін қолданылады.

ж) Үтір хабарлы сөйлем түрінде айтылған төл сөзден кейін, автор сөзінің алдында қойылады.

Нүктелі үтір. Нүктелі үтір – хабарлы сөйлемдерден кейін қойылатын нүкте мен үтірдің аралығындағы тыныс белгісі. Мұның мәні, дәрежесі нүктеден төменірек те, үтірден жоғарырақ. Бұл – аралары үтірмен бөлінген сөйлемнің күрделірек бөлшектері арасында да, мағыналары өзара байланысты, ортақ немесе бірыңғай тұлғалы мүшесі (әсіресе баяндауышы) бар талдап, санамалап, пункттеп баяндау түрінде айтылған тиянақты сөйлемдер арасында да қолданылады.

Нүктелі үтір тек жай сөйлемдер арасында ғана емес, сонымен қатар мағыналары өзара жақын, ұласа айтылған құрмалас сөйлемдер арасында да қойылады. Мысалы: Кімде-кім өзін сынаудан қорықса, оның әлсіздігі; кімде-кім өз мінін көре алмаса, оның саяздығы (Ә.Әбішев).

Қос нүкте. Қос нүкте мынадай орындарында қолданылады:

а) Соңғы жай сөйлемі алдыңғы жай сөйлемдегі пікірді талдап, саралап ашып түсіндіретін құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдері арасына қойылады. Мысалы: Кісі Қызылорда елінің екі ісіне қайран қалады: бірі – кетпен шабу, бірі – егін ору (С.Мұқанов).

ә) Бірыңғай мүшелер алдында келген жалпылауыш сөзден кейін қойылады. Мысалы: Мұстафаның оларға қолданған шаралары мыналар: байталдың төрт сирағы, төрт жылқы, бір жылқы – барлығы бес жылқы (С.Мұқанов).

б) Төл сөзден бұрын келген автор сөзінен кейін қолданылады. Мысалы: Шалабайдың бойынан табылған документ, құралдарға қарап отырып: - Қағаздағы аты-жөніңіз басқа екен ғой? – деді Аман. Біздің ауылдың мөрін кім басқан?

Көп нүкте. Көп нүкте пікірдің аяқталмағанын, әлдеқандай себептен сөйлемнің бірер сөзінің түсіп қалғандығын білдіреді. Көп нүкте көркем шығармалардың кейіпкерлерінің сөздерінде жиі кездесіп отырады. Оларда, негізінде, сөйлеушінің қуанғаннан немесе қысылып ұялғаннан сөзі аузына түспей, сөз таба алмай мүдіргенін, сасқалақтағанын, сөз, сөйлем аралығында ұзақ кідіріс болғандығын білдіру үшін қойылады.

Мысалы:

Тақсыр... қарағым... шырағым-ау!.. Арғы атам Арғынбайдың шаңырағына мініп келген... - дей бергенде, Аман келді де, қолтықтап апарып скамейкаға отырғызды (Ғ.Мұстафин).

Сызықша. Үтір сияқты, сызықша да мағынаға, функцияға орасан бай тыныс белгісі. Мұның мағынасы мен функциясы үтірден де көп. Сызықша сөйлеудің белгісі бір бөлшектерін басқа бөлшектерден бөлу үшін де, жақындастыру, қосу үшін де, сөздердің арасындағы мағыналық, синтаксистік қатынастарды айқындау үшін де қолданылады. Мұндай функцияда қолданылғанда, сызықша кейде қосарлы, кейде дара болып келе береді.

а) Сызықша бастауыш пен баяндауыш мүшелер арасына қойылады. Бұл орында ол бұл екі мүше арасында азды-көпті кідіріс барын білдіріп, ол екеуін сөйлемнің басқа мүшелерімен шатастырмауға жәрдемдеседі. Мысалы: Адам – ардақты ат.

ә) Өзінің алдындағы сөздің немесе сөздер тіркесінің мағыналарын айқындау, саралап ашып көрсету үшін қолданылатын оңашаланған айқындауышты бөлу үшін қойылады.

б) Бірыңғай мүшелерден кейін келген жалпылауыш сөздің алдынан сызықша қойылады да, соңғының жинақтауыш сөз

екендігін, мағыналық жақтарынан олардың мәндестігін білдіру, қызметін атқарады. Мысалы:

Керуен көшетін сауда жолдары, ұлы базарлар, атақты қалалар, су жолдары – барлығы да бүгін айрықша керек болған.

в) Төл сөз бен автор сөзін бір-бірінен бөліп тұрады: Сөйтіп отырып шын жылады ол:

Аманжан, тез қайта көр! – дейді аузы кемсеңдеп.

Жеңеше, мынау теңеуіңіз қандай оңды! – деді де Аман бұл сөзінен дереу қайтты (Ғ.Мұстафин).

г) Сызықша мезгілдік, мекендік шаманы, шекті білдіретін сөздер арасында қолданылады. Мұндай орынның кейбіреуінде ол түсіріліп қалдырылған шығыс жалғауының орнына қолданылады және соның функциясын атқарады. Мысалы: *Біздің бригада күнделікті жоспарын 150-200 проценттен кем орындап көрген емес.*

д) Сызықша тетелесе болған әрекеттерді білдіретін кейбір шарт мәнді құрмалас сөйлемдер мен жалғаулығы түсіріліп қалдырылған қарсы

мәнді құрмалас сөйлемнің компоненттері арасында қолданылады. *Бардым, - жолыға алмадым. Айтудай-ақ айттым, - көнбеді.*

Тырнақша. Тырнақшаның қойылуы кідіріске, интонацияға немесе сөйлеудің құрылыс ерекшеліктеріне байланысты болмайды. Сондықтан ол шын мәнісіндегі тыныстық белгі де емес. Тырнақшаның мағынасы да, функциясы да алуан түрлі, ол бір жағдайда тырнақшаларға қоршалған сөздің немесе сөйлемнің бөгде біреудікі екенін білдірсе, екінші бір жағдайда тырнақшаның ішіндегі сөздің, сөздер тіркесінің өзінің тура мағынасында қолданылмай тұрғандығын, болмаса бір нәрселердің шартты атаулы екендігін білдіреді. Дәлірек айтқанда, тырнақша мынадай функцияларда қолданылады:

а) Дәйексөз түрінде келтірілген біреудің сөзі тырнақшаға алынып жазылады. Мұндай орынды тырнақша қоршауындағы сөздердің, сөйлемдердің автордың өзінікі емес, бөгде біреудікі екендігін білдіреді. Мысалы: “Сырдария да көріне бастады. Нысаналы жерге жақындадым”, - деп жазды да, жас инженер мелиатор Бектасов автомат қаламын стол үстіне қоя сап, орнынан түрегелді (С.Мұқанов).

ә) Кері мағынада, ажуа, сықақ, кекесін түрінде айтылған сөздер тырнақшамен қоршалады.

б) Газет журналдардың, әдеби шығармалардың, кемелер мен ұшақтардың, шахталар мен рудниктердің, фабрикалар мен заводтардың, колхоздар мен совхоздардың, мекемелер мен ұйымдардың, машина маркаларының т.б. аттары тырнақшаға алынып жазылады. Мысалы: *Кеменің «Қазақстан» деген аты маған көп ой салып келе жатты.*

Жақша. Жақшаға алынатындар, негізінде, сөйлем мен тікелей байланысы жоқ, оның мүшелерімен грамматикалық қатынаста тұрмайтын, жазушының айтқанын айқындай түсу үшін қолданылатын кейбір ескертпе сөздері мен сөйлемдері. Мысалы:

– Ә, *Амантайка (Амантайды ол солай атайтын), аман?* (С.Мұқанов).

Осылар тәріздес авторлық ескертпе, драмалық шығармаларда кезедесетін ремаркалар да жақшаға алынып жазылады. Мысалы:

Байназар (Тоқаға): Бас, бас аяғыңды жылдам!

Садық: Ұр итті! Жатқыз! (Қоса ұмтылады). Ұста! Жіберме! (Омар, Сәрсек шығады (М.Әуезов).

Қазіргі зерттеулер тыныс белгілерінің функциясын былайша белгілеп көрсетіп жүр:

-
-
- 1) бір синтаксистік құрылымды басқа құрылымнан шектеп көрсету;
 - 2) мәтін ішіндегі синтаксистік құрылымды бөліп көрсету (сөйлем шекарасын таңбалау);
 - 3) бірнеше синтаксистік құрылымды бір мегақұрылымға біріктіру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Лингвистический энциклопедический словарь. М-Л., 1990. 40б.
2. Тіл білімі сөздігі. Жалпы ред. басқарған Э. Сүлейменова. Алматы: «Ғылым», 1998. 304-305б.
3. Плотников Б.А. Семиотика текста: Параграфемика: Учебное пособие. –Минск, 1992. 39б.
4. Солнцев В.М. Язык и письмо (Вместо предисловия) // Т.А.Амирова. Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка. – М., 1985. 6б.
5. Анисимова Е.Е. Паралингвистика и текст (К проблеме креолизованных и гибридных текстов) //Вопросы языкознания. - 1992. - №1.
6. Т.А.Амирова. Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка. - М., 1985.17 б.

СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМ: ТҮРЛЕРІ, ПРАГМАТИКАСЫ, ТЕРМИНДІК АППАРАТЫ

Г.Қожамбердиева

*Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Сөйлем айтылуына қарай хабарлы, лепті, сұраулы, бұйрықты болып бөлінетіндігі белгілі. Әсіресе, осы сөйлемдердің ішінде жасалуы, қызметі жағынан ерекше түрі – сұраулы сөйлемдер.

Қазақ тіл білімінде сұраулы сөйлемдер туралы А.Байтұрсынұлы, Х.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Р.Әміров, Ә.Төлеуов т.б. ғалымдар еңбектерінен біршама мағлұматтар ала аламыз.

Ахмет Байтұрсынұлы пікірінше: «Сұраулы сөйлем дегеніміз – жауап сұрағанда айтылатын сөйлем болып табылады. Сұраулы сөйлемдердің соңынан сұрау белгісі қойылады (?): Сен тамақ ішесің бе?»...

Осыдан бастап, 1930 жылдардан бермен қарай сұраулы сөйлем және тыныс белгілері, интонация және оларды оқыту әдістері жеке мақалалардың, әдістемелік оқу құралдардың зерттеу объектісі бола бастады.

Профессор Қ.Жұбанов сұраулы сөйлем туралы былай дейді: «Сұрау есімдік, сұрау қосалқыларды қосып айтсақ та, қоспасақ та бәрі-бір сұрай сөйленсе, сөз сазбен айтылмақ. Осы сазбен сөйленген сөйлем сұрау сазды атанады. Жазуда мұның соңынан сұрау белгісін қоямыз. Сөйтіп дауыс сазы деген – қосалқы, қосымша қосып білдіретініміз сияқты, сөз мағынасының түрленгенін білдіретін амал болып шығады» [1].

1949 жылы профессор Ә.Хасенов сұраулы сөйлем туралы былай деп жазады: «Қандай да болсын бір нәрсенің, кімнің, не, қандай екенін, оқиғаның, істің жайын, күйін, өткенін, қазіргісін, келешігін білу үшін айтылған сұрау мәні бар сөйлемді сұраулы сөйлем дейміз». Сонымен қатар, сұраулы сөйлем жасалуының мынадай жолдарын көрсетеді:

1. Сұраулық мағына тудыратын сұраулық шылаулар;
2. Сұрау есімдіктері арқылы сөйлемде сұраулы мағына туады;
3. Сұрау есімдіктеріне «себепті» сөзі мен «қыл, үшін, туралы, жөнінде» т.б. шылау қосарлану арқылы сөйлемде сұраулы мағына туады.
4. Сұрау есімдігі мен есімше бірігу арқылы.
5. Интонацияның көмегі арқылы сөйлем сұраулы болады.

Әрине, сұраулы сөйлемнің басты мақсаты жауап алу болғанымен де, сұраулы сөйлем деп аталатын синтаксистік категорияның мәнін то-

лық аша алмайтынын айтқан болатынбыз. Осы пікіріміз төмендегі ғалымдардың ойымен үндеседі.

Д.Әлкебаеваның «Қазақ тілінің прагмастилистикасы» атты еңбегінде сұраулы сөйлемдердің астарында болжам мен күдік, ақиқит пен шындық сияқты мәселелердің негізгі шығу көздерін іздеуге жетелейтін прагматикалық мақсат жатады, соған итермелеген сұрақтың жауабын алуды адресант өзіне міндет етеді, - деген пікір айтады [2].

Сұраулы сөйлемдер жайында доцент Ғ.Абухановтың да пікірі назар аударарлықтай: «Сұраулы сөйлемдер, негізінен, қойылған сұраққа біреуден жауап күту үшін айтылады. Бірақ кейбір сұраулы сөйлемдер жауап күту мақсатымен айтылмай, бірдеңенің жайын хабарлау мақсатымен де айтылады. Ондай сөйлемдерді риторикалы сөйлем дейміз».

Осындай пікірді өзінің еңбегінде профессор Х.Арғыновтың да пікіріне назар аударатын болсақ: «Сұрау есімдіктері мен сұрау шылаулары бар сөйлемдердің бәрі бірдей сұраулы сөйлем бере алмайды. Кейде сұрау есімдіктері мен сұрау шылаулары белгісіздік пен дүдемалдықты білдіреді». Мұндай жағдайда олар сұраулық мағынадан біржола немесе жартылай айырылады. Ал прагматикалық сұраулы сөйлемдерді қарастырғанда, оның ерекше эмоциялық сазбен айтылатынын ескергеніміз жөн.

Жалпы прагматиканың нақты белгіленген шекарасы жоқ, оған сөйлеуші субъект пен адресаттың ара қатынасынан туындайтын мәселелер кіреді. Тілдік бірліктерді прагматикалық тұрғыдан зерттеген ғалымдардың пікірлеріне көз жүгіртсек:

Р.С.Столнейкер: «Прагматика сөйлеу актілері мен олардың жүзеге асу контекстін зерттейді».

И.П.Сусов: «Прагматикалық лингвистика коммуниканттардың сөйлеу әрекетін зертейді».

Т.В.Булыгина прагматиканы лингвистикалық зерттеудің мәні деп есептейді: «Прагматикалық аспект» тіл білімінен бөлінбейді, оны кейінге қалдыруға немесе жана құрамдас бөлік ретінде қосуға болмайды» дейді.

Н.Д.Арутюнова прагматика сөйлесімнің коммуникативті мазмұнын зерттей отырып, референция теориясы мен сөздің мәні теориясына сөйлеу жағдаяты, сөйлеушімен байланысты субъективтілік ұғымын – прагматикалық мәнді енгізетінін айтады [3].

Г.В.Колшанскийдің пікірінше, тілдің мәні мен қызметі бір-бірінен ажыратылмауы қажет, «қарым-қатынас құралы қызметі тілді зерттеудің негізіне алынуға тиіс». Осы ойды В.Л.Наердің зерттеулерінде де

беріледі: «Қарым-қатынастың қалыптасуында прагматикалық аспект бар. Олар бір-бірінсіз қалыптаспайды» – деп есептейді.

Прагматика – сөйлесу актісіне тән тілдің сипаты емес. Ол – тілдің жалпы коммуникативті қызметімен байланысты аспект. Қолданыс үстіндегі тілдік мән мен мазмұн арасындағы айырмашылықты ажыратуда прагматикалық бағыт негізгі ұстаным бола алады.

Ең негізгісі прагматиканы бағыт ретінде тіл білімінде негіздеумен байланысты болды. Адам тілдік таңбаларды өзара түсінісу үшін ғана емес, қарсы жақ тыңдаушының қызығушылығын оятып, оның реакциясын туғызу үшін де қолданады. Ол дегеніміз хабарды жай жеткізу ғана емес, белгілі бір түрде тыңдаушыны қабылдауға итеретін құралдарды пайдалана отырып, жеткізу көзделді. Сондықтан тілдің прагматикалық аспектісін зерттеу ықпал етуші тіл бірліктерін тілдің әр деңгейінде анықталуын қажет етті.

Адамның тілді өз ыңғайына қарай пайдалануы тіл құрылысында соған жауап беретін бейімділіктің бар екенін байқатады. Тілдің қарым-қатынас жасау құралы ретінде ықпал етуші қызметті жүзеге асыруы оның ішкі мүмкіндігіне негізделеді: Сондықтан Т.В. Булыгина: «Прагматика – это далеко не аспект лингвистического исследования, это самая его сущность» деп тұжырымдайды.

Сұраулы сөйлемдер қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттелген, стильдік қолданысы, түрлері, құрылымы кеңінен қарастырылған мәселеге жатады. Кейде, сұраулы сөйлемге сұрауды, жауап алуды мақсат етеді деген анықтама беріліп, жалпы сұрақ, арнайы сұрақ, альтернатив сұрақ деп мағыналық түрлерге бөледі. Бұлар сұраулы сөйлемдердің негізгі мақсатында қолданылуы болса, жұмсалым үстінде сұраулы сөйлем арқылы өтініш, бұйрық, бағалау да беріліп жатады. Себебі: шекарасы тереңдеп қарастырылмайды. Біздің пайымдауымызша, сұрақ пен сұраулы сөйлемдердің арасын ашып, сұраулы сөйлемге берілетін анықтаманың мазмұнын кеңейткен дұрыс. Сұраулы сөйлем қолданыспен, қарым-қатынаспен байланысты сөйлеу бірлігі болса, оның жұмсалымдағы түрлерін толық қамтитын анықтаманың болуы қажет.

Эксперимент жасаушы ғалымдарымыздың айтуынша, сұрау есімдіктері арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерде күшті дауыс екпіні сұрау мағыналы сөздерге түседі. Дегенмен де мағыналық әрі коммуникативтік міндеті жағынан сайма-сай келетіндіктен, біз бұл қағиданы ашық негізгі сұрақ формалы сұраулы сөйлемдерге қатысты қолданар едік. Өйткені

іздеулі мүше деп сол ашық сұрақ арқылы айқындалады да, ондағы дауыс екпіні басқаларына қарағанда көтеріңкі болып келеді. Мысалы: Айгерім **қашан** келеді? (Қазақ әдебиеті). Жағдайың **қалай** болып келеді? (Мектеп, 2010. 23 б.). Осы тұрғыдан алғанда, сұраулы сөйлемнің интонациясын айқындауда оның, ең алдымен, қандай сұрақты білдіретін сөйлем екендігіне баса назар аударған жөн сияқты. Өйткені сұраулардың ішкі мазмұнына қарай түрлі-түрлі болып саралануына байланысты ондағы дауыс екпіні де тең дәрежеде болмауға тиіс. Сондықтан да сұраулардың түр-түріне қарай өзіне тән интонациясы болады деп есептейміз.

Ал альтернативтік сұрақты білдіретін сұрау есімдігі қатысты сұраулы сөйлемдердегі сұрау сазы ашық сұрақ формалы сөйлемдер интонациясынан өзгеше. Өйткені мұндай сөйлемде сұрау мағынасы сұрау есімдігі мен сұраулық шылаулардың үндесуінен туындайтындықтан, көтеріңкі дауыс екпіні сол екеуіне бірдей түседі. Мысалы: *Неге, жалғыз кемпірім бар емес не?* (Н.Шакеев). *Осы бай атаулының бәрі сараң ба, қалай?* (С.Жүнісов).

Сұрау есімдері арқылы жасалған риторикалық сұраулы сөйлемдерге келсек, олардың да өзіндік интонациясымен ерекшеленетіні белгілі. А.Нұрмақановтың пікірінше, осындай сөйлемдерде күшті дауыс екпіні сұрау есімдіктеріне түспей, бүкіл сөйлемге жайылады. Әрине, риторикалық сұраулы сөйлемдердің интонациясы сұраулы сөйлемнің айтылуынан бөлек. Біздіңше, бұл сөйлемдер арқылы да белгілі бір дәрежеде сұрақ қойылатындықтан, сұраулы сөйлемдегідей болмаса да, сұрау есімдіктеріне көтеріңкі дауыс екпіні түсетін сияқты. Мысалы: Әйелсіз үйдің берекесін алмай орнықты біреуді кіргізе қоюға даяр тұрған **кім** бар?! (С.Жүнісов). Қолдан келер шара **қайсы**? (К.Аманов).

Ғалым З.Ерназарованың пікіріне сүйенетін болсақ «жұмсалымда сөйлем мақсаты мен сөйлеуші мақсаты үнемі бір-бірімен сәйкес келе бермейді. Оны мынадай шарттар арқылы ажыратуға болады:

1. Сөйлеу жағдайы (уақыт, кеңестік, орын).
2. Сөйлеушінің әлеуметтік-психологиялық қалпы.
3. Пропозицияның референттік сипаты, яғни сөйлесу жағдайымен, шындық болмыспен арақатынасы.
4. Қатысым мақсаты.
5. Сөйлесушілердің пресуппозициясы.

Тура мәнді сұраулы сөйлемдерде осы мәнбірлер мынадай шарттар түрінде көрінеді: 1) сөйлеуші бір мәселеге қатысты дұрыс жауапты біл-

мейді; 2) сөйлеуші бір хабарды, жауапты алуды мақсат етеді; 3) тыңдаушының оған жауап беретіндігіне сенімді; 4) сөйлем мазмұны сөйлеу жағдаятымен, контекспен референтті арақатынаста тұрады.

Сұраулы сөйлемдер арқылы жағымсыз бағалаудың берілуі прагматикалық мақсатты, ашып айтсақ, тыңдаушыға ой тастап, түрткі болып, қажетті бағытта қорытынды жасауға итермелеп, сөйлемнің ықпал күшін арттырады. *Ту, сол да қиын ба?* Бағалау модальділігі басым сипатта көрінетін, сұраулы сөйлем құрылымын сақтаған мұндай сөйлем түрлері прагматикалық мақсатта қолданылады. Оларда сұраулы сөйлем құрылымы ғана сақталған, ал негізгі сұрау мақсаты жойылған.

Мына сұраулы сөйлемдер сөйлесу жағдаятына қарай іс-әрекетті тоқтату, тыйым салу немесе бір әрекетке түрткі болуды мақсат етуі мүмкін: *осылай жүре береміз бе?*

«Бер» етістігі сұраулық шылаумен тіркесіп негізгі етістікке шектеу мағынасын үстейді. Жалпы сұраулы сөйлемнің мақсаты хабар алу болса, жанама сөйлесу актісінде ол хабарды алуды емес, сөйлеушінің сөзінде берілген пропозицияны – ойды нақтылау мақсатында жұмсалады. Бұлар негізінен, тыңдаушының келісімін алуды көздейді. *Мұндайға мән беріп керек пе?*

Нақтылау, тыйым салу, өтіну мақсатында конвенцияланған сұраулы сөйлемдер жұмсалады.

Анау тұрған анаңнан ұялмайсың ба?

Сұраулы сөйлемнің риторикалық қызметі тыңдаушыға ықпал ету үшін қолданылатыны белгілі. Риторикалық сұрау жауапты, хабар алуды көздемейді. Мұндай сөйлемдер қарсылық білдіру, кекету сияқты мақсаттың прагматикалық ықпалын арттырады. Сөйлеушінің қарсылық білдіруден гөрі дәлел, негіздемені келтіре отырып, сұраулы сөйлем түрінде мақсатын жеткізуі сөйлеу актісінің ықпал ету күшін арттырады. Сөйлеушінің өз мақсатын жасырын беруі үшін сұраулы сөйлем құрылымын таңдауы прагматикалық қажеттілікпен байланысты. Өзінің мақсатын, ішкі ниетін ауыртпалықсыз жеткізуді, тыңдаушымен сыпайы қарым-қатынасты сақтауды мақсат етеді. Мысалы: *Жер өртеп шыққан аттың несі мұрат? Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар?*

Ал, Алматыда мен де болсам талай рет.

– Ә, ә, солай ма?

– *Қой, әй! Рас па?* Сөйттім, сөйдеп пе әй, дәмесін қара, солай де

сияқты сөйлесім түрлері алдыңғы сөйлеуші сөзіне баға беру, қорытындылау мақсатында жұмсалса, болса, болар, әрине сөйлесімдері мәртебесін көтереді.

Жалпы мәнді сұраулы сөйлемдердің прагматикалық қызметі, олардың жанама сөйлеу актілерінде жиі қолдануы сөйлеу актілеріне қатысты барлық зерттеуледе айтылады. Олардың прагматикалық қызметі әр түрлі. Сөз бастаудан, сөйлеу әрекетіне түрткі болудан бастап, өтініш білдіру, қарсылық білдіру, мақұлдау және т.б. қызметте жұмсалады. ***Не дейді? шын айтасың ба? не біледі?*** Сұраулы сөйлемдері алдында айтылған сөздерге қатысты реакцияны білдіреді.

Қолдаушы сөйлесімдер тыңдаушының мақұлдауын, қызығушылығын, нақтылауын, сөйлеу кезегін өзіне алуын, беретін бағасын жеткізуі мүмкін.

Жанама сөйлеудің классикалық үлгісі – ***«қантты беріп жібере алмайсыз ба?»*** сөйлесімі. Сұраулы сөйлем түрінде сөйлесімнің негізгі ықпал ету күшімен қабаттаса қосалқы, тыңдаушы түсінуге, ажыратуға тиіс ықпал ету күші беріледі.

Қорытындылай келсек, қазақ халқы – сөйлеуге, сөз арқылы ықпал етуге, мақсатына жетуге ерекше көңіл бөлген, сөйлеу өнерін жоғары бағалаған халық.

Қазақ тіл білімінде прагматикалық бағыттың дамуы кездейсоқ емес. Прагматиканың ең басты үлесі сөйлеумен байланысты зерттеу назарынан тыс қалған немесе қалыпты ережелерге көнбейтін тілдік көрсеткіштерді жинақтап, оларға ғылыми негіздеме беруінен көрінеді. Сөйлеуші өз мақсатына жету үшін белгілі бір стиль түрін таңдайды. Ол коммуникацияда прагматикалық салмаққа ие болады. Сұраулы сөйлемдер арқылы бағалау, сендіру, қарсылық білдіру, бұйыру сияқты сөйлеу мақсатының бірнеше түрлері беріліп отырады. Яғни, сұрау-шақыру, сұрақ-ұсыныс, сұрақ-кешірім, сұрақ-өтініш мақсаттары берілетінін есте сақтағанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. З.Ш.Ерназарова «Қазақ сөйлеу тілі синтаксис бірліктерінің прагматикалық негіздері», 2002 ж.
2. Д.Әлкебаева «Қазақ тілінің прагмастилистикасы», 2007 ж.
3. Қазақ грамматикасы, 2003 ж.

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз</i>	3
<i>Қ.Қ.Бораш. Құттықтау сөз</i>	5
<i>Ш.Құрманбайұлы. Алаш және ұлттық терминқор</i>	7
<i>Ж.Құлекеев. Терең танысақ, тағылымды болар еді</i>	14
<i>Б.Қалиұлы. Термин: жасалуы, қолданылуы және қалыптасуы</i>	22
<i>С.Әлісжан. Алаш зиялыларының қазақтың ғылыми тілін қалыптастырудағы орны</i>	30
<i>О.Жұбаева. XX ғасырдың басындағы терминжасамдағы ұстанымдар және жат сөздердің игерілуі</i>	37
<i>С.Исакова. Дүниенің ғылыми бейнесіндегі ұлттық-мәдени ерекшелік мәселесі</i>	50
<i>С.Құлманов. Заң саласы терминдерінің қолданысындағы кейбір сәйкессіздіктер</i>	57
<i>Н.Әшімбаева. Ұлттық терминологиялық қорды қалыптастырудың лингвоәдістанымдық негіздері</i>	70
<i>Н.Шүленбаев. Терминдерді қалай дұрыс біріздендіреміз?</i>	79
<i>Г.Кәріпжанова. XX ғасыр басындағы терминжасам мәселелері</i>	89
<i>А.Жумабекова. Системность как принцип создания терминологической лексики</i>	96
<i>Қ.Алдашева. Қазақ тіл біліміндегі жаңа сөздердің зерттелуі және жүйеленуі</i>	107
<i>А.Кәріпжанова, Ж.Абдығалимова. Когнитивтік ғылымдағы терминдерді зерделеу</i>	118
<i>Ә.Ахметұлы. XX ғасырдың басындағы оқулықтардағы терминдердің игерілуі</i>	123
<i>Ш.Айтмаганбетова. Разнотчения в терминах официальных документов</i>	132
<i>Б.Ақбұзауова. Тәржіма тіл үйрету құралы: теледидар жарнамалары аудармасының негізінде</i>	141
<i>Ш.Әбдіғалиқызы. Изменения в терминологическом словаре казахского языка</i>	148
<i>А.Тұрышев. Қазақша пән сөздер және терминология</i>	159
<i>К. Абишева, Б. Абильмажинова, А. Капанова. Когнитивном аспекте изучения терминов экономики</i>	168
<i>Б.Боранбай. Терминжасамдағы транслитерация мәселесі</i>	175

Ж.Жексембинова. Саяси коммуникация: тілдік амалдар мен саяси терминдер.....	178
Г.Жорабекқызы. Педагогикалық риторика саласының терминдік аппараты.....	184
Ж.Жақсыбек. Ұлттық дүниетанымды айқындаушы терминдердің түрлі ғылым салаларындағы қолданысы.....	190
Н.Төлеева. Медициналық терминдерді біріздендіру: Алғышарттар, жанрлық-стильдік ерекшеліктер, проблемалар.....	196
Ж.Иманғалиева. Пунктуация және оған қатысты терминдер жүйесі.....	201
Г.Қожамбердиева. Сұраулы сөйлем: түрлері, прагматикасы, терминдік аппараты.....	209

**ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНҚОРДЫ ЖҮЙЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК НЕГІЗДЕРІ
республикалық ғылыми-теориялық конференциясының
материалдары**

Корректоры: А.Қожахмет
Тех.редакторы: А.Қадырхан
Компьютерде беттеген: С.Баубекова

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7а.
Тел. / факс: 8 (7172) 43-83-97
tilortalyk@mail.ru

Терілуге берілген күні 17.11.2017 ж.
Басуға қол қойылған күні 21.11.2017 ж.
Пішімі 75x108 1/16. Шартты баспа табағы 20.0.
Таралымы 100 дана.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Бүркіт ПРИНТ» ЖШС-нде басылды.
010000, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 12/1.